- demonstrating how to solve quadratic equations «on the board», before expecting students to do it for themselves
- demonstrating how to pronounce a word in a foreign language.

By case study

- A teacher in retail training might ask students to watch a video of a salesman dealing with a difficult customer.
- A teacher of accounting might give students examples of bad practice, asking them to deduce good practice from these.

By exemplar

- A teacher of computer programming might show students a correctly constructed program, and discuss this with them to provide 'doing-detail' on program structure.
- Later, the students could be asked to find the faults in bad programs.
- A history teacher wishing to teach essay-writing skills might show students examples of good and bad essays, and discuss these with the class.
- A law teacher might demonstrate the skill of recognizing libel and slander by describing a scenario and then arguing aloud to the class whether or not it involves libel, slander or neither.

By being told how

A teacher may give an ordered list of instructions, for example on how to change an air filter (but «telling someone how» usually only works if students already have substantial relevant experience).

By discovery

Information technology students can be asked to experiment until they have discovered by themselves how to change the margin settings on a piece of text.

Learning by imitation is one of the main forms of learning, in and out of the classroom, because it is an excellent way of obtaining «doing-detail». However, sometimes it is not enough. For example, students may need the teacher's help if they are to learn general rules of composition or colour use from a painting; or how to write a report from an exemplar.

Unfortunately, many teachers, especially of academic subjects, miss «doing-detail» out of their teaching. As a result, learners are left to discover for themselves – or from each other – what is expected of them. Here are just a few examples:

- A math's teacher says, «These equations are solved by squaring both sides and then rearranging to make the unknown the subject of the equation», without «doing one on the board» – that is, without showing how it is done.
- An inexperienced geography teacher expects his students to answer complex map interpretation questions, never having shown (in contrast to told) his students how these questions are best approached.
- A computer teacher says, «Using the File menu, you can change the printer options to suit your purposes», without gathering the students around a computer screen and demonstrating how this is done.

If you are usually teaching physical skills rather than intellectual skills, you may invariably give «doing-detail» by means of a demonstration. If this is so, you might like to remember the D element in the mnemonic as «demonstration» rather than as 'doing-detail'. Students will find «doing-detail» useful even if it only confirms their expectations [2].

It gives them confidence that they have understood, and that they really are doing the right thing when they do it for themselves.

Sometimes, when teaching a simple skill, or a skill very like one taught earlier, the «doing-detail» has already been provided and need not be repeated. For example, a teacher may decide to teach how to poach haddock without demonstrating, if the class has already been taught to poach cod. But beware: most novice teachers overestimate their students, so play safe! When a teacher explains how to find the unknown angle in a triangle by using the fact that the angles add up to 180°, this may as well be demonstrated, even though it only involves simple addition and subtraction; the demonstration gives the students confidence that they have understood, and is more likely to be remembered.

We hardly have as much time as we would like to teach what our students must learn. But this does not mean that we should modify the proportion of total time spent on each of the individual educare elements. How should we divide the time between these activities? Of course, it will depend on the circumstances, but student practice will frequently be the single

most time-consuming activity, often by a very wide margin. According to our aims and objectives, we will see that even academic teaching involves teaching learners how to do something (if only answering exam-style questions). This, of course, needs practice.

The ideal is that every student's work should be checked a number of times every lesson, and corrected with extra explanation and demonstration where necessary. A main aim is to prevent the student from repeating incorrect methods, and thereby learning those rather than the correct version. The check shows the student what needs correcting. It needs to be detailed and specific. The overall intention is to give students an ability to check and correct their own work, so whenever possible let the learners «check and correct» themselves. The more responsibility learners take for their own correcting, the better. However, some caution is needed. Though self-checks can save a teacher considerable time, high-order skills do need also to be checked by the teacher; and in any case, only rarely can students independently check their own (or each other's) work in the early stages of a new area of activity. The «check and correct» phase also provides vital feedback for the teacher. Is learning taking place? Am I teaching too quickly? Are they doing it properly? The importance of this feedback cannot be over-stressed. The «use» and «check and correct» phases together form a repeatable feedback cycle which must continue until mastery of the learning has been achieved. Students should have their work checked and corrected as quickly as possible after its completion, and ideally while it is being done. Wherever possible this phase should be continuous, student-led and teacher-supervised; but this ideal is often difficult to achieve in practice [3].

If you were about to set off to find your way through the Sahara, you would almost certainly want to take a book, notes or some other reminder to make sure you could deal with a mental block or some other unexpected event. Your students also will need a record of what they are supposed to know. Notes compensate for the failure of human memory, but they also have other functions. They can summarize a learning session, and indicate the key points students are expected to understand and remember.

Many teachers seem to follow a «teach it in September and forget it till June» strategy. Learning needs to be reinforced by recall and practice, not left to be revised right at the end of the course.

It is one thing for learners to be capable of a skill or ability when the teacher and other learners are available to help, but can they do it by themselves in realistic conditions? Going through learning experiences does not guarantee learning.

There is only one way to be sure, and that is to evaluate the learning, which in this context means «assess», «test» or «examine». Suppose you were in a class of students who were being taught to navigate by the stars. What would you need to give yourself confidence that you were sufficiently competent in navigation to let your life depend on your skills? After your programme of lessons you would want a realistic practical test of your skill. You would want to navigate from one place to another without help from the teacher, and you would want this performance evaluated by the teacher. If you managed on your own, and your teacher was happy with your performance, that would give you confidence in your learning.

If this evaluation takes place during a course, then remedial action can be taken where learning is not up to standard. This is a crucial aspect of the teaching process. Tests to evaluate learning can be structured in any number of ways; in very sensitive areas the students may not even know that their learning is being tested. A teacher of adult literacy may just give the student an unfamiliar piece of text to read, and evaluate the student's reading of it. A woodwork teacher may, after teaching the use of the plane, ask the students to make something and evaluate the planning on this. Evaluation can be done surreptitiously, and it can be done with flags and trumpets; but it must be done, otherwise the teacher will not know if learning is taking place. Novice teachers are nearly always surprised by the results of evaluation; it is not easy to guess who is learning and who is not.

The solution requires that the last element in the educare mnemonic is the question mark. When one is learning, one may want to ask questions at any stage during the learning process. It is important to realize that some students are too shy to ask questions in front of their classmates; the teacher needs to give such students the opportunity to ask questions in a one-to-one situation. This opportunity is often best provided during the «use» phase of the learning process, where the teacher usually moves amongst the students, checking and answering individual queries. One of the major difficulties for students studying on their own – for example, on correspondence courses or in 'open learning' – is that this questioning facility is absent much of the time [4].

Learning can be said to fall into three broad categories or «domains». These domains were first suggested by B. S. Bloom and are now widely accepted. The three domains are:

- The cognitive domain: learning intellectual or thinking skills, e.g. how to add fractions, how to write a report, how to recall specific facts, how to use learning to solve problems or be creative.
- The psychomotor domain: learning practical skills, e.g. how to use a wood chisel, or how to do a somersault.
- The affective domain: developing values, feelings and attitudes, e.g. learning to value people who are elderly, or learning positive attitudes towards a particular subject. Suppose your students needed to be able to recall a diagram of the structure of the heart, along with the names and the functions of its parts. This is a specific skill which, like all skills, can only be learned by corrected practice. The students' needs are:
 - Explanation. They need to understand the events they are learning about.
 - Doing-detail. They need to know exactly what you expect them to be able to recall, and in what detail. This is obvious to you, but not to them. If an aide-mémoire is too detailed, then a revision summary could do this for them.
 - Use. It is not enough to read the notes over and over, as many students believe. They must practise the skill of recall. This can be done with written and verbal questions, quizzes, tests, games such as 'tennis' and so on.

- Check and correct. Once students have drawn their diagram, their recall needs to be checked and corrected so that it can be improved. This is often done best by the learner.
- Learner's practical and emotional needs. The need for the other educate elements is self-explanatory. We intuitively use the educate pattern when trying to learn by heart a poem or some lines in a play. We use a «study–cover–recall–check» method. However, students very rarely use corrected practice of recall in order to learn factual material, unless they are prompted to do so.

Suppose you were teaching your students to solve quadratic equations, write a précis, or answer examination-style questions on a given topic. Choose any one of those three examples before reading on. How would you start? Perhaps by demonstrating how to «do one» on the board, explaining the process at the same time by thinking out loud. This provides some «doing-detail», and the explanation. You may then ask the class to «do one» collectively. You could use question and answer to step through an example, gradually writing the class's solution on the board as they decide upon it. Students can then examine exemplar solutions in order to find «deliberate mistakes», or to discover good practice [5].

It is an effective way to see a worked exemplar solution for a task one has just attempted oneself. If the task is complex, learners can draw up a checklist of criteria for success. All this provides «doing detail». The students are discovering exactly what they are expected to be able to do, and how to do it. Once the skill is clear, the learners must of course «do one» by themselves, and this work must be checked and corrected. The «check and correct» phase will probably involve you, but students can also check their own or each other's work. Ideally, the correction itself should be done by the student. The need for an aide-memoire, and for review, evaluation and to be able to ask queries, is self-explanatory. There is an infinity of ways of teaching or learning any intellectual or physical skill; but whatever methods are used, the learner's needs must be met if learning is to be successful.

Based on the results, it can be concluded that above mentioned methods can be readily used in practice to bring out the values which are inherent in a human being. Practically, educate refers to all educational Programmes of teaching aimed at helping humanity draw out the qualities of goodness inherent in man, and to understand the inner makeup of a human being in relation to the outer physical world, in order to keep a perfect balance.

References:

1. Martinez P. Raising achievement: a guide to successful strategies', Learning and Skills Development Agency online at www.lsda.org.uk/pubs, 2000
2. O'Connell B. (ed.) The Runshaw Way: Values Drive Behaviour, Leyland: Runshaw College, 2002.
3. Muijs D., Reynolds D. Effective Teaching: Evidence and Practice (2nd edition), London: Paul Chapman, 2005.
4. Petty G. Evidence Based Teaching, Cheltenham: Nelson Thornes, 2006.
4. Reece I., Walker S. A Practical Guide to Teaching, Training and Learning, (6th edition), Tyne and Wear: Business Education Publishers, 2007.

Асрандина С.Ш., Атабаева С.Д., Кенжебаева С.С., Алыбаева Р.А., Мелдебекова А.А. ЖОБАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және технологиялық салалардың қарқынды дамып, ғылыми - техникалық ақпараттардың үздіксіз жаңарып, өндіріске енгізіліп жатқан заманда бәсекелестікке қабілетті, ынталы, білікті жас мамандарды дайындау көкейтесті мәселелердің біріне айналған. Сондықтан, бүгінгі күні жоғары оқу орындарында дайындалатын мамандарға ерекше талаптар қойылған. Біліктілігі жоғары жас мамандар қоғам тіршілігіндегі барлық салаларда өз орнын тауып, әлеуметтік ортаға бейімделген, шығармашылық тұрғыдан өзгертулер мен жаңартуларды қабылдауға және өндіріске енгізуге, туындаған мәселелерді өз бетінше айқындап қана қоймай, оны шешудің жолдарын іздестіруге қабілетті жеке тұлғалық қасиеттерге ие болуы қажет.

Білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану бүгінгі күннің заман талабына сай еңбек нарығының сұранысына ие, бәсекелестікке қабілетті, мобильді, белсенді тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Студенттің шығармашылық, сындарлы, жоспарлау мен жобалау қабілеттерін ашатын технологиялардың бірі - жобалық білім беру болып табылады. Жобалық білім берудің ерекшеліктері мен қыр - сырларын зерттеуге көптеген ғалымдар: Дж. Дьюи, В.Х. Килпатрик, Э.Торндайк, Н.Г. Чернилова, В.В. Гузеева, Е.А. Крючкова, Е.С. Полат, И.Д. Чечель, В.П. Беспалько, Г.Б. Голуб, Н.Ф. Маслова, В.Г. Наводнов, Н.Ю. Пахомова, Е.С. Полат, С.А.Смирнов өз үлестерін қосқан. Олардың зерттеулерінде жобалық білім беру болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызды әрі табысты әдістерінің бірі болып табылатындығын көрсеткен. Сонымен қатар, олардың ізденістерінде жобалық білім беру - дидактикалық жүйе ретінде, ал жобалық білім беру әдісі сол жүйенің компоненті ретінде, яғни білімдердің интеграциясын, сонымен қатар, олардың өзектілігін айқындайтын, практикада қолдануды және жаңа білім алуды көздейтін педагогикалық технология ретінде қарастырылған.

Бірқатар мамандардың пікірінше жобалық оқытуда топтық технологиялардың бірқатар артықшылықтары болады: орындалатын жобаға қатысатын топ студенттердің өзара тығыз, әрі көп жақты қарым - қатынасы орнайды, топтық ойлау стилі қалыптасады және жобалық жұмысты орындаудың барлық кезеңдерінде жауапкершілігі арттады, оқытушы тарапынан жобалық оқыту процесін басқару және жобаға қатысушыларға педагогикалық қолдау

көрсетіледі, түрлі жобалардың орындалуына және одан әрі қарай жалғастыру формаларын игеруге мүмкіндік береді [1,2].

Е.С.Полаттың пікірінше жобалық оқыту формасы студенттердің келесі біліктіліктерін дамытады:

- зерттеу жұмыстарын орындау іскерліктері (проблемалық жағдайды талдай білу; проблемалық мәселелерді айқындай білу; ғылыми әдебиет көздерінен қажетті ақпараттарды сұрыптай алу; тәжірибелік жұмыстарды орындау және бақылау жұмыстарын жүргізе білу; нәтижелерді алу, тіркеу, жинақтау және оларды талдай білу; гипотизалар құрастыру; алынған мәліметтер негізінде тиісті қорытындылар мен тұжырымдарды жасай білу);
- командада жұмыс істеу қабілеттері (жоба бойынша күтілетін нәтижеге жету үшін ұжымдық жұмыстың, ынтымақтастықтың, бірлескен қызметтің маңыздылығын түсінеді);
- коммуникативтік іскерліктері (студент проблемалық мәселелерді шешудегі өзінің көзқарастарын айтып қана қоймай, әріптестерінің де ойлары мен көзқарастарын тыңдауға және түсіне білуге, ал келіспеген жағдайда ұсынылып отырған альтернативті ұсыныстарға конструктивті түрде сыни тұрғыдан өз көзқарасы мен пікірін білдіруге, сонымен қатар, екі жақтың оң шешімдерін талдай отырып, ортақ мәмлеге келу арқылы тиісті нәтижелерге жете білу қабілеттері) [3].

Жобалық оқытудың мақсаты: студенттердің білім алуға қызығушылығын арттыру, алған білімдерін танымдық және проблемалық мәселелерді шешуге қолдана білуді үйретуді, түрлі топтық ұжымдарда өзінің коммуникативтік іскерлігін қалыптастыруға, өзіндік зерттеушілік іскерлігін, шығармашылық, жүйелі ойлау қабілеттерін дамытуды көздейді.

Мақалада жоғары оқу орындарында, «5B070100» - биотехнология мамандығының 2-ші курс студенттеріне оқылатын «Өсімдіктер биотехнологиясы негіздері» курсының оқу - әдістемелік бағдарламасына жобалық оқытудың инновациялық технологиясын ендіру үлгісі қарастырылған.

Курсты оқыту бағдарламасында өсімдік клеткалары мен ұлпа культураларын *in vitro* жағдайында өсірудің теориялық негіздері мен әдістері қамтылған. Сондай - ақ, *in vitro* жағдайында өсірілетін өсімдік клеткаларынан экономикалық маңызды өнімдерді шығару технологиясы, клондық микрокөбейту әдістері, гаплоидтық технология, клеткалық селекция, клеткалық және гендік инженерия технологиялары жан-жақты қарастырылады. Курсты оқыту мақсаты мен міндеттері: студенттерге *in vitro* жағдайында өсірілетін өсімдік клеткалары мен ұлпаларының биологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерін таныстыра отырып, өсімдіктер биотехнологиясының негізгі салаларын қамтитын ғылыми-теориялық және практикалық негіздермен таныстыру.

Курсты оқыту барысында студенттер алған теориялық білімдерін зертханалық сабақтарда тәжірибе жүзінде орындап, жан – жақты пысықтауға мүмкіндіктер қарастырылады. Алғашқы зертханалық сабақта студенттер 15 апта бойы орындайтын зертханалық жұмыстардың, яғни ғылыми - зерттеу жобалардың тақырыптарымен, өзектілігімен, зерттеу мақсаттары және міндеттерімен таныстырылады. Сонымен қатар, тәжірибелерді орындау түрі мен мерзімдері, орындау тәртіптері мен студенттерге қойылатын талаптары, күтілетін нәтижелері талқыланады. Әңгіме барысында студенттердің түсінуіне қиын алғашқы жаңа терминдердің (*in vitro*, *in vivo*, экссплант, каллусогенез, регенерант, тотипотенттілік т.б.) анықтамалары мен мәндері түсіндіріледі. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға түсініктемелер беріледі. Сонымен қатар, топ студенттерін шағын (3 -4 студент) командаларға топтастырып, өздерінің ұсыныстарымен топ басшылары тағайындалады. Әр команда бағдарламада берілген ғылыми жобаларды орындайды.

Ғылыми жоба бағдарламалары өсімдіктердің клеткалары мен ұлпа культураларын *in vitro* жағдайында өсіру және морфогенез бен регенерация процестерін зерттеуге бағытталады. Мәселен: 1) Әр түрлі өсімдіктерден оқшауланып алынған эксспланттардың (сәбіздің өзектік паренхимасы, дөңді дақылдардан бөліп алған ұрықтар т.б.) каллусогенез, морфогенез және регенерация процестерін зерттеу. 2) *In vitro* жағдайында өсімдіктерден (стевия, қазтамақ, стахис, қытай раушан гүлі т.б.) бөліп алынған апикалды латералды және интеркалярлы меристемалардан регенерант - өсімдіктерді алу, оларды сыртқы орта жағдайларына бейімдету және акклиматизациялау.

Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын дұрыс орындауы оқытушының тікелей бақылауында болады, биотехнологиялық әдістерді теориялық және практикалық тұрғыда таныстыра отырып, тәжірибелердің орындалуына үздіксіз бағыт – бағдарын, кеңесін беріп, қажетті жағдайларда түзетулер енгізіп отырады. Ғылыми зерттеу жұмыстарын орындауда студенттерге өзіндік еркіндік берілетіндіктен (зерттеу объектілерін тандау, өздерінің сұраныстары бойынша сабақтан тыс уақытында қосымша бақылау жұмыстарын жүргізу, тәжірибелердің бағытын одан әрі түрлендіру және дамыту т.б.), оқыту процесі барысында олардың танымдық, қызығушылық, іздемпаздық, ұйымдастырушылық, жауапкершілік т.б. қасиеттерінің толық ашылуына мүмкіндік беріледі. Студенттер алғашқы күннен бастап аса қызығушылық танытып, күтілетін нәтижеге қол жеткізу мақсатында талмай еңбек жасау керек екендігін түсінеді. Өздерінің теориялық білімдерін практикалық жұмыстарымен ұштастыра отырып, берілген ғылыми жобаларды орындауға кіріседі. «Өсімдіктер биотехнологиясы негіздері» курсының оқытудың соңғы (14,15-ші) апталарында студенттердің алған білімдерін айқындайтын, 2 турды (топ ішілік, топ аралық) қамтитын ғылыми - практикалық конференция өткізіледі.



Конференцияны өткізу мақсаты: студенттердің «Өсімдіктер биотехнология негіздері» курсының білім алу негізінде орындаған ғылыми жобалардың нәтижелері мен жетістіктерін көпшілік алдында талқылау. Студенттерді

ғылыми - зерттеу жұмыстармен айналысуға қызықтыру және бағыттау, олардың оқу танымдық, шығармашылық қабілеттерін ашу көзделген. Конференция соңында үздік жобалар иелері дипломдар мен мақтау қағаздарымен марапатталады. Сондай-ақ, үздік жобалардың ішінде оқ бойы озып шыққан команданың ғылыми – зерттеу нәтижелері ҚазҰУ -нің Биология және биотехнология факультетінде жыл сайын өткізілетін жас ғалымдардың конференциясына қатысуға жолдама алады. Оқытудың бұл әдісін қолдану соңғы 6 жылда дәстүрлі үрдіске айналған.

Осының айғағы ретінде 2016 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Биология және биотехнология факультетінде, Биотехнология кафедрасының оқытушылары мен «5В070100-Биотехнология» мамандығының 2 курс студенттері ұйымастырған «Green Campus» бағдарламасы аясында «Өсімдіктердің клеткалары мен ұлпаларының каллусогендік, морфогендік және регенерациялық белсенділігін зерттеу» тақырыбында өткізілген ғылыми конференция нәтижелерін атап өтуге болады.

Конференция барысында студенттер орындаған ғылыми – зерттеу жобаларын қорғау арқылы, өсімдік ұлпалары мен клеткаларын *in vitro* жағдайында өсіру әдістерін толық меңгергендіктерін дәлелдеді, сонымен қатар, өсімдіктер биотехнологиясы саласы бойынша меңгерген теориялық және практикалық білімдерін түрлі сайыстарға (тест сұрақтарына жауап беру, биотехнологиялық терминдер мен ұғымдарды қолданып эссе жазу, шектелген уақыт аралығында тақырыпқа сай ребустарды, сөз жұмбақтарды шешу, команда девизи мен эмблемасын жасау, т.б.) қатыса отырып көрсете білді. Екіншіден, қалыптасқан жас ғалымдар ретінде ғылыми - зерттеу жобаларын жоспарлауды және орындауды, алынған нәтижелерді талдауды, тиісті теориялық тұрғыдан қорытындылар мен тұжырымдар жасауды толық игергендіктерін көрсетті. Студенттер өздерінің және әріптестерінің жасаған ғылыми ізденістері нәтижелері мен жетістіктерін үлкен қызығушылықпен тындап, өздерінің ұшқыр әрі жүйрік ойларымен бөлісе отырып, сын тұрғысынан қызу талқыға салды, сондай - ақ, ортаға тасталған мәселелердің шешімдерін бірлесе отырып табуға тырысты, әрі өзара тәжірибелермен алмасты.

Конференция соңында әділқазылардың (профессор оқытушылар құрамы мен студенттрден құрылған) шешімімен ғылыми жобаларын жоғары дәрежеде қорғап, үздік шыққан командалар дипломдармен (І-ші дәрежелі диплом – «Жасампаз»; ІІ-ші дәрежелі диплом – «Пассаж»; ІІІ-ші дәрежелі диплом – «Жалын») және мақтау қағаздарымен («Жас қыран» және «Болашақ жас биотехнолог») марапатталды.



Конференцияның 1-ші турының өткізілуі

Көрермендер мен жанкүйерлер ретінде белсенді қатысқан студенттерге (плакат, банер, буклеттер т.б. дайындау, сайыстарға қатысу, командаларға рухани демеушілік көрсету) ынталандыру сыйлықтар үлестірілді. Конференция өте әсерлі әрі қызықты өткені соншалық, студенттер ұйымдастырушы оқытушыларға алғыс айта отырып, болашақта осындай конференциялар мен білім сайыстарының жиі өткізілуіне өз ұсыныстарын жасады.

Жоғарыда келтірілген мысалды ЖОО - да өсімдіктер биотехнологиясы курсын оқытудың бір нұсқасы ретінде қарастыруға болады. Педагогикалық және психологиялық тұрғыдан қарағанда, біріншіден, студенттер ғылыми жобаларды орындау барысында өсімдіктердің клондық микрокөбейту әдістерінің теориялық негіздері және принциптерімен (өсімдік клеткалары мен ұлпаларынан экономикалық маңызды өнімдерді алу, клондық микрокөбейту әдістері, гаплоидтық технология, клеткалық селекция, клеткалық және гендік инженерия технологиялары) танысып, тәжірибе жүзінде өсімдіктердің меристемалық ұлпаларынан *in vitro* - жағдайында регенерант - өсімдіктерді алу және көбейту; каллусогенез, морфогенез және регенерация процестерін индукциялау арқылы регенерант - өсімдіктерді алу; қосалқы өркендерді тікелей экспланттан алу әдістерін игереді. Екіншіден, білім алушылар ғылыми жобаны жоспарлауға, негіздемесін жазуға, оны тиісті талаптарға сәйкес рәсімдеуге, бағдарлама шеңберінде тәжірибелер жүргізуге, зерттеу нәтижесінде алынған сапалық және сандық мәліметтерді статистикалық өңдеуден өткізуге, теориялық және практикалық тұрғыдан тиісті тұжырымдар, қорытындылар мен ұсыныстар жасауға, ғылыми есеп жазуға және ізденістер нәтижелерін көпшілік алдында талқыға салуға машықтанады.

Үшіншіден, конференцияның бағдарламасын жасау және өткізу шаралары студенттердің басқаруына берілетіндіктен, дайындық барысында әрі шараны өткізу уақытында жеке тұлға бойындағы басқарушылық, ұйымдастырушылық, іскерлік, жауапкершілік т.б. қасиеттерінің айқындалып, одан әрі ашыла түсуіне, ұжым мүшелерінің өзара сыйластығының, ауыз біршілігінің т.б. қасиеттерінің арта түсуіне мүмкіндік туады. Студенттер өздерінің және команда мүшелерінің еңбектеріне (жеке – дара тұлға ретінде топта алатын орны, ұжымға қосқан үлесі, мәліметтеді жинау және өңдеу, есепті жазу және құрау) және басқа да қасиеттеріне (өз ойлары мен ұсыныстарын еркін әрі дәйекті жеткізе білу, әріптестермен тіл табысу, сыйласу, қолдау, ұйымдастырушылық, басқару немесе топ басшысының басқаруында бола білу) сыни тұрғысынан баға беруді үйренеді. Сондай-ақ, кейбір теріс қасиеттерден (менменшіл, паңдық, өзгені сыйламау, жауапкершіліксіздік т.б.) арылып, жағымды қасиеттерге (сенімділік, батылдық, адамгершілік, сыйластық, өзгенің пікірін тыңдау, өзгемен санаса білу, жауапкершілік, өз пікірін ашық айту және дәлелдей білу т.б.) әдеттер мен дағдыларға ие боуға өзіндік септігін тигізеді.



Конференцияның 2-ші турының өткізілуі мен марапаттау рәсімі

Қорыта айтқанда, «Өсімдіктер биотехнологиясы негіздері» курсын оқыту бағдарламасына инновациялық оқытудің жобалық білім беру әдістерін ендіру студенттердің өсімдіктер биотехнологиясының барлық негізгі салаларын қамтитын ғылыми – теориялық және практикалық негіздері мен принциптерін жоғары дәрежеде игеруге мүмкіндік беретін тиімді құралдардың бірі болып табылатыны тәжірибе жүзінде дәлелденді. Сондай – ақ, студенттердің алған теориялық және практикалық білімдері, жоғары курста дипломдық жұмыстарын орындауға, жас ғалымдардың ғылыми - практикалық конференцияларына қатысуға алдын ала дайындық шаралары ретінде бағыт - бағдар беріп, болашаққа бастау алған жас биотехнологтардың алғашқы қадамдарының бірі ретінде өз септігін тигізеді. Сонымен қатар, бұл әдістердің модификацияланған технологиялары жоғары курс студенттері оқитын бірқатар пәндерге ендірілетіндіктен, ЖОО – дың түлектері ғылым мен өндіріс салаларындағы жобалау

әдістерін толық меңгеріп, оларды кәсіптік деңгейде жүзеге асыруға дайын, білетін білікті маман иелері болып қалыптасуына маңызы роль атқаратыны айқындалды.

Әдебиеттердің тізімі:

1. Автохов А.В. Проектное обучение в высшей школе: проблемы и перспективы // Высшее образование в России. – 2010. – № 10. – С.26 – 29.
2. Боков Л.А. Технология группового проектного обучения в вузе как составляющая методики подготовки инновационно - активных специалистов // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 6. – С. 15-23.
3. Зерщикова Т. А. О способах реализации метода проектов в вузе // Проблемы и перспективы развития образования: материалы междунар. науч. конф. (г. Пермь, апрель 2011 г.). Т. II. — Пермь: Меркурий, 2011. — С. 79 - 82.

Абдибаттаева М.М., Итжанова К.С.

БІЛІКТІ МАМАН ДАЙЫНДАУДА ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯНЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша ХХІ ғасыр білім мен университеттер, ғылым мен жоғарғы технологиялар ғасыры. Бүгінгі күні бәсекеге қабілетті қоғамды тұрғызу мен ауқаттылықты көтеру ғылыми зерттеулермен байланысты. Білім мен ғылымның интеграциясы экономика инноватизациясының тоқтаусыз факторы, оның тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың нақты құралы.

Инновациялық экономиканы тұрғызудың даусыз шарты ретіндегі білім мен ғылымның интеграциясы В. Гумбольт принципі деп аталатын әлемдік дамудың алдыңғы қатарлы трендін жүзеге асыратын негіздердің бірі болып табылады. «Оқыту бірлігі және зерттеу» немесе ғылым негізінде оқыту» формуласында көрініс табатын бұл принцип бүгінгі күнде өзекті болып отыр. Біліктілігі жоғары мамандарды дайындаудың ұласпалы және тездетілген үдерісі жоғарғы мектептің алдыңғы қатарлы зерттеулік, терең ғылыммен тығыз байланысында ғана мүмкін болады.

Инновациялық экономика талаптарына сәйкес келетін біліктілігі жоғары мамандарды дайындау проблемасы алға қойылған. Батыс елдерінде жоғары технологиялар саласында қажетті мамандарды сапалы дайындау үшін ғылыми зерттеулерге көптеген қаражат бөледі. Сондай-ақ жоғарғы білім беру саласында мемлекеттік-жеке серіктестік жүйесін құрады. Серіктестіктің мысалы ретінде коммерциялық бағытталған университет, ғылым және бизнеспен бірігіп жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық жобаларды келтіруге болады. Осы үш фактордың селбесуі әлемнің алдыңғы қатарлы университеттеріне тән. Отандық жоғары білім беру жүйесі де дәл осы бағыттағы қозғалуда. Ол мемлекеттің Болондық келісімге біріктірілген дамудың инновациялық жолына ауысуына негізделген.

Қазақстандағы ғылым туралы заңнама және басқа да құжаттамаларды талдау нәтижесі ғылым мен білім интеграциясының өзара байланысқан үдерісін, ғылыми ұйымдар мен жоғарғы оқу орындарының бірлестігін көрсетеді. Ғылым мен білімнің интеграциясының қажеттілігін шарттайтын негізгі себеп ең алдымен жоғарғы оқу орындарының және ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдарын кооперациялау есебінен іргелі ғылымның дамуының тиімді жүйесін құрумен, алдыңғы қатарлы ғылыми мектептерді сақтаумен, білім беру жүйесін жоғарылатумен, оқу үдерісінің жаңа формаларын дамытумен байланысты.

Қазақстандағы ғылым мен жоғарғы білім интеграциясының заманауи күйі ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттарының (ҒЗИ) бірлескен қызметтерінің әртүрлі формаларымен сипатталады. Бірінші кезекте олар іргелі және қолданбалы зерттеулер саласындағы келісімшарттар, ғылыми-зерттеу жобалары мен бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру, ҒЗИ-ның зертханаларында және тәжірибелік шаруашылықтарында оқу және өндірістік тәжірибе, сабақтарды жүргізу және студенттердің тәжірибесі мен дипломдық жұмыстарына жетекшілік ету, магистранттарды дайындауда бірігіп жұмыс істеу үшін ҒЗИ-ның жетекші ғалымдарын шақыру болып табылады.

Білікті мамандарды дайындау мақсатында университетімізде көптеген ғылыми жобалар жүзеге асырылып отыр. Атап айтатын болсақ: 300-ден астам жоба ҚР БҒМ 2013-2015 және 2015-2017 жж. арналған гранттық қаржыландыру бойынша; 80-ге жуығы ұйымдар және кәсіпорындармен шаруашылық келісім-шарт аясындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары; 180-нен астамы халықаралық қорлар мен ұйымдар гранты ҚР БҒМ бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында; 10-нан аса ҚР БҒМ «2013-2015 жылдарға арналған мемлекетаралық ынтымақтастық және халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар» бағдарламасы бойынша; «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ-ның жобасы. Аталған бағдарламалар бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асыруда география және табиғатты пайдалану факультеті, Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының үлесі зор. Кафедраның оқытушы-профессорлық құрамымен жүзеге асырылған ірі зерттеулер мен жобалар: «530718-TEMPUS-1-2012-1-UK-TEMPUS-JPCR Integrating Water cycle Management: Capability, Capacity and Impact in Education and Business», «Жасыл кеңсе ұғымын Қазақстан оқу орындарына енгізу», «Шығыс Қазақстан облысында өсіру болашақта нысандарын анықтау үшін бидай генотиптерін жылу тұрақтылық молекулярлы-генетикалық зерттеу», «Күздік бидай жабайы абиотикалық экологиялық факторлар генотипке төзімділігі үшін, физиологиялық және биохимиялық өлшемдері, мәдени және интрогрессивті формалары», «Ластанған топырақтарда өсірудің экологиялық таза технологиясын жасау үшін жаздық бидайлардың ауыр металдарға төзімділігінің генетикалық потенциалын зерттеу» және т.б. Осындай ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу үдерісінде пайдалануға болады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы (СҒЗЖ) университетте мамандар дайындаудың міндетті бөлігі. Кафедра студенттері мен магистранттары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда белсене қатысады. «Экология мәселелері бойынша ҒЗИ», «Жану мәселелері бойынша институтта», ЦФХМА жасай алады. Студенттер мен магистранттар жылдағы өтетін халықаралық «әл-Фараби оқулары» конференциясына белсенді қатысып жүлделі орындарға ие

болған. Сондай-ақ кафедра оқытушылары жыл сайынғы «Жасыл көпір – ұрпақтан ұрпаққа» атты конференциясын ұйымдастырып, студенттердің көптеген инновациялық жобаларын талдайды. Студенттер өздерінің инновациялық жобаларын «Жасыл көпір – ұрпақтан ұрпаққа» Еуразиялық платформасының <http://greenbridgework.kaznu.kz/> сайтында жариялай алады. Бұл жоба «ЭКСПО-2017» әлемдік көрмеге дайындық пен тұрақты инновациялық даму бойынша бастаманы жүзеге асыру үшін жастарды қуаттандырады. Бұл инновациялық жобаны жүзеге асырудың мүмкін болатын нәтижелері

- Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының анықталған параметрлерінің орындалуын қамтамасыз етуге қабілетті институциональды әлеуетті жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

- Тұрақты даму аясындағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың ұйымдасқан механизмі;

- Білім беру бағдарламалары мен шараларына, ұсынылған әдістер жүйесіне сәйкес білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етеді;

- Халықаралық стандарттар деңгейінде кәсіби құзыретті мамандарды дайындау жүзеге асады;

- Тұрақты инновациялық даму аясының ғылыми және ғылыми-білім беру саласын жасайды;

- Экологиялық-экономикалық жүйесі әлсіз елдер үшін әлеуетті көтеру және жасыл экономика мен тұрақты дамуға өтудің оңтайлы жолдары бойынша кешенді ұсыныстар жасайды.

Сонымен қатар кафедра студенттері жылда университетте ұйымдастырылатын, студенттер арасында инновациялық іскерлікті дамытуға мүмкіндік беретін «Студенттік бизнес инкубатор» жобасына қатысып отырады. Студенттік бизнес инкубатор ғылым мен бизнестің түрлі салаларында және білім беру сапасы мен түлектердің бәсекеге қабілеттіліктерін арттыруға бағытталған жастардың инновациялық жобаларын дамыту мен құруға арналған инфрақұрылымдық алаң болып табылады. 2015-2016 оқу жылында «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығының 3 курс студенттері аталған жобаға қатысып басқа студенттермен тәжірибе алмасқан болатын. Студенттік бизнес-инкубаторда ұсынылған жобалар: «Суды тазартудың жылжымалы жүйесі» тақырыбы бойынша жұмыс атқарған Джумабекова Макпал, Желенова Шаттыгүл, «Жергілікті энергияны қамтамасыз етудің жылжымалы жүйесі тақырыбында Болатбек Айым.

Білім беру ғылымның дамуындағы маңызды әлеуметтік институт болып табылады. Қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жоғарғы білім қызмет етеді. Көлемі мен құрамы бойынша күнделікті өсіп жатқан әлемдік-шаруашылық байланыстар ұлттық университеттерде кәсіби білім алып жатқан әмбебап кадр мамандарына қажеттілікті қалыптастырады. Бұл білім берудің ұлттық жүйесі әлемдік ғылыммен, техника және технологиямен жасалған «әлемдік стандарттарға» сәйкес білім беруге ұмтылады.

Білім беру, ғылым және инновацияны интеграциялау бағыттарын жүзеге асырудың көптеген формалары бар:

- Оқу-ғылыми-өндірістік кешендер;

- «Зауыт – ЖТОО» жүйесі;

- Филиалдар және базалық кафедралар;

- Оқу-ғылыми және инженерлік центрлер;

- Студенттерді дайындаудың қарқынды (жеке) мақсатты жүйесі;

- Технопарктер және технополистер;

- Мамандар мен студенттердің шығармашылық ұжымы.

- Сонымен, білім берудегі инновация ғылыми жетістіктерді білім беруге және оның дамуына көмектесетін ғылым мен білім интеграциясындағы мағыналы фактор.

Педагогикалық қызмет түрлерінің өзара байланысқан осы үш факторды дифференциациялау мақсатында анықтаушы факторлары төмендегі кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Ғылыми, инновациялық және білім беру қызметінің дифференциациясы

Анықтаушы белгілер	Ғылыми зерттеулер	Инновациялық қызмет	Білім беру тәжірибесі
Әдістемелік негізделу	Жоғарғы теориялық	Редукцияланған	Тәжірибеге бағытталған
Жанашылдық	Объективті	Ендірілген	Ұйымдастырушылық-технологиялық
Жүзеге асыру ауқымдылығы	Мемлекеттік және әлемдік деңгей	Жергілікті мән	Білім беру мекемелері үшін локалды
Тәжірибелік маңыздылығы	Инновациялық потенциал	жаңғыртылу	Пайдалы
Нәтижелілігі	Жаға ғылыми мағына	Әлеуметтік-экономикалық тиімділік	Білім беру сапасының жоғарылауы

Білікті маман дайындауда ғылым, білім және инновацияның интеграциясын жүзеге асыру үшін студенттерді шынайы жұмыс жағдайына қойып оқыту тәсілдерін пайдалану керек. Мұндай тәжірибелік оқытуды ұйымдастыруда сэндвич-курс (оқу бағдарламасы оқумен үйлестірілген 1 жыл кәсіптік жұмысты құрайды), жоғары білім беруде оқытудың ескі формасының бірі болып табылатын кооперативтік бағдарламалар (жұмыс тәжірибесі жалпы оқу

бағдарламасымен біріктіріледі де, қосымша жыл болып табылмайды), когнитивтік оқушылық жолымен практикалық тәжірибе алу моделі (студенттер жұмыс орнының ұйымдастыру мәдениетін сіңіруге және бақылауға мүмкіндік алады), бірлескен өндірістік-университеттік курстар (ірі компаниялармен қаржыландырылатын және бірге жасалынған) және Дэвид Грей көрсеткендей «жұмыс үшін оқуды» (мысалы, «сэндвич»-бағдарламаға қатысу кезінде жұмысқа бағытталу); «жұмыстағы оқу» (мысалы, компания өзінде кәсіби даму бағдарламаларын немесе тренинг ұйымдастырады) және «жұмыс арқылы оқу» (ресми аккредитация болған жағдайда) тәсілдерді пайдалануға болады. «Сэндвич» бағдарламасы бойынша студент университет қабырғасында оқиды, содан кейін бір жыл бойы өндіріс орнында тәжірибеден өтеді. Тәжірибе аяқталғаннан кейін студент өзінің дипломдық жобасын қорғау үшін университетке қайтып оралады. Бұл бағдарлама аясында болашақ маман тәжірибелік дағдыланады, баға жетпес еңбек тәжірибесін жинайды. Бағдарлама бойынша 2 курстың басында және 3 курстың соңында жалпы алғанда алты ай тәжірибеден өтуге немесе 3 курсты толығымен жұмыс орнында тәжірибе жинаумен өткізуге болады. Осы бағдарламаны біздің мамандықтар бойынша да қолдануға болады. 4 жылдық бакалаврлық бағдарлама бойынша оқытуда тәжірибені қолану мысалы төмендегі кестелерде келтірілген.

Кесте 2 – Бір жылдық тәжірибемен бакалаврлық оқу бағдарламасы

Курс	1 семестр (қыркүйек-желтоқсан)	Сессия	2 семестр (қаңтар-мамыр)	Сессия	Жаз
1	Сабақ	Емтихан	Сабақ	Емтихан	Демалыс
2	Сабақ	Емтихан	Сабақ	Емтихан	Демалыс
3	Тәжірибе				
4	Сабақ	Емтихан	Сабақ	Емтихан	-

Кесте 3– Екі жылдық тәжірибелі бакалаврлық оқу бағдарламасы

Курс	1 семестр (қыркүйек-желтоқсан)	Сессия	2 семестр (қаңтар-мамыр)	Сессия	Жаз
1	Сабақ	Емтихан	Сабақ	Емтихан	Тәжірибе
2	Тәжірибе		Сабақ	Емтихан	Демалыс
3	Сабақ	Емтихан	Тәжірибе		
4	Сабақ	Емтихан	Сабақ	Емтихан	-

Сондай-ақ, білікті маман дайындауда ғылым, білім және инновацияның интеграциясын жүзеге асыру үшін «Ашық Инновациялар (Open Innovation)» деп аталатын модельді пайдалануға болады. Еліміздегі ЖОО-ң инновациялық жүйесі жабық инновация принциптеріне негізделеді. Педагогикалық зерттеулердің нәтижелері тікелей оқу тәжірибесіне ендірілмей қалуы мүмкін. Олардың тәжірибеге айналуына және трансляциялануының механизмі болып табылады. Ғылым мен инновация арасындағы логикалық байланыс ол қалыптасқан оқу тәжірибесін өзгертуге бағытталған инновациялық жоба болып табылады.

Ашық инновациялар идеологиясының негізгі ережелері бір қарағанда ЖОО-ң дамуының тұрақталған принциптеріне қарсы келетіндей. ЖОО білім беруден басқа экономиканың нақты секторында орын табуға тиісті іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулермен айналысады. Кафедрамыз өзінің ғылыми қызметкерлерімен мақтанады, олардың жасаған ғылыми жобалары, тауарлары көп жағдайда өндірісте қолданыс таппай жатады. Ал ашық инновациялар моделі сол ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды сыртқы факторлар арқылы нарыққа шығаруға мүмкіндік береді.

Бір ЖОО-дағы әртүрлі саладағы ғылыми зерттеулерді интеграциялау арқылы инновациялық қызмет үшін бірегей мүмкіндіктерін қамтамасыз ете отырып, санды сапаға айналдыру белгілі феноменына қол жеткізуге болады.

Білім, ғылым мен инновацияның интеграциясы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың шешуші факторы болып отыр. Ғылыми технологиялардың даму деңгейі елдің экономикалық және ғылыми-өндірістік потенциалының дамуының сипаттамасы болып табылады. Ғылым мен білім құрылымының интеграциясы еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа мамандарды сапалы дайындауды қамтамасыз ететіндігі, ал жаңа білімді қолдануға негізделген өндірістегі технологиялық өзгерістер елдің экономикалық көтерілуіне әсер ететіндігін алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибелерден көруге болады.

Білімнің инновациялық қызметі оқу тәжірибесіндегі ғылыми жетістіктерді жүзеге асырудың тиімді технологияларын табуға, ол үшін қажетті педагогикалық жағдайларды және ұйымдастырушылық педагогикалық қамдануды анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Чесбро Г. Открытые инновации. Создание прибыльных технологий: пер. с англ. –М.: Поколение.
2. Тілеуберген Д.М. Интеграция науки, образования и производства: мировой опыт и перспективы его использования в Казахстане.
3. Айтказинов Н.Ж. Роль науки и образования в обеспечении конкурентоспособности экономики в условиях международной экономической интеграции.

4. Gassmann Opening up the innovation process: towards and agenda / O. Gassmann // R&D Management. – 2006. – № 36 (3). – June. – P. 223-226.

Абдикерова Г.О.

ВУЗ И РАБОТОДАТЕЛЬ: ЗНАЧИМОСТЬ СОВМЕСТНО РАЗРАБОТАННЫХ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИХ КОМПЛЕКСОВ

Закон Республики Казахстан от 18 декабря 2000 г. «О социальном партнерстве в Республике Казахстан» заложил основы диалогового взаимодействия между разными сторонами. Сегодня социальное партнерство в Республике Казахстан регулируется законом «О социальном партнерстве в Республике Казахстан» от 15 мая 2007 года N 252.

Настоящий Закон определяет правовые основы, задачи и порядок функционирования системы социального партнерства (трипартизма) в Республике Казахстан. Согласно закону социальное партнерство осуществляется на генеральных, отраслевых и региональных уровнях, а также на уровне организации. Порядок заключения, изменения и расторжения соглашений для достижения общих социально значимых целей осуществляется на основе принципов равноправия и взаимной ответственности сторон.

Комиссия, созданная на одном из трех уровней: республиканском, отраслевом или региональном - составляет общее соглашение. Содействие занятости, профессиональной подготовке и переподготовке работников выступает одним из положений соглашения, составленного комиссией по социальному партнерству регулированию социальных и трудовых отношений. Именно по этому пункту могут составляться соглашения между вузом (государственным или частным) как институтом образования и работодателем.

Существует две формы государственно-частного партнерства – институциональная и контрактная. В сфере высшего образования формы и механизмы государственно-частного партнерства следующие:

Институциональная: эндаумент-фонды; институты общественного участия (общественные, управляющие, попечительские и другие советы); технопарки; центры трансфера технологий; ресурсные центры; совместные образовательные структуры.

Контрактная: стипендиальные программы; гранты; концессии; долгосрочная аренда; инвестиционные контракты; образовательные ваучеры; образовательные кредиты; стажировка студентов на предприятиях с последующим трудоустройством.

Среди развитых стран Великобритании может стать примером успешного применения практику эффективного сотрудничества высших учебных заведений и бизнеса. Ежегодно в стране с участием академического сообщества, представителей работодателей, профессиональных организаций и НПО в сфере образования обрабатывается содержание документа «О требовании компетенциям в сфере высшего образования» и готовится официальное сообщение. Оно учитывает основные изменения и требования современного рынка труда. Данное объявление является ориентиром в обработке и подготовке стратегии обеспечения работой выпускников. В целом Британские компании довольны уровнем выпускников университетов страны. Правительство Великобритании считает, что в обществе, основанного на знании, конкурентоспособность и повышение уровня жизни зависит от эффективного взаимодействия высшего образования и бизнеса, и как они делят между собой функции развития образования в стране [1, с.110]. Поэтому, принимаются комплекс мер по предотвращению возникающих несоответствий между потребностями экономики профессиональным кадрам и подготовкой университетов по многим направлениям, а также по предотвращению возникающих препятствий, мешающие тесному сотрудничеству университета и бизнеса в сфере инноваций.

Как показывают результаты многочисленных исследований в Великобритании представители бизнес сообщества наталкиваются на трудности в процессе проведения стратегических диалогов с университетами для предотвращения таких несоответствий.

Многие большие и транснациональные компании осуществляют социальное партнерство с высшими учебными заведениями на основе индивидуальной работы. Ссылаясь на их опыт работы, правительство считает, что бизнес сообщества или работодатели совместно должны подготовить свои требования в ясной формулировке и предъявить университетам. Это позволит знанию соответствовать потребностям экономики. Для того чтобы, работодатели не потеряли связь с университетами, разработаны механизмы совершенствования взаимосвязи работодателей с университетами.

В 2001 году создан секторальный совет (Sector Skills Councils), определяющий потребности разных секторов экономики на профессиональные кадры и формирующий основные требования к подготовке кадров с учетом их спроса [2].

Секторальные советы обеспечивают участия работодателей в разработке рабочей программы высших учебных заведений и в местах производственной практики, а также взаимообмене персоналами между компанией и университетом [3].

Многие университеты Великобритании ориентируют свои образовательные программы на приобретения компетенции, необходимые развивающим отраслям новой экономической деятельности. Это особенно заметно в

подготовке специалистов по информационной компьютерной технологии, технологии масса и мультимедиа, а также по дизайну и архитектуры.

Образовательная система Германии имеет свои особенности. Конфедерация Ассоциаций работодателей немцев в 2003 году объявила меморандум о внедрении двухступенчатую модель высшего образования [4]. В документе сделано официальное обращение:

- ориентация образовательного процесса на практику;
- сокращения время подготовки кадров;
- интернационализация высшего образования;
- окончание перспективы перехода от традиционной одноступенчатой образовательной системы к двухступенчатой системе;
- обеспечение базовой профессиональной подготовки выпускников по программе бакалавриата;
- формирование у студентов культуры профессионального развития;
- формирование у студентов хорошей мотивации к учебе.

Рассматривая, прежние программы немецкие работодатели утверждают о необходимости включения и бизнес сообщества в эту работу. Вместе с тем близкое сотрудничество университетов с бизнес сообществами могут породить и трудностей. Подчинение образовательной программы вуза узким интересам бизнес сообщества может ограничить их содержание, вместе с тем ограничиться национальные и региональные интересы и потребности.

В последние время британские и немецкие работодатели волнуются оценке образования исходя только из интересов экономики. По их мнению, это может привести к сокращению направлений специальностей, которые имеют огромное значение в плане развития науки и культуры, но не имеют рыночную ориентацию. Поэтому, состав бизнес сообществ как социальных партнеров должна быть широкой. Он должен включить государственный сектор и малый, средний бизнес.

5. Бердалиева Н., Байболенова Л.А., Балошо Қ.Т. Ақпараттық менеджмент негіздері. -Алматы, 2000.

Асқар Л. Ә., Аташ Б.М.

ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУДЫ БИЗНЕСКЕ ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ МЕНЕДЖМЕНТТІК-ТӘЖІРИБЕЛІК ЖӘНЕ ЛОГИКАЛЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Еліміздің экономикасы нарықтық қатынастарға бет бұрғаннан кейін, қоғамдық өмірдің барлық саласы одан тыс қалмақ емес, осыған орай, бизнестік құрылымдарды ғылым саласы да негізге алып отыр. Мәселен, ғылыми жобалар мен ғылыми менеджмент, ғылыми бағдарламалар көп жағдайда бизнес ісімен тығыз байланысты болған жағдайда өзіндік оң нәтижесін бере бастайды. Сәйкесінше, философия және логика ілімдері де бизнестің негізгі жалпы заңдылықтарын зерделеуді өз назарынан тыс қалдырмайды. Бизнес философиясы, экономика және бизнес логикасы, бизнес психологиясы т.б. салалардың пайда болуы осының айғағы іспеттес.

Қазақстанның басты стратегияларының бірі – интеллектуалды ұлт қалыптастыру саясаты жастардың біліктілігі мен білімділігін, креативті-сыни, продуктивті-шығармашылық ойлауын талап етіп отыр. Бұл – бизнес пен маркетинг жүйесі үшін де қажетті ойлау құрылымы болып табылады. Ғылыми шығармашылыққа баулу үшін, білім алушылардың ойлау жүйесінің тиянақтылығын арттыру мақсатында, конструктивті құрылымдарды тез меңгерту қажеттілігіне орай, жоғары оқу орнының кейбір мамандықтарының студенттеріне қазіргі таңда «логика» пәні жүргізіле бастады. Десек те, бұл пән жоғары оқу орындарындағы барлық мамандықтарға оқытылуы тиіс деп есептейміз. Өйткені, интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін, экономика мен бизнес саласында қазақстандық әрбір жас азамат жетістіктерге жетуі үшін ғылыми-шығармашылық ойлаудың белгілі бір деңгейіне көтерілуі қажет. Осыған орай, логика пәнінің негізгі мақсатына сәйкес, біз, логикалық ойлау мәдениетін одан әрі жетілдірудің тың тәсілдері мен заманауи ұстанымдарын ұсынғалы отырмыз. Ол дәстүрлі: теория мен идеяларды, логикалық операцияларды өмірден алынған нақты мысалдар арқылы түсіндіру; схемалық формалармен беру; рәміздік формалар арқылы ұғындыру; диалектикалық тәсілмен үйлестіру т.б. тәсілдерді қолданумен қатар – «өрісті нұсқаулықтар арқылы ғылыми шығармашылық ойлауды дамыту» әдісін пайдаланумен ұштасуы тиіс.

Біз ұсынып отырған өрісті ғылыми-шығармашылық ойлаудың әдістемелік бағдарлары [1] формальды, диалектикалық, символикалық логика заңдарын, ондағы ой машықтарын жинақтай келе, олардың қажетті деген тұстарын пайдаланатын болады және оны қазіргі замандағы бизнес саласында да қолдануға мүмкіндіктер береді. Бұл әдістер көп жағдайда, дәстүрлі ойлауды сындарлау арқылы жүзеге асатындықтан, алдымен, оның логикасы көрсетіліп, өрісті ойлауға бетбұрыс ашылады.

Ол әдістерді, біз, «Тезис-Антитезис» құрылымы бойынша ұсындық. Яғни, бастапқы белгіленген нұсқа, дәстүрлі түсінікті, қалыпты ой тұжырымдарын көрсетеміз, осыдан оған қарама-қарсы пайымдауды алып, теріске шығарамыз. Осы орайда, В.И. Брюшинкиннің сыни ойлаудың деңгейлерін: 1.Эмпирикалық деңгей – айғақтарды сыни тексеру; 2. Теориялық деңгей – теорияларды сыни тексеру; 3.Метатеориялық деңгей – құндылықтар мен

нормаларды сыни тексеру деп көрсетіп бергендігіне[2,556.] сүйенсек, біз осы үшінші деңгейді тезис ретінде ала аламыз.

1. Толық қамтымауды андай білу тәсілі.

Дәстүрлі түсінікте $A=A$ (Тезис). Бұл тек қоғамдық бұқаралық санада ғана емес, ғылыми-теориялық тұжырымдамаларда, заңдылықтарда, қортындыларда да кездеседі. Біздіңше, $A \neq A$ (антитезис); ол $A = a$ немесе $A=A1$ ғана болуы ықтимал.

Яғни, «А» тең «А»-ға емес, ол тек қана «а» немесе «А1» болуы әбден ықтимал. Олай болса, «А» тең «А1»-ге. Немесе «А» тең «а»-ға. Бұл – субъект предикатты толық қамтымайтындығын көрсетеді және керісінше бола алады.

Мәселен, бизнес өкілі нарықтық заңдылықтарды тек өзінің саласы ғана бойынша емес, тұтастай меңгергендігі жөн. Сәйкесінше, бұл тренингтік тәсілді бизнес ретінде де қолдануға болады.

2. Пікірдің аяқталмайтындығын пайдалану тәсілі.

$A=A$ (Тезис); $A \neq A$ антитезис; $A=-A$; $A=(-A)+(-A)+(-A)....+(-A\infty)$.

Мұнда «А» тең «А»-ға емес, «А» дегеніміз қашанда «-А» (минус А). Ол минус «А»-лардың шексіздігіне қарай ұмтылады. Ешқандай ұғым, пікір, идея, тұжырым аяқталып қалмайды. Әрбір идея қашанда толық емес. Кез келген анықтама, заң, тұжырым тумысынан, пайда болып толысқанның өзінде осындай табиғатқа ие болады.

Мысалы, көне Грекиядағы «атом – ең соңғы бөлінбейтін бөлшек» қағидасы XIX ғасырда жоққа шығарылды, ол шексіз бөліне алады екен. Тіпті ол кванттық физикада бөлшек емес, энергия болып шықты. Сондықтан «А» үнемі толықпайтын, жетілдіруді қажет ететін минус «А»-лардың жиынтығынан ғана құралады. Яғни, «А» толыққанды А болуға үнемі ұмтылып, минус «А»-лардың шексіз тізбегін құрайды.

Бұған мысал ретінде, ғылымда ешнәрсенің де абсолютті бола алмайтындығы туралы релятивистік бағытты айта аламыз. Немесе, бұл – Т.Кунның ғылымның кумулятивистік жолмен даму идеясымен сәйкестенеді.

3. Керісінше болып шығуды аңдау тәсілі немесе керісінше болып шығуы мүмкін екендігін андай білу. (Керісінше жағын ойлау тәсілі)

$A=-B$ (тезис); $A \neq -B$ (антитезис); тіпті $A \neq B$; $A=+B$

«А» тең болады минус «В» емес, «А» тең болады плюс «В». Мысалы, адам ағзасындағы өте ұсақ микроорганизмдер оған зиянды деп саналып келген болатын, ол керісінше пайдалы болып шықты, тіпті бейтарап та емес, олай болса, $A=B$ -ға да емес, міндетті түрде керісінше болуы тиіс: дәстүрлі ойлауда «А» тең плюс «В» ға болса, өрісті логикада ол минус «В»-ға тең немесе тең болып шығуы ықтимал деген сөз. Сондай-ақ, бұрын «Ғылым – адамзат өркениетінің болашағы» деген ұстаным ғасырлар бойынша абсолютті дұрыс болып есептелінген, ал А. Бергсонның: «Ғылым – адамзаттың қас жауы» деген тұжырымы да, осы ойдың тәсілі болғанмен, ол да біржақтылық сипат алып кетті. Немесе, Гордонның «Фантастикалық аналогия» деп аталған тәсіліне орай, жердің тартылыс күшін алып тастау, жарық жылдамдығын өзгерту т.б. арқылы іргелі заңдылықтарға қарсы шығу жолы да [3,696.] біздің осы тәсіліміздің шынайылыққа жақындығын қуаттай түспек. Бұған айқан мысал ретінде, терминденген бағыттарды терістеуші префикстер арқылы жоққа шығаратын бағыттарды туындатудан да: сциентизм-антисциентизм, субстанционализм-антисубстанционализм, детерминизм-индетерминизм т.б. байқалады.

4. Ақылға сыйымсыздықты үйлестіру тәсілі.

$A=B$ (тезис), бірақ мұнда, тіпті тезис алынбайды да. $A \neq B$, $A \neq C$, $A \neq D...$

«А» тең «В»-ға емес, немесе «С»-ға, немесе «Д»-ға емес, тіптен ешнәрсеге тең бола алмайды, өзіне-өзі де тең емес, «А» дегеніміз демек, ешнәрсеге тең бола алмайды.

Ғылымда, формальды логика бойынша бәрі ақылға сыйымды, бірақ табиғат пен әлем құбылыстарының бәрі ақылға сыйымсыз, сондықтан, оның ақылға сыйымсыздығының өзі сол «ақылға сыйымсыздық» арқылы ақылға сыйымды болып шығады. Демек, мұны «ақылға сыйымсыздықтың сыйымдылығы» деп айта аламыз, ол сол нәрсені ақылға сыйымсыз деп қабылдағандығымыз, солай деп түсінгендігіміз үшін түсінікті болып тұр дегенді білдіреді. Ол сол ақылға сыйымсыздығынан ауытқымауы тиіс, егер ауытқыған жағдайда, ақылға сыйымды болып, сыйымсыздықтан айрылып қалады. Мысалы, кейбір терең ойлайтын, байыпты адам ойына келе бермейтін, стандартты емес ғылыми жаңалықтар бастапқыда ақылға сыйымсыз болған, сондықтан, оларды ашқан ғалымдарды көпшілік «психологиялық ауру» деп те ұққан. Математикадағы теріс сандардың ашылуы т.б. осы ақылға сыйымсыздық логикасына жуықтайды. 1-ді 1-ге қосқанда екі емес, үш немесе төрт болатындығы немесе 1 күйінде қалатындығы т.б. бір қарағанда ақылға сыйымсыз құбылыс болып табылады.

Табиғаттағы, қоғамдағы ауытқыған құбылыстардың (паранормальное явление) бәрі осы ақылға сыйымсыздық логикасына бағынады. Олай болса, ақылға сыйымсыздықтың логикасы: ешқандай да логикалық заңдылықтарға бағынбау, ғажайыптылық, таңқаларлық, түсіндіріп беру қиын, тіпті мүмкін емес, түсіндірген жағдайда, ол тек болжамдар түрінде ғана сақталады т.б. Оның үстіне соңғы кездегі бейсызықтық физика өкілдері атап көрсетіп жүргендей, аномальды құбылыстарды зерттеу барысында сана психикалық тұрғыдан физикалық шынайылықпен өзара әрекеттесе алады екен [4, 296.].

Осындай жаратылыстану ғылымдарындағы қолданысқа ие болған ұстанымдар бизнес логикасында да жаңа, тың, ерекше пайдалы, тиімді бағыттарды ойлап тауып, оны қоғамдық өмірде қолдана білудің өзіндік тәжірибелік қырларын да ашып беруге септігін тигізеді.

5 Мәннің мәнін (себебін) шексіз іздеу тәсілі.

«А←?» (тезис). Демек, «А» ның мәні неде деген сауал қойылып тұр. Әзірге А←Х (белгісіз). Мән табылды дейік: Х=В. Ол «В»-ға тең екен, бірақ «А1»-ге тең емес, Х≠А1-ге деген сөз. Себебі, объектінің мәні, сол объектіге ілеспелі (–А), жуықтайтын (+А), екінші бір нұсқасы болатын(А1), одан туындайтын (А2) емес, мүлде басқа нәрсе болып тереңдейді (В). Мысалы, «А» мен «А1» бір-бірінің екінші нұсқалары немесе бір-біріне жуықтайтын құбылыстар, нәрселер деп шартты түрде белгілейміз.

Келесі сатыда, «сол «В»-ның мәні неде?» деген сауал қойылады: В←Х1?. «Х1»-дің мәні неде?» деп оны іздеген жағдайда, мән табылды дейік: Х1=С. Бірақ Х1≠А1 немесе «В1» емес. Әрі қарай «С←Х2»; Х2=Д-ға болып шығады. Бірақ Х2≠А1де, В1де, С1де. Осылай шексіз жалғаса береді. Біз бұл тұста: «Алайда, мән, әдетте нәрсенің сыртқы бетінде жатпайды. Оның үстіне бірінші қатардағы мәnnің арғы жағында, әрдайым екінші қатардағы мән, ал бұл соңғының арғы жағында үшінші қатардағы мән және т.с.с. шексіз мәндер жасырын тұрады», -деп [5,162б.] анықтама беру үшін келтірілген пікірлерді басшылыққа аламыз.

Қорыта келе, логика пәнінен жастардың ойлау мәдениетін арттыруға арналған өрісті ойлаудың әдістемелік бағдарлары бір қырынан теориялық жағынан алғанда, аяқталмайтын шексіз ашық жүйе, екінші бір қырынан алғанда, тәжірибелік-қолданбалы сипатты болып келеді. Егер, ізденушінің өрісті ойлауы артқан жағдайда, ол кемелдене түседі және мұндай ойлау операциялары мен тәсілдерін өзі де ойлап тауып, оны дәлелдеп беру қабілетіне дейін көтеріле алады. Ал одан кейінгі сатыда, бұл ұсынылған формулаларды өзінің ізденістерінде, тұрмыста, пікірталастарда, бизнесте үлкен жетістіктерге жету мақсатында да, өз бетінше қолдана білуге қабілеттілігі артады және ол сыни ойлауға келіп орайласады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аташ Б.М., Асқар Л.Ә. Өрісті логика. -Алматы: Қазақ университеті, 2015. -82 б.
2. Брюшинкин В.Н. Системная модель аргументации//Трансцендентальная антропология и логика: Труды международного семинара «Антропология с современной точки зрения» и VIII Кантовских чтений /Калинингр. Ун-т. Калининград, 2007 – 352 с.
3. Лук А.Н. Мышление и творчество.-М.: Политиздат,1976. – 144 с.
4. Талбот М. Голографическая Вселенная.-М.: София, 2004. – 147 с.
5. Ивин А.А. Дұрыс ойлау өнер.-Алматы: Рауан, 1991. – 240 б.

Асқарова Ә.С., Бөлегенова С.Ә., Бөлегенова С.Ә., Оспанова Ш.С., Шортанбаева Ж.Қ., Бодықбаева М.Қ. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНЫП ОҚЫТУДЫҢ КЕШЕНДІ ТӘСІЛДЕРІ

Білім – жастардың мәдени, әлеуметтік және экономикалық дамуына жағдай жасайтын маңызды қызмет түрлерінің бірі. Қоғам білім беру саласына айтарлықтай қаражат құйып отыр, сондықтан білім беру бағдарламаларын жасау және оны жүзеге асыруда олардың сапа стандарттары мен экономикалық тиімділігіне сәйкестігіне баса назар аудару керек.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – еліміздің жетекші ЖОО бірі. 1988 жылы Болоньда қабылданған университеттердің Ұлы хартиясына қол қоя отырып, еуропалық білім беру кеңістігіне енуге шешім қабылдады. Бұл біздің студенттерімізге іргелі, халықаралық деңгейде мойындалатын білім беруге тиіс дегенді білдіреді. Біздің түлектеріміз әлемнің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Біз интеллектуалдарды тәрбиелеуге тиістіміз. Біздің мақсатымыз – осы үшін барлық жағдайды жасау [1].

Білімді жетілдіру – бұл жеке оқытушылардың ғана емес, сонымен қатар барша факультет ұжымының міндеті. Физика-техникалық факультеті мұнда өзінің ішкі саясатымен, барша қызмет саласындағы ішкіфирмалық стандартымен және жұмыс істеу стилімен, өзінің оқытушыларының, қызметкерлері мен студенттерінің имиджімен корпоративті бірлестік ролін атқарып отыр [2].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында көрсетілгендей, «жоғары оқу орнының басты міндеті – ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіби қалыптасуына бағытталған жағдайларды жасау арқылы жоғары кәсіби және ЖОО кейінгі кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру» [3].

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық факультеті қоғам мен тұтынушылардың талаптарына, қажеттіліктері мен болжамдарына сәйкес келетін лицензияланған білім беру қызметін ұсынады және олардың үміттерін ақтауды көздейді. Біз қазіргі кезеңдегі бастысы кең іргелі білімге ие, барша белсенді қызметі барысында үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндігі бар жоғары білімді тұлғаны әзірлеу деп санаймыз.

Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының мақсаттары:

- Тұтынушылардың талаптарына сәйкес білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету;
- Білім беру қызметі нарығында жетекші орындардың бірін иелену;
- Тең және шығармашылық өзара әсерлесу жағдайында отандық және шетелдік озық білім беру мекемелерімен белсенді іскерлік қарым-қатынаста болу.

Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының міндеттері:

– Қоғамның біліктілігі жоғары, жоғары білімді мамандар мен физика ғылымдары саласындағы жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларға мұқтаждығын қанағаттандыру;

– Білім беру және тұлға мен қоғамның интеллектуалды, шығармашылық, рухани және өнегелі даму қажеттіліктерін қанағаттандыру;

– Физика облысындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүзеге асыру, жылуфизика және техникалық физика кафедрасының білім беру қызметінің сапасын арттыруға және ғылыми-техникалық және интеллектуалды өнімді жүзеге асыруға бағытталған ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту.

Іргелі зерттеулер жаңа құбылыстар мен табиғат заңдарын ашу және оны зерттеуге, зерттеулердің жаңа принциптерін жасауға арналған. Олардың мақсаты – қоғамның ғылыми танымын кеңейту, адамның практикалық қызметінде қолданылуы мүмкін заттарды тағайындау. Мұндай зерттеулер белгілі мен белгісіз шекарасында жүзеге асырылады, анықталмағандық дәрежесі жоғары болады.

Қолданбалы зерттеулер табиғат заңдарын адам қызметінің ағымдағы құралдары мен қызметтерін жетілдіруге және олардың жаңа түрлерін жасауға бағытталады. Қолданбалы зерттеулердің мақсаты – іргелі зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген ғылыми білімді адамның практикалық қызметінде қалай қолдану керектігін анықтау.

Қолданбалы зерттеу нәтижесінде ғылыми ұғымдар негізінде техникалық түсінік қалыптастырылады. Қолданбалы зерттеулер ізденуші, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар болып жіктеледі:

- ізденуші зерттеулер нысанға әсер ететін факторларды анықтауға, іргелі зерттеу нәтижесінде ұсынылған тәсілдер негізінде жаңа технологиялар мен техниканы жасау жолдарын іздестіруге бағытталған;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жаңа технологиялар, тәжірибелік қондырғылар, приборлар және т.б. жасалынады;

- тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың мақсаты – конструкцияның логикалық негізін анықтайтын конструктивті сипаттамаларды таңдау.

Іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижесінде жаңа ғылыми және ғылыми-техникалық ақпарат қалыптасады. Мұндай ақпаратты өнеркәсіпте меңгеруге жарамды түрге алмастыру әдетте жоба деп аталады. Ол жаңа техниканы, материалдарды, технологияларды жасауға немесе қолда барын жетілдіруге бағытталған. Жобаның шекті мақсаты – қолданбалы зерттеу материалдарын бейімдеуге әзірлеу.

Кешенді мәселе бір мақсатқа тоғыстырылған мәселелердің жиынтығынан тұрады; мәселе дегеніміз – бұл күрделі теориялық және практикалық мәселелердің жиынтығы. Мәселе адам қызметі қиындықтармен ұшырасқанда немесе мақсатқа жету жолындағы кедергілер болғанда пайда болады. Мәселе ғаламдық, ұлттық, аймақтық, салалық, сала аралық болуы мүмкін. Бұл қалыптасқан мәселенің масштабына байланысты.

Жылуфизика және техникалық физика кафедрасы «Техникалық физика», «Жылуэнергетика», «Стандарттау және сертификаттау», «Физика («Жылуфизика» білім беру траекториясы) мамандықтары бойынша мамандарды әзірлейді. Кафедра ұжымының ғылыми қызметі саласындағы басты міндеті – іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу, инновациялық оқыту әдістерін қолдану, оқу-тәрбие процесінің ғылыми деңгейін арттыру, нарықта сұранысқа ие мамандарды даярлау. Бұл мақсатқа оқу процесіне ғылыми зерттеулердің міндетті элементтерін курстық және дипломдық жұмыстар, жобалар, диссертациялар, ғылыми семинарлар, дөңгелек үстелдер, жас ғалымдардың конференциялары және т.б. түрінде бейімдеу арқылы қол жеткізіледі. Мұндай интеграцияның маңызды оң эффектілерінің бірі – білім сапасының жоғарылауы.

Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы ғылыми зерттеу жүргізу барысында осы жұмысқа бакалавриат пен магистратура деңгейіндегі студенттерді белсенді түрде жұмылдырады. Соңғылары аталған жобаларын докторантурада жалғастыра алады. Ғылыми зерттеулерді оқу процесіне бейімдеу оқытушылардың қажетті кәсіби деңгейін қолдау, болашақ мамандардың біліктілігін арттыру және кәсіби құзыреттерді қалыптастыру үшін қажетті шарт болып табылады.

ЖОО ғылыми жаңа білім мен идеялардың қайнар көзін, білімнің жаңғыртылуын, білімнің технология мен мәдениеттің дамуына алмасуын қамтамасыз етеді. Барша зерттеу жұмыстарының бағытталуы – жаңа технология алу, сондықтан осы тұрғыда дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертациялар кафедраның ғылыми жобалары шеңберінде жүзеге асырылады: «Жоғары қысым мен Рейнольдс санының жоғары мәндерінде сұйық отындарды бүрку, тұтануы және жану процестерін зерттеу»; «Қоршаған ортаға бөлінетін азот тотықтарын селективті каталитикалық емес азайту механизмін қолданғандағы Қазақстанның ЖЭС-да күлділігі жоғары көмірді «таза» жағу технологиясын жасау»; «Қазақстан Республикасының экологиялық ахуалына антропогенді әсерді азайту мақсатында ЖЭС жану камераларында энергетикалық отынды жағу кезінде өткір үрлеу технологиясын қолдану» және т.б.

Кафедра қызметкерлері мен студенттері өздерінің зерттеу нәтижелерін үнемі жариялап отырады, өз жобаларын түрлі конференцияларда, байқаулар мен форумдарда көрсетеді. Тек ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар кафедра оқытушылары ғылыми жобаларын оқу процесінің барлық деңгейлеріне бейімдей алады.

1997 жылдан бері кафедрада бакалавриат студенттері үшін келесі курстар жасалынған:

- Жылуфизикасындағы сандық әдістер
- Жану және жарылыс физикасы
- Тұтқыр сұйықтың конвективті тасымалы

- Тұтқыр сұйық ағысы

Магистратура:

- Жану камераларындағы әсерлесуші ағыстарды 3Д модельдеу
- Сұйық және қатты отындардың жануы бойынша есептеуіш тәжірибелер
- Жылуэнергетикасындағы плазма технологиясы
- Өткізгіш ортаның жылуфизикасы
- Жылуэнергетика және экология мәселелері
- Реологиялық сұйықтардың жылуфизикасы

Докторантура:

- Сыртқы әсердің жану камераларындағы жылу масса тасымалы процестеріне әсері
- Энергетикалық отынның газификациясы әдістері
- Тамшылы сұйықтардағы жылу масса тасымалы
- Конвективті жылу масса тасымалы процестерін екіөлшемді модельдеу
- Конвективті жылу алмасу теориясының таңдаулы сауалдары
- Жану камерасындағы сұйық отынды жағуды модельдеу

Мұнда кафедраның тек бір ғана ғылыми мектептерінің – жылу масса тасымалы мәселелері зертханасының (жетекшісі - ф.-м.ғ.д., проф. Асқарова Ә.С.) көп жылғы жұмысының жемісін оқу процесіне бейімдеу нәтижесі келтірілген.

Кафедраның ғылыми қызметінің жетекші бағыттарының бірі – төменгі температуралар саласындағы жұмыстар (криофизика және криотехнология зертханасы, жетекшісі - ф.-м.ғ.д., проф. Дробышев А.С.). Осы салада барлық оқу деңгейінің студенттері үшін келесі курстар ұсынылады:

- Кριοфизика және криотехнология
- Төменгі температуралардағы заттардың жылуфизикалық қасиеттері
- Гелий физикасы
- Төменгі температуралар физикасындағы тәжірибелік әдістер
- Криокристалдар мен кванттық кристалдар

Профессор С.И.Исатаев және профессор Ю.И. Жавриннің жетекшілігімен арнайы курстар жасалынды: «Аэродинамика мен қанаттар теориясының негіздері», «Аэрогидродинамикалық құрылғыларды есептеу», «Жылуфизикалық есептеулер мен құрылғыларды жобалау әдістері», «Көпкомпонентті газ қоспаларындағы диффузиялық орнықсыздық», «Нақты газдар мен сұйықтар физикасы».

Әрбір курстың құрамына дәрістер, семинар және зертханалық жұмыстардың толық кешені, студенттердің өзіндік жұмысына тапсырмалар кіреді. Осы пәндердің материалдарын меңгеру үшін физикалық процестер мен құбылыстарды білу, математикалық аппаратты меңгеру, сандық және компьютерлік модельдеу әдістерін қолдану, тәжірибені қою және тәжірибелік мәліметтерді өңдеу қабілеттері болуы тиіс.

Бірнеше жылдар бойы ф.-м.ғ.к., доцент Кашкаров В.В. «Физика» мамандығының 1 курс магистранттары үшін «A survey of the main principles of contemporary physics» (Қазіргі заман физикасының негізгі принциптері)» деп аталатын өзі жасаған авторлық курсын ағылшын тілінде, ал қалған «Техникалық физика» мамандығының магистранттары үшін «Қазіргі заман физикасының таңдаулы тараулары» курсын оқып келеді.

Барлық курстар негізгі оқу жоспарларына міндетті базалық және элективті пәндер блогына енгізілген. Кафедраның бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер кафедраның барлық мамандықтары бойынша жеке білім беру траекторияларының модульдерінде көрініс тапқан. Пәнді жемісті меңгеру үшін оны әдістемелік тұрғыдан қамту керек. Кафедра ұжымымен 10 монография, қазақ және орыс тілдеріндегі 45-тен аса оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрген: «Өткізетін ортаның жылуфизикасы», «Теплофизика проводящих сред»; «Реологиялық сұйықтардың жылуфизикасы», «Теплофизика реологических жидкостей»; «Тұтқыр сұйықтың ағысы», «Течение вязкой жидкости», «Численные методы теплофизики»; «Жану физикасы», «Физика горения»; «Numerical methods in thermal physics» және т.б.

Әрбір оқулық пен оқу-әдістемелік құралдың материалы бойынша электронды оқулықтар жасалынған, олар университет сайтында «ПОӘК» бөлімінде жарияланған және сәйкес мамандықтардың студенттеріне қол жетімді.

Студенттермен аудиториядан тыс жұмыс жасау да маңызды. Кафедрада «Жылуфизиканың өзекті мәселелері» (жетекшісі – профессор Асқарова Ә.С.) және «Техникалық физика» (жетекшісі – т.ғ.к. Манатбаев Р.Қ.) үйірмелері жұмыс жасайды; тәжірибелік мәліметтердің нәтижелері мен ғылыми мақала жазу сауалдарын талқылау бойынша кафедраның магистранттары мен докторанттары үшін бакалавриат студенттерінің қатысуымен апталық семинарлар жүргізіледі.

Кафедра халықаралық іскерлік шекарасын да кеңейтуде. Бірлескен білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін магистрлік бағдарламаның желілік нұсқасын жүзеге асыру келісімшарты шеңберінде Санкт-Петербург ақпараттық технологиялар, механика және оптика ұлттық зерттеу университеті (Санкт-Петербург қаласы, Ресей Федерациясы) мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті арасында қос диплом бағдарламасы бойынша Әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ жылуфизика және техникалық физика кафедрасы мен АТМО университеті компьютерлік жылуфизика және энергофизикалық мониторинг кафедрасының білім беру траекторияларын ескере отырып, негізгі оқу жоспары жасалынған. 2016 жылы қос дипломдық білім беру бағдарламасы бойынша магистранттардың бірінші түлектері шықты.

«Стандарттау және сертификаттау» мамандығы мен «Сапаны басқару» бағыты бойынша АТМО университеті қаржылық менеджмент және аудит кафедрасымен біріккен оқу жоспары бекітілді және 2016 жылы оқуға 3 студент қабылданды. «Техникалық физика» және Каунас технологиялық университетінің «Қолданбалы физика» мамандықтарының (Каунас қаласы, Литва) магистранттарын әзірлеу туралы Келісімге қол қойылды. Магистранттарды әзірлеу шеңберінде бірлескен зерттеулер жүргізілуде, олардың нәтижелері магистрлік диссертацияларды жазуда және жаңа пәндерді жасауда көрініс табады. Шетелдік серіктестермен өзара жұмыс жасауда тәжірибе алмасу, әдістемелік нұсқаулықтар, бакалавриат пен магистратура студенттерінің академиялық ұшқырлығы маңызды орынды иеленеді.

Әдебиеттер тізім:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118-- Астана, 2010. – 59 с.
2. Интернет-конференция Главы государства Н., Назарбаева 7 июня 2007 г. Мы начинаем большое дело // Страна и мир. - 2007. - 15 июня.
3. Международная стандартная классификация образования (МСКО- 1997) - ООН по вопросам образования, науки и культуры. - Париж, 1997. – 40 с.

Ахметова З.Б., Тургинбаева А.Н., Шуренов Н.Б.

ВЛИЯНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОГО КРИЗИСА НА ФОРМИРОВАНИЕ ЗАКАЗОВ РАБОТОДАТЕЛЕЙ

Казахстан переживает не легкие времена. Последствия мирового экономического кризиса отражаются во всех сферах общественной и экономической жизни. В условиях экономического кризиса, снижения темпов экономического роста и увеличения безработицы особенно среди молодежи необходимо обеспечить стабильность общественного развития и снять социальную напряженность. Кризис особо повлиял на функционирование рынка труда. Остро встали вопросы радикальных структурных преобразований в области перераспределения рабочей силы между отраслями, регионами, снижения структурной безработицы, скрытой безработицы. Специфика рынка труда такова, что его проблемы должны быть под присмотром политиков или же все нерешенные проблемы не только могут привести к нерациональному использованию главных производительных сил общества – ресурсов труда, потере конкурентоспособности страны из-за ухудшения потенциала человеческих ресурсов, но и обернуться серьезными социальными конфликтами [1].

Кризис на рынке труда коснулся в первую очередь выпускников вузов, вследствие ряда причин:

- несистематизированное преобразование экономической и социальной сферы;
- снижение темпов развития производства;
- усиление структурной безработицы на рынке труда;
- нерегулируемое распределение объемов подготовки профессионалов;
- перекос в равновесии на рынке труда с дефицитом одних специалистов и нехваткой других.

Вышеперечисленное приводит к тому, что зачастую выпускник оказывается непригодным и невостребованным в профессиональной сфере.

Проблема трудоустройства не по специальности существует уже долгое время. Она сказывается не только на экономических аспектах жизни человека (снижение уровня жизни, ухудшение качества жизни, кредитное и долговое бремя и т.д.), но приводит и к социальным последствиям: развитие девиантного поведения, потеря стимула к жизни, возникновение депрессий, стрессов, неудовлетворенность жизненным и социальным статусом в обществе, утрата профессиональных навыков и в целом трудоспособности, возникновение препятствий для полноценного формирования личности. Указанные последствия проблемы трудоустройства не по специальности, а также неравновесие на рынке труда между спросом и предложением труда приводит к обострению социальной напряженности в обществе, является причиной усиления безработицы и разрастания экономического кризиса. Данное положение дел практически не решается, а еще больше усугубляется и проблема приобретает реальные угрозы для стабильности общества.

Еще одной проблемой является недооценка интеллектуального труда, хотя на современном этапе развития, общество начинает переходить в информационную стадию развития, другими словами в стадию «экономики знаний».

Более ярко указанные проблемы проявляются между фундаментальным багажом знаний, на который традиционно ориентирована казахстанская система образования, и требованиями рынка на сугубо прикладной характер получаемых знаний [2].

Поэтому, реагируя на кризис и его последствия необходимо пересмотреть вопросы формирования заказов работодателей, трудоустройства выпускников, качественной подготовки студентов в соответствии со спросом и предложением на рынке труда.

Вследствие кризиса работодатели пересмотрели требования к результатам обучения. Теперь работодателей интересуют помимо наличия профессиональных навыков, также навыки коммуникабельности, умения работать в коллективе, умение быстро реагировать на изменение ситуации, способность к самообразованию, находить нестандартные решения проблем. Вследствие этого произошло несоответствие существующих образовательных учебных программ изменившимся требованиям работодателей и рынка труда. Раньше заинтересованность и вовлеченность работодателей в формирование образовательных программ была крайне низкой. Но время диктует свои условия. С обострением конкуренции, развития технологичности производства, влияния инноваций, глобализации экономики работодатели стали все больше проявлять интерес к формированию конечного результата образовательного процесса.

Работодатели заключают договора с вузами на подготовку кадров, осуществляют заказы на подготовку специалистов, формируют базу производственной практики, участвуют в формировании компетенций выпускников, отслеживают качество образовательного процесса. Теперь им необходим специалист нужного им профиля и квалификации.

На данный момент работодатель становится одним из главных при заказе и оценке качества образования. Таким образом, учебные заведения, формируя и осуществляя реализацию программ, должны учитывать потребности работодателей и студентов и разрабатывать механизмы, позволяющие на постоянной основе мониторить изменения конъюнктуры рынка труда и требований основных потребителей к качеству образования.

Работодатели должны участвовать в:

- разработке и реализации образовательных программ и предметных компетенций (чтение лекций, проведение тренингов, мастер-классов, семинаров и т.д.);
- оценивании фактических результатов обучения студентов и выпускников и предоставляемых гарантий качества образования;
- работе в качестве экспертов по государственной аккредитации программ и учебных заведений;
- работе в качестве экспертов по независимой внешней оценке программ и учебных заведений;
- работе совета работодателей при учебных заведениях, коллегиальных органов;
- оценке и сертификации квалификаций выпускников [3].

Сказанное выше, позволяет сделать вывод о том, что в Казахстане активно развиваются рыночные механизмы, регулирующие направление и уровень подготовки выпускников, а также количество специалистов, необходимых рынку труда.

В связи с этим в Казахстане была принята Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016 - 2019 годы [4].

В Программе отмечается, что 66,3 % казахстанских работодателей-участников социологических опросов отметили отсутствие опыта сотрудничества с вузами в сфере НИОКР. Подготовка кадров в вузах все еще не направлена на развитие практических навыков. Образовательные программы не в полной мере удовлетворяют ожидания работодателей; выявлен низкий уровень выпускников вузов по техническим специальностям. Показатель трудоустройства выпускников в первый год после окончания учебного заведения остается все еще низким (71 %), в том числе на селе. Местными исполнительными органами слабо ведется работа по привлечению молодых специалистов в рамках проекта «С дипломом в село». Вовлеченность сельской молодежи в различные проекты остается низкой.

Поэтому в целях выявления удовлетворенности работодателей уровнем готовности выпускников к работе в рамках ГПНП с 2017 года будут проводиться социологические исследования (опросы, анкетирование, интервью и др.).

Уполномоченные государственные органы и объединения работодателей соответствующих сфер деятельности продолжают работу по разработке и пересмотру отраслевых рамок квалификаций. На их основе объединениями работодателей будут разрабатываться профессиональные стандарты и утверждаться НПП. В соответствии с этим вузы будут разрабатывать образовательные программы на основе профессиональных стандартов. К 2019 году 45 % образовательных программ высшего и послевузовского образования будут основаны на квалификационных компетенциях профессиональных стандартов.

Согласно программе, необходимым условием востребованности выпускников вузов являются их компетенции, удовлетворяющие ожидания работодателей. Поэтому в образовательные программы бакалавриата будут включены новые дисциплины, отражающие инновационные технологии производства и дающие квалификации, пользующиеся спросом на рынке труда. Образовательные программы будут направлены на практику и прикладной характер с формированием управленческих навыков и предпринимательского мышления.

В целях подготовки кадров для инновационной экономики в содержание образовательных программ бакалавриата будет включено предпринимательское образование, что означает внедрение дисциплин (модулей), формирующих предпринимательские компетенции студентам учебных заведений.

Государство должно активно содействовать формированию рабочих отношений между работодателями и образовательными учреждениями. Но стоит отметить, что государство само является работодателем, поэтому необходимо реализовывать различные государственные программы, способствующие увеличению занятости населения и востребованности на рынке труда молодых специалистов.

По данным журнала *Forbes Kazakhstan*, благодаря различным государственным программам в Казахстане были созданы и планируется создать дополнительно новые рабочие места рисунок 1 [5].




Рисунок 1. Рабочие места, созданные по государственным программам РК

Таким образом, противоречия рынка труда и системы профессионального образования могут быть оптимально разрешены за счет формирования цивилизованного рынка труда, эффективной социальной политики, обеспечивающей высокую мобильность рабочей силы, качественного образования и научно обоснованного социального заказа государства и бизнеса на подготовку специалистов образовательными учреждениями.

Список литературы:

1. Кулекеев Ж.А. 10 особенностей рынка труда Казахстана // Центр исследований прикладной экономики. [Электронный ресурс]. URL: <http://cipe.kz/ru/articles/macroeconomics.html?id=107> (дата обращения: 14.01.2017).
2. Проблемы взаимодействия вузов и работодателей на рынке труда// Alma mater (Вестник высшей школы). [Электронный ресурс]. URL: <https://almavest.ru/ru/node/1316> (дата обращения: 15.01.2017).
3. Участие работодателей в реализации образовательных программ и внешней оценке результатов обучения. По результатам внешних оценок качества, проведенных АККОРК в 2007 - 2011 годах // Агентство по общественному контролю качества образования и развитию карьеры. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.akkork.ru/general/upload/rabotodatel.pdf> (дата обращения: 15.01.2017).
4. Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2016 - 2019 годы // eGov Государственные услуги и информация онлайн. [Электронный ресурс]. URL: <https://egov.kz/cms/ru/law/list/U1600000205> (дата обращения: 16.01.2017).
5. Ranking.kz. Рынок труда в Казахстане восстанавливается // Forbes Kazakhstan. [Электронный ресурс]. URL: http://forbes.kz/stats/ryinok_truda_v_kazahstane_vosstanavlivaetsya (дата обращения: 16.01.2017).

Аубакиров Е.А., Ташмухамбетова Ж.Х., Жакирова Н.К., Журтбаева А.А.

ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ АНАЛИЗ ЖӘНЕ СИНТЕЗ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Біздің елімізде білім беру саласында әлемдік білім беру кеңістігіне өту мақсатында алғашқы қадамдар жасалынды. Соның дәлелі экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қалыптасуда. Өндірісті дамытуға бағытталған жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның жедел ақпараттануы, жаңа технологиялардың қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Бұл шарттар химиялық технологияның қыр-сырын ашуға бағытталған оқу бағдарламаларынан да көрніс табауда.

Курс міндеті - күрделі химиялық-технологиялық жүйе – химия өндірісімен таныстырып, химиялық өндірістің құрылымы мен құраушыларын, химиялық процестердің жүру жағдайлары, химиялық өндірістердегі процестерді талдаудың физика-химиялық және технологиялық аспектілеріне ерекше көңіл бөлу.

Ұсынылып отырған мақалада студенттердің кәсіби шеберлігінің артуына жалпы кәсіптік пәндер санатына кіретін химиялық технология маңызды рөл атқаратынын ескере отырып және оның барлық сатыларында жүзеге асырылатын анализ және синтез категорияларын оқыту процесінде пайдалану қарастырылған.

Анализ және синтез (грек. analysis - ыдырау және synthesis - бірігу) — жалпы мәнінде алғанда бүтіннің құрамдас бөліктерге ыдырауы және бөлшектердің бүтінге ұдайы бірігу процестері. Ойлау операцияларында анализ және синтез абстрактілік ұғымдардың көмегімен жүзеге асырылатын және бірқатар ойлау операцияларымен: абстракциямен қорытындылаумен және т.б. тығыз байланысты ойлаудың логикалық тәсілдері ретінде көрінеді. Логикалық анализ дегеніміз зерттелетін объектіні ойша құрамдас бөліктерге бөлшектеу және ол жаңа білімдерді алу әдісі болып табылады. Процеске анализ жасау ондағы әртүрлі кезеңдер мен қарама-қайшы тенденцияларды және т.б. бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Аналитикалық қызмет процесінде ой күрделіліктен қарапайымға, кездейсоқтықтан қажеттілікке, алуан түрліліктен ұқсастыққа және бірлікке қарай қозғалады. Анализдің мақсаты — күрделі бүтіннің элементтері түріндегі технологиялық сатыларды зерделеу [1].

Анализ дегеніміз — объектіні бірнеше құрамдас бөліктерге бөліп алып, оларды жеке зерттеу. Ондай бөліктер ретінде химиялық-технологиялық жүйенің (ХТЖ) белгілі бір заттық элементтері (шикізат, қосымша материалдар) немесе оның қасиеттері, белгілері, қатынастары алынуы мүмкін. Объектінің өзін ұстау заңдарын айқындау үшін алдын ала оның маңызды және қосалқы белгілерін (агрегаттық күйі, негізгі және қосымша компоненттерін т.т.) ажыратып алу керек. Олардың жалпы объект құрылымы мен ұстанымында алатын орнын айқындау керек. Объектіні тұтастық ретінде тану оның құрамдас бөліктерін зерттеумен шектелуге болмайды.

Химиялық-технологиялық жүйе анализіне жүйе күйі, тиімді әдістері және оның жұмыс жасауы, сонымен қатар, химиялық сызба-нұсқаның, технологиялық байланыс құрылымының қасиеттері мен элементтерінің күйі және жүйешесі, осы нәтижелерде эксплуатация жағдайы химиялық-технологиялық жүйе анализінің міндетіне химиялық өндірістің, химиялық-технологиялық процестің көрсеткіштерін алу кіреді.

Химия өнеркәсібі халық шаруашылығына оларсыз тіршілік қазіргі қоғамда мүмкін болмайтындай мыңдаған өнім береді. Химиялық-технологиялық жүйе анализі жаңа химиялық өндірістің негіздемесін жасағанда өндірісті пайдалану, әр түрлі процестерді іске асыруда салыстыру немесе өндірісті жетілдіру мен қайта жабдықтауда іске асады. Құрам мен ағын мөлшерінің өзгерістері, энергия шығыны туралы ақпаратты иемденгеннен соң технолог басқа да есептеулер жасауына болады, басты мақсат технологиялық көрсеткіштерді (шикізат пен энергияны тиімді пайдалану экономикалық, кейбір әлеуметтік) жақсартуға ұмтылады.

Пайдалану көрсеткіштері, негізінен, процесс жүру барысында жүйенің әрбір кедергісіне (құрам өзгеріс және шикізат мөлшері, энергетикалық қамтамасыз ету, қондырғы күйі, кейбір қондырғының істен шыққанын ескере отырып, сонымен қатар, жеке қондырғының және бөліктердің әсер ету режимі) жауап қату.

Кез келген жүйе оның ішінде ХТЖ біртұтас өзара байланысқан элемент ретінде жұмыс жасайды. Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігі шикізат, энергия, көмекші материалдарды пайдасының негізгі көрсеткіші болып шығын коэффициенті өндірілген өнім бірлігіне шаққандағы жұмсалған шикізат мөлшерін көрсетеді. Шығын коэффициентін теориялық және өнім түзілуінің химиялық реакцияның стехиметриялық теңдеуінен анықталады және практикалық немесе жұмсалып коэффициенті, яғни, өндірісте шын мәніндегі шығын [2].

Олардың қатынасы шикізатты пайдалану дәрежесін көрсетеді.

$$\text{Жұмсалып коэффициенті} = \frac{\text{жұмсалған шикізат мөлшері}}{\text{өнім мөлшері}};$$

$$\text{Шикізатты пайдалану дәрежесі} = \frac{\text{теориялық жұмсалып коэффициенті}}{\text{жұмсалып коэффициенті}}.$$

Теориялық және шын жұмсалып коэффициенті айырмашылығының негізгі ауытқулары төмендегі себептерге байланысты:

- бастапқы заттың толық әрекеттеспей өнімге айналмауы және өнімнің бөлінуі, қосымша заттардың түзілуі, аралық компоненттің және өнімнің шығыны;
- шикізаттағы қоспалардың болуы;
- шикізаттың бөлігінің қосымша мақсатқа жұмсалыуы;
- шикізаттың жұмсалып коэффициентінің мәні техникалық өндірістік (жобалық және есеп беру) құжаттарына кіреді.

Таным үдерісінде олардың арасындағы объективтік мәнді байланыстарды ашу, оларды жинақтап, бірлікте қарастыру қажет. Таным үдерісіндегі осы екінші кезеңді жүзеге асыру — объектінің жеке құрамдас бөліктерін зерттеуден оның біртұтас байланысқан жағдайын зерттеуге көшуге, анализ әдісін өзге әдіспен, яғни синтезбен алмастыруға байланысты.

Анализ аяқталған жерде синтез басталады. Синтездеу кезінде объектінің анализ жасау кезінде ажыратылып тасталған құрамдас бөліктері қайтадан біріктіріледі. Бұл жерде синтездеу деп элементтерді біртұтас жүйеге қарапайым механикалық түрде біріктіру деп түсінбеу керек. Шындығында, ол тұтас жүйедегі әр элементтің орны мен рөлін анықтайды, олардың өзара байланыстарын белгілейді. Демек, біздің көз алдымызда зерттелетін объектінің нағыз диалектикалық бірлігін көрсетіп береді.

Химиялық-технологиялық жүйе синтезі немесе ХТЖ жасау негізгі технологиялық операцияларды анықтау және оның ретін, аппараттарды таңдауда және олардың арасындағы байланысты орнату, жеке аппараттың технологиялық режимін және ХТЖ жұмыс жасауының жақсы шарттарын қамтамасыз ету үшін көрсеткіштерін анықтау.

ХТЖ синтезінің қойған міндетін қарастырсақ:

- алынуға қажетті өнімнің түрі мен сапасы;
- бастапқы заттардың (шикізат) түрі, құрамы және күйі;
- шикізатты өнімге дейін өңдеуде химиялық-технологиялық процестің негізгі сатылары және оның сипаттамалары;

–химиялық-технологиялық процесті іске асыруға арналған аппаратуралық шешімдер мүмкіндігі.

Анықтау керек:

- шикізатты өнімге дейін өңдеу үшін ХТЖ-нің элементтік құрамын (аппараттар, машина, қондырғы және т.б.) анықтау;
- химиялық технология процесінің сатыларының ретін және бүкіл жүйенің жұмысын іске асыратын ХТЖ элементтері арасындағы құрылымдық байланыс;
- өндірістің қажетті көрсеткіштерін және жеке элементтің және жалпы жүйенің тиімді жұмыс жасау режимін.

ХТЖ синтезі-творчесволық процесс ретінде



Бұл тұжырымдар химиялық технология процестерінің ең бастапқы сатысы. Әрине бұл алғашқы жобаны өзгертуге болады. Жүйені құрастыруда баламалы шикізатты немесе энергия көзін пайдалануды ұсынуға, процестің басқа сатысын енгізуге немесе басқа принципіалды аппараттық безендіруді қарастыруға болады.

Басқаша айтқанда, ХТЖ синтезі нәтижесі өндірісті жобалаудың негізі болып табылады. Бұл жерде де басқа ХТЖ қойылған талаптарды қамтамасыз ететін түрлерін, басқа жұмыс қондырғы жобаларын және өндірістің басқа құрамдас бөліктерін енгізуге болады. Ол қажетті қондырғының бар-жоғымен және оның бағасына, шектеулі

немесе зауыт пен дайындаушы үлкен мүмкіндігімен және қондырғыны тасу, құрылыс–монтаж жұмыстарымен, барлық жүйенің ары қарай қолданылу мүмкіншілігімен байланысты болуы мүмкін.

Сонымен, дұрыс шешімдерді қажет ететін, оң шешімдерді іздеуде әрбір қадамды анықтау, яғни ХТЖ синтезі – творчестволық міндет, ғылыми және инженерлік шешім. Екі үрдісте де қозғаушы күш прогресті дамыту. Творчестволық шешімде өткенге көз сала отырып, жаңа, жақсы және дұрыс шешім қабылданады.

Қорыта келе, ХТЖ анализ және синтез категориялары химиялық технология пәнін және оның зерттеу нысаны–химиялық өндірісті толық түсінуге жәрдем береді. Анализ шикізатты, қосымша материалдар мен өнім процеске түскенде жеке операциялардан кейін қандай өзгерістерге ұшырайтынын түсіндірсе, синтез ХТЖ – дегі аппараттық безендірудің қаншалықты тиімді болғанына қорытынды жасауға көмектеседі. Студент әрбір ХТЖ сатысында анализ жасап, синтез нәтижесінде әдістің тиімдісін таңдауға дағдыланады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 б.
2. Бесков В.С. Общая химическая технология. Учебник для вузов, –М.: ИКЦ «Академкнига», 2006.

Ахметжанова А.Т., Тасилова Н.А.

ВЫБОР ЗАДАНИЙ ДЛЯ СРС И ПРОБЛЕМА МОНИТОРИНГА КАЧЕСТВА ЕГО ВЫПОЛНЕНИЯ

В настоящее время все казахстанцы понимают суть и важность общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» (Вечная страна), предложенную главой государства Н.А. Назарбаевым. В своем интервью агентству «Хабар» «Размышления у подножья Улытау», Президент РК, указав на значимость Отечественной истории и необходимость знания ее молодежью, отметил: все «мечты и мысли о том, чтобы Казахстан существовал вечно.... Мы делаем все, чтобы стать таковой. Я верю, что нынешнее молодое поколение – это патриоты, которые способны помочь развитию Казахстана...» [1]. Мы поддерживаем мнение Президента нашей страны Н.А. Назарбаева и, считаем, что студенты, после обучения в высшем учебном заведении, должны стать активными и конкурентноспособными тружениками нашего государства, а для этого необходимо дать им глубокие теоретические знания и обучить их практическим умениям и навыкам. В большинстве случаев они приобретаются при выполнении заданий СРС.

Как известно, с текущего учебного года, студенты всех специальностей факультетов вузов Республики Казахстан, изучают «Современную историю Казахстана», вместо «Истории Казахстана». Новая дисциплина охватывает периоды с начала XX века по сегодняшний день, тогда как «История Казахстана» - с древнейших времен по настоящее время. Данные нововведения обязывают нас скрупулезно выбирать задания для самостоятельной работы студентов. Поэтому, мы должны, учитывать: сложность и доступность исторического материала, общий уровень знаний студентов, количество обучающихся на курсе, патриотический дух студентов, желание и интерес молодежи к изучению Отечественной истории. Только после определения вышеперечисленных проблем, мы можем внести корректировку в тематику заданий СРС и методические рекомендации по их выполнению. Но при этом, мы должны помнить и о том, что из четырнадцати факультетов нашего университета, на восьми факультетах, с очень хорошим набором студентов, дисциплина «Современная история Казахстана» преподается на первом курсе в первом семестре. Мы имеем в виду то обстоятельство, что мы работаем с молодежью, еще не знающей специфику высшего учебного заведения, организацию учебно-воспитательного процесса, требования предъявляемые к выполнению заданий самостоятельной работы, одним словом, не знающей правила организации труда студента вуза. Также, нам необходимо помнить, что седьмая неделя – рубежная, а на восьмой неделе - МТ (промежуточный экзамен). Поэтому мы планируем пять СРС на пятнадцать недель, учитывая такой важный момент в организации учебно-воспитательного процесса в университете, как количество обучающихся на курсе. Например, на естественных факультетах лекционные потоки составляют от 100 и до 130, иногда и более студентов. Если преподаватель работает с одним потоком, (бывает и на двух потоках), то не сложно посчитать, сколько времени необходимо ему для принятия заданий СРС. Вышесказанное обязывает нас рекомендовать студентам такие задания, при выполнении которых, приобретаемые студентами знания, умения и навыки были бы необходимы им для личностного роста, проведения собственного исследования темы СРС, полезны в повседневной жизни и помогли бы при выработке своей позиции по острым проблемам современной истории Казахстана.

Что является самым главным для студента, помимо благополучия семьи, друзей, родных и близких? Конечно, приобретение знаний. Если на лекциях и семинарах он может непосредственно на занятиях получить ответ на интересующий вопрос, высказать свое мнение или принять участие в обсуждении различных дискуссионных проблем по современной истории Казахстана, то задания СРС он должен выполнить самостоятельно, конечно, при необходимости он может обратиться к преподавателю за консультацией. В Академической политике КазНУ имени аль-Фараби в правилах организации самостоятельной работы обучающихся определено: «Самостоятельная работа обучающегося является важной составляющей учебного процесса, направленной на повышение качества, глубины и прочности получаемых знаний при изучении конкретной дисциплины учебного плана, формирование у студента потребности к самообразованию, саморазвитию и самосовершенствованию, в том числе, и в последующей профессиональной деятельности» [2,с.230]. Учитывая вышеизложенное, попытаемся на примере выполнения

студентами одного из заданий самостоятельной работы, показать значимость выбора преподавателем заданий для СРС и организацию мониторинга его качественного выполнения.

В современном мире растет интерес к изучению и пониманию сути трактатов ученых и мыслителей средневековья. Мы не можем не учитывать данное историческое явление при выборе темы для СРС, так как хотим приобщить студентов к познавательной, поисковой, творческой деятельности. Поэтому, первое задание, планируемое нами для выполнения самостоятельной работы студентов-первокурсников, вполне оправдывает наши ожидания: «Проведите собственное исследование трудов ученых и мыслителей тюркского периода (Абу Насыр аль-Фараби, Кожа Ахмет Яссауи, Махмуд Кашгари, Юсуф Баласагун, Ибн Сина (Авиценна)) и др., дайте им оценку и объясните причину возросшего интереса к их наследию в период независимости нашего государства». Также, студенты при исследовании данной темы, узнают о реализации в КазНУ крупного научно-инновационного проекта «Al-Farabi university smart city» [3, с.9], цель которой создание университета новой формации. Для выполнения задания, студенты должны вспомнить жизнь и деятельность выдающихся ученых, изучить их главные труды, затем изложить (письменно или устно) свое понимание сути их произведений, попытаться высказать мнение о значимости научных работ деятелей стран Востока в современный период развития Республики Казахстан.

Знаменитых ученых и мыслителей тюркского периода знает все прогрессивное человечество. Мировую научную элиту и общественность они интересуют как оригинальные, многогранные и порядочные личности, являвшиеся патриотами своей родины. Человеческие качества выдающихся людей сегодня актуальны, знание и умение делать анализ содержания их произведений - необходимы всем категориям граждан, применять приобретенные навыки на практике – отличный пример для подражания будущим специалистам. При выборе данной темы, немаловажную роль играет наличие трудов ученых в библиотеках города Алматы, в том числе и нашего университета, на казахском, русском и английском языках. Приобщение студентов к изучению трактатов знаменитых ученых и мыслителей и попытка ими определения оценки их значимости для себя, университета, государства, полезное и благоприятное занятие для студента, результатом которого явится помощь в выработке ими патриотических чувств и дум о перспективах развития своей страны. Вышеназванные ученые трудились на благо всей цивилизации человечества.

После разъяснения задания СРС, студентам предлагаются разные формы его выполнения: составить аналитическую карту на основе трактатов тюркских ученых; написать рецензию на произведения ученых средневекового Востока (не менее пяти); подготовить и защитить презентацию о жизни и деятельности ученых (не менее трех ученых-мыслителей); изучить историографию вопроса и сделать устное сообщение; составить список трактатов ученых и мыслителей по различным отраслям знаний и организовать состязание среди студентов на знание их содержания; ознакомиться и аргументированно предложить сокурсникам изучить работу «Аль-Фараби и современность» [3], подготовленную учеными нашего университета или же организовать обсуждение книги и многие другие формы сдачи заданий СРС. В зависимости от желания обучающихся, мы также рекомендуем совместные работы студентов, объединенные в групповые и парные. Студентам, принимавшим участие в олимпиадах, конкурсах, научных проектах предлагаем подготовить научные доклады и сообщения, с последующей запиской перед студентами группы или потока. Остальные четыре задания СРС охватывают вопросы, значимые в истории нашего государства и ориентированные на трудолюбивых, любознательных и думающих студентов.

Не менее важный вопрос, оказывающий свое влияние на плодотворную деятельность студента, это - организация качественного контроля за выполнением заданий СРС и в дальнейшем, проведение анализа его результатов. На данном этапе работы преподавателя и студента, возникают разные проблемы. Складываются они из-за огромных потоков, т.е. от количества студентов, сдаваемых задания СРС и наличия аудиторного фонда факультетов. Ответственный преподаватель, желая объективно оценить знания каждого студента, выяснить его творческие и исследовательские способности, не жалея сил и времени работает со студентами. Еще ему приходится считаться с расписанием занятий студентов и с наличием аудиторного фонда факультетов. Опыт работы показывает, что на прием одного задания самостоятельной работы студентов необходимо 20-30 минут. Это в лучшем случае. Студенты разные, поэтому бывает и больше. Отсюда, проблема не только во времени и в свободной аудитории, но и в качественном выполнении студентами самостоятельной работы и организация их контроля, что вызывает определенные сложности при работе с большими потоками. Как известно, университет готовит не только специалистов разного профиля, но и личностей с активной гражданской позицией, в формировании которой роль дисциплины «Современная история Казахстана» огромная. Все эти положения, на наш взгляд, должны учитываться при решении вопросов выделения кредитов на дисциплину, распределении педагогической нагрузки ППС, уточнении количества обучающихся и определении рекомендации по выбору заданий СРС и организации их контроля. Поэтому мы думаем, что нам необходимо выяснить роль и значимость лекции, семинаров и СРС. Что важнее для современного студента? Теория или практика? Все течет, все меняется. Мы должны не отстать от требований времени, желаний и потребностей студентов и учитывать современное состояние казахстанского общества.

При выборе заданий СРС мы должны понимать, что «миссия современных университетов заключается не только в том, чтобы готовить высококвалифицированных профессионалов, но и генерировать новые поколения граждан с высокими нравственно-этическими и гражданскими установками, определять ориентиры в ценностных системах современного общества» [3, с.9]. Также, брать за основу своей деятельности реализацию целей

государственного масштаба и превращения Республики Казахстан в такую страну, какой его видит наш Президент: «развитой, самодостаточной, зрелой» [4]. Данные установки должны понимать и претворять в жизнь преподаватели всех дисциплин и наша студенческая молодежь - будущее нашей страны, опора и надежда перспективного роста и качественного жизнеобеспечения всех казахстанцев.

Список литературы:

1. Размышления у подножья Ыльпау. Интервью Президента РК Н.А. Назарбаева агентству «Хабар». КазИнформ, 2014.
2. Академическая политика КазНУ имени аль-Фараби (2016-2017 гг.). Под редакцией Г.М. Мутанова. – Алматы: Казак университеті, 2016. – 420 с.
3. Аль-Фараби и современность: учебное пособие. Под общ. ред. Г.М. Мутанова. – Алматы: Казак университеті, 2014. – 223 с.
4. Выступление Главы государства Н.А. Назарбаева на торжественном собрании, посвященном 25-летию Независимости Республики Казахстан. 15 декабря 2016 года. <http://www.akorda.kz>

Ашинова Ж.Е.

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ВОСТОКОВЕДЕНИЕ»

Смещение центра политических и экономических интересов Республики Казахстан в сторону азиатских стран, делает актуальным исследования в области востоковедения, и вместе с тем подготовку квалифицированных специалистов-востоковедов. Обучение таких специалистов обусловлено потребностью государственных органов в изучении политической, социально-экономической ситуации стран Востока с целью установления дружеских, взаимовыгодных отношений с этими странами. Важным из приоритетов государства остается также изучение вопросов безопасности. Также специалисты-востоковеды нужны в различных государственных учреждениях, включая внутри- и внешнеполитические ведомства, учреждения обороны и безопасности, а также в исследовательских институтах, центрах, фондах, занимающихся анализом экономической и социально-культурной ситуации в центральноазиатском регионе и внутри страны.

Поэтому, обладая соответствующими ресурсами, факультет востоковедения КазНУ им. аль-Фараби разработал и внедрил образовательную программу специальности «Востоковедение» для бакалавриата, магистратуры и докторантуры. Образовательная программа по специальности «Востоковедение» внедрена на факультете востоковедения с 2006 года.

В 2010 году университет разработал новые экспериментальные образовательные программы, скорректированные и максимально приближенные к образовательным программам ведущих университетов дальнего зарубежья. Разработаны пакеты документов по каждой специальности, в которых отражены характеристика специалиста и перечень обязательных дисциплин. Эти документы прошли апробацию, были рассмотрены на научно-методическом совете университета, направлены в МОН РК для экспертизы и утверждения. Начиная с 2010-2011 учебного года, разработанные университетом экспериментальные образовательные программы специальностей бакалавриата, магистратуры и докторантуры, утвержденные приказом по МОН РК № 157 от 7.04.2010 г., были внедрены в учебный процесс. Экспериментальные образовательные программы, как и ГОСО, предусматривают 3 блока дисциплин, а также дополнительные виды обучения. Возросла доля элективных дисциплин в профессиональном блоке – до 60%, что дает студентам больше возможностей для разработки собственной траектории обучения. Каждая представленная экспериментальная образовательная программа составлена на основе анализа учебных планов специальностей ведущих университетов мира, что позволяет более полноценно реализовать академическую мобильность студентов, двухдипломность образования, признание казахстанских дипломов за рубежом, подготовку высококвалифицированных конкурентоспособных специалистов для казахстанского и международного рынков труда.

Обучающая программа специальности «Востоковедение» разработана и внедрена на факультете востоковедения наряду с другими образовательными программами, такими как «Переводческое дело» и «Иностранная филология». Целью всех обучающих программ является подготовка высококвалифицированных специалистов с компетенциями, востребованными на рынке труда. Отличие образовательной программы «Востоковедение» состоит в ее более мультидисциплинарном и научно-ориентированном характере. Это означает, что выпускники, специалисты в области востоковедения, должны обладать широким и многогранным видением стран Востока, быть сведущими не только в сфере языка и истории, но и вопросов духовной и материальной культуры, религии, политики, социальных отношений, то есть тем комплексом знаний, который в западных образовательных программах называется «Регионоведение», с той разницей, что последний означает любой регион мира, в то время как «Востоковедение» охватывает в географическом плане только страны Азии и Северной Африки.

Целью образовательной программы специальности «Востоковедение» является подготовка эксперта востоковеда, свободно владеющего специальными профессиональными навыками, и соответствующего международным требованиям, востребованного и конкурентоспособного на современном рынке труда.

Задачи:

1. Обеспечить овладение современными тенденциями в системе образования, в частности в гуманитарных и социальных науках;

2. Привить навыки исследования, преподавания, управленческие, аналитические, редакционной и издательской деятельности на основе набора обязательных и элективных курсов;
3. Сформировать способность использовать современные информационные технологии в профессиональной деятельности;
4. Воспитать гармонически развитую личность, способную к постоянному росту и расширению интеллектуальных горизонтов.

Выпускники учебной программы работают в государственных организациях, в том числе в Министерстве иностранных дел, министерстве обороны, в дипломатических представительствах Казахстана в зарубежных странах, научно-исследовательских организациях, академических институтах, консалтинговых агентствах и представительствах международных организаций. Кроме того, они пользуются большим спросом у крупных брендовых корпораций, особенно, выпускники со знанием китайского, японского и корейского языков. Ежегодно увеличивается количество студентов, обучающихся на основе государственных стипендий и грантов на программы магистратуры в Казахском Национальном Университете имени аль-Фараби. 5% выпускников были наняты Министерством иностранных дел и дипломатическими представительствами Казахстана за рубежом, 2% выпускников работают в системе государственной администрации (администрация Президента, парламента и правительства, правоохранительной системе), 33% выпускников были наняты международными организациями, иностранными компаниями и международными банками, 25% были наняты учебными и научно-исследовательскими учреждениями и 35% выпускников были наняты коммерческими компаниями.

Образовательные программы бакалавриата, магистратуры и докторантуры специальности «Востоковедение» разработаны ведущими преподавателями факультета на основе анализа опыта и учебных планов образовательных программ лучших зарубежных высших учебных заведений стран Европы, США и Востока. При разработке каталогов дисциплин компонент по выбору также сосредоточен на дисциплинах, предлагаемых иностранными университетами, как наиболее актуальных.

При разработке учебного плана большое внимание уделяется интеграции научных исследований факультета, учебного процесса и развития специализированных учебных курсов, отражающих специфику научных школ университета. Все курсы, прочитанные для магистрантов и докторантов PhD, ориентированы на формирование конкретных научных и профессиональных знаний, соответствующих уровню магистра и доктора PhD.

Важно также отметить участие представителей профессиональной сферы в разработке учебных планов. При формировании списка дисциплин учитываются пожелания работодателей в качестве важнейшего и хорошо известного компонента основного обучения в определенной области. В развитии образовательной программы потребности работодателей специфичны. Профессиональные дисциплины, включенные в компоненты учебного плана, сосредоточены на потребностях работодателей на современном этапе, направлены на развитие научных, профессиональных и социальных компетенций выпускников, чтобы они могли успешно выполнять свою деятельность в определенном секторе науки и экономики Республики Казахстан.

Одной из основных проблем при переходе на новую учебно-профессиональную программу является проведение критического анализа и изучение программ, разработанных с участием работодателей, включая содержание, использование образовательных технологий, которые соответствуют задачам и ожидаемым результатам, методы оценки успеваемости учащихся, а также актуальность и современность программы.

Представители различных областей профессиональной сферы принимают участие не только в разработке учебных программ, но и в самом процессе обучения. Также многие видные ученые и профессора из разных известных университетов были приглашены для обучения студентов и обмена международным опытом исследований и преподавания.

Ряд дисциплин в магистратуре и докторантуре разработан научными сотрудниками Института востоковедения РК с целью подготовить новую плеяду молодых ученых, хорошо знакомых с методами, задачами и результатами работы и проектов этого научно-исследовательского института. Лучшие выпускники программы со знанием китайского, арабского, персидского, хинди и японского языков будут приняты в штат данного института, который нуждается в экспертах с хорошим знанием восточных языков.

Партнерами факультета востоковедения являются: «Japan Foundation», «Korea Foundation», «KOICA», «Shinhan bank», «Penjab bank», Иранский культурный центр, Египетский культурный центр, Индийский культурный центр, Китайский культурный центр, Турецкий культурный центр, казахстанско-японский Центр развития человеческих ресурсов, Корейский культурный центр и другие. Эти учреждения используют практикантов из числа студентов программы «Востоковедения» для выполнения аналитической работы по конкретным заданиям, например, выявление степени осведомленности населения нашей страны о политике и социальных программах данных восточных стран, о перспективных направлениях международного сотрудничества и другим важным, с точки зрения этих стран, вопросам.

Работодатели из казахстанских и международных компаний и корпораций проводят встречи с сотрудниками факультета и студентами, где обсуждаются перспективы учебной программы. В результате обсуждения и согласования вносятся необходимые поправки и изменения в учебную программу.

Образовательная программа специальности «Востоковедение» в КазНУ имени аль-Фараби совершенствуется и модернизируется с каждым годом, ориентируясь на высокие международные стандарты и изменения потребностей

рынка. Это отражается в количественном увеличении элективных дисциплин, их разнообразия, все более активном использовании инновационных технологий и средств коммуникации, появлении новых направлений в научной и академической сферах. Таким образом, современная программа претерпела ряд существенных инновационных изменений по сравнению с той же программой, но разработанной несколько лет назад. Программа содержит большое количество авторских курсов, то есть дисциплин, разработанных непосредственно нашими преподавателями с использованием собственных учебников и учебных пособий, уникальных разработок и идей, а также результаты научных проектов, внедренных в учебный процесс.

В целом, образовательная программа специальности «Востоковедение» отвечает всем современным требованиям и успешно решает стоящие перед ней задачи.

Әбдіжәділқызы Ж. АШЫҚ САБАҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТТАМАСЫ

«Әрбір ашық сабақ – әр дәріскердің өзіне ғана тән ғылыми-педагогикалық қолтаңбасын айқындап, тәлімгерлік талғамы мен кәсіби шеберлігін көрсететін шарайнасы».

Автор.

«Білімгердің ойлау қабілетін дамытып, дүниетаным деңгейін өсіру – науқандық жұмыс емес, ол білім ордасындағы әрбір сабақ үстінде, барлық тәлім-тәрбие үдерісінің барысында үздіксіз, ұдайы жүргізілетін жұмыс» [1] деген психолог-ғалым Қ. Жарықбаевтың тұжырымы оқу процесіндегі ашық сабаққа дейінгі және ашық сабақ кезіндегі атқарылуға тиісті іс-әрекеттер кешенін қамтиды. Сондықтан да ашық сабақ науқандық емес, ағымдық жұмыстың ақтық нәтижесі болып табылады. Демек, оқу процесіндегі ағымдық жұмыстың негізгі жүйесі, жүзеге асу реті дұрыс болуы – шарт. Ендеше, оқу процесіндегі ашық сабаққа дейінгі кезеңде атқарылатын жұмыста қандай мәселелерге назар аудару керектігін басшылыққа алу-парыз. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Жаңа жағдайларға байланысты біздің бәзімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адамды тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті рухани адамгершілік мүмкіндігі мол тұлғаны қалыптастыру» [2] деп атап көрсетілген. Бұл ретте, қолданылатын педагогикалық тәсіл – әнұранның орындалуы. Әнұранның орындалуында қолма-қол жүзеге асатын екі фактор бар: біріншіден, аудитория әнұранды айту кезінде отаншылдық сезімдері оянып, бойларын ерік-жігер билейді, екіншіден, автоматты түрде дәріс аясындағы ақпаратты қабылдауға және міндетті түрде өзіндік пікір білдіруге дайын болады. Өйткені, тік тұрып, дауыстап мемлекеттік әнұранды айтқан кезде әрбір шәкірттің намысы оянып, белгілі бір позицияны ұстанатыны белгілі (мейлі санаулы секундтар ішінде болсын, бұл – өте маңызды құбылыс). Әлбетте, білім берудің мақсаттары қоғам өміріндегі мақсаттармен тікелей байланысты. «Өмір білім беруді нақтыласа, білім тіршілікке тікелей әсерін тигізеді. Білім беру мақсаттары мен қоғам өміріндегі мақсаттардың байланысын философ, әрі педагог ғалым С.И. Гессен адамзат мәдениетімен ұштастырып, оны үш құрамдас факторға бөліп қарастырып: «Азаматтық. Білімділік. Өркениеттілік. Бұл маңызды факторлар – білім беру ісінде белсенді әдістер мен шығармашылық оқыту түрлерін пайдаланудың концептуальдық негізі» деген тұжырым жасаған. Міне, сол тұрғыдан алғанда, ашық сабақ - білім беру ісіндегі оң нәтижелердің тетігі мен тегершігі болып табылады. Себебі, ашық сабақ – біріншіден, дәріскердің барлық жиған-терген білімінің жиынтығы, екіншіден, студенттердің жауапкершілігі мен қызығушылығын арттырып, өздерін көрсетуге мүмкіндік алатын белсенділік арена, үшіншіден, «сырт көз - сыншы», сабақ үшінші тараптан бағаланатын болғандықтан дәріскер үшін де, студенттер үшін де – мотивация.

Түптеп келгенде, ашық сабақ-бүкіл дәріскердің және барша студенттердің барлық сабақ барысындағы талпыныстары мен ұмтылыстарын, ілгендері мен білгендерін, жаттағандары мен сақтағандарын, үйренгендері мен сіңіргендерін паш ететін, сөйтіп, сырт көздің бағасын естіп, үлкен бір іс тындырып, бір белесті бағындырып, жеңіске жеткендей күй кешетін сәті. (Әрине, егер ашық сабақ толыққанды және талапқа сай өтетін болса). Сонымен, толыққанды және талапқа сай ашық сабақ қандай болуы керек?

Ашық сабақтың шарттары:

- 1.1. Пән бойынша тізімделген студенттердің түгел қатысуы
- 1.2. Ашық сабақ кезінде қатысып отырған әрбір студенттің жеке белсенділік танытуы
- 1.3. Ашық сабақ аясында ұйымдастырылған шараның бәсекеге (жарыс, сайыс, байқау, т.с.с.) құрылуы
- 1.4. Бәсекенің әділетті түрде бағалануы (белгілі бір критерийлер мен көрсеткіштер бойынша) және ынталандырылуы (Ресми құжат түрінде мөр басылып, қол қойылған диплом, мадақтама, т.с.с. алғыс хатпен марапаттау)

Ашық сабақтың талаптары:

- 1.1. Сабақтың өз уақытында (1 минут кешікпестен) басталуы;
- 1.2. Әділқазылар алқасының алдын-ала бекітілуі (міндетті түрде кешікпей келуі);
- 1.3. Ашық сабақ аясында жоспарланған барлық іс-әрекеттің белгіленген уақыт мөлшерінде жүзеге асуы (техникалық ақауларға, кейбір қатысушының келмей қалуына, келсе де дайын болмауына қарамастан);

1.4. Ашық сабақтың 50 минут ішінде мәреге жетіп, толыққанды аяқталуы (тапсырма беру, әділқазылар алқасының сөзі, т.с.с – бәрі сиып кетуі керек.)

2. Ашық сабақ және оның түрлері

2.1 Дәстүрлі, яғни, стандартты ашық сабақ

2.2. Қорытынды ашық сабақ

2.3. Проблемалық ашық сабақ

3. Ашық сабақтың формалары (бейнематериалдағы мысалдар ұсынылады)

3.1. Дәріс

3.2. Ситуациялық ойын

3.3. Жарыс

3.4. Кері байланыс

3.5. Психосоционейролингвистикалық шоу

5. Ашық сабақтың нәтижелері мен перспективалары

НӘТИЖЕЛЕРІ

Дәріскер үшін:

1. Оқу процесіндегі ғылыми-ұйымдастырушылық және сапалық бақылау тәсілдерін толық қамтып, нақты игеруге жол ашады;

2. Ашық сабақ аясында арнайы мақсатты-жоспарлы іс-шаралар ұйымдастыру арқылы авторлық идеясын іс жүзінде сынап көріп, педагогикалық эксперимент жасауға қол жеткізеді;

3. Арнайы дайындықтың нәтижесінде студенттердің жауапкершілігі мен қызығушылығын арттырып, кәсіби бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы шеберлігін көрсету мүмкіндігіне ие болады;

Студент үшін:

1. Өзін-өзі сынау арқылы шыңдауға мүмкіндік береді;

2. Кәсіби саладағы өз бағытын айқындауға жол ашады;

3. Ғылыми жоба жасау үшін тақырып таңдауға тікелей ықпал етеді.

4. Өзіндік образын сомдап, имиджін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Осынау критерийлерді есепке ала отырып, ашық сабақтың төрт түрлі формуласын ұсынуға болады:

1. $AC = Tk + Ba + Ej + Bk$ (Құрылымдық формуласы)

Ашық сабақ = Теориялық контент + Бейімделген аудитория + Эксперименттік жаттығулар + Бағалау комиссиясы

2. $AC = T + E$ (Мазмұндық формуласы)

Ашық сабақ = Теория + Эксперимент

3. $AC = Uk + Sk + Nk$ (Өлшемдік формуласы)

• Ашық сабақ = Уақыттық көрсеткіш (педагогтің уақытты меңгеру шеберлігі) + Сапалық көрсеткіш (Студент тапсырмасының сапасы) + Нәтижелік көрсеткіш (бағалау комиссиясының берген бағасы)

4. $AC = \text{ӘҰО (3 МИН)} + \text{ПТК (15 МИН)} + \text{СПӨЖ (20 МИН)} + \text{ҰТ (4 МИН)} + \text{БНКЖ (8 МИН)}$ (Хронологиялық формуласы)

• Ашық сабақ = Әнұран орындау + Педагогтің теориялық контенті + Студенттердің педагогпен өзіндік жұмысы + Үйге тапсырма + Бағалау комиссиясының нәтижелік көрсеткішін жариялау.

«Күнделікті үздіксіз оқу процесінің сыны мен сипатын айқындайтын ашық сабақтар - білім ордасының жүрегі, білім беру ісінің тірегі саналатын ұлағатты ұстаздардың озық әдістемесін қалыптастыратын, сонымен қатар сол аға буыннан өнеге алатын жас буын оқытушылардың ұшқыр ұмтылысына ұласатын үздік үдістер кешені» [4]. Қорыта айтқанда, ашық сабақ – біріншіден, кәсіби пән бойынша сабақ беру тәсілінің жаңа қырын ашу; екіншіден, әрбір студенттің болашақ маман ретіндегі кәсіби қабілетін ашу; үшіншіден, оқытушының жұмыс тәжірибесіндегі үздік үлгідегі оқу-әдістемелік жұмысын көрсету арқылы кәсіби шеберлігін насихаттау.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарыкбае Қ. Оқушылардың ойлау жүйесінің ерекшеліктері. «Мектептегі психология» журналы, №10(100)2016,35-б.

2. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы.// «Егемен Қазақстан», 2007ж. 7-шілде.

3. БашиоаЖ.Р.,Әлқожаеа Н.С., Төлешоа Ұ.Б., және т.б. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. –Алматы: «Қазақ университеті», 2015. 190 б.

4. Әбдіжәділқызы Ж. «Тележурналистика пәнін оқыту жүйесіндегі теория мен тәжірибені ұштастыру тәсілдері және ашық сабақ аясындағы айтулы мәселелер» // Әл-фааби атндағ ҚазҰУ, «Хабаршы»(журналистика сериясы). – №1(39), 2016. – 153-157 б.

Бағашаров Қ.
ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША ДІНТАНУШЫ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУ
ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ

Дін қай кезде де қоғам мен мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз етуде үлкен рөл ойнайды. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құрып отырған бүгінгі күні республикамызда мемлекеттің дін саясатын жүргізу, дінаралық диалог пен конфессия аралық келісімді үйлесімді дамыту өз кезегінде білімді де білікті мамандарды дайындаумен тығыз байланысты. Осы қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігінің шешімімен 1999 жылы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде «Дінтану» мамандығы бойынша бакалавриат, ал 2001 жылы магистратура ашылды. «Дінтану» мамандығы ашылғаннан бері кафедра ұжымы республикамызға қажетті мамандар дайындаумен қатар, аталған сала бойынша Мемлекеттік білім беру стандарттарын, типтік бағдарламалар, пәндердің оқу әдістемелік кешендерін жасады. Дінтану және мәдениеттану кафедрасының ұжымы бакалавр, магистратура, PhD докторларын жаңа талаптарға сай даярлауда. Атап айтқанда, жеке білім алу траекториялары, біліктілік бағыттылықтары анықталып, қазіргі Қазақстан мен әлемдік еңбек нарығының сұраныстарына сай кәсіби білікті мамандар дайындау ісі оң жалғасын тауып келеді [1].

Отандық зерттеуші А. Әділбаевтың мәліметінше, дінтану бакалаврларын еліміздегі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Дінтану кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Дінтану және мәдениеттану кафедрасы, Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Философия және мәдениет теориясы кафедрасы, «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің Дінтану кафедрасы, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Дінтану және теология кафедрасы, Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің Дінтану кафедрасы даярлайды.

Аталған оқу орындарының ішінде Қарағанды мемлекеттік университетінен басқа барлық білім мекемелерінде дінтану мамандығы бойынша магистратура ашылған. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті дінтану мамандығы бойынша PhD докторларын даярлайды. Қазіргі таңда елімізде дінтану бакалавриатында барлығы 493 студент (1 курста – 110, 2 курста – 116, 3 курста – 134, 4 курста – 133) білім алуда.

Магистратура бөлімінде 120 магистрант (1 курста – 62, 2 курста – 58) оқиды. Ал докторантурада 8 докторант білімін тереңдетілген ғылыми ізденістермен ұштастыруда. Яғни республика бойынша барлығы 621 жоғары білімді дінтанушы маман даярлануда. Елімізде жыл сайын орта есеппен 200-ге жуық дінтану мамандары жоғары оқу орнын бітіріп, өндіріске араласып келеді [2].

Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті даярлаған дінтану мамандығын бітірген түлектер түрлі салаларда – әділет министрлігінде, құқық қорғау органдарында, Дін істері жөніндегі комитетте, облыстық, аудандық, қалалық әкімшіліктердің ішкі саясат бөлімдерінде, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасында, жоғарғы және орта оқу орындарында жемісті еңбек етуде. Магистратураны үздік аяқтаған түлектер өз білімдерін шет елдерде жетілдіруде. Бұл кафедра ұжымының университет қабырғасында дін саласындағы зайырлы білімді терең игеріп, жетік ұштастырған зиялы қауым өкілдерін қалыптастыруға да өзіндік үлес қосып отырғандығын көрсетеді. Сапалы білім беру ең алдымен оқытушы-ұстаздардың білгірлігі мен біліктілігіне қатысты екені жасырын емес. Қазіргі уақытта кафедрада 11 ғылым докторлары, 7 ғылым кандидаттары және 4 PhD докторлары еңбек етеді [1].

Бүгінгі күні қоғамның тұрақтылығы мен тыныштығы азаматтардың діни сауаттылығымен де байланысты болып отыр. Айталық, 2013-2017 жылдарға арналған экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған мемлекеттік бағдарлама аясында елдегі дінтанушы мамандар көптеген жұмыстар атқаруда. Ол жұмыстарға ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің облыстық басқармаларымен қатар республикамыздағы іргелі оқу орындары да айтарлықтай үлес қосуда. Сондай оқу орындарының бірі әрі бірегейі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті екені сөзсіз. Атап айтқанда, осы университетке қарасты Философия және саясаттану факультеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасы ұжымы осы бағытта бірқатар маңызды істерге ұйытқы болғанын да айта кету керек. Университеттегі Діни зерттеулер және дінтанулық талдау орталығы да студент жастар арасында белсенді іс жүргізуде. Кафедраға қарасты педагог-профессорлық құрам биылғы оқу жылында бірқатар маңызды орталарда мемлекет және дін, дін және қоғам, жастар және дін, зайырлылық, діни экстремизм мен терроризм, жихадшылық пен тәкпіршілдік секілді ауқымды тақырыптарда лекциялар оқыды. Лекция барысында аудитория тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, әсіресе хижаб, мектеп жастарының жұма намазына бару мәселелеріндегі Білім және Ғылым министрлігінің арнайы қаулысынан хабардар етті. Осындай кең ауқымда ұйымдастырылған шараның аркасында қатысушылар елдегі діни жағдай, ҚР Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заң, Сирия дағдарысының Қазақстанға әсер-ықпалы, елдегі тыйым салынған деструктивті діни топтар, діни экстремизмнің белгілері, миссионерлік іс-әрекеттердің жалпы күйі туралы кең мағлұматқа қол жеткізді. Дінтану және мәдениеттану кафедрасы, Діни зерттеулер және дінтанулық талдау орталығы қоғамды діни экстремизмнен сақтандыру бағытындағы белсенді іс-шараларын Алматы облысы және Алматы қалалық дін істері басқармаларымен қатар ұйымдастырып келеді. Осы орайда, факультет деканы Ө.Р. Масалимова, декан орынбасары Б. Берікбаев, кафедра меңгерушісі А.Д. Құрманалиева, кафедра ұстаздары Б. Бейсенов пен Қ. Бағашаров Алматы

облысы Дін істері басқармасы тарапынан арнайы алғысхатпен марапатталды. Айтпағымыз, осындай бағыттағы түсіндіру жұмыстарын жүргізуде дінтанушы мамандарды даярлау және жетілдіру өз өзектілігін жоғалтпайтын мәселе екені анық [3].

Қазіргі уақытта «Дінтану» көпшілікке танымал әрі қоғамға қажетті, сұранысқа ие мамандыққа айналып отыр. Республикамызда «Дінтану» мамандығына бөлінген мемлекеттік грант иегерлерінің бакалавриат бойынша 70 пайызға жуығы, ал магистратураның 100 пайызы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Дінтану» бөлімін таңдайды. Бұл кафедра ұжымына деген үлкен сеніммен қатар, келелі міндеттер де жүктейді. Өйткені, терең біліміне сай өнегелі тәрбие алған азамат – еліміздің жарқын болашағының кепілі [1].

Әдебиеттер тізімі:

1. Рысбекова Ш. Әлтаева Н. Дінтану сұранысқа ие мамандық. <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-qogam/dintanu-suranyysqa-ie-mamandyq-1635/#gsc.tab=0>

2. Әділбаев А. Дінтанушыларды қайда даярлайды? <http://www.e-islam.kz/alau-adilbaev/item/5700-dintanushylardy-kajda-dayarlaydy>

3. Бағашаров Қ. Діни экстремизмнен сақтандыру – баршаға ортақ жауапкершілік. <http://www.kaznu.kz/kz/3/news/one/11082/>

Байдәулетов М., Оралбаева Ж.З.

ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫНА СӘЙКЕС САЛАЛЫҚ ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Өткен жылғы 46 ғылыми-әдістемелік конференцияға «Қаржылық есеп» пәнін оқытудың мәселелері тақырыбына ұсынған мақаламызда экономикалық мамандықтар бойынша оқытылатын пәндердің, мамандық түрлеріне қарай міндетті және элективті (таңдауы бойынша) жіктеліп оқытылатыны, оның ішінде «Бухгалтерлік есеп» пәні топтамасына енетін «Бухгалтерлік есепке кіріспе», «Қаржылық есеп» пәндерінің бүкіл экономикалық мамандықтарға міндетті пән ретінде оқытылатындығы жөнінде жазған болатынбыз. Сонымен қатар Еліміздің егемендік алып нарықтық қатынасқа өтуі әлемдік қауымдастықтың қабылдаған нормативтік құжаттарды басшылыққа алып, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының (ҚЕХС) IAS және IFRS жүйелерінің талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу және есептілікті ұсыну, Ұлттық қаржылық есептілік стандарттарын (ҰҚЕС) жасау сияқты түбегейлі өзгерістерді алып келумен қатар бухгалтерлік есепті функцияларына қарай қаржылық есеп, басқару есебі және салық есептеріне жіктеп, өзара байланыста қарастыруды қажет еткені мәлім.

«Есеп және аудит» мамандығына оқытылатын «Қаржылық есеп» пәні оқу бағдарламасына сәйкес жалпы экономиканың барлық салаларына ортақ тақырыптарды зерделеуді қамтитын негізгі өзегі іспеттес. Ал «Қаржылық есеп» пәнінің жалғасы болып табылатын «Кәсіби деңгейдегі қаржылық есеп», «Тереңдетілген қаржылық есеп» «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» және экономиканың салалары бойынша есеп жүргізу пәндері элективті пән ретінде оқытылып келе жатыр. Халықта аталы сөз бар «Жері байдың елі бай» деген. Халқымыздың несібесіне елімізде жердің астыда, үстінде тұнып тұрған байлық. Халықтың жартысына жуығы оның ішінде жұмысқа қабілетті тұрғындардың 60 пайызы ауылдық жерде тұратын ауыл шаруашылығын дамытуға баса назар аударылып басымдық берілуі «Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп» пәнін оқытудың маңыздылығын айқындай түскен сияқты.

2016 жылдың 9-қыркүйегінде Мемлекет басшысының төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Елбасының «Агробизнес 2020» бағдарламасы аясында жыл соңына дейін агроөнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жыл соңына дейін әзірлеуді тапсыруы, 29 қарашада өткен Үкімет отырысында агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының әзірленуі, Үкімет басшысы Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаевтың Үкімет мүшелеріне бұл бағдарлама бойынша әзірлік жұмыстарын жыл соңына дейін мүдделі тараптармен тағы да талқылап, толық аяқтауды тапсыруы, келесі жылы жаңа бағдарлама бойынша жұмыс істеуді бастауымыз керек деуі тақырыптың өзектілігін айғақтай түседі. Бағдарламада көрсетілгендей, мал шаруашылығының тиімділігін 40 пайызға және өсімдік шаруашылығының тиімділігін 30 пайызға арттыру, тауарлы өндіріске 500 мың ұсақ өндірушіні тарту және өнімдерді өткізу мен өңдеудің пәрменді жүйесін құру үшін ауқымды ауыл шаруашылық кооперацияларын дамыту, ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін (АШТӨ) барынша қамти отырып, мемлекеттік қолдаудың тиімділігін және қолжетімділігін қамтамасыз ету, мақсатқа бағытталған экспорттық саясатты іске асыру және органикалық өнімнің қазақстандық брендін жылжыту, 600 мың гектардан астам суармалы жерді айналымға тарту, АӨК-ті мемлекеттік реттеуді жетілдіру агроөнеркәсіп кешенін дамытудың басты бағыттары болмақ. Сонымен қатар, қазір ел экономикасы негізгі басымдықтарды қайтадан қарау кезеңіне бет бұруы, Дүниежүзілік сауда ұйымының аясында, жаңа жаһандану заманында аграрлық сектордың дамуына аса мән берілуі, алдағы бес жыл ішінде ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен өңдеу әртараптандырудың көзі мен экономикалық өсімінің ең негізгі және жетекші күшіне айналмақ. АӨК-тің жаңа рөлін жүзеге асыру еліміздің тұрақты дамуының, еңбек өнімділігін арттырудың тетігі болмақ. Бағдарламаның түпкі мақсаты халықты жұмыспен қамту, халықтың жағдайын жақсарту, ауыл-аймақтардағы еңбек адамдарының шаруасына қолдау білдіріп, жұмысын жетілдіру, үйлестіру сияқты негізгі мәселелерді қамту және импортқа тәуелділіктен арылып, әлемдік ірі

экспорттаушыға айналу болып табылады. Әсіресе Ауылшаруашылық кооперативін дамыту арқылы 500 мың ұсақ өндірушіні тарту және өнімдерді өткізу мен өңдеудің пәрменді жүйесін құруды және шикізатпен қамтамасыз ететін шаруашылықтардың үлесін 1,3 есеге арттыру мақсаты тұр. Ұсақ шаруашылықтарды ірілендіріп ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту барысында ауыл тұрғындарының кірісін жыл сайын 300 млрд теңгеге дейін арттыру және сауданың үстеме бағасын 15-20 пайызға төмендету көзделіп отыр. Жаңа бағдарламаны жаңа жылдан бастап іске қосудың нәтижесінде Қазақстан халқы үшін ауылшаруашылық саласын негізгі кіріс көзіне айналадыруға, 2021 жылға қарай ауылшаруашылық өнімдерінің жалпы жиынын 30 пайызға – 1 трлн теңгеге немесе қазіргі 3,3 трлн теңгеден 4,3 трлн теңгеге дейін ұлғайтуды жоспарлауға, еңбек өнімділігін 50 пайызға – 1,2 млн теңгеден 1,9 млн теңгеге дейін арттыруға, экспортты 17 пайызға – 2,1 млрд-тан 2,5 млрд АҚШ долларына дейін және импорт көлемін 17 пайызға – 3,4 млрд-тан 2,8 млрд АҚШ долларына дейін төмендетуе мүмкіндік береді деп көзделіп отыр. Сонымен қатар, суармалы жерлердің үлесін 40 пайызға, яғни 1,4 млн гектардан 2 млн гектарға дейін арттырудың нәтижесінде кірісті 30 пайызға арттыру күтілуде. Негізгі басымдық жеке отбасалар бірігіп құрылған кооперативтерге берілетіндігі оның ішінде мемлекеттік қолдау 7 есеге, яғни 67 мыңнан 500 мың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге (АШТӨ) көбейетіндігі айтылған. Бағдарламаның баянды болуы пайдаланушыларды нақы ақпараттармен қамтамасыз етумен де тығыз байланысты. Пайдаланушыларды нақты ақпараттармен қамтамасыз етудің тетігі ақпарат құралы ретінде ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп пен бақылауды қалпына келтірудің маңызы зор. Шындығында кешегі кеңес үкіметі тарап, еліміз егемендік алған тұста бұрынғы ірі шаруашылықтарды (колхоз, совхоз) жекешелендірудің нәтижесінде атына заты сай келмейтін кооперативтер мен шаруа қожалықтарының яғни, фермерлік шаруашылықтардың пайда болып бастары бірікпей күнкөрудің қамымен жеке отбасының үлестерін алып тарап кетуінің салдарынан бухгалтерлік есеп жүргізу жүйесі де үзіліп қалған болатын. Бағдарламаның аясында экономиканың ешбір саласына ұқсамайтын ауыл шаруашылығының ерекшеліктерімен бухгалтерлік есеп жүргізуді жандандырып, қалпына келтіру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екенді күмән тудырмас деп ойлаймыз.

Жаңа бағдарламаның аясында жоғарыда айтқанымыздай, ауылшаруашылық кооперативін дамыту арқылы 500 мың ұсақ өндірушіні тарту және өнімдерді өткізу мен өңдеудің пәрменді жүйесін құрудың нәтижесінде шикізатпен қамтамасыз ететін кәсіпорындардың санының 1,3 есеге артуы соның дәлелі. Демек ұсақ шаруашылықтарды кооперативтерге біріктірудің нәтижесінде іріленген шаруашылықтардың пайда болуы бухгалтерлік есепті жүйелі түрде жүргізуге негіз болып табылады. Есеп тәртібін белгілеу, қаржылық есептілігін ұсыну және ауылшаруашылық қызметі туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатын көздеген, 2003 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген (2008 және 2011 жылдардың мамырында енгізілген толықтырулармен) 41-ші «Ауылшаруашылық» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартының (IAS 41) негізінде, 2007 жылы 21 маусымда Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің №218 бұйрығымен «Арнайы салық режимін қолданатын шағын кәсіпкерлік субъектілер үшін (шаруа қожалықтары (фермерлік шаруашылықтар), ауылшаруашылығы өнімдерін өндіретін заңды тұлғалар, қызметін оңайлатылған декларацияның негізінде жүзеге асырушылар) №1 «Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарты» бекітілген болатын. Кейіннен 2013 жылдың 31 қаңтарындағы Қаржы министрінің №50 бұйрығымен №1 және 2 Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттары біріктіріліп «Ұлттық қаржылық есептілік стандарты» бекітіліп ұсынылған болатын.

Ауыл шаруашылығы экономиканың басқа салаларына қарағанда өзіне тән ерекшеліктері бар күрделі сала болғандықтан бухгалтерлік есеп жүргізгенде саланың ерекшелігін ескеруді қажет етеді. Яғни, ауыл шаруашылығының бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыруға ықпал ететін ерекшеліктеріне қысқаша тоқтала кетуді қажет етеді.

Ауылшаруашылығында, жер ең басты және негізгі өндіріс құралы болып табылады. Жерді пайдалану ҚР «Жер туралы» кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Ауыл шаруашылық жерлерін егістік, шабындық және жайылымдық деп жіктейді. Егістік алқаптарды суармалы, тың және тыңайтылған жерлерге жіктесе, жайылымдық және шабындық жерлер табиғи және мәдени болып бөлінеді. Жоғарыда айтқанымыздай суармалы жерді 40 пайызға арттырып, бидай алқаптарын 2,3 млн гектарға төмендетіп, орнына арпа, сұлы және басқада майлы дақылдарды орналастыру көзделіп отыр.

Ауылшаруашылық үдерісі тікелей тірі организмнің даму заңдылықтарына байланысты. Демек, өндіріс үдерісінің едәуір бөлігі адам еңбегінің қатысуынсыз-ақ биологиялық факторлардың ықпалында өтеді. Нәтижесінде жалпы өндіріс мерзімі мен жұмыстың жалпы мерзімі арасында алшақтық байқалады. Мысалы дақылдарды көктемгі егу және оны жинап алу кезеңінде жұмыс көлемі артып өте қауырт жүрлізіледі. Ал дақылдарды егу мен оны жинап алудың арасында жұмыстар біршама саябырсып бір жүйеге түсіп, күтіп баптау жұмыстары ғана жүргізіледі. Яғни өндіріс кезеңі мен жұмыс жүргізу кезеңдерінің арасындағы орын алған алшақтықтар бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға да елеулі әсер етеді.

Басқа өндіріске қарағанда ауыл шаруашылық өндірісі жер жағдайына байланысты бытыраңқы орналасқандықтан ауылшаруашылық техникалары (трактор, комбайн т.б. жылжымалы мүлік) барлық өндіріс аумақтарында бірдей пайдаланады. Бұдан олардың көрсететін қызметтері және есептелген амортизацияланған құндарын өндірілген өнімдердің, атқарылған қызметтердің өзіндік құнына белгілі бір ортақ негізде (жердің көлеміне және т.б. сәйкес) тарату қажеттігі туындайды.

Ауылшаруашылығында дақылдардың жаздық және күздік болып жіктелуіне, малдардан төл алудың мерзімдеріне байланысты кейбір өндіріс үрдістерінің бір күнгізбелік жылдың шеңберінен шығып кететін кездері де болады. Сондықтан бухгалтерлік есепте күнгізбелік күнмен (жылмен) сәйкес келмейтін өндірістік шығындарын, өндірістік кезеңдері бойынша шектеп топтастырады:

- ағымдағы жылдың өнімдері үшін жұмсалған өткен жылдың шығындарына;
- ағымдағы жыл шығындарына;
- алдағы есепті жылдың өнімдері үшін ағымдағы жыл шығындарына.

Ауыл шаруашылығында өз өндірісінде алынған төлдерді өндірістің негізгі бағыттары бойынша пайдалану мақсатында өсірудің нәтижесінде өнім (төл) беру және күш көліктері ретінде пайдалану жасына жеткен өндіріс құралы аналық-аталық бас малдар мен күш көліктерін биологиялық активтердің құрамына енетін өндіріс құралдарын, яғни негізгі табынды (өнім беретін малдарды және күш көліктерін) толықтырып отырады. Сондай-ақ өз өндірісінде өндірілген өнімнің едәуір бөлігін қор (ұрықтық материал, жем-шөп т.б.) ретінде өндіріс қажеттілігіне жұмсайды.

Ауылшаруашылығы өндірісінің биологиялық ерекшелігі бір дақылдан немесе бір малдың түрінен бір мезгілде бірнеше өнім түрлерінің алынуына байланысты, бухгалтерлік есеп өндіріс шығындарын өнім түрлеріне таратып, анықтап өнімнің өзіндік құнын калькуляциялауды жүзеге асырады. Бухгалтерлік есепті, есеп және калькуляциялау объектілері, яғни ауылшаруашылық дақылдары мен малдардың түрлері немесе есептік топтары және олардан алынатын өнімнің түрлері бойынша жүргізуді талап етеді.

Ауылшаруашылығында өсімдіктер мен малдар биологиялық даму заңдылығына сәйкес өсіру, пісіп-жетілу жылдың белгілі бір кезеңдеріне сәйкес маусымдық сипатта болады. Сонымен қатар ауа райымен жер жағдайына байланысты орналастыру аумақтары да әртүрлі. Оларды өндіруге жұмсалатын шығындар жыл бойы біркелкі жұмсалмайды. Кейбір ауыл шаруашылығы машиналары, жабдықтары өндірістің кезеңдеріне (жер айдау, егістікті өңдеу, ору) сәйкес қысқа мерзімге пайдаланылғанымен қалған уақытта пайдаланылмай қаңтарылып бос тұрады. Олардың пайдаланылмағанына қарамастан жыл бойы амортизация есептеледі. Яғни, бухгалтерлік есеп жұмыстың және шығындардың маусымдығын көрсете отырып осы фактордың ықпалында болады.

Демек бухгалтерлік есеп өндіріс шығындарының есебін маусым ерешеліктеріне сәйкес дұрыс ұйымдастыруды қажет етеді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын анықтаудың да мүмкіндігі жылдың соңында ғана мүмкін болады. Осы аталған ауылшаруашылығының ерекшеліктеріне өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының ішкі салалық ерекшеліктерін қосқанда бухгалтерлік есеп жүргізу күрделене түсетіні белгілі.

Елбасының ауыл шаруашылығы саласы Қазақстан экономикасының драйверіне айналады деуі, Ауылшаруашылығы министрі А.И. Мырзақиметовтың таяу 5 жылдың ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеу экономиканы әртараптандыру мен өсімнің негізгі драйвері болуы тиіс деп нық сеніммен айтуы саланы дамытуға жасалған түбегейлі бет бұрыстың өміршеңдігін дәлелдей түседі. Бағдарламаны жүзеге асыруда жалған ақпаратқа жол бермеу мақсатында ауылшаруашылығын аудиттеуді мемлекеттік субсидиялау мәселелерінің шешілуі бухгалтерлік есепті жүйелі жүргізуді, статистикалық мәліметтерінің шынайылығын талап етеді. Аталған бағдарламада ауылшаруашылығының ерекшеліктерін түсіне білетін білікті мамандар дайындауға да мән беріліп отыр. Әсіресе, өткен ғасырдың 90-шы жылдары жүргізілген жекешелендірудің нәтижесінде біршама үзіліп қалған ауылшаруашылығында есеп жүргізуді қалпына келтіріп Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының талаптарын сай ұйымдастырып жүргізуді жандандырып жолға қойудың өзектілігі туындап отыр. Біздің ойымызша студенттерге элективті пәнді таңдағанда еліміздің басымдық берілген даму бағыттары түсіндіріліп, жоғарыда айтқанымыздай «Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп» пәніне басымдық беру немесе міндетті оқытылатын пәндердің қатарына қосу немесе тапсырыс беру бойынша оқыту шешімін тапса дұрыс болған болар еді.

Байкушикова Г.С., Чукубаев Е.С., Кузембаева А.Б.

ФРАНЦУЗСКИЙ ОПЫТ ФОРМИРОВАНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ НА ПРИМЕРЕ СОТРУДНИЧЕСТВА С РАБОТОДАТЕЛЯМИ

Современное общество отличается тем, что быстро развивается научный и технологический прогресс. Все новые и новые сферы производства товаров и оказания услуг организуются на основе научных достижений, становятся «знанием». Одним из стратегических направлений развития социально-экономической системы страны является рост инновационного потенциала высших учебных заведений и на этой основе – расширение масштабов производства и распространения научно-технических достижений, и, как следствие, осуществление структурной перестройки экономики, заметное повышение доли наукоемких, инновационно-ориентированных предприятий. В этой связи актуализируется потребность в разработке экономико-организационного механизма, способного обеспечить приращение и эффективное использование инноваций, что предполагает, на наш взгляд, учет позитивного опыта, апробированного в развитых странах. Все это обуславливает необходимость теснейшего сотрудничества структур бизнеса и учреждений высшего образования, что будет способствовать успешному развитию общества. Развитие взаимодействия вузов и работодателей, или в широком смысле – науки и бизнеса осуществляется на основе социального партнерства.

В международной практике социальное партнерство в профессиональном образовании принято понимать, как «взаимодействие с субъектами экономической жизни и сферы труда в целях повышения эффективности

профессионального образования и удовлетворения спроса на умения и компетенции рабочей силы на рынке труда» [1]. Партнерство в сфере образования – процесс двусторонний, выгодный для обеих сторон. Несмотря на этот факт, инициаторами сотрудничества могут становиться как работодатели, так и государство, в зависимости от сложившихся производственных отношений, традиций и моделей регулирования системы высшего профессионального образования.

В мировой практике можно выделить три основные модели партнерства в среде образования [2].

1. Государство не играет никакой роли или его роль незначительна (Великобритания, США).

Данная модель взаимодействия образовательного сообщества и бизнеса отражает тенденции децентрализации государственного управления. Государство формально практически не регулирует профессиональное образование, большинство решений принимается на местном уровне, с широким участием работодателей.

2. Государство планирует и реализует профессиональное образование и обучение и управляет им (Франция, Швеция).

Для данной модели взаимодействия системы образовательных услуг и рынка труда характерен, прежде всего, высокий уровень государственного регулирования сферы профессионального образования. Во Франции профессиональное образование контролируется в основном государственными органами, однако социальные партнеры участвуют в процессе принятия решений через трехсторонние консультативные органы. Возрождена программа «ученичества» (часть обучения проходит в рамках формального образования, практическое обучение и отбор производится предприятием).

3. Государство определяет общие рамки деятельности частных компаний и организаций по осуществлению профессионального образования и обучения (Германия, Нидерланды, Дания, Шотландия).

Особо хотелось бы, остановиться на французском опыте взаимодействия бизнеса и образовательного сообщества.

Французские университеты дают общее и профессиональное образование + научно-исследовательская подготовка на трех циклах обучения. Основное число студентов ограничивается специальным сертификатом об «общем университетском образовании» (1-1,5 года) и дипломом специалиста (Licence) на втором цикле обучения (так называемое «укороченное университетское образование»). Небольшая часть студентов получают диплом Master после прохождения научно-исследовательской подготовки на третьем цикле обучения. Диплом Doctorat является высшей университетской квалификацией, после дополнительной научно-исследовательской подготовки, что дает право заниматься самостоятельными научно-исследовательскими изысканиями. Помимо университетов система высшего образования Франции представлена так называемыми «большими школами» (что является спецификой Франции), где готовят инженеров, архитекторов, управленцев. К их числу принадлежат: Высшая Политехническая школа (Ecole Polytechnique), Национальная школа администрации (ENA - École nationale d'Administration), высшие нормальные школы и т.д.

Ряд мероприятий министерской политики направлены на то, чтобы стимулировать предпринимательскую активность молодых исследователей, помочь им включиться в инновационные проекты, реализуемые на предприятиях. С этой целью создаются дополнительные квалификации: пост-докторантуры (post-doctorants), CIFRE или DRT (дипломы технологов-исследователей). Эти новые квалификации, благодаря условию мобильности, позволяют молодым исследователям успешно зарекомендовать себя на предприятиях. С каждым годом увеличивается ассигнование на подготовку молодых исследователей. В этом же плане следует отметить ряд мероприятий, осуществляемых так называемой Обсерваторией педагогических практик (Observatoire des pratiques pédagogiques en entrepreneuriat) в поддержку предпринимательства среди студентов; создание экспериментальных «предпринимательских домов» (maisons de l'entrepreneuriat) на университетских сайтах; конкурсы «инициативы молодежи» на средней ступени обучения, с целью поддержания предпринимательской активности студентов [3].

Франция не полностью отказалась от государственного вмешательства в профессиональное образование и обучение, так как нашла компромисс путем активного привлечения к разработке и реализации политики в этой области социальных партнеров в виде профессиональных ассоциаций, торгово-промышленных палат и т.д. и децентрализации управления.

3. Балғышева Б.Д., Куанышева Г.С., Далабаева Н.С., Жамансариева К.У. Фосфаттардың химиялық технологиясының практикумы. Алматы. «Қазақ университеті», 2014. – 120 б.

Балғышева Б.Д., Далабаева Н.С., Кемелбек М.

ЖҮЙЕЛІ БІЛІМ БОЛМАЙЫНША, ЖҮЙЕЛІ ОҚЫТУ БОЛМАҚ ЕМЕС

Ғылым мен мәдениеттің ұшқан құстай дамыған қазіргі дәуірде адамдардың еңбек қабілеті жүйеден адамдардың білімі мен зейін қуаты мен өлшенбек. Сондықтанда, енді ғана егеменді ел болып, етек жеңін жинай бастаған мемлекет білімді, дарындылардың мәселесіне айрықша назар аударуы керек. Осы білімді де дарынды жастар арқылы өндіргіш күштерді дамыту, адам сапасын жоғарлату, мәдениетті де білімді ұрпақтарды баулу, еліміз экономикасын жоғарлатудың бірден бір шығар жолы, ол оқу ағарту саласын жандандыру болып саналмақ.

Сондықтанда, мемлекеттің көркеюі мен ұлттың жан-жақтылы дамуының түбірлі негізі, ол бір жастың оқу ағартуда алған білімімен игерген қабілеттігіне және қабылдаған тәрбиесінің дәрежесі сол жастың кейінгі жетілуі мен дамуына, сондай-ақ тұтас өміріне әсер етпей қоймайды. Бір ұлт жағынан алғанда, оқу ағарту сол ұлттың сапасына негіз болады да, сол ұлттың болашақта құдыреттенуі мен әлсіреуіне, көркеюі мен күйреуіне шешуші фактор болып саналмақ. Сондықтанда оқу ағарту сол ұлттың, мемлекеттің көркейіп, гүлденуінде ең маңызды ірге тасы болмақ.

Сол үшін біліммен қаруланып отырған жастар бүгінгінің бұйдагері, ертеңгінің иегері, бір ұлттың, бір халықтың, бір дәуірдің мәдениетін, экономикасын, ғылым техникасын күш жалғап жүгіру балдағын болашаққа жеткізуші білімді жастар, оны болашаққа жеткізу, ол қазіргі күнгі оқумен, тәрбиеленумен қатысты болмақ, сондықтанда

жастар жүйелі білім игеруі, игерген білімді кейінгі ұрпақтарға жүйелі түрде жеткізе алуы керек. Ол үшін ұрпақтарға сапалы оқу құралдарын әзірлеу, адын ала сабаққа дайындалу, сабақ өту барысында сол тақырыптың өзекті идеясын аша білу, әрі студенттерді қызықтыратын сұрақтар қою арқылы, қызу талқы жүргізу, сол арқылы студенттердің ой өрісін, ойлау қабілетін жоғарлату, сабақтан сырт уақытта студенттермен сырласа білу, жастардың ішкі жан дүниесін түсіне білу керек. Ал кейбір оқу үлгірімі нашар студенттерді топ ортада сынамау, жасытпау, қайта ол студенттің бойындағы басқа артықшылықтарды көре отырып, оны алға жетелеу. Өмірге деген көз қарасын айқындау, білімге деген қызығушылығын арттыру, әр дайым шабыттандырып отыру керек. Сонда ғана білімді ұрпақтардың саны көбеймек, сондықтан білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін, алдымен өзімізде жүйелі білім, жүйелі тәрбие болуы керек. Сонда ғана бізде жүйелі оқыту болып, еліміздің оқыту ағарту саласын барынша жоғарлатып, алдыңғы білімі озық елдер қатарынан көріне аламыз.

Оқыту жүйесіне келетін болсақ әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге енуде. Негізгі мақсат студенттердің жүйелік тәсіл біліктілігі мен дағдылығын, қабілеттілігін қалыптастыруды дамыту болып табылады.

Жүйелік тәсіл біліктілігі мен дағдылығын, қабілеттілігін қалыптастыру сабақ үстінде және өздік жұмыстарды орындау кезінде жүзеге асырылады. Өздік жұмыстарды аудиторияда қорғату сабақтың тиімділігін, студенттердің білім сапасын арттырады және сабақтың дамытушылық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Жүйелік тәсіл технологиясын қолдану бүгінгі күні әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекелеске қабілетті маманды дайындау мақсатын жүзеге асырумен, оқу үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу және студенттердің танымдық және шығармашылық қабілетін, меңгерген білім мен дағдысын өндірісте қолдану біліктілігін дамыту және қолдаумен анықталады.

Студенттерде жүйелік ойлау және жүйелік білім, біліктілік және дағдыларды қалыптастыру кезінде модульдік технология көмегімен жүзеге асыруға болады. Мысалы: «6M011200-Химия» мамандығы бойынша оқитын магистранттарға «Химияны қашықтықтан оқыту технологиясы» пәні 4 модульге бөлінеді және әр модуль бойынша өзіндік жұмыстар ұйымдастырылған.

Модуль 1. «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі заманауи әдістер»

Модуль оқытудың сапасын арттыратын заманауи әдістер мен амалдарды қолдана отырып құрылған. Магистранттарға оқу үдерісі мен оқушылардың оқу жетістігінің жемісті болуын қамтамасыз ету мақсатында әсерлі стратегиялар мен әдістер, оқыту технологиялары ұсынылады. Оқытуда «дайын білімнің ұсынылуы» концепциясынан «білім – орнығу» концепциясына өтуді шынайылыққа айналдыратын инновациялық амалдар ұсынылады.

Магистранттардың өзіндік жұмысы (МӨЖ) 1

Кредиттік білім беру жүйесінің негізгі мінездемесін сипаттау. Білім беру парадигмасын: «білім өмірлік» -тен «өмір бойы білім алу» -ға өзгерту. Химия пәнінен білім берудің жеке траекториясы. Білім алудың өзіндік, шығармашылық мінездемесі.

МӨЖ 2. Химия пәнінде оқытудың негізгі түрлерін анықтау. Дәріс берудің әдіс-тәсілдерінің құрылымы мен негізгі бөліктерін сипаттау.

Топтарға арнайы пәндер және арнайы сабақ тақырыбы бойынша сараланған тапсырмалар дайындау.

МӨЖ 3 .Оқытудың жаңа әдістерін пайдаланып бір пән бойынша мәселелі дәріс және семинар сабақтарға әдістемелік нұсқау дайындау (аз топтық жұмыс).

Модуль 2. «Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі іске асыру технологиялары»

Модуль оқытуды аналитикалық тұрғыдан қарастыруға, оқу үдерісінде магистранттардың зияткерлік күш-жігерлерін кеңіту үшін жаңа көзқарастар арқылы жаңа әдістерді дамытуға, магистранттардың сыни және шығармашылық ойлауын ынталандыру, магистранттарды түсінуге, қиын мәселелерді жоспарлауға және шешуге үйретуге мүмкіндік беретін әртүрлі құрылымдарды нақтылайды.

МӨЖ 1. Оқытудың жобалау технологиясы.

Сабақ беретін пән бойынша топтық жобаның МӨЖ тапсырмаларын дайындау.

МӨЖ 2. Ассоциограмм әдісі (Mind Mapping).

Бір дәрістің тақырыбы бойынша екі пәнге Mind Map құру

МӨЖ 3. Case-study –ді пайдалана отырып СӨЖ ұйымдастыру.

МӨЖ 4. Мультимедиялық білім беру контентін құру (скринкаст, подкаст, веб каст, интерактивті ойындар/тесттер

Модуль 3. «Білім нәтижесін бағалау жүйесі»

Модуль магистранттардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін, сыни және жинақтап бағалау негіздерін, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша білімнің жинақтаушы жүйесін игеруге арналған.

МӨЖ 1. Пайдаланылған бағалау жүйелері бойынша салыстырмалы талдау жүргізу. Оқытудың мақсатына байланысты белгілі пәнге пайдаланылған жүйелердің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау.

МӨЖ 2. Химия пәні бойынша нақты күздіретті жоба құру.

Химия пәні бойынша нақты құзырлықты игеру мақсатында білімді бағалау жүйесінің жобасын құру

МӨЖ 3. Белгілі бағалау жүйесін дайындап шығару талап етілетіндей case-study тапсырма ұсыну (өмірлік тәжірибелерден). Кейісті орындауда өздік жұмыстардың нәтижелері үшін бағалау жүйесін ұсыну.

Модуль 4. «Оқыту және оқу жүйесіндегі заманауи сандық технологиялар»

Модуль магистранттардың кәсіби қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу және игеруге арналған

МӨЖ 1. Электронды оқу-әдістемелік материалдың макетін құру (электрондық басылымда)

МӨЖ 2. Электронды оқыту басқару жүйесін таңдау (өзіңіздің мекемеңіздің виртуалды логикалық құрылымының макетін құру).

Жүйелі оқу барысында, өзіндік жұмыстар жастардың таным дербестігін дамытады. [Оқыту үдерісінде өздік жұмыстарды орындауда инновациялық технологияларды қолдану оқушының қажетті білім қорымен қарулануға, адамгершілік көзқарас қалыптастыратын тәлім-тәрбие берудің құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М., Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать. – Алматы, 2012.
2. Шадриков В.Д. Качество педагогического образования: Монография/ В.Д.Шадриков. – М.:Логос, 2012.
3. Галиев Т.Т. Интенсификация учебного процесса: системный подход. – Астана, 2005.

Балгышева Б.Д., Куанышева Г.С.

О СВЯЗИ ПРОБЛЕМЫ НАУКИ С ОБРАЗОВАНИЕМ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ ДИСЦИПЛИН «ХИМИЯ И ТЕХНОЛОГИЯ МИНЕРАЛЬНЫХ УДОБРЕНИЙ» И «ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА СИНТЕЗА ПОЛИМЕРНЫХ МАТЕРИАЛОВ НА ОСНОВЕ ФОСФАТОВ» ПРИ ПОДГОТОВКЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Согласно учебного плана слушателям бакалавриата, магистратуры (1П- IV курсы), специализирующимся по кафедре общей и неорганической химии КазНУ им. аль-Фараби читаются дисциплины «Химия и технология минеральных удобрений» - 3 кредита на 3-м курсе и «Теория и практика синтеза полимерных материалов на основе фосфатов» - 4 кредита на 4-м курсе для бакалавров, программа как лекций, так и практикума включают ряд вопросов конкретных результатов, полученных при выполнении НИР по Гранту МОН РК.

В связи с большой потребностью в минеральных удобрениях в Республике Казахстан производство отечественных сложных фосфорных удобрений выделено как первоочередная задача перед иностранными и отечественными инвесторами. Ухудшение качества отечественных фосфорных руд, в свою очередь, требует нетрадиционного подхода к вопросу поиска альтернативного способа их переработки на удобрения и неорганические материалы с полезными свойствами. Следует учесть экологическую ситуацию, вызванную накоплением больших объемов отходов производств, отсутствием комплексного подхода к переработке низкосортного сырья и отходов производств, диктует необходимость разработки новой методологии подбора растворителей для фосфорного сырья новых малоотходных или безотходных технологий. Поэтому перед Высшей школой стоят задачи подготовки профессиональных специалистов.

Между тем для решения этой проблемы особого внимания заслуживают механически-стимулированные реакции в присутствии различных добавок, осуществление которых в экономическом плане более целесообразно. Применительно к природным фосфатам РК из-за их сложного полиминерального состава, а также фактора присутствия сопутствующих силикатных минералов Mg, Al необходимо исследовать процессы механохимической активации с учётом изоморфного замещения ионов PO_4^{3-} на ионы F^- , OH^- , CO_3^{2-} и др. в минералах фосфора и осуществление выбора эффективных добавок. Данные по влиянию этих факторов в литературе носят ограниченный характер или вовсе отсутствуют.

Вопросами активации на стадии обогащения низкокачественных фосфоритов занимались многие исследователи. Значительную часть работы в этой области проводят немецкие учёные Р.Паудерт, Г.Хайнике, Х.В.Харенц, российские исследователи

В.В. Болдырев, А.С. Колосов, М.В. Чайкина. В Эстонии проводились исследования по комбинированной механической активации фосфатов с химическим разложением минеральными кислотами.

Казахстанские учёные академик А.Б.Бектуров, Д.З. Серазетдинов, А.К. Ильясова и другие занимались получением удобрений из Каратауских фосфоритов кислотно-термическим разложением. Учениками профессора Б.А.Беремжанова (М.Р.Танашева, Г.С.Куанышева, У.Ж. Джусипбеков) наряду с термическими методами было исследовано кислотное обогащение низкокачественных фосфоритов.

В данных, имеющихся в литературе, отсутствует научный подход к выбору добавок в зависимости от типа изоморфного замещения Р-минералов в фосфоритах. Также нет данных исследования о влиянии механохимической активации на состав и свойства сопутствующих минералу фосфору нерудных минералов в высококремнистом фосфорном сырье, в частности, силикатов Mg и Al, не установлены физико-химические закономерности происходящих процессов.

В связи с этим на лекциях при освещении вопросов теоретических основ и технологии получения фосфорных удобрений необходимо ориентировать студента-бакалавриата на важность разработок безотходной технологии и использования их на практике.



В спецкурсе «Химия и технология минеральных удобрений» представлены методы переработки природных фосфатов, и их недостатки которые имеющих место в настоящее время в фосфорной промышленности. На модельной системе фосфат-кислота при высоких температурах показано получение простого, двойного суперфосфатов. Студенты осуществляют синтез этих удобрений, наглядно убеждаются в преимуществе того или иного метода. При анализа исходных фосфоритов и синтезированных удобрений используются все знания, полученные на младших курсах по аналитической, физической химии. Выбор того или иного способа получения удобрения осуществляются самим студентам, тем самым развивая творческие отношения к научно-исследовательской работе.

В спецкурсе «Теория и практика синтеза полимерных материалов на основе фосфатов» рассматриваются вопросы постановки научных исследований, а также методы статистической обработки результатов экспериментов. Лекции и задания к лабораторным занятиям для магистрантов построены таким образом, что студенты ведут поиск определенного растворителя для фосфоритов научно обоснованно, сопоставляя термодинамические параметры и кинетические характеристики фосфатов, то есть практикум студента-магистранта по данному заданию представляет собой исследовательскую работу с теоретическими обоснованиями.

Опыт связи научных проблем НИР и образования в экспериментальном обучении можно показать на следующей схеме:

Такая форма занятий дает возможность студенту-будущему специалисту химику получить кроме специальные знания позволяющие проводить профессиональный подход с научной точки зрения при разработке технологических схем производства.

Список литературы:

1. Аввакумов Е.Г., Куанышева Г.С., Балгышева Б.Д., Буркитбаев М.М., Джарлыкасымова Д.Н., Уракаев Ф.Х. и др. Механохимия неорганических веществ, Алматы, «Қазақ университеті», 2012. – 161 с.
2. Балгышева Б.Д. Фосфаттардың химиялық технологиясы. Оқу құралы. Алматы, «Қазақ университеті», 2014. – 197 б.

Барлыбаева С.Х.

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА «ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА» И ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ СТАНДАРТЫ СОВРЕМЕННОГО ВЕЩАНИЯ

Казахстан активно внедряет новые информационные технологии в СМК. Огромная территория республики способствует развитию спутникового ТВ. В стране идет бурное развитие системы кабельного телевидения. Внедряются волоконно-оптические кабели, позволяющие мгновенно передавать информацию на большие расстояния. В стране активно развиваются: Интернет, социальные сети, блогосфера.

В настоящее время развитие телевидения и радио осуществляется в эпоху глобальной цифровой революции. Новые возможности цифрового ТВ и РВ дополняются новыми возможностями: интерактивностью и мультифункциональностью.

Электронные средства массовой информации предлагают разное интерактивное взаимодействие пользователя и производителя, а также распространителя содержания. В настоящее время работа журналистов стала оперативной, мобильной. Читатель, слушатель и зритель может обратиться с любым вопросом к создателю контента, к журналисту, модератору, телевизионному и радио журналисту, пошлав ему сообщение по электронной почте, по мобильному телефону, по Интернету.

Эта обратная связь стала более эффективной, интерактивной за счет внедрения и бурного развития новых информационных технологий, которые облегчили работу журналистов, но предъявили к ним новые технические, мультимедийные требования, новые подходы к творческому процессу, новые формы информационного менеджмента, управления коммуникационным процессом.

Глобальное распространение информации и коммуникации создает возможности для свободного общения на разных уровнях: сетевом, массовом и индивидуальном. Все эти данные говорят о бурном развитии новых информационных технологий, об активном внедрении их в жизнь казахстанского общества, которые непосредственно отражаются на подготовке специалистов сегодняшнего дня в области телерадиовещания.

Роль телевидения и радио как средства жизненной ориентации людей невозможно переоценить. Они выступают в качестве важнейшего средства демократизации общества, выражения общественного мнения, формирования активного сознания, участвующего в социальных преобразованиях страны.

В настоящее время весь общественный потенциал ТВ и радиовещания в Казахстане направлен на реализацию индустриально-инновационного развития Казахстана, экономическую модернизацию, социально-культурное развитие казахстанского общества.

В настоящее время с 2013 года реализуется государственная программа «Информационный Казахстан-2020». Программа направлена на внедрение инфо-коммуникационных технологий во всех сферах экономики. В программе «Информационный Казахстан-2020» особый акцент делается на развитие медийного пространства, на производстве казахстанского контента, на повышение уровня удовлетворенности отечественным информационно-культурным продуктом.

В настоящее время в правительстве идёт работа по разработке новой программы «Цифровой Казахстан», которая создаст новую цифровую платформу, улучшит возможности ведения бизнеса и повысит качество жизни населения. Как отметил министр по инвестициям и развитию РК Асет Исекешев: «Новая политика призвана стать одним из ключевых драйверов страны в нынешней экономической ситуации. Основными приоритетами в рамках программы будут: завершение обеспечения полностью доступа к широкополосному Интернету для населения страны» [1].

Базовая дисциплина бакалавриата факультета журналистики Казахского Национального университета (КазНУ) им. аль-Фараби «Телерадиожурналистика» отражает все новые тенденции в сфере вещательной журналистики и массовой коммуникации в мире и в Казахстане, акцентируя свое внимание на развитие электронной журналистики, новых медиа, информационно-коммуникационных технологиях в процессе глобализации, дигитализации и конвергенции.

Дисциплина «Телерадиожурналистика» служит основой для подготовки вещательных, мультимедийных журналистов, отвечающих современным требованиям. Основное назначение курса «Телерадиожурналистика»: знакомство студентов с основными знаниями и сведениями по теории и практике телевизионной и радиожурналистики, подробный анализ современного развития телевидения (ТВ) и радио (РВ) в Казахстане, в странах СНГ, краткий обзор истории советского телерадиовещания, углубленное изучение теоретических и практических проблем современного вещания, специфики подготовки теле-радиопередач.

Курс знакомит с современными тенденциями эфира: глобализацией, децентрализацией, конвергенцией, дигитализацией, коммерциализацией и другими.; с художественно-выразительными средствами вещания, с влиянием новых информационных технологий на электронные медиа, на современное общество.

Помочь понять специфику и природу ТВ, иметь представление об истории развития ТВ в мире, в Казахстане, о новых видах телевизионного вещания: кабельно-спутниковом, цифровом, интерактивном; узнать о современных тенденциях вещания, о телевизионных профессиях, о технологиях подготовки ТВ программ – главная цель базовой дисциплины – «Телевизионная журналистика», которая преподается на 1 курсе факультета журналистики Казахского Национального университета им. аль-Фараби

Задачи дисциплины:

- дать студентам необходимые знания об информационных технологиях, о современной технике телевидения и радио, о работе редактора, режиссера и оператора;
- ознакомить с технологией создания теле-радиопередач – как необходимым условием профессиональной подготовки теле-радиожурналиста;
- ознакомить с историей ТВ и РВ в Казахстане, в ближнем и дальнем зарубежье;
- дать представление о современных тенденциях телевидения и радиовещания;
- выработать умение смотреть и видеть телепрограмму, слушать и слышать радиопередачу;
- ознакомить со спецификой телевидения и радио, с методикой телевизионного и радиообщения;
- научить писать видео-радиосюжеты, сценарные планы, телеролики;

- научить студентов работать в мультимедийном процессе: мыслить, творить, писать, монтировать, снимать, фотографировать, озвучивать и др.

Телевидение и радио – дело коллективное: от работы каждого – оператора, редактора, режиссера, журналиста, ведущего, осветителя, художника-оформителя, звукооператора, - зависит качество и успех программы, передачи. Умение писать сценарии, сценарные планы, готовить телевизионные и радио сюжеты, репортажи, брать интервью, редактировать ТВ и радио тексты – необходимые шаги в освоении аудиовизуальной профессии, это один из этапов подготовки будущих теле-радиожурналистов.

Качества, которыми должен обладать «телевизионщик» и «радийник», можно разделить на 4 уровня:

1. Природные способности.
2. Мировоззренческие позиции.
3. Образование.
4. Специфические профессиональные требования.

1. Природные способности таковы:

- живой интерес к людям и к окружающему их миру;
- врожденная склонность к наблюдению;
- умение увлекательно рассказать об увиденном;
- любознательный ум, любовь к чтению;
- коммуникабельность (общительность).

2. Мировоззренческая позиция ТВ журналиста, равно как и принципы журналистики, характеризуется:

- верностью фактам, правде жизни,
- объективностью в освещении действительности,
- стремлением постичь сложные явления современности во всей их глубине и противоречивости [2].

Под влиянием новых информационно-коммуникационных технологий, Интернета, мобильной телефонии журналистика становится конвергентной, а сами средства массовой коммуникации – мультимедийными. Конвергенция как понятие начинает доминировать в медиа менеджменте, включая и производство контента. Все эти факторы влияют на сбор, создание, сохранение и распространение информационного продукта. Конвергенция не только кардинально изменяет подходы к управлению информацией, принципиально реконструируя организационную структуру СМИ, но и формирует новую модель современной журналистики. Отсюда и новые требования при подготовке мультимедийных журналистов.

В настоящее время можно выделить два основных направления работы в вещательной, конвергентной информационной редакции: это главенствующая роль координатора, собирающего и распределяющего темы, новости, информацию. А также универсализация репортеров на местах, которые должны уметь собирать информацию для всех видов СМИ: записывать комментарии на аудио и видео носители, писать материалы для Интернет-СМИ и газет, снимать и готовить репортажи для ТВ, для газет и журналов. Это ведет к реальному освоению мультимедийности современного журналиста, способного работать в любом формате масс медиа, но хорошо владеющего определенной тематикой.

Специалисты в области телерадиовещания быстрее и лучше адаптируются в современным требованиям, т.к. умеют работать на цифровом оборудовании: снимать на видео, монтировать, расшифровывать исходный материал, фотографировать и записывать текст, звук на аудио-носители, на диктофон. Им легче перейти на мультимедийный формат современной журналистики.

Растет привлекательность объединенных СМИ, увеличивается их капитализация, происходит экономия материальных ресурсов, более эффективное использование творческого потенциала. Цифровая, конвергентная редакция перспективная форма, новая модель деятельности журналистского коллектива. Она позволяет работу журналистских кадров сделать более оперативной, организованной и продуктивной.

На факультете журналистики Казахского Национального университета им. аль-Фараби с сентября 2009 года открылся новый цифровой «Телерадиокомплекс им.М.К.Барманкулова. ТРК КазНУ - это учебно-производственная телестудия и радиостудия с новейшим мультимедийным оборудованием и всеми техническими условиями для создания телевизионных и радиопрограмм. ТРК КазНУ представляет следующий комплекс: съемочный павильон, монтажная аппаратная, телевизионная студия и радиостудия. Вся жизнь и деятельность университета (научная, учебная, общественная, культурная, спортивная), всех его 15 факультетов освещается Телерадиокомплексом.

Программы ТРК КазНУ факультета журналистики имеют большую социальную значимость для сохранения и приумножения научно-просветительских, культурных ценностей, распространения знаний и традиций лучших образцов отечественной науки и образования.

Студенты всех курсов факультета журналистики готовят ТВ и радио новости на казахском, русском и английском языках о жизни университета, а все радиопередачи и телепрограммы транслируются на переменах в эфире «Радио Аль-Фараби» и по телевизорам-мониторам, расположенным на территории университетского городка КазГУграда.

Стараясь приблизить к учебному процессу процесс производственный, факультет журналистики и Телерадиокомплекс КазНУ проводит встречи, круглые столы, мастер классы с ведущими специалистами

телерадиокомпаний страны и связей с общественностью, журналистов-практиков, телевизионщиков и PR-специалистов. Свои мастер классы провели в телестудии:

- режиссер, оператор «Хабара» Болатхан Нусимбеков;
- тележурналист, продюсер «Хабара» Нургуль Тусупбекова;
- представитель журнала «Советник» (Россия) в Казахстане – Владимир Павленко;
- PR-директор «Мега центра» Алишер Еликбаев;
- журналист ТРК «Казахстан» Анвар Мамраимов, Ержан Мукаш;
- журналистка ТРК «Мир» Ботагоз Алдонгарова;
- ведущие, тележурналисты ТРК «КТК» Сергей Пономарев, Артур Платонов;
- продюсер, ведущий телеканала «Хабар» Илья Уразаков и другие.

Профессора МГУ им.М.В.Ломоносова, Санкт-Петербургского Государственного университета, Российского Института повышения квалификации по ТВ и РВ проводили мастер-классы по электронным СМИ, по новым информационным технологиям и цифровому вещанию, а также профессора факультетов журналистики Польши, Оклахомского Государственного университета, Университета Мэдисона, Северной Каролины (США) и другие. Такие встречи медиа специалистов со студентами факультета журналистики обогащают новыми знаниями, расширяют кругозор молодого поколения, представление о современных массовых коммуникациях в Казахстане, в ближнем и дальнем зарубежье.

Телестудия и радиостудия способствуют:

- формированию творческой среды;
- вовлечению молодых людей в интеллектуальную деятельность;
- повышению информированности преподавателей и студентов о жизни в КазНУ;
- популяризации научных, образовательных, культурных ценностей; поддержка молодых талантов;
- применению полученных знаний на практике;
- представлению в теле и радио-эфире взглядов современной молодежи и студенчества;
- пропаганде здорового образа жизни.

Проект информационного и научно-образовательного студенческого телеканала «Аль-Фараби» призван создать интерактивное телевидение для студентов как учебную и практическую базу, позволяющую приобретать опыт работы в реальной журналистике, создавая условия для скорейшей адаптации бакалавров и магистров к современным мультимедийным требованиям.

Используя современное цифровое оборудование, студенты учатся готовить телевизионные, радио материалы: интервью, репортажи, заметки, телесюжеты и программы. Одновременно с подготовкой теле-радиоматериалов они готовят и сетевые материалы, т.е. Интернет-продукцию. Таким образом студенты имеют возможность готовить материалы в разных форматах: в телевизионном, радиийном, газетном и сетевом-Интернет-формате. На факультете журналистики КазНУ используются новые технологии, новые медиа, применяемые сегодня в работе СМИ.

Список литературы:

1. Ишекенова Б. Количество Интернет-пользователей в Казахстане выросло с 8% до 68%//BNews.kz, 17февраля 2016.
2. Барлыбаева С.Х. Телевизионная журналистика: Учебное пособие.-Алматы: КазНУ, 2011 - С.50.

Баудиярова Қ.Б.

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС МУЗЕЙ ІСІ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Бүгінгі таңда, мәдениеттің дамыған және қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау мен қалпына келтіруге мүмкіндік жасалған жағдайында мәдени мұраны, мәдени тәжірибені, тарихи-мәдени байлықты келешек ұрпаққа мұра етіп, оны дәріптеу туралы кеңінен насихат жұмысы жүргізілуде.

Тарихи-мәдени ескерткіштер адамзаттың өткен тәжірибесін өз бойында жинақтаса, тәжірибелі мамандар оны бүгінгі қоғамға кеңінен насихаттап, еліміздегі құнды тарихи орындарды туризм ошақтарына айналдыруға ықпал етеді. Бұл адамзаттың өткені туралы тарихи деректермен сусындап қана қоймай, сондай-ақ замандастарының дүниетанымына әсер етуде септігін тигізеді. Осылайша тарих және мәдениет ескерткіштері көне тарихи мәліметтерді сақтаумен қатар, қазіргі қоғамның дамуы мақсатында бірқатар әлеуметтік функцияларды қоса атқарады. Қазақстанда 25 мыңнан астам тарих, археология мен монументалды құрылыстың жылжымайтын ескерткіштері, 89 мемлекеттік мұражайлардың экспозициялары мен қорларында 2 млн 56 мың бірліктен аса мәдени құндылықтар бар. Дегенменде, мемлекет қорғауындағы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жартысынан астамының бүгінгі физикалық жай-күйі түрлі табиғи және адами факторлар нәтижесінде нашарлай түсуде [1].

Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраларының елеулі бөлігін құрайды, адамзат өркениетінің және мемлекеттің тұрақты дамуына үлкен үлес қосу арқылы өз мұрасын сақтау және келесі ұрпаққа аманат ету үшін халық пен мемлекетке жүктелетін жауапкершілікті анықтайды. Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған заманауи мәдени саясат мемлекеттің тарихи-мәдени жәдігерлерінің толық

қорғалуын қамтамасыз ету мен тиімді пайдалануға бағытталған [2]. Бүгінгі қоғам алдында ескерткіштерді сақтау мен қорғау шараларына, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге, этнографиялық зерттеулер жасауға жас буын өкілдерін үйрету арқылы республика аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді зертеу мен сақтауға қызығушылығын ояту, арттыру міндеттері тұр. Аталған міндеттерге жету үшін осы саланың мамандары қажет.

Сол мақсатта 2003 жылы Әл-Фараби атындағы Тарих, археология және этнология факультетінде, 2006 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінде 5В041900 – «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы ашылды. Республика бойынша «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы екі жерде ғана даярланады.

Мамандықтың мақсаты – жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес және ең жоғарғы академиялық стандартқа сай музей ісі бойынша мамандарды даярлау.

Музей ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығын бітірген студенттер мынадай қызметтерді атқара алады:

- ғылыми-зерттеу, экспозициялық және қор бөлімдерінде ғылыми қызметкер, бөлім басшысы, гид-экскурсовод, ғалым хатшы, қор сақтаушы, директордың орынбасары;

- кеңесші, сарапшы-өнертанушы, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және мәдениет саласында жетекші маман;

- жалпы білім беру және мамандандырылған мектептерде, лицей, колледж, гимназияларда музей және өлкетану жұмыстарын ұйымдастырушы, тарих пәнінен оқытушы.

Мамандықтың шығармашылық саласы: қолданбалы музейтану, тарихи-мәдени мұраны сақтау және мәдениет саласындағы мемлекеттік басқару, музей-көркемсурет сарапшысы, туристік бизнес, жалпы орта білім беру жүйесінде.

Мамандыққа оқытылатын пәндер: жылжитын және жылжымайтын, материалдық және бейматериалдық тарихи-мәдени ескерткіштер, музейдің қор коллекциясы, музей каталогі мен классификаторы, мемлекеттік музей құжаттарын тіркеу. Ашық аспан астындағы тарихи және мәдени ескерткіштер: археологиялық, сәулет, музей кешені, тарихи-мәдени құндылықтар. Музей экспозициясын ғылыми жобалау: ғылыми концепция, тақырыптық құрылым, тақырыптық-экспозициялық жоспар, экспозицияның көркемсурет сызбасы, музей құрылымы.

Мамандықтың қызметі:

- музей процессін ұйымдастыру, дамыту, жетілдіру;
- жаңа ақпараттық технологияны енгізу;
- тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау;
- музей сараптамасын жүргізу және дамыту;
- тарихи және мәдени жәдігерлерге аукцион ұйымдастыру;
- оқу-педагогикалық шығармашылықты жетілдіру;
- мектептерде оқу-өлкетану жұмыстарын жүргізу.

Мамандықтың типтік міндеттері: Қазақстандағы музей жүйесін жоспарлауды қамтамасыз ету және жетілдіру, музей мекемесі қызметінің сапасын көтеру, мемлекеттік саясатқа сәйкес ұлттық тарихи-мәдени мұраны сақтау жүйесін әлемдік жақсарту, жаңа ақпараттық технологияны енгізу.

Мамандықтың мазмұны:

- тарихи және мәдени музейлік құнды заттарды анықтап, тарихи процесстерді ғылыми құжаттау;
- музей коллекциясын құру;
- музей каталогтар мен классификаторды жетілдіру;
- музей коллекциясын сақтау мен қорғау режимін қалыптастыру;
- тарихи және мәдени ескерткіштерді реставрациялау және консервациялау;
- қорларды ғылыми тіркеу;
- музей құжаттарының мемлекеттік есебін компьютерлеу;
- көрмелер мен музей экспозициясының мазмұны мен әдістемесін жетілдіру, талдау;
- ғылыми музейлік және туристік басылымдарды: каталог, буклет, анықтамалық, проспектілер жасау;
- музей менеджменті мен маркетингі жүйесін жасау мен жетілдіруге қатысу;
- Қазақстаннан шетелге шығарылатын тарихи, мәдени, көркемсурет құндылықтарын кедендік сараптама жүргізуге қатысу;
- орта мектептерде тарихи пәндерді оқытуды жетілдіру;
- мектептік музей және өлкетануды дамыту.

Музей ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығын бітіруші студенттер еңбек нарығында жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес жаңа ақпараттық технологияларды игеру қажет, бәсекелестікке қарсы тұралатындай болу қажет, өз ісінің маманы болу керек.

Білу қажет: адамзат қоғамының даму ерекшелігі мен заңдылығын, әлемдік музей жүйесінің қалыптасу тарихы мен дамуын, әлемдік өнер тарихының кезеңдері мен ерекшеліктерін, Қазақстан халықтарының ұлттық материалдық және рухани мәдениетін, музей мекемелерінің ерекшелігі мен қызметін, мәдениет саласындағы, музей ісі мен ескерткіштерді қорғау мәселесіндегі заңдық және нормативтік актілер мен құжаттарды.

Атқару қажет: музей мекемелерінің шығармашылық қызметіне араласу, өнеркәсіптік және ғылыми музей құжаттарының жасау, тарихи-мәдени маңызы бар музей заттарының сараптамасын жасау және бағалай білу, мәдениет саласындағы мемлекеттік органдардың жұмысын ұйымдастыруға және жүргізуге қатысу, орта білім беру мекемелерінде педагогикалық қызмет атқару.

Игеру қажет: музей қызметкері мамандығын, шеберлігін, мәдени және тарихи мұра ескерткіштері бойынша маман, орта білім беру мекемелерінде оқытудың жаңа әдістерін.

Музей – қоғамдық өмірдің айнасы, идеологияның қайнар ошағы. Бүгінгі музей қызметкерлері ұлттық идеологияны қалыптастырып, оны халыққа жеткізу міндетін атқарады. Сондықтан да музейде жұмыс атқару жауаптылықты, білімді қажет етеді. Себебі музей қоғамдық сана, ұлттық менталитетті қалыптастыруда үлкен жұмыстар атқарады [3].

Қазіргі таңдағы музейлердің алдындағы өзекті мәселенің бірі мамандардың аздығы. Барлық қала, аудан орталығы, ауылдарда тарихи-өлкетану музейлері, мемориалдық музейлер, одан басқа түрлі саладағы музейлер қаншама? Аталған мамандықты бітірген студенттер бұл музейлерге маман ретінде қорықпай бара алады, оларға жұмыс орны дайын, яғни мамандықтың қажеттілігі анық.

Әл-Фараби атындағы Тарих, археология және этнология факультетінің 5В041900 – «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығын бітірген студенттер Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік музейінде жұмыс атқарады. Этнология және антропология орталығында, археология орталығында, қор бөлімінде, есепке тіркеу бөлімінде, менеджмент және маркетинг, экскурсия жүргізу орталығындағы мамандар – біздің студенттер. Музей басшысы Нұрсан Әлімбаев қазіргі таңда музейде жұмыс жасау үшін магистратура академиялық дәрежесін алу міндетті деген талап қойып отыр. Сондықтан ондағы жұмыс жасап жүрген қызметкерлер осы сала бойынша магистратураны оқып тәмамдауда. Келесі бір мәселе музеолог бағдарламасы. Қазіргі таңда барлық музейлер біртіндеп музейлік жүйе – музеологияға көшіп отыр. Бітіруші мамандар жұмыс берушілердің талаптарына әйкес бұл бағдарлама жайлы хабардар болуы тиіс. Сол мақсатта 2-3 курс студенттеріне арналып «Музеолог бағдарламасы» бойынша арнайы курстар өткізілді. Музей қызметкерлері аталған қызметтерден бөлек ғылыми зерттеу жұмысымен айналысады. Бұл музейдің шығарған этнографиялық энциклопедиясынан, түрлі тақырыптағы каталогтардан, халықаралық және республикалық ғылыми конференция материалдарынан көрініс берді. Бұл бір ғана Орталық музейдегі біздің бітіруші мамандардың үлесі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық Музейі, мемориалдық музейлер, тарихи-өлкетану музейлеріндегі біздің түлектер қаншама. Музей басшыларының оларға деген бағасы оң болып отыр. Бұл әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеттің білім деңгейінің дұрыстығын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мәдени мұра бағдарламасы. – Алматы, 2004. – 158 б.
2. 1992 жылы 2 шілдеде қабылданған №1488-ХІІ «Тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану туралы» (29.12.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Заңы.
3. Шляхтина Л.М. Современные музей: идеи и реалии // Вопросы музеологии. – №2(4). – 2011. – С.14-19.

Баяндинова С. М., Кайрат С.

«ТУРИЗМ» МАМАНДЫҒЫН БІТІРУШІЛЕРДІҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША ДАЙЫНДАУ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Туризмдегі және соған жанама экономика облысындағы жаңа технологиялар саяхат сферасының даму серпінін арттырды. ЮНЕСКО қазіргі кезеңді туризм ғасыры екенін атады. Үшінші мыңжылдықтың басында әлемде және, Қазақстанда туристік бизнестің интенсивті дамуының негізінде осы салада кәсіби біліктіліксіз қызмет көрсету мүмкін еместігі айқындалуда. Елімізде туристік профильде мамандар дайындайтын жоғары білім беру ордаларының желісі қалыптасқан. Бірақ, олардың қаншалықты деңгейде еңбек нарығының сұранысын өтеп отырғаны белгісіз. Қазақстан білім кеңістігінде «Туризм» мамандығы бойынша мамандар дайындау ел тәуелсіздігін алған жылдардан бастау алды. Сол сәттен бастап, аталмыш мамандықта кадр даярлау бойынша басты стандарттар мен мамандардың кәсіби біліктіліктеріне қойылатын талаптар мен алғышарттар негізделіп, жасақталынды.

Бүгінде Қазақстанда, 050902 – «Туризм» мамандығы бойынша туризм және қонақүй индустриясында, сондай-ақ ғылым, білім мемлекеттік реттеу және адамзат әрекеті кезінде туризммен тікелей және жанама байланыстағы басқа да салаларда қызмет атқарушы мамандар дайындалады. Осы мамандық бойынша бітірушілер келесі нысандарда кәсіби қызметтер атқара алады:

- туризмді ұйымдастырумен байланысты, мемлекеттік басқару органдарында (министрлік, әкімшіліктер, олардың региональдық бөлімшелері мен құрылымдық бөлімдері);
- туристік бизнеспен айналысатын мемлекеттік және жеке компаниялар;
- туристік профилдегі консалтингтік компаниялар;
- туристік мекемелердің маркетингтік қызметі;
- туризм бойынша орта таптық мамандар дайындайтын оқу орындары;
- туризм дамуының мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылыми-зерттеу орталықтары;

- сыртқы және ішкі нарықта туристік қызметтерді жылжытумен айналысатын жарнама агенттіктерінде;
- жоғары оқу орындарының кеңестері бойынша бекітілген әрекеттері мамандандырумен байланысты өзге де компаниялар мен ұйымдар [1].

«Туризм» мамандығын бітіушілер келесідей кәсіби әрекеттер түрін атқара алуға қабілетті:

- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- өндірістік-техникалық;
- сервистік-эксплуатациялық;
- ғылыми-зерттеулік;
- білім беру (педагогикалық);
- туристік-рекреациялық;
- профилактикалық және іздестіру-құтқарушылық және т.б.

«Туризм» мамандығын бітірушілер келесідей қызметтік міндеттерді орындауға дайын мамандар: бағалау қызметтері:

- туризмді әлемдік әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыра отырып, оның дамуына, қызметіне, негативті және позитивті мүмкіндіктеріне объективті баға беру;

- туризм саласының қазіргі даму жағдайына, материалдық және кадрлық қамтамасыз етілуіне баға беру;
- өз еліндегі және шетелдегі туристік нарықтың дамуына негізделген болжаулар жасау;
- туристік әрекеттің перспективалы бағыттарын анықтау;

конструктивті қызметтері:

- клиенттердің туристік-рекреациялық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын және менеджердің қызметінің құрылымына нақты табыс әкелетін, коммерциялық және әлеуметтік бағыттағы туристік-экскурсиялық және қонақүй қызметін көрсетуші тиімді бағдарламаларды құрастыру және жүзеге асыру;

- қызмет көрсетудің жоғары сапасы мен тартымды экзотикалық элементтермен құрастырылған жедел конструктивті турларды ұйымдастыру (клиенттің тапсырысы бойынша);

- Қазақстан Республикасындағы, сондай-ақ шетелдегі туристік индустрияны басқарушы құрылымдармен, санитарлық-эпидемиялық органдармен, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарымен, кедендік билік өкілдерімен, салық және кедендік салық қызметімен, қонақүйлермен, туристік агенттіктермен өзара тиімді байланыс орнату;

- туристік қызмет көрсету жүйесінде өндірістік, шаруашылық, жарнамалық-ақпараттық және басқа да әрекеттерді ұйымдастыру;

- туристік қызметтер мен тауарларды өткізу арналары мен желілерін қалыптастыру және жетілдіру;

- отандық және шетелдік туристерге қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатындағы туристік мекеменің сапа менеджмент жүйесін енгізу;

- туристік кәсіпорынның қызметкерлері әрекеттерінің моделдерін оңтайландыру және кәсіби біліктілігін арттыруға ат салысу;

ақпараттық-технологиялық қызметтері:

- әлемдік туристік нарықты сипаттайтын негізгі заманауи тәсілдерді өндірістік әрекетте кәсіби қолдана алу;

- халықаралық және ішкі туристік нарықтағы туристік қызметтер мен тауарларды жылжыту арналары мен технологияларын қолдану;

- тәжірибелік әрекетте Қазақстанмен туристік байланыстағы мемлекеттердің туристік-рекреациялық ресурстары мен олардың әлеуеті туралы жаңа мәліметтерді белсенді қолдануды қамтамасыз ету;

- турлар ұйымдастыратын елдер мен аудандардың экономикалық, саяси, ұлттық-мәдени ерекшеліктері туралы білімін жетіріп отыру және олар туралы өз жұмысында есеп жүргізу;

- ҚР туристік әрекетті ұйымдастырудың құқықтық-заңнамалық негізін туралы, халықаралық құқықтар туралы, туристерді қабылдау мен жіберу сәтіндегі формальдықтар туралы жеттік білімді болуы керек;

- туристік саяхаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- туристік саяхаттар ұйымдастыралытын аудандардағы қоршаған ортаны сақтау, басқару;

- туристер және экскурсанттармен ақпараттық-нұсқаулық әңгімелер өткізу және жоспарлау;

- туристік кәсіпорынның қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында туристік нарықты маркетингтік зерттеу;

- кәсіби туристік қызметін атқару кезінде арнайы туристік-экскурсиялық терминдерді еркін меңгеру, қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде еркін сөйлей білу.

Бұл жоғарыда аталғандардың барлығы «Туризм» мамандығы бойынша кадрларды дайындаудағы қазақстандық білім беру жүйесіндегі стандарттар [2].



Бүгінде қазақстандық туристік индустриясын аталмыш мамандық бойынша қанағатандыру мақсатында жыл сайын 3 - ұлттық, 20-дан астам – мемлекеттік, 25-тен астам – жеке жоғары білім беру ордалары талапкерлер қабылдайды. Соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтер бойынша «Туризм» мамандығына бөлінген мемлекеттік гранттардың саны да басқа мамандықтармен салыстырғанда көп (кесте 1).

Кесте 1. «Туризм» мамандығы бойынша гранттар саны

Жылдар	2013-2014		2014-2015	2015-2016
Гранттар саны	330		315	244



Сурет 1. Оқыту жүйесі

әл-Фараби атындағы Қазақ университетінде 1996 жылы 1 желтоқсанында, География және табиғатты пайдалану факультетінде, рекреациялық география және туризм кафедрасының негізі қаланды. Негізгі мақсаты - туризм және қонақжайлық саласында, мемлекет саясатын орындау мақсатына сәйкес, туризм индустриясына қажетті кәсіптік мамандарды даярлау жүйесін қалыптастыру. Кафедрада үш деңгейлі оқыту жүйесі қалыптасқан.

Кафедрада білім алған студенттер оқу барысында келесі аталмыш білімдер мен дағдыларға қол жеткізеді:

- рекреациялық география және туризм географиясы, туристік елтану;
- туроперейтингтік және турагенттік қызметтер;
- қонақүй және мейрамхана бизнес қызметін ұйымдастыру;
- туристік саяхаттарды ұйымдастыру мен өткізу;
- табиғи рекреациялық ресурстарды бағалау, туристік-рекреациялық аудандастыру;
- инновациялық менеджмент, кәсіпорын немесе мемлекеттік деңгейде басқару;
- ғылыми-зерттеулерді жоспарлау және жүргізу.

Құрылған сәтінен бастап, кафедрадан 1000-нан астам түлектер бітірген. Олардың 80%-дан астамы туризм саласында (туризм және қонақжайлық индустриясы, білім беру, мемлекеттік реттеу т.б.) қызмет атқарады.

Нарық сұранысына ие, кәсіби біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау жүйелі, жоспарлы әрекеттерден тұратыны анық. Кафедраның осы саладағы атқарып жатқан жұмыстары көп. Қазақстандағы бірден-бір TedQual-UNWTO сертификатына ие білім беру орны. TedQual-UNWTO аудит нәтижесінде ҚазҰУ рекреациялық

география және туризм кафедрасының «Туризм» білім беру бағдарламасы – бакалавриат және магистратура 4 жылдық сертификатқа ие болды.

Білім беру барысында шетелдік тәжірибелерді енгізу, тәжірибелік оқу үрдістерін ұйымдастыру кәсіби білікті мамандар дайындауда маңызды екені анық. Кафедраның оқу жұмысы барысында бұл мәселелер тиімді жолға қойылған [3].

Туризм саласы үшін мамандар дайындау әртүрлі мемлекеттерде, ондағы тарихи, саяси, әлеуметтік-экономикалық және басқа да факторларға байланысты әртүрлі дәрежеде өтеді. Біздің рекреациялық география және туризм кафедрасының мысалында, сондай-ақ, қазақстандық мамандардың зерттеулері көрсеткендей, туризм саласына мамандарды дайындаудың екі сызба жүйесін ажыратуға болады:

- туристік өнім өндіруге тікелей қатысатын кәсіпорындар үшін арнайы кәсіби дайындау;
- ұлттық экономиканың аралас салалары үшін массалық кәсіби кадрлар дайындау.

Өз кезегінде бұл жүйелердің әрқайсысы әртүрлі білім беру деңгейлерінен тұрады.

1. Жоғары (институтциональды-басқару) деңгейі. Бұл деңгей бойынша жекелей кәсіпорынның салалық тактикасын, стратегиясын, қызметінің мақсаты мен бағытын анықтайтын менеджерлер (турменеджер, қонақүй менеджері, туризмдегі маркетинг қызметін басқарушы менеджер және т.б.) Мұндай деңгейдегі мамандар дайындау жоғары білім беру орындарында жүзеге асырылады.

2. Орташа деңгей (басқарушылық-технологиялық). Басқарушылық-технологиялық деңгей технологиялық тұрғыда құрылымдардың өзара байланысын, қызмет көрсетудің технологиялық реттілігін қамтамасыз етуші қызметкерлер қалыптасады (турагент, орындарды брондау бойынша менеджер, мейрамхана метрдотелі). Бұл деңгейдегі мамандар жоғары және орта арнайы білім беретен оқу орындары, колледждер және т.б. білім орындарында дайындалады. Негізі олардың көбін бакалавр деңгейін бітірушілер құрайды.



Сурет 2. Рекреациялық география және туризм кафедрасының халықаралық байланыстары

3. Бастаушы немесе төменгі деңгей (технологиялық-орындаушылық). Бұл деңгейді туристің жекелей қажеттіліктерін қанағаттандыру немесе қызмет көрсету түрлерін ұсынумен айналысатын мамандар құрайды. Бұл деңгейде кең және арнайы профильдегі, нұсқаушы, даяшылар мен аспазшылар және т.б. мамандарын дайындайтын оқу орындары жұмыс жасайды (орталықтар, курстар мектебі және т.б.).

Кез келген бітірушінің алдындағы оқу бітіргеннен кейінгі ең басты мәселе – оның жұмысқа орналасуы. Бітірушілердің толыққанды жұмыспен қамтамасыз етілуі, бүгінде еңбек нарығының сұранысына тікелей байланысты. Бітірушілерді жұмыспен қамтуды жүзеге асырудың негізгі жолдарының бірі ретінде жұмыс берушінің тапсырыс бойынша мамандар дайындау мәселесі білім беру жүйесінде өзекті мәселелердің бір болып отыр. Жұмыс берушілерді білім беру үрдісіне қатысуының негізгі алғышарттары ретінде мыналарды айтуға болады:

- жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысуы: оқу курстарын экспертизалау және оқу курстарын актуализациялау, студенттер мен бітірушілердің құзыреттіліктерін қамтамасыз ету;
- жұмыс берушілердің білім алушы студенттер мен бітірушілердің оқу нәтижелерін бағалауға қатысуы;
- жұмыс берушілердің эксперттер ретінде оқу орындары мен білім бағдарламаларын аккредитациялауға қатысуы;
- жұмыс берушілермен тәжірибелік база негізіндегі әріптестік;
- кәсіби стандарттау және кәсіби біліктілік бойынша сертификаттауға қатысуы.

Осы аталған алғышарттарды қалыптастырған кезде ғана жұмыс берушінің тапсырыс бойынша мамандар әзірлеуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Актыбаева Б. «Учебно-методическая работа в подготовке специалистов туризма». Ж. Саясат № 12/2008.
2. Егоров В.Е. Проблемы профессиональной подготовки специалистов в сфере туризма: инновационный подход к их решению // Туризм: право и экономика. 2008. - N 1. – С.16-19.
3. <http://www.kaznu.kz/kz/7430/page/> Рекреациялық география және туризм кафедрасы.

Бейжанова А.Т., Турлыбекова Н.М., Рысбаева Б.Б.

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ БАҒАСЫ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ КРИТЕРИЙІ

Заманауи дамыған қоғам шартында еңбек нарығы әр түрлі профильдегі жоғары білікті мамандарды алуға бағытталған. Өндіріс технологиясын жетілдірумен, құрал-жабдықтардың жаңаруымен байланысты кәсіпорындардың инновациялық қызметі жоғары білікті, сапалы мамандарды дайындауды талап етуде, бұл жағдай өз кезегінде жоғары оқу орындары мен жұмыс берушілердің өзара қарым-қатынасын үйлестіреді.

Жоғары оқу орындарының, факультеттердің, кафедралар мен университет бөлімдерінің жұмыстарының негізгі мақсаты оқу үрдісін жүзеге асыру арқылы жоғары білікті бітірушілерді, болашақ мамандарды дайындау. Оқу үрдісін бағалаудың негізгі критерийі бұл – білім беру сапасы.

Білім беру сапасының басты көрсеткіштері бұл университеттерді мемлекеттік, халықаралық аккредитациялау кезінде санды өлшенетін көрсеткіштер және мемлекет үшін маңызды болып табылатын лицензиялық нормативтер. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары өз қызметтерін зерттеу, өз-өзіне баға беру, өзін-өзі аттестациялау үрдісін жүзеге асырғанда өздерінің күштерімен, нақтырақ айтсақ білім беру сапасына жүйелі мониторинг жүргізу арқылы білім беру сапасының көптеген көрсеткіштерін қадағалай алады.

Жоғары оқу орындары көптеген көрсеткіштерге мониторинг жүргізе алады. Алайда, негізгі үш көрсеткіштердің бірігуі ғана сапалы білім беру қызметін анықтайды. Бұл көрсеткіштер: нәтижелердің сапасы, білім беру үрдісінің сапасы, жоғары оқу орнының барлық жүйелерінің сапалы қызмет етуі:

- нәтижелердің сапасы – студенттердің білімі, дағдылары, біліктілігі, олардың мәдениеттілік және моральдық деңгейі, азаматтық позициялары;
- білім беру үрдісінің сапасы – студенттердің оқитын пәндерінің мазмұнымен; оқу үрдісінің кадрлық, әдістемелік, материалды-техникалық, қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуімен анықталады;
- жоғары оқу орнының барлық жүйелерінің сапалы қызмет етуі – басқарудың барлық деңгейіндегі менеджмент: ректор мен проректорлар деңгейі, факультеттер, кафедралар, жоғары оқу орнының жеке бөлімшелері мен қызметтерінің деңгейі.

Жоғары білім сапасы – бұл білімнің теңдестірілген үйлесімділігі және жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің түрлі қажеттіліктерінің үрдісі мен нәтижелері ретінде маманды дайындау (бакалаврды, магистрді).

Жоғары білім сапасы мен мамандарды дайындау мәселелері белгілі бір талаптарға бағытталған білім жүйесінің басты мәселе болған және болашақта да бұл мәселе өзекті мәселе болады.

Білім беру қызметі үшін ең маңызды көрсеткіштер келесідей:

- 1) білім алушылардың сапасы;
 - абитуриент контингентінің сапасы (БҰТ жоғары балл алған абитуриенттер, «Алтын белгі иегерлері», олимпиада жеңімпаздары);
 - шетелдік абитуриенттердің болуы;
 - білім алу барысында студенттердің алған бағалары (аралық және қорытынды аттестация, тестілеу нәтижелері, білім беру сапасын бағалау мақсатында жоспарланған және жоспарланбаған тексерулердің нәтижесі);
 - ОЖСБ көрсеткіштері;
 - дайындық профілі бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші;
- 2) материалды-техникалық базаның сапасы:
 - құрал-жабдықтардың жаңашылдығы;
 - әлеуметтік инфрақұрылым (жатақханалар, тамақтану орындары, спорт кешені);
- 3) жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ғылыми педагогикалық кадрлардың сапасы;
 - 4) ақпараттық-білім беру ортаның сапасы:
 - әдістемелік қамтамасыз етудің сапасы (кітапхана қорының жаңаруы, ПОӘК болуы, арнайы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік материалдардың болуы);
 - Интернет желісінің қол жетімділігі (электронды кітапханалық жүйенің болуы);
 - ғылыми-зерттеушілік жұмыстардың сапасы;
 - 5) студенттердің өндірістік тәжірибе өтетін базалардың болуы (кәсіпорындармен, ұйымдармен, фирмалармен келісім шарт жасау, жұмыс берушілермен қарым-қатынас орнату).

Білім беру нарығында өзара қарым-қатынасқа түсетін негізгі төрт субъектерді қарастыруға болады:

- білім беру қызметін тұтылатын тұтынушылар-студенттер, тыңдаушылар;

– білім беру қызметінің ақысын төлейтін және білім беру мекемесін таңдауға әсер ететін ата-аналар (білім беру қызметін сатып алушылар ретінде);

– жұмыс берушілер, олар өздерінің ұйымдарының кадрларын сапалы, білікті бітірушілер, болашақ мамандар есебінен жаңартуды және өз қызметкерлерінің біліктілігін жоғарлатуды көздейді, сонымен қатар жұмыс берушілердің кәсіпорындары, ұйымдары студенттердің өндірістік практикасын өтетін база ретінде ұсынылады;

– мемлекет – білікті жұмыс күшін қалыптастыруды көздейтін тапсырыс беруші және тұтынушы (сурет-1).

ЖОО үшін білім алушылардың сапасы маңызды болғандықтан, жұмыс берушілердің бітіруші студенттердің білімін, біліктілігін бағалау қажеттілігі алдыңғы орынға қойылады. Білім беру стандарттының басты талаптарының бірі еңбек нарығының талаптарына сай сапалы мамандарды дайындау және әлеуметтік серіктестікті дамыту.

Бакалаврлар, магистранттар үшін білім беру бағдарламаларын даярлағанда жұмыс берушілердің қатысуы қажет:

– білім беру бағдарламаларын сыртқы сарапшылар ретінде бағалау;

– бітірушілерді дайындауда ұйым, кәсіпорын, фирма басшылары мен қызметкерлерінің белгілі бір дәрістерді оқуы;

– мемлекеттік аттестациялық комиссия мүшесі ретінде бітіруші студенттердің білімін, дағдыларын бағалау.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарының факультеттерінің, кафедраларының және жоғары оқу орындарының басқа да бөлімдерінің міндеттері артуда. Олар білім берумен қатар, мамандықтарға деген сұранысты зерттеу, түлектердің жұмысқа орналасуы мен жұмыс берушілердің түлектерді бағалауына мониторинг жүргізуді жүзеге асыруда.

Жоғары оқу орындарының факультеттері, кафедралары және жоғары оқу орындарының басқа да бөлімдері келесідей бағыттарда жұмыстар жасайды:

– профориентациялық жұмыс (ЖОО, факультеттер, мамандықтар бойынша);

– түлектердің жұмысқа орналасуын талдау (мамандықтар бойынша мониторинг);

– жұмыс берушілерде қызмет атқаратын түлектердің имиджін талдау (жұмыс берушілерден алғыс хаттар, пікірлер алу, түлектер туралы БАҚ басылымдар және т.б.);

– түлектердің мансаптық өсуін талдау;

– еңбек нарығында мамандықтарға деген қажеттілікті талдау.

Жоғары оқу орындарының факультеттері, кафедралары жұмыс берушілермен тиімді қарым-қатынас орнатқанда, келесідей мүмкіндіктерді алады:

– факультет түлектерін жұмысқа орналастыруда көмектесу;

– жұмыс берушілер тарапынан бітіру жұмыстарына, ғылыми зерттеулерге тапсырыс алу;

– өндірістік тәжірибе базасының болуы;

– оқытушылардың біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік алу;

– университеттегі дайындық сапасы туралы пікірлер алу мен бағалау.

Жұмыс берушілердің жоғары оқу орындарымен қарым-қатынас орнатуынан алатын мүмкіндіктері келесідей:

– білікті кадрларды алу;


– кәсіпорындарда студенттердің жұмыс жасауы (тәжірибе кезінде);

– университеттің көмегімен өз қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

– дайындық курстарынан өту.

Біздің университетімізде жұмыс берушілер кеңесі бар. ҚазҰУ-дың Жұмыс берушілер кеңесінің міндеті – әлемдік қоғамға енуі барысында, Қазақстанның интеллектуалды көрсеткіштері бойынша мемлекет басшысы қойған жаңа талаптар аясында, - жоғарыбілікті, бәсекеге қабілетті мамандар дайындайтын орталық ретінде ЖОО-ның дамуына жәрдем беру. Біздің университетіміздің жұмыс берушілер кеңесіне кіретін жұмыс беруші-компаниялар жұмыс берушілер талаптарына сай оқу үрдісінің бейімділігіне, мамандар дайындауда бірлескен оқу бағдарламаларын құрастыруға көмектеседі, еңбек нарығына зерттеу жүргізеді, экономиканың қазіргі талаптарына сәйкес бағдарламалар мен оқу жоспарларының кемелденуі бойынша ұсыныстар береді және оларды жан-жақты талдайды.

ҚазҰУ-дың Жұмыс берушілер кеңесінің құрамында ел экономикасы мен басқа да түрлі салалар да қызмет ететін ірі компаниялар бар, олар: Microsoft Kazakhstan, KPMG, «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры, Қазақстанның Халық Банкі, «Қазатомпром» ұлттық компаниясы, Ұлттық ғарыш агенттігі, «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі, GSM Қазақстан ұялы операторы, «Қазфосфат» компаниясы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы, «Қарашығанақ Оперейтинг Б.В.» компаниясы, «Еуразиялық банк» АҚ, Қазақстандық инновациялық қор, «Ел Арна» ТРК, «Даму» кәсіпкерлік даму қоры, Қазақстан Республикасының сауда-өндірістік палатасы, Қазақстанның Британдық бітірушілер қоры, Алматы қаласының Білім Беру Басқармасы және басқалары.



Сурет1. Білім беру қызметін тұтынушылардың талабы (студенттер, жұмыс берушілер)

Жұмыс берушілерден алынған қажетті ақпарат университеттің, кафедралардың оқу үрдісіндегі нақты мәселелерді шешуге көмектеседі және де білім беру қызметін тұтынушылардың талаптарына, критерийлеріне сай болашақ мамандарды дайындауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Баталова О. С. Субъекты рынка образовательных услуг и их специфика // Молодой ученый. – 2010.- №7. – С. 83-85.
2. <http://www.kaznu.kz/kz/11070/page/>

Бейжанова А.Т., Турлыбекова Н.М., Рысбаева Б.Б.

ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ СПЕЦИАЛЬНОСТИ РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ – ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ

С учетом обстоятельства глобализации и требований рынка труда к эффективности качественной подготовки интеллектуального потенциала казахстанского социума, данный вопрос стоит на первом ряду повестки дня развития нашего общества уже не первый год. Современная экономика изменила сферу занятости, упадок участков неквалифицированного труда, увеличения мобильности провоцировала спрос на постоянной основе работать над своей квалификацией. Естественно, казахстанская сфера образовательных услуг не способна отвечать эффективно, мгновенно на все запросы рынка труда, что и стало следствием одни кадры избыточны, а другие не хватает. «Социальная ценность профессионального образования для молодежи стала в большей степени зависеть от престижности профессий (юристов, бухгалтеров, экономистов, финансистов, менеджеров). В связи с этим одним из существенных факторов возникших противоречий между рынком труда и рынком образовательных услуг является ориентация учебных заведений не на реальный спрос региональных рынков труда, а на конъюнктурные образовательные потребности своих абитуриентов» [1].

С другой стороны и у работодателей свои требования к выпускникам образовательных учреждений, которыми они не всегда удовлетворены и поэтому многие выпускники остаются без работы или работают не по специальности. Связи с чем, «Министерством труда и социальной защиты населения в 2013 году в Трудовой кодекс Республики Казахстан внесена дополнительная глава 10-1 «Национальная система квалификаций» [2]. Лишь последние два года активно стали подымать вопрос о необходимости выработать конкретные механизмы, способствующие качественной подготовке специалистов, выполняющие требования работодателей. Одним из таких механизмов является профессиональный стандарт, обозначающий в рамках конкретной специальности соответствующие требования, т.е. каким должен быть труд по содержанию, условия труда, квалификация, практический опыт, профессиональное образование и обучение.

В современную эпоху и значение термина «квалификация» понимается по новому, традиционная интерпретация данного термина, характеризующая у выпускника степень и вид обученности, обладание им необходимых умений, навыков и знаний способствующее его выполнению определенной профессиональной работы, современная реальность связывает «квалификацию» с компетенциями. «Поскольку именно требования к компетенциям в том

виде, как они формулируются в профессиональном стандарте, позволяют формировать содержание образовательных программ в соответствии с текущими и перспективными заявками сферы труда» [3].

Отсюда следует, требования рынка труда и образовательную программу соединяют компетенции. Без сомнения, мы должны понять, что профессиональные и образовательные стандарты взаимосвязаны и не должны противоречить друг другу. Система образования обязана строить свою деятельность учитывая современные потребности работодателей. Профессиональные стандарты содержат те компетенции, которыми должны владеть каждый выпускник той или иной специальности. Ввиду этого профессиональные стандарты должны быть базисом для построения образовательных программ, для того чтобы выпускники данных учреждений были подготовлены не только теоретически, но и обладали всеми компетенциями подготовки, переподготовки и повышения квалификации специалистов и выпускников образовательных учреждений. От профессиональных учебных заведений наряду с теоретической подготовкой сегодня требуется формирование профессиональных компетенций согласно запросами рынка труда и экономики.

Естественно в условиях современной конкуренции любое учебное заведение стремится создать все условия, чтобы их выпускник был конкурентоспособным и востребованным. Не исключает это и образовательная учебная программа, разрабатываемая КазНУ им. аль-Фараби, по специальности «Религиоведение», обозначает критерии профессиональных компетенций которых должны постичь выпускники. Выпускник обязан владеть профессиональными компетенциями: навыками определения роли религии в обществе, умением давать объективную религиоведческую оценку, проведением диалога среди воспринимающих религию и неверующих, разрешения межконфессионального конфликта, навыками правоприменительной деятельности, логического анализа многообразного рода рассуждений, экспертно-консультационной деятельности, педагогической работы, подготовки публичной речи, ведения дискуссий, аргументации и полемики.

В практической деятельности религиоведа особо значимы согласно сегодняшней ситуацией такие профессиональные компетенции, как грамотно работать с религиозной литературой, законодательно верно квалифицировать различные события, связанные с религией. Давать высококвалифицированные экспертные заключения и консультации в конкретных видах экспертно-консультационной деятельности. Работодатель в первую очередь ценит в будущем сотруднике компетенции самостоятельности. Например, Р.М. Газизов в своей статье отмечает, что самостоятельность – компонент саморазвития, выражающейся в умении поставить определенную цель, настойчиво добиваться ее выполнения собственными силами, ответственно относиться к своей деятельности, действовать при этом сознательно и инициативно не только в знакомой обстановке, но и в новых условиях, требующих принятия нестандартных решений [4].

Поэтому при подготовке религиоведческих кадров желательно принимать к сведению требования и пожелания работодателей. Разберем, как способствует учебная дисциплина «Религиоведческая риторика», «логика и аргументация», «латинский язык или греческий», «арабский язык» формированию профессиональных компетенций. С увеличением мотивированных религиозных экстремистских действий и наплывом различного толка новых религиозных образований в обществе необходимы религоведы, умеющие ориентироваться в этом обилии, отсеивать ненужную информацию, производить анализ и представлять при должной аргументации надобный материал, один из важных компетенций выпускника специальности – религиоведение.

Религиоведение это комплексная наука, предметом которой является религия и ее роль в социальной системе, а значит, в ее объект будет входить и социальные отношения. Это положение настаивает на необходимости обладание выпускником специальности религиоведение профессиональными компетенциями из области коммуникации. Цель данных курсов формирование у студентов-религиоведов коммуникативных умений и опыта в практической деятельности, во время публичных выступлений, ведения дискуссий и полемики по вопросам религии, навыка ведения диалога среди воспринимающих религию и неверующих, разрешении межконфессионального конфликта. Для специализирующего в сфере эксперта по исламу для взаимодействия с различной аудиторией, публичного ведения дискуссии, эффективной аргументации необходимо изучения источников на арабском языке, а для специализирующего в области эксперта по христианству латинский или греческий языки. Все это способствует выпускнику специальности религиоведение качественно и эффективно решать профессиональные задачи: правильно определять и давать объективные оценки деятельности новых религиозных движений и культов, при оказании психологической помощи пострадавшим от НРД, при разрешении межконфессионального конфликта в социуме.

Как было сказано ранее, профессиональный стандарт складывается из отдельных компонентов, каждый из которых соответствует одной из трудовых функций. Приобретенный набор критериев ранжируется по степеням квалификации на основе синтеза данных о характере знаний и навыков, обширных компетенций, требуемых для реализации определенной функции.

Каждый компонент требует для реализации обладанием полный нераздельный набор компетенций, образующийся из трех групп. Например, профессиональные компетенции, надпрофессиональные и сквозные компетенции, соотносящиеся с организацией труда и окружающей действительностью, профессиональным общением и совершенствованием трудовой среды и рабочего места; ключевые компетенции, это универсальные, имеют отношение к любому виду деятельности, в которую будет включен выпускник, и предполагает его умение

приобрести новые и приспособить старые знания к новым контекстам, а также адаптироваться к вечно меняющемуся ситуациям современного рынка труда, умение приобретать навыки профессионального и личностного роста и развития. Потребность овладения всеми тремя группами компетенций обусловлено запрашиванием рынка труда и современной экономикой, связанны с политическими и организационными изменениями. Согласно современным требованиям рынка труда (еще раз отметим) повышенную ценность приобретают те компетенции, которые касаются самостоятельности в планировании собственной деятельности, правильно оценивать ее качество и результаты, умение работать в команде, эффективно взаимодействовать с личностями несовпадающие с его мнением, т.е. быть толерантным.

Таким образом, выпускник должен обладать определенными социальными, личностными компетенциями, потребные не только лишь в пределе определенной профессии, но и практически во всех сферах профессиональной деятельности. Данные сквозные или мобильные, ключевые компетенции гарантируют адаптацию выпускника к изменениям рынка труда и экономики и поднимают его конкурентоспособность. Профессиональные стандарты способствуют правильной разработке образовательных программ. Единственным недостатком в реальности Казахстана, хоть и Министерство труда подняла вопрос еще в 2013 году, до сих пор профессиональные стандарты выработаны для отдельных сфер профессиональных отраслей, по многим гуманитарным отраслям образовательному учреждению приходится самостоятельно находить необходимую информацию.

Список литературы:

1. Сосенко М.В. Социальное управление подготовкой кадров со средним профессиональным образованием для сферы обслуживания Научная библиотека диссертаций и авторефератов disserCat <http://www.dissercat.com>
2. Сафронова О. Л. // Проблемы современной экономики Выпуск № 3(51), 2014 – С. 281-284.
3. Олейникова О. Н. Профессиональные стандарты как фактор повышения качества профессионального образования. // Образование и наука, 2009. № 8 (65). – С.55- 62.
4. Газизов Р.М. Формирование профессиональных компетенций у студентов юридических факультетов (на примере учебной дисциплины «жилищное право»). Материалы международной научно-методической конференции. «Современное образование: проблемы взаимосвязи стандартов». Россия. г. Томск. Изд-во ТУСУРа. 28-29. 01. 2016. – С. 326-327.

Бейсенбаева А.К.

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ-ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ ДАМУДЫҢ ТЫҢ ЖОЛДАРЫ

Елбасының жоғары оқу орындарының алдына қойған талабы – еліміздің индустриялы-инновациялы дамуына және экономиканы дамытуға қажет, құзыретті деңгейі бар кәсіби білікті мамандармен қамтамасыз ету.

Осы талаптарды орындау үшін, жаңа оқу бағдарламаларын жасауға және енгізуге, инновациялық әдістерді қолдану және оны заман талабына сай жетілдіріп отыру қажет.

Мамандар дайындаудың бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асыру үшін төмендегі міндеттер қойылған:

- белгілі бір салаға қажет құзырлы мамандарды дайындау үшін ИИДМБ аясында әлемдік тәжірибелер негізінде, жаңа-тың тәжірибеге бағытталған оқу бағдарламаларын жасау және енгізу;
- оқу үрдісін инновациялық әдістер негізінде ұйымдастыру – өндіріспен тікелей байланысты, үздіксіз өндірістік тәжірибе мен ғылыми-зерттеу қамтамасыз етілген, нақты өндірістік материалдары негізінде диссертация қорғалатын магистратурада дуалды білім беруді енгізу және дамыту;
- мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру негізінде зертханалар базасын іргелі жаңғырту негізінде оқытуды зерттеулер арқылы жүргізу, гранттық қаржыландырылған іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулер өткізу, өндіріс орындарының нақты тапсырыстарын келісім-шарт негізінде орындау;
- білім сапасына бағалауға жұмыс берушілердің және өндірістегі жетекшілерінің қатысуы, оқытушының біліктілігін көтеру арқылы білім сапасын қамтамасыз ету жүйесін тұрақты қолдап отыру;
- білім сапасын көтеруге және бизнес-қоғаммен байланыс негізі болатын оқу орнының корпоративті басқару жүйесін жетілдіру.

Индустриялы-инновациялы дамуының мемлекеттік бағдарламасы бойынша білім берудің жаңа кезеңі теория мен тәжірибедегі белсенді ізденіске негізделеді. Бұл үрдісте бірнеше қарама-қайшылық орын алады, олардың ең бастысы – өндірістік тәжірибе мен оқытудың дәстүрлі жүйелерінің бірқатар инновациялық үрдістерді тудырған қазіргі қоғамдағы дамудың әлеуметтік-экономикалық талаптарға сай келмеуі. Осыған байланысты білім беру жүйесіне деген қоғамның да әлеуметтік тапсырысы өзгерді, яғни бұл - өмірлік ұстанымын өз бетімен, саналы түрде анықтай алатын тұлғаны қалыптастыру қажеттілігі туындады. Яғни, еңбек нарығы мен жоғары білімді ықпалдастару немесе жақындастыру басты міндеттердің бірі болып табылатындықтан жоғарғы оқу орындарында кәсіптік бағдар беру қызметі білім алушының теориялық білімді игеру кезінде білім сапасын арттыру, икемді оқыту бағыттарын қалыптастыру, білімгердің құзіретін арттыру жүйесі арқылы орындалуы қажет. Бұл қызметке жұмыс берушілер мен бітірушілер арасындағы әріптестікті арттыру, оқыту үрдісіне жұмыс берушілерді қатыстыру тікелей әсер етеді.

Ықпалдасқан құрылымдарды қалыптастыру қажеттілігі төмендегі шараларға:

1. Өндірісті өзгертетін жаңа технологиялық жаңалық ең алдымен аралас ұжымдар жүзеге асыра алатын пәнаралық зерттеулерге негізделеді;

2. Өндірісті жаңғыртудың жоғары динамикасы технологиялық өндірістің игеру циклдарын қысқартуды көздейді, яғни инновацияны жүзеге асыру үшін кәсіби маман дайындаудың үдемелілігін де көздейді;

3. Білім мен ғылым көбінесе кәсіпкерлік сипатқа ие болады. Бұл венчурлық ғылыми-өндірістік ұйымдардың пайда болуына алып келеді. Бірақ дәл осы міндеттер ғылыми-оқу орталықтарына шектеулі болып табылады.

Елімізде шикізатқа негізделген экономикадан білімге негізделген инновациялық экономикаға көшу қажеттілігі туындады. Бұл мәселені бизнес пен білімнің қоғамдастығын құру арқылы шешуге болады. Мұндай қатынасты құру үшін білім және ғылым саласында нарық талаптарына жауап бере алатын жас және жаңашыл басқарушыларды дайындау қажет.

Бүгінгі күнгі өзекті мәселе ҚР нарықтық қатынастарға көшуі кәсіптік оқыту жүйесіне жаңа талаптар қойылуымен болып табылатындықтан ол талаптарды орындау кәсіби білім саласын толық өзертуді қажет етеді.

Білім берудің инновациялық сипаты оның басқа әлеуметтік институттармен бәсекеге түсуінде маңызды құралы болып табылады. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда оқытудың мазмұны, формасы және технологиясы жастардың білімге деген оң көзқарасын қалыптастыруда өте маңызды. Білім берудің жаңа арналары мен әдістерін дамыту бірінші кезектегі қажеттілікке айналып келеді. Білім берудің қолжетімділігін арттыру, оның үздіксіздік және инновациялық сипаты, жастарды әлеуметтік тұтастығы мен белсенділігінің, олардың әртүрлі ғылыми орталарға қатыстылығы білім жүйесін ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азаматтардың әл-ауқатын арттырудың маңызды факторына айналдырады.

Демек, оқытудағы инновация деп педагогикалық технологияларды, әдістер жиынтығын, оқу құралдары мен тәсілдерін жетілдіру үрдістерін айтуға болады. Қазіргі кезде инновацияланған педагогикалық қызмет кез келген оқыту орнындағы оқыту үрдісінің маңызды бөлігі. Себебі инновациялық қызмет белгілі бір ұйымның білім беру нарығындағы бәсекелестікке төтеп берудің негізі болып қана қоймай, оқытушының кәсіби дамуына, шығармашылық ізденісінің артуына, студенттерінің тұлғалық қасиеттерінің деңгейінің артуына алып келеді. Сондықтан да инновациялық қызмет оқытушылардың ғылыми-әдістемелік қызметімен және бізінгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен тығыз байланысты.

Оқытушылық үрдісте инновациялық әдістер мақсатқа, әдіске, мазмұнға, оқыту мен тәрбие беру формасына, оқытушы мен оқушының бірге атқаратын жұмысына жаңалықтарды енгізуді қарастырады. Бұл инновациялар арнай жобаланған, алдын-ала жасалып қойылған немесе оқытушы бастамасына байланысты қайта пайда болған болуы мүмкін.

Қазіргі жоғары оқу орындарының міндеті әлемде болып жатқан өзгерістерге жаңаша, басқаша көзқараспен қарай алатын, толық түсінетін мамандарды дайындау болып табылады. Сол себепті де студенттерді болашақта болатын өзгерістерге дайындау үшін жоғары оқу орындарында білім берудің инновациялық әдістері қолданылуы шарт.

Портфолио әдісі - кәсіби және оқыту қызметі нәтижелерін аутентті бағалау әдісіне негіз болып табылатын заманауи оқыту технологиясы. Бұл әдісті көбінесе білім саласымен байланыстырады, алайда кең мағынада бұл әдіс тәжірбиелі-нәтижелі қызметте қолдануға мүмкіншілігі бар. Жоғары оқу орнында тәжірбиелі-нәтижелі қызметті білімі портфолио және кәсіби портфолио деп бөледі.

Проблемалық баяндау әдісі оқытушы әртүрлі әдебиеттер мен құралдарды пайдалана отырып материалды түсіндіруден бұрын тақырыпқа байланысты туындаған мәселені көтере отырып баяндап, тапсырманы қалыптастырады, сосын дәлелдеулер жүйесін қалыптастыру арқылы, бірнеше ғалымдардың пікірі мен ғылыми көзқарастарын салыстыра отырып ортақ тұжырым негізінде тапсырманы шешу жолдарын көрсетеді. Бұл әдісте білімгер ғылыми ізденуші мен куәгеріне айналады.

Жобалау әдісі-білімгер біртіндеп күрделене түсетін тапсырма-жобаларды орындау немесе игеру барысында жаңа білімге ие болатын әдіс.

Оқытудың тапсырмалық-ізденістік әдісі білім алушылардың зерттеу жұмыстары кезінде орындалып жүзеге асады, оқытудың проблемалық жағдайларды қою мен шешуге бағытталған тәжірбиелік және көрнекілік әдістер арқылы орындалады.

Студенттердің оқу үдерісіне қарастырылған ғылыми-зерттеу жұмыстары - мұндай жұмыстар оқу жоспары мен оқыту пәні бағдарламаларына сәйкес міндетті түрде орындалады, студенттердің барлық ғылыми-зерттеу жұмыстары оқытушы тарапынан бағалануы және тексерілуі шарт.

Проблемалық оқыту:

1) Бірінші кезекті пәнге деген «қызығушылықты оятуға» бағытталған технология. Оқыту проблемалық жағдайларды қалыптастыра отырып оқытушының бағыт көрсете отыруымен білімгердің оқытушымен бірге тапсырманы орындауын көздейді;

2) Шынай өмірдегі және ғылыми қарама - қайшылықтарды анықтау мен шешу негізделген білімгердің зерттеушілік қызметін дамытуға бағытталған екпінді дамытушылық оқыту. Проблемалық оқытудың негізі - мәселені айқындау мен негіздеу болып табылады.

Тәжірбиелік - бағытталғын жобалар - бұл жоба түрінің маңыздылығы студентке материалдық формада көрсетілген айқын, дәл және тәжірбиелік мәні бар нәтижені анықтау. Бұл жоба түрін дайындау мен өткізу құрылымдық дамытуды, қатысушылар міндеттерін, аралық және соңғы нәтижелерді анықтауды талап етеді.

Шығармашылық жобалар - мұндай жобалар алдын ала дайын және анықталған құрылымға ие болмайды. Шығармашылық жобада оқытушы тек жалпы параметрлерін анықтап тапсырманы шешу жолдарын көрсетіп береді. Шығармашылық жобалардың басты талабы білімгерге маңызды болып табылатын жоспарланатын нәтижені айқындап беру. Шығармашылық жобалар білім алушылардың таңымдық белсенділігін арттыруға көмектеседі және материалдар, құжаттармен жұмыс жасау қабілетін арттырады.

Дәріс – шолу. Дәріс - шолуды оқу кезінде ұқыптылық қағидасы сақталады, дәріс қарауға келетін формадағы келтірілген ақпараттар жиынтығын көрсетеді. Қабылданып тұжырымдалған видеокаттарлар тәжірбиелік іс-шаралар мен дұрыс ойларды қалыптастырады. Видеокаттарлар тек қана ауызша ақпаратты бейнелеп қана қоймай, мәнді ақпаратты қамтуы қажет. Дәріске дайындалу кезінде мазмұнды қарауға мүмкіншілігі жеткілікті формаға айналуы керек. Қарап көру арқылы ойлауды, материалды ұсыну ретін, мөлшерін, сөйлеу әдебін сақтау өте маңызды.

Бүгінгі күннің талабы бойынша инновациялық әдістер студенттердің шығармашылық ізденістеріне бастамашылдық ететін, жетекші және білім беруші болып табылатын оқытушы ролін де өзгертті.

Оқытудың инновациялық ғылыми негізі - қазіргі білім жүйесін онсыз елестете алмайтын негіз болып табылады. Дәл осы меңгерген студенттің білімі бітіруші түлекке қоғамның әлеуметтік және мәдени стандарттарын бойына сіңіріп, кәсіби және тұлғалық танымдарын арттырған маман ретінде қарауға болады. Сапалы білім берудің нәтижесі сауатты және белгілі бір кәсіпке жақындау ғана емес сонымен қатар мәдениет пен адамгершіліктің үйлесімі, өз бетінше ой қалыптастыру, шешім қабылдау, болашақта өздігінше жұмыс жасау, оқу және білімін жетілдіріп отыру дағдыларын қалыптастыру. Сондықтан осы аталғандардан бүгінгі күнгі білім берудің негізгі көзқарастары қалыптасады.

Жоғарыда айтылғандай, инновация - бұл білімді, ғылым мен өндірісті, экономикаға сай білімді үйлестірудің тікелей жолы. Сондықтан білім берудегі инновация барлық аспектілерде: ұйымдастырушылық, әдістемелік, қолданбалы түрде білім берудің сапасын арттырудың негізгі құралы деп қарауымыз шарт.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 17 қаңтар 2014 жыл//веб-сайта strategy2050.kz «www.strategy2050.kz».
2. «Инновации в образовании» арнайы мамандандырылған білім порталы материалдары бойынша // <http://sinncom.ru>
3. «Эйдос» интернет-журнал материалдары бойынша // <http://www.eidos.ru/journal>
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері //Білім, 2008.

Бейсенов Б.Қ., Игисенова А.Р.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ДІНТАНУДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ПАРАДИГМАСЫ

Дінтану пәнін білім беру жүйесінде оқыту әлемдік және ұлттық мәдениеттің озық жетістіктерін үйрену мен жас ұрпақтың дүниетанымдық бағыт-бағдарын айқындауда, тұлғаның рухани бітім-болмысын қалыптастыруда өзіндік үлес қосары анық. Дінтану пәні жас жеткіншектердің әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндердің адамзат өркениетінде алатын орны мен атқарар ролін, діндердің қоғамдық өмірге тигізер ықпал әсерін, діни дүниетанымның құрылымы мен ерекшелігін, қоғамдық сананың мәңгілік формасы ретіндегі діннің атқарар қызметін игеруге және түсінуге мүмкіндік береді. Дінтану пәнін оқытуда діннің пайда болуы және дамуы, қызмет ету заңдылықтарын, адамзат тарихында діннің алуан түрлі феномендерінің көрінуін, діни мәдениеттің басқа салалары мен өзара байланысы мен өзара ықпал әсерін, діндердің рухани әлеуетімен құндылықтарын, ортақ ұстанымдарын және айырмашылықтарын үйрету, діни төзімділік пен келісім қағидаттарын ұрпақтың санасына рационалды түрде сіңіру жауапкершілікпен атқарылуы тиіс.

Дінді оқыту адам, қоғам, дүние туралы дүниетанымдық және философиялық сұрақтарға жауап іздеу болып келетіні даусыз. Білім берудің зайырлы жүйесінде дінтану пәнін оқыту қоғамда гуманистік және адамгершілік негіздерді қамтамасыз етуге көмектеседі. Жас жеткіншектерге білім беру мен тәрбиелеуде дінтану пәнінің мүмкіндіктерін іске асыру тәсілдерін, әдістерін құралдарын айқындау үшін әдістемелік және педагогикалық моделдерді іске асыру қажет. Білім беру мазмұнында дінтану пәнін оқытуда зайырлылық қағидаты әдістемелік негіз болу керек. Бүгінде әлем елдерінің басым көпшілігінде мемлекеттік мектептер зайырлы мәртебеге ие. Зайырлылықтың тарихына үңілсек, 1789-99 жылдағы Француз төңкерісінен соң шіркеу мен мемлекет бөлінді. XIX ғасырдың екінші жартысында Еуропа және Америка елдерінде зайырлылық идеясы кеңінен қолдау тапты. 1882 жылы Францияда балаларды діни оқыту міндеттілігі алынып тасталды. Дінтану ғылымы батыс Еуропада XIX ғасырдың ортасында қалыптаса бастады. Батыс еуропада теология университеттік білім беру дәстүрінде ортағасырда

орныққан.1897 жылы Стокгольмде дінтанушылар конгресі, ал 1900 жылы Парижде дін тарихшыларының конгресі өтті.

Бұрынғы кеңес одағында зайырлылық жүйесі 1918 жылы Халық комиссарлары кеңесінің «шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуі туралы» декретінде бекітілген еді. 1922 жылы БКП-ның Орталық комитеті жанынан дінге қарсы орталық ашылып, оны Бас саяси басқарманың алтыншы бөлімі қадағалады. 1922 жылы «Ғылым және дін» газеті жарыққа шықты. 1925 жылы Құдайсыздар қоғамы құрылды.1954 жылы КОКП-ның ғылыми-атеистік насихатты күшейту туралы қаулысы шықты. Кеңестік заманда коммунистік идеология жастарда атейстік сана қалыптастыру үшін жоғары оқу орындарында «Ғылыми атеизм» пәнін оқытты. 1959 жылы ММУ -нің философия факультетінде діндер және атеизм тарихы мен теориясы кафедрасы ашылды.1960-70 жылдары жоғары және арнаулы орта білім беру орындарында ғылыми атеизм кафедралары құрылды.1964 жылы КОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар Академиясында ғылыми атеизм институты ашылды. КСРО білім беру жүйесінде жоғары аттестациялық комитеті ғылыми атеизм және діндер тарихы мамандығын бекітілді. Ғылыми атеизм және діндер тарихы мен теориясы бойынша ғылыми мақалалар КОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар Академиясының «Вопросы научного атеизма», КСРО ҒА тарих институтының «Вопросы истории религии и атеизма» басылымдары және «Наука и жизнь», «Наука и религия» журналдарында жарық көрді. Кеңестік замандағы ғылыми ізденістер дінтанудың теориялық мәселелері, діннің әлеуметтік қызметі мен рөлі,діннің танымдық тамырлары,еркін ой, дін философиясы,дін социологиясы мен психологиясы, атеистік тәрбие мен атеистік үгіт-насихат жүргізу әдістерін қамтыды. КСРО-ның мерзімді баспасөз беттерінде атеизм бұрышы тұрақты айдары болды. 1996 жылы ММУ-де дінтану мамандығы ашылды. Бүгінде Ресейдің 40-қа жуық білім беру орындары мен ғылыми орталықтарында дінтану бөлімшелері жұмыс жасайды. 2006 жылы Ресейде дінтану оқытушыларының қауымдастығы құрылды. Елімізде 1991 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ –Түрік халықаралық университетінде дінтану мамандығы, 1999 жылы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің философия және ғылым методологиясы кафедрасы негізінде дінтану мамандығы ашылды. ҚазҰУ-де дінтану сериясы бойынша ғылыми басылым жарық көреді. Заман талабына сай жоғары білікті мамандар дайындау мақсатына сай дін социологиясы,дін психологиясы, діндер тарихы мен философиясы кафедраларын ашқан жөн. 2000 жылдары Шымкент қаласында Қазақ-Кувейт және Қазақ-Араб университеттерінде дінтану бөлімдері ашылған болатын. 2003 жылы Нұр-Мұбарак Мысыр ислам мәдениеті университетінде дінтану мамандығы ашылды. Қазіргі кезде дінтанушылар Еуразия Ұлттық университетінде, Қарағанды мемлекеттік университетінде, Шет тілдері және іскерлік карьера университетінде даярлануда.Еліміздің исламтанушы мамандары мен имамдары білім алған оқу орындары -Бұхарадағы Мир-араб медресесі,имам Бұхари атындағы Ташкент ислам университеті, Нұр-Мұбарак Мысыр ислам мәдениеті университеті, әл-Азхар университеті, Түркия, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Йемен, Ливия университеттері мен еліміздегі медреселер. Шет елдерде діни білім алғандар үшін еліміздің оқу орындарында екінші білім алғандары жөн.

Мемлекетімізде зайырлылық қағидаты 1995 жылы қабылданған Ата Заңымызда және 2011 жылғы діни қызмет туралы заңда бекітілген. Зайырлылық қағидаты азаматтың, халықтың, мәдениеттің және қазіргі білім берудің ұстанымы болу керек. Руханилық бұл болашақ ұрпақтың үйлесімді дамуының кепілі болуы керек. Сондай-ақ ол халықтың руханиятымен тығыз байланысты. Парасаттылық, имандылық, дәстүр, тіл, дін, діл, отансүйгіштік бүгінгі білім берудің негізгі ұстанымы. Зайырлылық - ар-ождан бостандығы және төзімділік сынды ұғымдармен тығыз байланысты. Зайырлылық қағидаты дүниетанымдық, ұлтаралық және дінаралық төзімділік мәдениетінің тұғыры. Қазіргі мектепте рухани-адамгершілік тәрбие ісі білім беру жүйесін ізгілендірумен байланысты. Дін туралы білім бұл дін тарихы, діни сенімдер мен ілімдер жүйесі туралы білім беру болып табылады. Дінтану жастардың діни санасын дәстүрлі негізде қалыптастыру және бірегейлендіру жолына қызмет етуі тиіс. Дінтану жастардың аналитикалық және синтетикалық қабілетін қалыптастырып,дәстүрден тыс және радикалды ағымдарға қатысты сыни ойлауға дағдыландыруы қажет.

Бүгінгі білімді азамат дін мен оның құндылықтары туралы білуі тиіс. Дінтану адам және қоғам туралы ғылымдармен тығыз бойланысты. Дінтану пәнін оқытуда дінді ғылыми тұрғыда түсіндіруге мән берілуі керек. Дін туралы ғылыми білім діннің шығуы мен дамуы туралы объективті білім береді. Дінтану бөлімдері дін тарихы,дін философиясы, діни философия,дін социологиясы, дін психологиясы,дін антропологиясы,дін феноменологиясы. Оқу-тәрбие үдерісінде дінтануды оқыту адам және қоғам туралы білімді ұлғайтып, ұлттық сана мен азаматтық сананы қалыптастыруға, салауатты өмір салтын ұстануға және төзімділікке үйретеді. Дінтанулық білім беруге қатысты ана тіліміздегі әдебиеттер мен оқулықтар мәселесі де өзекті. Сапалы және зайырлы қоғам мәдениетіне сай діни кітаптар шығару маңызды. Елімізде 2007 жылы қантарда дінтану сараптамасын жүргізу ережесі қабылданды. Ресейде православ мәдениетінің негіздері,ислам мәдениетінің негіздері,будда мәдениетінің негіздері,зайырлы этика негіздері сынды пәндер мектептерге енгізілуде. 2011 жылдан Ресейде шіркеулер арқылы таратылатын кітаптар мен басылымдарына ОПШ Баспа кеңесінің арнайы грифі беріледі. Сараптамаға коллегиялы негізде шешім шығарылады. Коллегия мүшелері қатарында-теолог, дінтанушы, тарихшы, киносыншы сынды мамандар бар. Қасиетті Синод шешімімен 2010 жылдан бірінші рет православиялық кітап күні аталып өтеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде Дарвинизмнің эволюциялық ілімі сақталғанын есепке алсақ, теологиялық, креационизм және эсхатологиялық, сотериологиялық түсініктерді талдап түсіндіруде өзіндік қиындықтар

тудыратыны даусыз. Дінтанушы мамандардың жетіспеушілігінен туындаған жағдайға байланысты дінтану пәнін оқытатын тарихшылар, географтар және т.б. сынды мамандар діндер тарихын білуімен қатар, мемлекет пен дін қатынасы, діндердің сенімдік ілімін (теологиясын), діни ахлақ және құндылықтарын жан-жақты білуі жөн. Сондықтан, дінтану пәнін оқытатын мектеп және ЖОО оқытушылары үшін арнайы ұйымдастырылатын білімді жетілдіруші курстар мен семинарлар, жазғы университеттер ұйымдастырылуы және оқытушыларға біліктілік жөнінде құжат беру уақыт талабы.

Дінтану пәнін оқытуда ең маңызды іс бұл оқулық және пәннің бағдарламасын дайындау. Дінтану пәнінің типтік бағдарламасын және дінтанулық оқулықтар мен оқу-құралдарын бір ізді негізде еліміздің мектептерінде жүйелі түрде енгізілуін және оқыту әдістемесін бір әдістемеге келтірілуі қадағалануы тиіс.

Дінтану оқыту әдістемесін жүйелеп жетілдіру үшін белгілі дінтанушы ғалымдар мен мамандар қатысатын республикалық деңгейдегі конференциялар еліміздің ірі қалалары мен аймақтарда өткізілуі тиіс. Елімізде дінтану саласында жиналған тәжірибені кең түрде қолдану білім беру сапасын жетілдірумен қатар, дінтану пәнінің ұстаздары үшін оқу-әдістемелік көмек болар еді. Үйретуші семинарлар мен конференциялар дінтану пәнінің ұстаздары үшін білім мен тәжірибе алмасу бағытында жасалған маңызды қадам осындай іс-шараларда дінтану пәнінің мақсаты мен міндеттері, дінтану пәнінің құрылымы, зерттеу әдістері, ұғымдарымен терминдері, баяндау қағидаттары, дінтанудың негізгі теориялары, діннің құрылымы және элементтері, діннің қызметімен рөлі, мәдениет жүйесіндегі діннің рөлі туралы жан-жақты білім беру іске асырылады.

Дінтану – діндер туралы ілім болғандықтан діннің шығуы, мәні және дамуы, діни ілімдер, ғибадаттар және олардың ерекшелігі туралы кешенді білім. Сондықтан дінтануды оқытуды негізгі ұстаным діндер туралы толыққанды ғылыми негізделген тұжырымдар мен әлемдік дінтану саласындағы жетістіктермен нәтижелер баяндалуы тиіс. Яғни пәнді қарастыруда нақты-тарихилық және объективтілік басты өлшем. Оқытушының діни нанымы мен дүниетанымдық ұстанымы негізге алынбауы тиіс.

Дінтану пәнінің ұстаздары кәсіби білікті педагогтар болу керек. Дінтану пәнін оқу, тәрбие үдерісінде қолданудың әдістемелік ыңғайларын толық игеру үшін дінтану пәнін жүргізетін ұстаздар діни білімін көтеру қажет. Дінтану саласы бойынша маман ұстаздардың жетіспеушілігі алғашқы жылдары білім беру жүйесінде біраз мәселелер тудыруы мүмкін, сондықтан дінтану пәнінің ұстаздарының кәсіби және мәдени дайындық деңгейін көтеру үшін арнайы кәсіби біліктілікті көтеруші курстар ұйымдастыру керек. Кәсіби дінтанушыларды дайындауда ең маңызды мәселе әлемдік діндердің тарихы және діндер теориясы бойынша терең білім қалыптастыратын және дінтану пәнін оқытудың әдістемесін бүгінгі білім беру жүйесінің заманауи жетістіктерін тиімді қолданатын оқу бағдарламаларын жасау қажет. Дінтану пәнінің ұстазы қазіргі ғылым мен діндер негіздері жөніндегі терең білімін үйлесімді үйлестіре білетін білікті маман болуы қажет. Осыған байланысты дінтанушы мамандарды дайындауда төмендегідей мәселелерге көңіл аудару қажет: дінтану пәнін оқытуда зайырлылық қағидатын әдістемелік негіз ретінде ұстану; әлемдік және дәстүрлі діндер туралы мәдениеттанулық, тарихи, философиялық білімдерді болашақ тұлғаның рухани адамгершілік тұрғыда қалыптасуындағы рөлін ұғыну; білім беру мазмұнындағы дінтану пәнінің мақсаты мен міндеттерін және дінтанудың негізгі теориялық әдістерін білу; дінтану пәні мен діни құндылықтарды оқытуды білім беру және тәрбие берумен ұштастыра білу; дінтану пәнін оқытуды инновациялық технологиялар негізінде іске асыру; ұстаздардың дінтану пәнін ғылыми-теориялық, мәдениеттанулық, педагогикалық негізде қарастырудағы педагогикалық шеберлігін көтеру жүйесін айқындау қажет. Сондықтан ұстаздардың білімі мен біліктілік, әдістемелік деңгейін көтеру үшін қалалық, аудандық, аймақтық әдістемелік кеңестер, орталықтар, бірлестіктердің жұмысы маңызды болып табылады.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде, нашақорлыққа, маскүнемдікке, шылымқорлыққа, әдепсіздікке қарсы тұратын жолдар мен тәсілдерді іздеуде діндердің рухани құндылықтарына (имандылық, ибалылық, инабаттылық, діни төзімділік, отансүйгіштік, мейірімділік, бейбітшілік мәдениеті және т.б.) назар аудару керек. Саламатты өмір салтын ұстану және діни фанатизм мен соқыр еліктеушілікке қарсы тұратын қалқан болатын діни мәдениет пен діни сана қалыптастыру үшін дінтану зайырлы тұрғыда берілуі керек. Елімізде ұлттаралық келісім, діни төзімділік мәдениеті мен өзара құрмет қағидаты орныққан. Дін адамның рухани әлеміне тыныштық беріп, адамның абыройы мен ар-намысын асқақтатады. Әрбір адамның жан-дүниесіндегі келісім мен ішкі мәдениет бұл адамаралық қарым-қатынастағы түсіністіктің шарты. Әрбір адам парасатты және рухани дүниесі бай, рухы мықты болғанда ғана зұлымдық пен зорлыққа қарсы тұра алады. Сол себептен адам жанын тәрбиелеу және оның дүниетанымын қалыптастыру үшін әлемдік және дәстүрлі діндердің рухани құндылықтарын тиімді қолдану маңызды болып саналады.

Бүгінгі күнде еліміз үшін бейбітшілік пен келісімді сақтау маңызды. Сондықтан да жастар Қазақстанда тұратын ұлыстардың дәстүрін, мәдениетін, діни сенімі туралы хабардар болу керек. Өйткені, дін кез-келген халқының ұлттық сана-сезімі мен мәдениетінің ерекшелігін ашатын фактор. Дінтану пәні жеткіншектерді отансүйгіштік, төзімділік рухында тәрбиелеп, әлемдік діндердің құндылықтарына оң көзқарас қалыптастыруы тиіс. Дінтану пәні ұлттаралық қарым-қатынас мәдениетіне және жауапкершілікке, отансүйгіштікке, мәдениеттер үнқатысуына, ұлыстардың ерекшелігін түсіну мен сыйлауға, өзге діндегілерге құрметпен қарауға, діндердің құндылықтық негіздерін үйретуі тиіс. Еліміздің білім беру жүйесінде дінтану пәнін оқыту енді ғана басталғандықтан, бұл білім беру жүйесі үшін өте өзекті болып табылады.

Кеңестік атеистік кезеңде және одан кейінгі жылдары дінді оқыту білім беру саласынан алып тасталған еді. Ал қазіргі кезде дінтану пәні оқушыларға рухани адамгершілік тәрбие берудің қайнар көздерінің бірі болып отыр. Дінтану пәні діндер тарихы мен теориясы, сондай-ақ мәдени адамгершілік, дүниетанымдық, этномәдени, әлеуметтік құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықпен беруші және адамның өзіне, қоршаған ортасына және қатынасын қалыптастырушы, кешенді пән ретінде оқушыларды гуманизмге, руханилыққа, зайырлылық пен отансүйгіштікке тәрбиелейді.

Дінтану пәнін оқытуда еліміздің Ата Заңының баптары және ар-ождан бостандығы сақталуы тиіс. Дінтануды оқытуда діннің рухани мәдениеттің дамуы аясындағы орны, мәдениеттің феномені ретіндегі діннің ерекшелігін, діни мәдениет ұғымын ашу және ұлттық руханияттағы діннің рөлін көрсетуде маңызды.

Адам өмірінің мәні мен мақсаты, ажал және ажалсыздық, жан мен тән арақатынасы, адам болмысы мен тіршілік сынды дүниетанымдық мәселелерді талдау дінтану пәнінің оқытатын ұстаздар үшін философиялық ойлау мәдениеттің тереңдігін талап етеді. Дінтану пәнінде оқушылар адамзат мәдениетінде жинақталған адам, қоғам, әлем жөніндегі діни және діни емес дүниетанымның ерекшелігі туралы хабардар болуы тиіс.

Зайырлы мәдениет және діни мәдениет ерекшелігін және жалпы адамзаттық құндылықтардың артықтығын, яғни діни және діни емес дүниетаным түсініктерінің біріктіруші және сұхбаттастық негіздерін төзімділікпен түсіндіру. Дінтануды оқыту мазмұны мен әдістемесі зайырлылық пен төзімділік қағидаттары, ар-ождан, діни сенім бостандығы және ой-еркіндігі сынды еліміздің және халықаралық құқықтық құжаттар талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Зайырлы мемлекетте дінтану негіздерін оқытуда діндердің ортақ құндылықтары мен діни ұстанымдарын салыстырмалы тұрғыда түсіндіру маңызды. Білім берудің зайырлы жүйесінде дінтану пәнінің оқыту мақсаты мен міндеті жастар дүниетанымында төзімділік пен зайырлы мәдениеттік ұстанымды гуманистік және рухани - адамгершілік негіздерді қалыптастыру болып табылады. Дінтанулық білім беру мазмұнында зайырлы мәдениет пен зайырлылық қағидаты оқытудың басты әдістемелік негізі болу керек.

Бекболатұлы Ж.

БІЛІМНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ МОДЕРНДЕУ ҮРДІСІ

Әлемде ақпарат пен білімнен басқа ресурстардың барлығы шектеулі екендігі белгілі. Өйткені, ақпарат пен білім қоры уақыт өткен сайын молайып, өсе түседі. Білім мен ғылымның дамуына қажетті алғышарт-оны жаңғыртып отыру, жаңа сапалық дәрежеге көтеріп, модерндеу. Білімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің түрлі жолдары мен әдістері бар, бірақ солардың ішіндегі маңыздысы осы жаңғырту, модерндеу болып табылады, дер едім.

Мысал үшін отандық нарыққа баспагерлер, редакторлар, дизайнерлер даярлап келе жатқан журналистика факультетінің баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасын алайық. Кафедраның негізі 1976 жылы журналистика факультетінің журналистік шеберлік және әдеби редакциялау мәселелерін талдап шешумен айналысатын бірегей ғылыми-зерттеу бөлімшесі ретінде қаланды. Кеңестер одағы жоғары оқу орындары ішінде Қазақ университетінің журналистика факультетінде ашылған журналистік шеберлік кафедрасы болашақ мамандарды жан-жақты даярлауға мүмкіндік берді. Кафедраның алғашқы меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Тауман Салықбайұлы Амандосов болатын. Қазақ көсемсөзінің осынау талантты зерттеушісінің идеялары негізінде ғылыми мектеп өмірге келді.

Бүгінде кафедраның дамыған ақпараттық-техникалық базасы, жеткілікті аудиториялық қоры бар. Қазіргі заманғы компьютерлік сынып, баспагерлік-дизайнерлік кешен, әлемдік Интернет желісі жұмыс істейді, әр үш ай сайын толықтырылып отыратын университеттің бай библиографиялық кешені қызмет көрсетеді. Факультет пен кафедра базасында мамандардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөніндегі семинарлар өткізіліп, кәсіби техникалық және шығармашылық бағыттар бойынша ғылыми жұмыстар жүргізілуде, кафедра оқытушылары мен студенттері ғылыми жұмыстарының жинақтары шығуда.

Республикамыздың баспа, баспахана және бұқаралық ақпарат құралдары саласы үшін заманауи технологияларды игерген, бойында қаламгерлік қабілеті бар, кәсіби құзыреттілігі жоғары, білікті баспагер-редактор кадрларды «Баспа ісі» мамандығы бойынша кадрлар 1998 жылдан «бакалавриат», ал 2008 жылдан «магистратура» деңгейлерінде даярлап келеді. Осы уақыт ішінде аталған жоғары оқу орнында ғылыми-зерттеу жұмыстары жолға қойылып, зияткерлік әлеует пен материалдық-техникалық негіз қаланды, салалық оқулық, оқу-әдістемелік құралдар өмірге келді. Қазіргі таңда баспа ісі мамандығы әлемдегі дамыған елдер жоғары оқу орындарында оқытылатын, сұранысқа ие мамандықтардың бірі. Бұл мамандық сондай – ақ Тәуелсіз мемлекеттер достастығында, соның ішінде Қазақстанда да көпшілік назарында болып келеді. Аталған кезең ішінде заманауи ғылыми-әдістемелік әлеует жасақталды [1].

Бұл мамандықтың негізі редакторлық шығармашылықта, жазу өнерінде болғандықтан, бұған дейін Қазақстан Республикасының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары Сыныптамасында «Өнер» бағытына енген. Өзі жаза алмайтын, шығармашылық әлеуеті төмен адам өзгенің жазғанын түзете алмайды, демек редактор бола алмайды, сол себептен де талапкерлер оқуға екі турдан тұратын шығармашылық емтихан арқылы

қабылданады. Бұл - заманның өзі талап еткен қажеттілік еді. Баспагерлік өнерге баулитын оқу орындарына жазу қабілеті бар, редакторлыққа бейімді талапкерлер қабылданғалы бері бұл салада сапалы маман даярлау ісі де алға басты.

«Баспагерлік-редакторлықтың шығармашылық мамандық екендігін басшылыққа алу керек» деген жұмыс берушілердің, студенттердің, магистранттардың, оқытушылардың талап- тілегінен кейін бейіндік кафедраның атауы да өзгертіліп, «Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы» деп аталды.

Бұл, біздің пікірімізше, кафедра бағытын жаңғыртуға жасалған қадам болды. Алайда, ілгерілеуге ұмтылыстың бүгінде бюрократиялық кедергілерге тап болуы жасырын емес. Соның ең бастысы - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары Сыныптамасында «баспа ісі» мамандығының инженерлік мамандықтар тобына жатқызылуы. Бұл-қазіргі білімді басқарудағы үлкен олқылық болып табылады. Оның түп төркіні-енжарлық пен білімсіздіктен туындап отыр. Баспагерліктің шығармашылық кәсіп екендігін екінің бірі біледі. Болашақ басылымның атауынан бастап, соңғы нүктесіне дейін алдан ала ойластыратын, саралайтын, редакциялайтын және оның дизайны да оқырман талабына жауап бере алатындай деңгейде болуын қадағалайтын жан-жақты қабілетті де құзыретті баспагер маман. Ал, баспагер - кітаптың техникалық пішіміне, басылуына, түптелуіне, қапталуына, көбейтілуіне, таратылуына тікелей жауап беретін техникалық сала маманы емес.

Әлемдік тәжірибеде баспагерлер байлық жөнінен алдыңғы орындарды иеленсе де, біздің елімізде табысы мол осынау кәсіп туралы оң пікір қалыптаспай отыр. Мұның басты себебі - мемлекетіміздің де, қарапайым халықтың да мамандық туралы түсінігіне қатысты, өйткені олар «Баспа ісі» мамандығы арқылы материалдық игілікке қол жеткізетінін де әрі рухани байлыққа кенелетінін де әлі сезіне алмай келеді. Ең алдымен бұл мамандыққа мемлекеттік мүдде, ұлттық мұрат тұрғысынан қарап, баспагер-редакторлар өндірістік-өнеркәсіптік техника саласының емес, шығармашылық саланың маманы екендігіне баса көңіл бөлу керек. Баспагер-редакторлар - баспа редакциясында дайындаған басылымдар арқылы қоғамдық сананы қалыптастырушылар әрі ұлттық идеологияны жүргізушілер, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қорғаушылар.

Сондықтан да, бірінші проблема әрі ұсыныс - жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, жаңа Сыныптама жобасындағы «Баспа ісі» мамандығын «Инженерлік мамандықтар» қатарынан алып, қайтадан «Өнер» бағытына жатқызу қажет.

Келесі бір мәселе. Журналистика факультетінің баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының және Қазақстан баспагерлері, полиграфистері мен кітап таратушылары Ассоциациясының ұйымдастыруымен қыркүйектің алғашқы аптасында өткен «Мамандыққа қамқорлық қажет» тақырыбындағы Дөңгелек үстел жұмысына қатысушылар республика кітап нарығы талаптары мен даму бағдарын ескере отырып, еліміздің Білім және ғылым министрлігіне Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары Сыныптамасындағы Қазақстан Республикасы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының 2016 жылғы жобасына қатысты ұсыныс жасады. Аталған жобада мамандықтардың бірқатары бір-біріне қосылып, біразы тізімнен алынып тасталған. Сыныптамаға енбеген мамандықтар қатарында «Баспа ісі» және «Дизайн» мамандықтары да бар.

Аталған «баспа ісі» және «дизайн» мамандықтарының жоғарыдағы тізімнен алынып тасталуына байланысты осы кәсіпті таңдаған талапкерлер болашақта бұл бағыттағы білімді көршілес елдерден, атап айтқанда Ресейден алатыны түсінікті. Өзге де әлеуметтік-гуманитарлық және өнер бағытындағы мамандықтар сияқты «баспа ісі» мен «дизайн» мамандығы да ұлттың ділі мен тілін, менталитетін қалыптастыратындықтан, сыныптаманың жаңа жобасында «баспа ісі» және «дизайн» мамандықтарын бакалавриатта, магистратурада, докторантурада қалдыру, қажет делінген болатын Қазақстан баспагерлері, полиграфистері мен кітап таратушылары Ассоциациясы мүшелерінің мәлімдемесінде.

Жаңа мамандықтар ашу туралы. Биылғы жылы «Баспа ісі» мамандығы бойынша оқитын екінші курс студенттеріне арналып «Әдеби агенттіктер мен агенттер» атты жаңа пән енгізіліп отыр. Бұл – ТМД елдері білім кеңістігінде тұңғыш қолға алынып отырған бастама. Пән әдістемелік қамту, оқу жоспарлары мен бағыттарын түзу, оқу құралдарын жазу қолға алынды. Әдеби агенттіктер Батыста кең таралған кәсіпкерлік-шығармашылық институт болып табылады, осы бағыт мамандар даярланады. Сондықтан да біздің елімізде де аталған «Әдеби агенттіктер мен агенттер» мамандығын Білім және ғылым министрлігіне Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары Сыныптамасына енгізу мәселесін күн тәртібіне енгізудің қажеттігі дау туғызбайды.

Енді шетелдік университеттердің іс-тәжірибесіне үңілейік. Осы жолдардың авторы Польша Республикасында 2012-2013 жылдары ғылыми тағылымдамада болғанда осы елдің жоғары оқу орындарының тәжірибесімен жете танысып, отандық бұқаралық баспасөз беттерінде мақалалар жариялаған, ғылыми басқосуларда сөйлеген болатын. Соларға кезек берелік [2].

Польшаның іргелі жоғары оқу орындарының бірі – Адам Мицкевич атындағы Познань университетінің осы жолдардың авторы- ғылыми тәлімгерге бергені мол, үйреткен, көңілге тоқытқан тұстары көп болды. Университеттің 15 факультетінде бүгінде 47 мыңнан астам студент оқиды. Университеттің маңдайалды факультеттерінің бірі саяси ғылымдар және журналистика факультеті журналистика, саясаттану, халықаралық қатынастар мамандықтары бойынша кадрлар даярлайды. Оқу ордасында 90-нан астам оқытушы, соның ішінде 31 доктор мен профессор жұмыс істейді. Сондай-ақ өзге факультеттерден, Познаньның өзге жоғары оқу орындарынан

ғалымдар мен кәсіптік орта өкілдері сабақ беруге шақырылады. Практиктер арасында белгілі журналистер, жарнама агенттіктерінің мамандары мен баспасөз хатшылары жетерлік. «Журналистика, ақпарат және қоғамдық байланыстар саласындағы коммуникация» мамандағында өндірістік сабақтар көп. Студенттер интернет-радио мен теледидар хабарларын жүргізеді, қоғамдық теледидар үшін апта сайын 15 минуттық бағдарлама әзірлейді. Оқуды тәмамдау үшін редакциялардағы 6 апталық практикадан кейін міндетті түрде сынақша тапсыру керек болады.

Польша тәжірибесі оңаша ойларға жетелейді. Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары үшін журналист кадрлар даярлау мәселесі қашан да ғылыми және қоғамдық пікірдің күн тәртібінен түскен емес. Оның себебі түсінікті де: республика БАҚ индустриясы әлеуметтік институт және экономика саласы ретінде толықтай қалыптасқан соңғы жарты ғасыр беделінде ақпараттық технологиялардың шапшаң дамуы дәстүрлі журналистикаға деген көзқарасты түбірінен өзгертті. «Айшылық алыс» жерлерден көзді ашып-жұмғанша хабар алғызатын Интернет бүгінде баспагер, тележүргізуші, газет қаламгері мамандықтарының мазмұнын жаңа үрдістермен байытты. Оскар сыйлығын иеленген «Мәскеу көз жасына сенбейді» фильмінің кейіпкері, телеоператор Родионның сөзіне құлақ түрсек, бір кездері «дүниенің бәрі тек теледидардан тұрып, кітаптың да, газет-журналдың да күні батады» деген пікір үстем болған. Бірақ, қазір баспа өнімдерінің көгілдір экранмен тайталаспай, бейбіт өмір сүріп жатқанына куәміз. Сонымен, теледидар тудырған пікір толқыны тарих жағалауына жетіп, еңтігін басты.

Ғаламды өрмешінің торындай шырмаған Интернет дәурені туғалы «енді кітап атаулы келмеске кетеді, жұрт бірыңғай әлеуметтік желіге көшеді» деген пікір әлемнің қай түкпірінде де желдей есіп жүр. Бұл жерде айтарымыз уәжіміз: бәрін де уақыт көрсетеді.

Осы айтылғандардан шығатын бір қорытынды: журналистік мамандық салалары жуық арада үлкен өзгерістерге ұшырай қоймайды. Бірақ, ақпаратты қабылдау, өңдеу, тарату мен жеткізу технологиясы жетілдіріліп, соны сипат иеленбек. Журналистиканың аудио-бейне-баспа құралдарының өзара кірігуінен туындап отырған конвергенттік журналистка мұның айқын айғағы.

Сонымен, журналистік білім сипатын өзгертіп отырған да нақ осы конвергенттену талаптары десек, қателеспейміз. Батыс елдерінде журналист кадрлар әлеуметтік коммуникация, коммуникология мамандануы бойынша даярланады. Бұған посткеңестік елдер тәжірибесі арқылы көз жеткізуге болады. Себебі, Батыс елдерінде журналистика факультеттері жоқ, олар Шығыс Еуропада сақталған. Дегенмен, бұл елдерде де мамандық өтпелі кезеңде тұр деп санауға болады. Мәселен, Чехия, Польша, Словакия сияқты елдердің университеттерінде журналистика бойынша білімді «Әлеуметтік коммуникация» кафедралары береді де, мұнда оқыған студенттер, «журналистика және қоғамдық қатынастар» мамандығын, сондай-ақ «журналистика», «қазіргі заманғы БАҚ», «жарнама және промоция», «бизнестегі ақпаратты басқару» кәсіптерін тандай алады.

Біз мұны білімді заман талаптарына ыңғайлаудың, жаңғыртудың нышаны ретінде бағалай аламыз. Осы үрдіс арқылы мамандықтың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі қамтамасыз етіліп отыр, деп те тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кафедра тарихы / Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. <http://kaznu.kz>
2. Польшадағы медиалық білім / «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы. <http://akikat.kazgazetta.kz>.
3. Қазақстандағы медиалық білім беру: бүгіні мен болашағы. «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы. <http://akikat.kazgazetta.kz>.
4. Журналистика факультеті – Польша: ұлы ақын атындағы университеттің бүгіні. <http://jurfak.kz>.
5. Польшалық ғалымдармен жүздесу. / «Ана тілі» ұлт газеті. <http://anatili.kazgazetta.kz>

Белисарова Ф.Б., Кабатаева Р.С., Алибаева А.Г.

**МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ СЕМИНАРОВ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «SCIENTIFIC WRITING» ДЛЯ
СТУДЕНТОВ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ 5B060400-ФИЗИКА И 5B060500-ЯДЕРНАЯ ФИЗИКА
(ИНДИВИДУАЛЬНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ТРАЕКТОРИЯ: ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ФИЗИКА)**

Дисциплина «Scientific Writing» является элективной и преподается в седьмом и пятом семестрах теоретического обучения объемом в 1 кредит для специальности Физика и Ядерная физика соответственно [1]. Пререквизитами дисциплины являются иностранный язык, научно-технический перевод, курсы общей физики, а также курсы теоретической физики для индивидуальной образовательной траектории «Теоретическая физика». Постреквизитами дисциплины являются педагогическая и преддипломная практики, участие в ежегодной студенческой научной конференции «Мир науки», чтение научных статей из высокорейтинговых научных журналов, предзащита и защита дипломной работы [2]. В связи с вышесказанным ясной оказывается цель дисциплины, которая заключается в выработке у студентов выпускного курса бакалавриата навыков представления результатов исследовательской работы в устной и письменной формах на иностранном (английском) языке. Необходимость изучения дисциплины обоснована тем, что студенты выпускного курса, изучив все необходимые для проведения исследовательской деятельности курсы теоретической физики и, освоив необходимое количество кредитов по иностранному языку, нуждаются в курсе, который синтезирует умения студентов проводить исследования и представлять их результаты в письменном и устном видах перед аудиторией на иностранном (английском) языке.

Схема проведения семинаров дисциплины.

На семинарах для достижения цели дисциплины перед студентами ставятся три задачи: чтение (Reading), писание (Writing) и говорение (Speaking). Скелет методики семинаров напоминает схему проведения международного экзамена по английскому языку IELTS (International English Language Testing System) [3], который помимо вышеперечисленных пунктов содержит еще и слушание (Listening). Такое совпадение неслучайно, поскольку одним из постреквизитов обсуждаемой дисциплины негласно является и дальнейшая сдача этого экзамена, то есть, по сути, на семинарах по Scientific Writing студенты знакомятся с процедурой проведения экзамена по английскому языку IELTS Academic. Сейчас нет необходимости в объяснении важности этого экзамена и выборе именно английского языка, а среди студентов обязательно найдутся и такие, которые уже сдали этот экзамен и набрали определенное количество баллов; в основном это студенты из групп с английским языком обучения, таким студентам рекомендуется усовершенствование навыков представления результатов их научного исследования перед аудиторией, а также сдача экзамена IELTS на более высокий балл. В связи с этим, в некоторой степени, нашей долгосрочной целью является подготовка студентов к сдаче экзамена IELTS и придание этому экзамену характер массовости, в том смысле, чтобы наши студенты, а далее будущие выпускники наших программ понимали суть и знали о необходимости наличия сертификата IELTS для конкурентоспособности на рынке труда, для дальнейшего обучения в магистратуре и докторантуре [4], как в Казахстане, так и зарубежом, для самосовершенствования и других целей.

Содержание курса разделено на три модуля, первый из них это чтение. На чтение предусмотрено от 3 до 5 семинаров, в зависимости от среднего уровня владения английским языком студентами группы. Во время таких семинаров студентам предоставляется возможность читать и разбирать научно-технические тексты, взятые из разной литературы, это могут быть как классические учебники по английскому языку, содержащие тематические специализированные тексты, так и специализированные научные статьи отечественных и зарубежных ученых. Выбор зависит от уровня владения английским языком студентами. Студентам рекомендуется разобрать эти тексты или статьи, при этом внимание студентов уделяется тому, как составляются предложения в техническом английском языке, как используются определенные термины и словосочетания, какие грамматические обороты употребляются и т.д. Таким образом, подход студента к каждому предложению при чтении должен быть «критическим», то есть студент должен ставить под сомнение каждое слово и словосочетание, найти их перевод в техническом словаре, изучить случаи их употребления и многое другое. Здесь расширяется словарный запас (vocabulary) студента по специализации. Студенты набирают опыт чтения литературы по специализации на английском языке. Если студенты успешно справляются с заданиями, то для закрепления им также даются тексты из части Reading IELTS.

Следующий модуль называется писание, на этот модуль тоже в среднем планируется до 5 семинаров. Студенты учатся писать эссе по рисункам, которые им раздаются преподавателем. За отведенное время студенты должны написать 2 типа эссе: первый тип эссе – это описание данных из таблиц, диаграмм, графиков, второй тип эссе – описание физических процессов. Картинки имеют небольшой описательный текст, для того, чтобы студент смог дальше развить эту тему и сочинить эссе. Картинки с данными берутся из различной научно-технической литературы и научных статей. Картинки с физическими процессами также берутся из книг и интернета, это, например, схема работы определенного физического или природного цикла, атомной или электростанции, либо, например, схема подъема воздушного шара в воздухе и многое другое. Рекомендуемое количество слов в эссе не менее 100. Таким образом, студенты учатся представлять данные на английском языке в письменном виде. Такие навыки будут необходимы студентам при написании отчетов по практикам, при написании тезисов для участия в конференциях и выпускной работы.

Таким образом, результаты первых двух модулей подводят студента к третьему модулю – говорению, который посвящен развитию навыков устного представления данных на английском языке перед целевой аудиторией. На семинарах студенты выступают перед группой с определенной темой, темы выбираются самими студентами. Иными словами студенты читают лекцию (give a lecture) на любую тему по специализации, в основном по общей теории относительности и теории ядра, поскольку они учатся на индивидуальной образовательной траектории по теоретической физике. Схема выступления тоже расчерчена таким образом, что студент должен суметь сформулировать свою проблему и цели, а также задачи, которые ставятся перед ним для достижения этих целей, студент делает свое заключение по лекции и дает некоторые сведения о дальнейших возможных перспективах развития исследуемого вопроса. После каждого выступления студента ведется небольшая дискуссия в виде вопросов от слушателей и ответов спикера. В среднем на одном семинаре выступают по 2 студента, в зависимости от количества студентов в группе. Этот модуль дает студентам возможность говорить на английском языке по тематике, что особо необходимо студентам для участия в конференциях, а также во время педагогической практики в школе и других видах деятельности во время дальнейшего обучения, а также будущей профессиональной деятельности.

Закключение. Таким образом, авторы считают, что именно такая методика проведения семинаров по дисциплине «Scientific Writing» является наиболее эффективной для подготовки студентов к таким видам обучения как

педагогическая и преддипломная практики, предзащита и защита дипломной работы, участие в научных конференциях, дальнейшая сдача экзамена по английскому языку для поступления в магистратуру и т.д. Поскольку в настоящее время наблюдается процесс интеграции образования, науки и бизнеса, то для конкурентоспособности молодых специалистов на рынке труда необходимым оказывается наличие у выпускников программ бакалавриата навыков описания и представления данных, особенно на иностранном (английском) языке. Атрибутом успеха на казахстанском и международном рынках труда является знание трех языков: казахского – государственного, русского – официального и английского – международного, что влечет за собой гибкость выпускников при адаптации в рабочей среде. Ввиду непрерывно меняющихся внешних условий и обстоятельств, связанных со всеобщей глобализацией и интеграцией различных сфер деятельности человека, а также необходимости устойчивого развития, когда насущной оказывается проблема удовлетворения потребностей настоящего, не ставя при этом под угрозу способность будущего поколения удовлетворять свои потребности, при обучении студентов и формировании у обучающихся профессиональных организаторских навыков и развитии их способностей, все более определяющую роль играют такие составляющие образовательных программ как планирование, организация и проведение деятельности, а также прогнозирование, анализирование, представление информации и данных и многое другое. В связи с вышесказанным, в учебных планах образовательных программ бакалавриата, помимо обязательных общих и специальных курсов по специальности обучения, присутствуют такие дисциплины как философия, иностранный язык, педагогика и психология, а также ясной оказывается и актуальность дисциплины «Scientific Writing», которая более широко раскрывается в магистратуре под названием дисциплины «Организация и планирование научных исследований» на английском языке для научно-педагогических специальностей 6М060400-Физика и 6М060500-Ядерная физика [5].

Список литературы:

1. Основной учебный план специальностей бакалавриата 5В060400-Физика, 5В060500-Ядерная физика, КазНУ им. аль-Фараби, 2016.
2. Каталог элективных дисциплин для специальностей бакалавриата 5В060400-Физика, 5В060500-Ядерная физика, КазНУ им. аль-Фараби, 2016.
3. <https://www.britishcouncil.kz>.
4. Мутанов Г. Академическая политика. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 369 с.
5. Белисарова Ф.Б., Жаксыбекова К.А., Кабатаева Р.С. О методике проведения семинарских занятий по дисциплине «Организация и планирование научных исследований» для магистрантов научно-педагогических специальностей на физико-техническом факультете КазНУ им. аль-Фараби // Материалы 46-й научно-методической конференции «Модернизация образовательных программ: аккредитация и гарантия качества подготовки кадров». Книга 3, Алматы, 2016. – С. 35-38.

Бердібаева С.Қ., Кабакова М.П., Гарбер А.И., Байжұманова Б.Ш., Құнанбаева М.Н.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУ НЕГІЗІНДЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБІ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ «ЭМОЦИЯЛЫҚ ЖАНУДЫ» ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Мұғалімдердің эмоциялық күйзелістері жайлы зерттеулердің маңыздылығының артуы мұғалім тұлғасына деген қоғамдық талаптардың өсуімен тікелей байланысты, әрі мұғалім мамандығы өте жоғарғы деңгейдегі әлеуметтік маңыздылыққа ие. Мұғалімдердегі эмпатияның қатты көрінуі, бірге қайғыруға деген қабілеттілік мұғалімнің ең маңызды кәсіби сапаларының бірі болып табылады. Алайда кәсіби іс-әрекеттегі эмоцияның практикалық рөлі керісінше қайшылықты жағдайда бағаланады.

Мұғалімдерді әдетте мүмкін болатын, міндетті түрде болатын эмоциялық жүктемелердің шамадан асатын жағдайына дайындамайды, соған қатысты педагог мамандығында міндетті түрде болатын эмоциялық қиындықтарды жеңуге қажетті мақсатты бағытталған жеке бастық сапалар мен ептіліктерді, сәйкес білімдерді қалыптастырмайды.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық мамандық ең үлкен дәрежемен «эмоциялық күйзелістің» әсеріне көп түседі екен. Бұл жағдай педагогтың кәсіби еңбегі өте жоғарғы эмоциялық жүктемеге ие болуымен байланыстырылады.

Негізінен эмоциялық күйзеліс, эмоциялық жанып кету өзінің дамуының басында-ақ ерекше қауіпті болады, себебі «жанып кететін» мұғалім оның симптомдарын байқамайды, осы кездегі өзгерістеді сырттан тез көруге болады.

Өткен ғасырдың 70-жылдары көптеген зерттеушілер келесі мәліметтерге қатты көңіл бөлді, коммуникативті іс-әрекетпен байланысты жұмыс жасайтын адамдарда (педагогтар, дәрігерлер, психологтар, менеджерлер, әлеуметтік сфера қызметкерлері) эмоциялық күйзелістер жиі кездесетін болған.

Мұндай мамандар өздерінің іс-әрекеттері барысында, белгілі бір кезеңде аяқ асты өз қызметіне деген қызығулары жоғалып, өз міндеттемелеріне немқұрайды қарап, әріптестерімен жиі конфликтілерге түсе бастайды. Одан ары қарай оларда әдетте соматикалық аурулар, невротикалық бұзылыстар дамиды.

Осы аталған жағдайларға байланысты өтіп жатқан өзгерістерді бақылау барысында олардың ұзақ уақыт бойы болған кәсіби стресстің әсерінен болатыны анықталды. Сөйтіп ғылымда «burnout» атты термин пайда болды, мағынасын психологиялық әдебиеттерде «эмоциялық күйзелістер» немесе «эмоциялық жану» деп талданды.

Бұл күндері эмоциялық жанып кету мен оның құрылымы, мәні туралы бірыңғай көзқарастар біраз қалыптасқан. Қазіргі жаңа мәліметтерге сүйенсек, «психикалық (немес эмоциялық) жанып кету» эмоциялық сферамен байланысты мамандықтарда көрінетін физикалық, эмоциялық, ақыл естің зорығуы деп түсініледі [1, 2, 3].

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық мамандық «жанып кетуге» көп түсетін мамандықтардың бірі болып саналады. Себебі педагогикалық еңбекте эмоциялық жүктеме ең жоғарғы дәрежеде сипатталады. Әрі педагогикалық мамандық альтуристік мамандықтардың бірі, соның өзі олардың тез «жанып кету» синдромына көп ұшырайтынын негіздейді.

Мұғалімдердегі эмоциялық жану синдромының келесі үш сатысын көрсетуге болады:

-алғашқы бірінші сатыда мұғалімдерде еріксіз мінез-құлық, функцияларды орындаудағы кейбір құлдырулар байқалады: қандай да бір кезеңдерде ұмытып қалады (мәселен қажетті бір жоспарланған сұрақтарды тіркеуді ұмытып қалады);

Осылайша қателесуге болмайды деген қорқыныштан енді өзі жасап жатқан жұмыс әрекеттерін қатты қадағалап, оларды қайта қайта тексере беру нәтижесінде оларда жүйкелік-психикалық зорығулар өрши бастайды.

-екінші сатыда жұмысқа деген қызығулар, қарым-қатынасқа түсу қажеттіліктерінің (оның ішінде үйімен де, достарымен де) азаюы байқалады: «ешкімді де көргім келмейді», «апталар бітпейтін болды» деген пікірлерді жиі санасына әкеледі, аптаның аяғында апатия туындайды үнемі соматикалық симптомдар пайда бола бастайды («күшім таусылды», «энергия жоқ», «түс көрмей қатып ұйықтайтын болдым»), тез салқын тиіп ауыра бастайды, ашуланшақ болып, кез келген ұсақ түйектерге ашуын шақырады;

-үшінші сатыда-жеке бастық жанып кету кезеңі нақты келеді. Өмірге, жұмысқа деген қызығуды мүлдем тоқтатады, эмоциялық нейтрал күй пайда болады, адамдарды көргісі келмейді, қарым-қатынастан қашады, күшінің таусылғанын сезеді.

Басында мұғалімдер осы симптомдарды сезбейді, түсінбейді сондықтанда олардың еңбектерін ерте диагностикалау сол жанып кетудің алдын алады.

Педагогтарда аса қатты білініп тұрған «жанып кету» симптомы бойынша эмоциялық сфераның күйін азайтуға қарағанда эмоциялық жанып кетуді ескерту оңайырақ болады. Сондықтанда педагогтардың психологиялық денсаулығын сақтау үшін психологиялық қолдау беру аясында педагогтардың эмоциялық жанып кету диагностикасын ерте бастау аса маңызды.

Сондықтанда біз эмоциялық жанып кетудің деңгейін анықтап беретін әртүрлі психодиагностикалық материалдарды көп талдадық, соның барысында Германиядағы Потсдам университетінің Психология Институтының ғалымдары У. Шааршмидт және А. Фишер жасаған Arbeitsbezogenes Verhaltens- und Erlebensmuster-AVEM неміс сұрақнамасын таңдап алдық [4].

Сұрақнаманың жасалуына А. Антоновскийдің когеренттілік концепциясы [5] мен Р. Лазарустың стрессті жеңу механизмдері [6], сонымен қатар С. Маслачтың кәсіби жанып кету теориясының әдіснамалық негіздері себепші болды [7].

Бұл сұрақнама Қазақстан Республикасының психологтарының кәсіби ортасында әлі де толық таныс емес.

AVEM сұрақнамасы көпфакторлы диагностикалық инструментария болып табылады, адамның мінез-құлқын кәсіби талаптар жағдайында анықтап бере алады. Сұрақнаманы жасау барысында авторлар индивидтің кәсіби орта талаптарымен өзара әрекеті психикалық денсаулық пен кәсіби өсуді дамытады деген ой пікірмен сәйкестенді және тұлғаның үш негізгі сфераларын анықтады:

1. Жеке бастық және кәсіби өмірлік сфералар арасында дистанция ұстап тұруға қабілеттілік, тапсырманы орындауда жетілуге ұмтылу, энергетикалық күш жұмсауға дайын болу, субъективті мәндер категориясында айқын көрінетін кәсіби белсенділік.

2. Сәтсіздік пен жеңіліс жағдайында кәсіби тапсырмаларды орындаудан бас тартқан категорияларда берілген проблемді жағдайларды жеңу стратегиясы; қиындықтарды жеңетін белсенді стратегиялар, сондай-ақ ішкі теңесу.

3. Кәсіби сәттілік пен өмірлік қанағаттану және әлеуметтік қолдауды сезінуде көрінетін кәсіби іс-әрекетке деген эмоциялық ішкі дайындық.

Потсдам университетінің (Германия) профессоры У. Шааршмидтің жетекшілігімен жобаға қатысушы топтың зерттеулерін айтатын болсақ, мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетіндегі күйзелістер мен мінез-құлық типтерін диагностикалаудың негізгі нәтижелері бойынша эмоциялық жанып кетуге бейім болатындар негізінен тәуекел тобындағы мұғалімдер екен.

AVEM сұрақнамасы кәсіби ортадағы мінез-құлық пен күйзелістерді суреттейтін 11 шкаладан тұрады. Сұрақнаманың кейбір жеке шкалаларының көрсеткіштерін анализдеу барысында кәсіби ортадағы мінез-құлық пен күйзелістердің төрт типін бөліп көрсетеді.

1. G-типі (gesund-немісше-дені сау) –дені сау тип, белсенді, қиын мәселелерді шешуге қабілетті, сәтсіздікті конструктивті жеңуді негативті эмоциялардың дерек көзі ретінде емес, оларды жеңуге деген белсенді

стратегияларды іздеуде өзінің энергетикалық шығындарын қадағалай алатын, жұмысына жоғарғы мән беретін стимул ретінде қарастырылады.

2. S типі (sorgsam –немісше, үнемшіл) – үнемшіл, ұқыпшыл тип, мотивацияның, энергетикалық шығындардың, кәсіби талаптанудың орташа деңгейі, кәсіби іс-әрекетке арақашықты сақтауға бейім, өз еңбегіне разы. Бұл типке жұмысына қатысты өмірге қанағаттанған қырлар тән болады.

3 А типі– тәуекел тип, А типі, Фридман және Розенманның классикалық суреттемесіне сай тип, кәсіби іс-әрекеттің экстремалды субъективті мәнімен сипатталады, энергетикалық шығындарға жоғарғы дайындық, ал фрустрация мен стресске төменгі орнықтылық.

Негативті эмоцияларды жеңу психикалық шамадан асып кеткен жүктемелердің салдары болып саналады, өз іс-әрекетінің тиімділігіне қанағаттанбау, өзіндік жетілуге ұмтылу және әлеуметтік қолдаудың болмауына қатысты бұл тип тәуекел тобына жатады, сондықтанда кәсіби жану синдромының даму ықтималдылығы өте жоғары.

4.В типі – жанып кететін тип (burnout – ағылшынша жанып кету) іс-әрекеттің төменгі субъективті мәнімен сипатталады, стресске орнықтылығы өте төмен, релаксация мен мәселені конструктивті шешуге шектелген қабілет, қиын жағдайларды шешуден бас тарту, үнемі мазасыз күй және мәнсіз қорқыныштар.

У. Шааршмидтің зерттеулерінде мұғалімнің эмоциялық жанып кетуін ерте диагностикалау мәселесін шешуге арналған зерттеу нәтижелері бойынша кәсіби іс-әрекет аясында мұғалімдердің күйзелулері мен мінез-құлық ерекшеліктерінің келесі жағдайлары табылды: G –мінез-құлықтың дұрыс типі, ол зерттеудің таңдау көлемінің бестен бір бөлігіне қарағанда аз табылды, педагогтардың (А und В) мінез-құлық тәуекел типтері өте жоғары болды (әрбір мінез-құлық типтері үшін зерттеудің таңдау көлемінің үштен бір бөлігі сәйкес келді [8].

Мұнда мінез-құлық типтері мұғалім жұмыс жасайтын федералды жер ден, оқытудың формасынан (бастапқы мектеп, жалпы білім беру мектебі, гимназия) тәуелді болды. Мінез-құлық типтері жынысқа да (әйелдер ер адамдарға қарағанда А және В тәуекелеге бару үлгісіне неғұрлым бейім болады) және жас ерекшеліктеріне де байланысты (жұмыс өтілінің ұлғаюы мінез-құлықтағы үлгі-тәуекел бөлігін жоғарылатады).

Сондықтанда мұғалімдерде эмоциялық күйзелістердің, эмоциялық жанудың психологиялық қорғаныстарының қалыптасуын үнемі жиі тексеріп тұру керек, осы жағдай сол эмоциялық жануды ерте ескерту мен психологиялық профилактикасының өлшемдерін жасаудың мүмкіндігін береді.

Зерттеулер көрсеткендей мұғалімдер мен әлеуметтік қызметкерлер арасында олардың кәсіби іс-әрекетіне қатысты болған ұзақ уақытты стресстер теріс салдарға әкеліп, эмоциялық күйзелістер тіпті ерте байқалады екен. Психикалық, эмоциялық күйзелістердің алғашқы симптомдары аз ғана еңбек өтілімі бар жас мұғалімдер де ерте туындайды [3-6].

Эмоциялық күйзелістер, жанып кетуге байланысты дер кезінде өткізілген профилактикалық жұмыстар үш бағытты қамтиды:

1. Іс-әрекетті ұйымдастыру. Әкімшілік егерде өздерінің қызметкерлерінің кәсіби өсу мүмкіндігін қамтамасыз етсе, әлеуметтік жағымды кезеңдерді қолдай білсе онда «жанып кетудің» дамуын «жұмсарту» алады. Әкімшілік сонымен қатар әріптестердің салауатты өзара қатынастарын дұрыс ұйымдастырып, қызметтік нұсқауларды, міндеттерді рационалды бөледі [2].

Сондықтанда оқу бағдарламаларына уақытты дұрыс қадағалау, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру, стресс, релаксациялар техникасы жайлы ақпараттарды беру техникаларын ендіру қажет.

2. Ұжымда психологиялық ахуалды жақсарту. Кәсіби топтарда «жанып кету» синдромын профилактикалау бағытында психологиялық жағымдылықты жасау аса маңызды. Ең негізгісі мұғалімдердің материалдық жағдайын қамтамасыз ету.

3. Индивидуалды ерекшеліктермен жұмыс. Мұғалімдермен психологиялық жұмыс үш бағытты қамтиды. Біріншісі, педагогтарда креативтілікті дамыту, себебі жанып кетудің бір белгісі өзгерістерге қарсыласуға қатысты ойлаудың ригидті болуы

Екінші бағыт эмоциялық жанып кетуге негіз болатын негативті кәсіби және жеке бастық факторлардың әсерімен жұмыс жасау. Ең қажеттісі педагогтарда конфликтіді жағдайды шеше алу ептілігін дамыту, қойған мақсаттарға жете алу, конструктивті шешімдер іздеу, кәсіби және жеке бастық жетілуге кедергі келтіретін мотивтер мен құндылықтар жүйесін қатай қарастыру.

Осыған байланысты өзінде сенімділікті дамыту, өзін ашу, шешім қабылдау мен тұлғалық даму тренингтерін қолдану қажет.

Үшінші бағыт педагогтарда стресс күйін түсіру, өзін реттей алу дағдыларын қалыптастыру, босансу техникаларына үйрену, стресске орнытылықты жоғарылату, өзінің физикалық және психикалық күйлерін қадағалай білу.

Қазіргі жаңа уақыт әлеуметтік сәтті адамдарды, яғни өздеріне сенімді, кәсіби өсуге жеткен, өз бетінше шешім қабылдай алатын, батыл адамдарды қажетсінеді. Сондықтанда адамдар осы бағытты қабылдайды, қоғамда мұндай адамдар үнемі өз орындарын қиналмай табады. Сондықтанда педагогтар имиджіне сай болу үшін оларда үнемі ішкі ресурстар мықты болуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Larentsova L.I. The study of emotional burnout among doctors-dentists // Clinical Dentistry, 2003, №4, pages 82-86.
2. Larentsova L.I., Maksimovskiy Y.M, Sokolova Y.D. The syndrome of "emotional burnout" among dentists // New Dentistry, 2002, № 2, pages 97-99.
3. Orel V.E. The phenomenon of "burnout" in foreign psychology: empirical studies and prospects // Psychological Journal 2001, T.22, number 1, pages 90-101.
4. Schaarschmidt, U., Fischer, A. W. AVEM - ein diagnostisches Instrument zur Differenzierung von Typen gesundheitsrelevanten Verhaltens und Erlebens gegenüber der Arbeit. Zeitschrift für Differentielle und Diagnostische Psychologie, 1997, 18 (3), S. 151 – 163.
5. Antonovsky A. Unraveling the mystery of health. How people manage stress and stay well. San Francisco, CA: Jossey-Bass, 1987.
6. Lazarus R. S., Folkman S. Transactional theory and research on emotions and coping. European Journal of Personality, 1987, 1, p. 141-169.
7. Maslach, C. Understanding burnout: Definitional issues in analyzing a complex phenomenon. In W. S. Paine (Ed.). Job, Stress and Burnout. Beverly Hills: Sage, 1982.
8. Schaarschmidt, U., Fischer, A. W. IPS – Inventar zur Persönlichkeitsdiagnostik in Situationen. Frankfurt/M.: Swets & Zeitlinger. Computerversion im Rahmen des Wiener Testsystems, Wien/Modling: Schuhfried Ges.m.b.H, 1999.

**Бердібаева С.Қ., Гарбер А.И., Камзанова А.Т., Файзуллина А.К., Бердібаев С.Қ.
«ПЕДАГОГТЫҢ КОММУНИКАТИВТІ БІЛІКТІЛІГІ БІЛІМ САЛАСЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ
АРТТЫРУ САПАСЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ»**

Педагогтың коммуникативті біліктілігі кәсіби қарым-қатынастың кілті бола алатыны туралы зерттеулер білім саласындағы өте маңызды сұрақтардың бірі болып табылады. Бұл мәселені психологияда қарастырғанда педагогтың коммуникативті біліктілігі «мұғалім-бала» қарым-қатынасы; «бала-ата-ана қарым-қатынасы»; «педагогикалық іс-әрекеттегі конфликтілер мен коммуникация»; «мұғалімнің эмоциялық жануы» сияқты сұрақтармен тығыз байланысты.

Еуропалық білімдер кеңістігінде интеграциялық процестерді күшейтудің нәтижесінде педагогтың коммуникативті біліктілігін қалаптастыру жағдайы қазіргі заманауи маңызды сұрақтардың бірі болып отыр. Педагогтың іс-әрекеті өте қиын және күрделі, әрі ардақты мамандықтардың бірі, алайда мына жаңа заманда, жаңа уақытта мұғалімдерден келесі фразаны жиі естуге тура келеді: «мен бұрын мұғалім болып жұмыс жасадым енді менің жүйкем ол жұмысты көтере алмайды».

Психология ғылымы осы сұрақтарды шешуде көптеген зерттеулер жүргізеді. Біз осы мақаламызда педагогтың коммуникативті біліктілігіне қатысты шет елде жүргізілген зерттеулерді (Германия зерттеулері) және оны талдауды Қазақстандық мұғалімдер ұжымына ұсыну, ой тастау және пікірлер алмасуды мақсат қойып отырмыз.

Потсдам университетінің Психология Институтында У. Шааршмидт және А. Фишер жасаған Arbeitsbezogenes Verhaltens- und Erlebensmuster- AVEM неміс сұрақнамасы мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі көптеген факторларды өлшеп береді. Педагогтың коммуникативті біліктілігі мұғалім өз қызметінде күйзеліс жағдайындағы динамикалық теңгерімі қамтылған жағдайда мектептегі сәттілік құрылымның негізі ретінде бола алады. Төменде педагог біліктілігінің негізіндегі бағана теңгерімі берілген: педагог қызметкерлердің жүктемесі бойынша эмоциялық артық жүктемелер беретін жағдайларды психологиялық зерттеулер келесідей белгілейді:

1. Қиын оқушы мінез-құлқы
2. Сыныптағы оқушылардың саны
3. Аптадағы сабақтардың саны
4. Мектеп жүйесіндегі реформалар
5. Әкімшілік міндеттемелер
6. Жеке өмір мен жұмысты біріктіру
7. Ата-аналар жағынан ынтымақтасудың жеткіліксіздігі
8. Оқу материалының көлемі
9. Сабақтан тыс кездегі міндеттемелер (біліктілікті көтеру курстары)
10. Өзінің денсаулығының жеке мәселелері- (А. Шааршмидт, 2004 ж.)

Бүгінгі жаңа уақыт талабында қоғам әлеуметтік сәттілікке жеткен адамдарды көп айтады, өзіне сенімді адам, өз бетінше шешім қабылдай алатын әрі мансапты сәттіліктерге жеткендер. Алайда мұғалімнің имиджін ұстап тұру үшін оларда ішкі ресурстар мол болу керек. Германияда Потсдам қаласында жүргізілген психологиялық зерттеулерге қысқаша шолу жасасақ келесі жағдайларды көреміз.

Осы зерттеу барысында мінез-құлықтың 4 типі анықталған: G типі-дені сау, белсенді; S типі-өзін сақтайтын, аяйтын тип; A типі-жұмыстан алған стресс; B типі-эмоциялық жану. Зерттеу барысында төмендегі 11 белгі бойынша әр төрт тип зерттелді және нәтижелер көрсеткендей әр типте бұл 11 белгі әртүрлі пайыздық қатынасты берген:

1. Өмірде жұмыстың алатын орны жайлы оның субъективті мәні
2. Кәсіби талаптану
3. Энергетикалық шығындарға дайын болу
4. Өзіндік жетілуге ұмтылу
5. Жұмысқа қатысты арақашықтықты сақтауға бейімділік
6. Сәтсіздік жағдайында жұмыстан бас тарта алу бағыты
7. Мәселені шешудегі белсенді стратегия
8. Ішкі тыныштық пен теңесу
9. Кәсіби іс-әрекеттегі сәттілік сезімі
10. Өмірге қанағаттану
11. Әлеуметтік қолдауды сезіну

Әр типке жеке тоқталайық.

1. G типінің үлгісі: «Кәсіби белсенділіктің жоғарғы деңгейі, жұмыстан бос болмау, жоғарғы психикалық орнықтылық, қиындықтар мен қиналуларға қарсыласа алу, позитивті сезімдердің иесі, өмірге ризашылық (салаутты өмір сүру идеясы)»;

2. S типінің үлгісі-кәсіби қиындықтарды жеңуде өзін сақтайтын, аяйтын тип;

3. A типінің үлгісі кәсіби іс-әрекеттің субъективті мәнділігінің жоғарғы экстремалды деңгейі, жұмысқа деген эмоциялық қатынаста сәйкес тепе-теңдікті таба алмайды, стресс пен зорығуға төменгі бейімдік;

4. B типінің үлгісі-іс-әрекеттің төменгі субъективті мәнділігі, төменгі стресске орнықтылықтың болуы, жұмысқа негативті эмоциялық қатынас (эмоциялық жану)

Мінез-құлықтың 4 типінің психологиялық үлгісі

Мінез-құлық типтері	Нәтижелілігі	Өзін бағалау	Қарым-қатынас
G типі	Жұмысқа белсенді арала-сады, сонымен қатар әрі жұмыстан арақашықтық сақтай ала отырып, дем ала алады.	Шыдамды, тәуе-келге бара алады, өзіне сенімді	Көпшіл, икемді, оңай ынтымақ -таса алады
A типі	Жұмысқа өте белсенді араласу, сонымен қатар әрі жұмыстан арақашық-тық сақтай алмайды, даңқты жақсы көреді, өзін тұтасымен жұмысқа арнайды	Ашуланшақ, ренжігіш, эмоци-алы, «сый ақы алуға бағдарланған»	Тәуелсізбін деп өзін көрсетеді, қолдауды күтпейді, доминант болу жолдарын іздейді
B типі	Шаршаған, күші жоқ, зейіннің шоғырлануы төмен, аурушаң	Өзіне өзі сенбейді, өзінің айтқанын жасата алмайды, өте тез қабылдағыш	Әлсіз, бірбеткей, икемді емес, көмекке шақыруды білмейді
S типі	Нәтижелерге жетуге төменгі дайындық, өзін сақтай береді, жанын қинамайды, өзін аяйды	Өзіне сенімді бола алады	Нәтижеге жеткенге дейін ғана оңай араласады

A және B мінез-құлықтары үлгілеріндегі ортақ нәрселер және соларға сәйкес интервенциялар:

A және B үлгілеріндегі ортақ мәселелер	Интервенциялар
Ішкі тыныштық және салмақты емес, жұмыстан арақашықтық сақтауға қиындық	Оптималды жүктемені табу және оған компенсациялар (спорт, бау бақшада жұмыс, таза ауа, қимыл белсенділігі, релаксация техникасы, креативті жұмыс)
Қанағаттанбау, сәтсіздікті қайғыру	Өзінің кәсіби іс-әрекеттегі рөлін түсінуді анықтау, жоғарғы және реалды емес кәсіби талаптануларды коррекциялау (A) немесе мақсатқа жету мен күтуден көңілдің қалуы (B)
Әлеуметтік қолдаудың жетіспеушілігіне қайғыру	Командалық рухтың дамуы, ұжымның тығыздануы, позитивті психологиялық ахуал жасауды дамыту

A мінез-құлық үлгісінің сипаттамасы және соларға сәйкес интервенциялар:

A үлгісі	Интервенциялар
Жұмыстың бір жақты мәнділігі, өзін жұмысқа толық арнау, өзін өзі қинауы	Жұмыс құндылықтарының мәнділігін өмірдің басқа жақтарымен де ара-қатыстыру, «жоқ» деп айтуды үйрену, жұмысты индивидуалды ұйымдастыруды және уақыт менедж-ментін өзгерту, кәсіби талаптарды, үй жұмыстарын, бос уақытты теңгере алу және шоғырлау.

Өзін ұстай алмайды, ашуланшақ, шыдамсыз	Өз пікіріңді білдіре алу мүмкіндіктерін стимулдау, стресс пен конфликтіні шешу тренингтеріне қатысу
---	---

В мінез-құлықтар үлгісінің сипаттамасы және соларға сәйкес интервенциялар:

В үлгісі	Интервенциялар
Коммуникативті біліктіліктің жеткіліксіз қалыптасуы	Тренингтердің, супервизиялардың көмегімен мінез-құлықтың тиімді коммуникативті біліктілігі мен мәселеге бағдарланған стратегияны қалыптастыру
Күмәндану, шығар жолдың болмауы	Өзінде сенімділікті қалыптастыру, қауіпсіздік сезімі, жаңа мақсаттар мен жұмыстың мағынасын табу үшін эмоциялық сфераны тұрақтандыру бойынша индивидуалды психологикалық көмек, супервизия, коучинг.

А мінез-құлықтар үлгісіндегі тәуекел топқа жататындар сипаттамасы және оларды өзгертуге әсер етулер:

Өзіне шамадан тыс талап қою	Жұмыс пен тайм менеджментті ұйымдастыруды индивидуалды өзгерту
Жұмысқа бір жақты бағыттылық, жұмыста күшті, энергияны шамадан тыс жоғалту	Кәсіби талаптарды, үй жұмыстарын, бос уақытты теңгере алу және бір бағытта бағыттау алу.
Қанағаттанбау, өзін ұстай алмау	Жұмыс құндылықтарын өмірдің басқа құндылықтарымен арақатынасын орнату
	Жан жарасын, шыдамсыздықты, ызалықты азайту үшін, фрустрациялық толеранттылықты жоғарылату бойынша конфликт пен стресс жағдайларын түсіретін тренингтер

В мінез-құлықтар үлгісіндегі тәуекел топқа жататындар сипаттамасы және оларды өзгертуге әсер етулер:

Кәсіби іс-әрекеттегі субъективті мәнділікті азайту	Жаңа мақсаттар мен жаңа мағыналар табуды жасау
Бұзылған коммуникативті біліктілік	Коммуникациялар тренингі
Қиындықтарды жеңуге қорғану стратегиясы	Мінез-құлықтың конфликтілі стратегиясын шешуге бағытталған белсенді коммуникацияларды стимулдау
Тығырықтан шыға алмау, шүбәлану, көңілдің қалуы	Коучинг, қажет жағдайда эмоциялық тұрақтылықты алу үшін индивидуалды және топтық психотерапия, қорқыныштарды жеңу, қауіпсіздік пен абырой сезімі

Сонымен қорыта келе келесі жағдайларды тұжырымдауға болады: зерттеулер бойынша мұғалімдердің оқу жылында алатын ауырған туралы қағазды көбінесе В тип содан соң S типі содан кейін G типі ал аз алатындар А типі екен.

Германиядағы зерттеулер нәтижесінде жыныстық айырмашылықтардан, оқу формаларынан, қа облыста тұратындықтарына карамастан келесі нәтижелерді көруге болады: G типі аз (17%), тәуекелділікке барады; А және В типтерінде тәуекелділікке бару өте жоғары әрқайсысында 30% келген; А және В типтегі әйелдер үшін жастарына карай (жұмыс өтілі өскен сайын тәуекелділікке бару В мінез-құлықта жоғарылаған.

Педагогтардың коммуникативті біліктілігіне коммуникация бойынша бірнеше әдістемелерді де ұсынуға болады. Мәселен «Төрт құлақ» әдістемесі.

Коммуникацияға тек айтылған немесе жазылған сөздер ғана емес, мимика, интонация сияқты вербалды емес белгілер де жатады. Әркім өзі айтқанының тыңдап тұрған адам басқаша қабылдаған кездер болатындығы белгілі. Бұның мағынасын қарым-қатынас психологы Фридманом Шульц фон Тун «Бір қарым-қатынастың төрт жағы» (2001) атты моделінде түсіндіреді. Оның моделіне сәйкес біз «төрт тілде» сөйлейміз және «төрт құлақпен тыңдаймыз». Осы жағдайларды кеелсі мақалада жариялаймыз деп үміттенеміз.

Педагогикалық біліктілікті қалыптастыруды немістің жоғарғы оқу орындары университет қабырғасында бастайды. Мәселен білім беру сферасын басқару іс-әрекетін ұйымдастыру, репетиторлықтың көмегімен кәсіби біліктілікті жетілдірудің практикалық аспектілерін және педагогикалық іс-әрекетті психологиялық қолдау сияқты арнайы бағдарламалармен жұмыс жасап кәсіби тәжірибелер жинай бастайды.

Біз өз жұмысымызда Германияның психологиялық тәжірибелерін өзіміздің білім кеңістігінде қолданудың жолдарымен арақатыстырып отырмыз. Жоғарғы білім беру сапасы бойынша халықаралық рейтингтерде жоғары орында тұрған Германияда педагог мамандығы ең мәртебелі, сұранысқа ие және мемлекеттік қызметкер мәртебесі берілгендіктен жастардың арасында педагог мамандығын таңдайтындар жылдан жылға артып келеді. Қорыта айтсақ педагог мамандығының мәртебесі өте жоғарғы беделге ие, соларға қарап біздерде ойланып, осы бағытта жұмыс жасауды мақсаттанамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Antonovsky A. Unraveling the mystery of health. How people manage stress and stay well. San Francisco, CA: Jossey-Bass, 1987.
2. Arold H., Schaarschmidt U. Interventionsmöglichkeiten bei Risikotypen. In T. Roginska, W. Gaida & U. Schaarschmidt (Hrsg.). Psychische Gesundheit im Lehrerberuf [Zdrowiepsychiczne w zawodzienauczyielskim]., 1998. – S.55-60.
3. Becker P. Theoretischer Rahmen. In P. Becker & B. Minsel (Hrsg.). Psychologie der seelischen Gesundheit. Bd. 2: Persönlichkeitspsychologische Grundlagen. Bedingungsanalysen und Förderungsmöglichkeiten. Göttingen: Hogrefe, 1986.
4. Friedman M., Rosenman R. H. Type A behavior and your heart. New York: Knopf., 1974.
5. Hacker W., Reinhold S., Damm A., Wollenberger E. Beanspruchungsscreening bei Humandienstleistungen (BHD-System). Forschungsberichte Bd. 27. Dresden: Technische Universität. Intraindividual change. European Journal of Personality, 1995. 6, p. 103-117.
6. Oelkers M. Die Analyse physiologischer Parameter in Stresssituationen bei den AVEM-Typen. In T. Roginska, W. Gaida & U. Schaarschmidt (Hrsg.). Psychische Gesundheit im Lehrerberuf. [Zdrowiepsychiczne w zawodzienauczyielskim]., 1998. S.39-54. Universität Potsdam.
7. Schaarschmidt U., Fischer, A. W. AVEM - Arbeitsbezogenes Verhaltens- und Erlebensmuster. Frankfurt/M.: Swets & Zeitlinger. Computerversion im Rahmen des Wiener Testsystems, Wien/Modling: Schuhfried Ges.m.b.H., 1996.

Биекенов К.У.

МЕТОДИКА ФОРМИРОВАНИЯ УРОВНЕЙ ПОЗНАНИЯ

Современная наука дисциплинарно организована. Она состоит из различных областей знания, взаимодействующих между собой и вместе с тем имеющих относительную самостоятельность. Если рассматривать науку как целое, то она принадлежит к типу сложных развивающихся систем, которые в своем развитии порождают все новые относительно автономные подсистемы и новые интегративные связи, управляющие их взаимодействием.

В каждой отрасли науки (подсистеме развивающегося научного знания) - физике, химии, биологии, социологии, политике и т.д., - в свою очередь, можно обнаружить многообразие различных форм познания.

В процессе преподавания необходимо формировать знание, которое студент получает через образование, включающее в себя:

Процесс и результат усвоения определенной системы знаний и обеспечение на этой основе соответствующего уровня развития личности, приносящей пользу себе и обществу, не наносящей вреда интересам других;

Систему образовательных учреждений (школа, училище, институт), различающихся по уровню образования и специализации подготавливаемых учащихся (начальное, среднее, высшее, профессиональное, повышение квалификации);

Социальную политику в области образования, т.к. выполняет как экономические, так и социально-политические функции, отражая изменяющиеся требования производства и условия общественной жизни.

Все три вышеперечисленных компонента постоянно меняются структурно и содержательно, обновляя методическое обеспечение обучения. Роль образования в жизни общества очень значима, что делает вопрос его организации и функционирования жизненно важным для настоящего и будущего. Образование связано со всеми сферами общественной жизни.

Теоретические методы научного познания, несмотря на все существующие различия, тесно переплетаются с эмпирическими методами. Исследование эмпирического уровня выводит новейшие данные от проведенных наблюдений и поставленных экспериментов. Данный процесс активно стимулирует теоретическое познание, которое на своем уровне объясняет каждый факт и обобщает полученные данные. Таким образом получается, что теоретический уровень познания ставит перед эмпирическим более сложные новые задачи, открывая новые горизонты эмпирического познания и направляя на поиск более новых фактов. Этот процесс способствует постепенному совершенствованию новейших средств и методов познания.

Например, экономика определяет материальную базу сферы образования, обуславливает его содержание в плане структуры дисциплин, спектра специальностей и профессий.

Политическая сфера также оказывает самое непосредственное воздействие на систему образования. В зависимости от того, демократический режим в обществе или тоталитарный, открытое общество или закрытое, формируются и соответствующие структуры и содержание системы образования.

Социокультурная среда как на макро, так и на микроуровне также влияет на всю систему образования. Речь идет о религиозных и нравственных ценностях общества и семьи, традициях, принадлежности к тому или иному социальному слою и группе.

Вторым уровнем познания является понимание, на которое мы недостаточно обращаем внимание в процессе преподавания. Важной задачей образования-формирование цифровой грамотности молодежи, которая становится одним из уровней познания.

Структура мировой экономики постепенно переходит на цифровые рельсы. Конкурентоспособность национальных экономик теперь зависит от скорости технологических преобразований. В связи с этим будет новая государственная программа «Цифровой Казахстан». Ее цель-повышение качества жизни населения и конкурентоспособности экономики страны. По итогам реализации госпрограммы до 2020года планируется до 80% увеличить долю пользователей Интернета, охватить 95% населения цифровым эфирным вещанием, повысить цифровую грамотность населения до 80% и обеспечить рост сектора ИКТ в ВВП страны до 4,7%. В целом, количество интернет-пользователей в 2016 году достигло в Казахстане 72,9%, обеспечив стране 41-е место в рейтинге глобального индекса конкурентоспособности.

В Послании Президента Н.Назарбаева «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» четвертая промышленная революция определена первым приоритетом. Президент отмечает, что мы должны культивировать новые индустрии, которые создаются с применением цифровых технологий. Приоритетом является повышение цифровой грамотности.

Необходимо преподавать такие перспективные отрасли, как 3D-принтинг, онлайн-торговля, мобильный банкинг, цифровые сервисы, в том числе в здравоохранении и образовании, и другие. Эти индустрии уже поменяли структуру экономики развитых стран и придали новое качество традиционным отраслям-отмечается в Послании. С технологиями 3D-принтинг мы уже сталкиваемся в своей повседневной жизни. В ближайшие годы они могут стать основой всего. Родоначальником 3D-принтинга современной 3D-печати принято считать американца Чарльза Халла. Он первую в мире создал установку стереолитографии, принципом работы которой являлось послойное создание объемных фигур. Необходимо вести воспитательную работу по разъяснению основных факторов внедрения элементов Четвертой промышленной революции. Это автоматизация, роботизация, искусственной интеллект, обмен «большими данными» и другие. В процессе обучения особо отметить о том, что будет разработан комплекс мер технологического перевооружения базовых отраслей до 2025 года, будет продолжена индустриализация с упором на развитие конкурентоспособных экспортных производств приоритетных отраслях.

Переход Казахстана на рельсы четвертой промышленной революции позволит повысить конкурентоспособность отраслей экономики, обеспечить ускоренное расширенное производство, и соответственно, рост экономики в целом и высокое качество образования.

Если рассматривать понимание как обмен информацией, то возможны следующие уровни: бытовой, учебный, интеллектуальный, официальный.

Понимание в коммуникативных актах обычно трактуется как понимание речи. В его структуре, как правило, на первый план выделяется восприятия и распознавание речевых сигналов, представляющих собой один из видов сенсорно-моторной активности субъекта.

Все это требует глубокое понимание общения людей. Компетентность предполагает не только знание, но и умение его применять на практике. Компетентность – это знания методологических основ не только тех наук, которыми человек занимается, но и других наук, особенно естественно-научных дисциплин.

Уровень анализа предполагает умение анализировать процессы, происходящие не только в стране, но и за рубежом.

Синтез – это умение объединить различные результаты анализа и создать новую концепцию.

Критическое мышление предполагает знание трудностей, встречающихся в процессе достижения цели. Как говорил Вольтер: «Великие цели требуют великие препятствия» и человек должен знать эти препятствия.

Боранбаева А.Ж.

КЛАССИКАЛЫҚ ОҚУЛЫҚТАР САПАЛЫ БІЛІМНІҢ ІРГЕТАСЫ РЕТІНДЕ

Қазіргі таңда Қазақстан жоғары оқу орындары алдында тұрған басты міндет - кәсіби тұрғыдан бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ал, осы кәсіби маман дайындау көптеген факторларға байланысты, олардың ішінде ең маңыздыларының бірі оқу жүйесінде қолданылатын арнайы оқулықтар болып табылады. Оқулық дегеніміз – нақты бір білім саласындағы жинақталған білімді жүйелі түрде беретін кітап. Оқулықтар ежелгі замандардан адамдарға білім беру мақсатының басты құралы болған. Сонау көне шумер өркениетінде саз такталарды оқулық ретінде пайдаланған. Университетте қолданылатын оқулықтар да жалпы оқулықтарға қойылатын талаптарға бағынады. Яғни, оқулық ең алдымен оның тілінің қарапайымдылығы, түсініктілігі және мәтінінің дұрыстығымен ерекшеленеді. Сондай-ақ оқулықта оны тұтынушының курс ерекшеліктері, оның басқа пәндермен сабақтастығы да ескеріледі. Сапалы оқулық оны қолданатын студент не оқушы білімінің кепілі болып табылады. Бұрын Кеңес Одағы кезінде орта және жоғары білім беретін орындардың оқулықтары тек арнайы мемлекеттік баспаларда ғана басылатын. Сондай-ақ оқулықтардың бағасы да жалпыға бірдей қолжетімді болатын. Қазіргі кезде оқулықтар мемлекеттік баспаларда да, жеке баспаларда да басыла береді. Оқулықтардың көптігі мен сан алуандығынан көз сүрінеді. Олардың қызылды-жасылды иллюстрациясы да көздің жауын алады. Тіпті интернет материалдары да оқулықтармен бәсекеге түскен заман туды. Алайда осы оқулықтардың немесе басқа да оқу материалдарының барлығы бірдей қойылатын талаптарға сай ма деген заңды сауал еріксіз туындайды.

Соңғы жылдардағы заманауи технологиялардың дамуы әлемде білім берудің формасы мен әдістеріне үлкен өзгерістер әкелуде. Әрине, Қазақстанның білім жүйесі де жаһандану үдерістерінен шет қала алмайды. Оқулық құрастыру идеяларының дамуы оқулықтардың бұрын-соңды болмаған заманауи түрлерін туғызуда. Олардың қатарына викиоқулық, аудиооқулық, электронды оқулықтарды көруге болады. Осылардың арасынан электронды оқулықтарға арнайы тоқтала кеткіміз келеді. Электронды оқулықтар құрастыру заман талабынан туындап отыр. Қазіргі ғылым мен техниканың даму қарқынына қарасақ, таяу болашақта электронды оқулықтар классикалық қағаз кітаптардың орнын басуы да әбден мүмкін сияқты көрінеді. Қағаз кітаптарды электронды кітаптармен ауыстыру керек деген пікірлердің де айтылып жүргеніне біршама уақыт болды. Ол себепсіз де емес. Қазіргі интернет жүйесінің жылдам қарқынмен дамуы мен оның баршаға қолжетімділігі, яғни қағаз кітаптарды сатып алғанға қарағанда, адамдар қалтасының қалың, жұқалығына қарамастан интернетке қол жеткізе алу мүмкіншілігінің болуы электронды кітаптарға артықшылық береді. Дегенмен де бұл жол бүкіл проблеманың шешуі бола ала ма? Мониторда жиі отыру денсаулыққа зиян екені дәлелдеуді де қажет етпейді, шектен тыс компьютерді қолданудың зардаптары баршаға мәлім. Соңғы жылдары көз аурулары бүкіл әлемде кең таралып жатқан аурулардың арасында бірінші орынға шыққанын Бүкіләлемдік Денсаулық Сақтау Ұйымының деректері растап отыр. Электронды оқулық оқу үшін емес, қағаз оқулық бере алмайтын видеотрансляция жасау жағынан ғана тиімді, өйткені электронды оқулық формасы жағынан қағаз оқулықпен бірдей, тек оны интерактивті элементтермен толықтырады. Сондықтан «классикалық» қағаз оқулық өз позициясын ешқашан да жоғалтпақ емес. Бұл мәселенің психологиялық, эмоциялық қыры да барлығын ұмытпайық. Қағаз кітапты оқу барысындағы «ракат» сезімді компьютерден кітап оқу барысында сезіну мүмкін еместігімен көпшілік келіседі деп ойлаймыз.

Тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесі Кеңес Одағының білім беру жүйесінен бастау алады. Кеңес Одағының білім жүйесінің өзіндік артықшылықтары болды. Оны ешкім де жоққа шығара алмайды. Оқулық құрастыруда қалыптасқан жүйелілік, бірізділік болды. Жалпы Кеңес Одағында білім беру саласында қатаң орталықтандырылған жүйе болды. Оқулықтар тек арнайы мемлекеттік баспаларда, арнайы комиссиялардың қатаң тексеруінен өткеннен кейін ғана баспаға жіберілетін. Бұл қатаң сүзгіден өткен оқулықтар Кеңес Одағы келмеске кетсе де, әлі күнге дейін кең қолданысқа ие болып отыр. Мұны өз практикамызға қарай отырып да айта аламыз. Мысалы, кеңес ирантанушылары Овчиникова И.К. мен Мамед–Заде А.К. бірлесіп жазған 2 бөліктен тұратын парсы тілінің оқулығы алғаш рет Мәскеу Мемлекеттік университетінің баспасынан 1966 жылы жарық көрген. Бұл оқулық әлі күнге дейін посткеңестік елдердегі шығыстану факультеттерінде ирантанушы мамандарды дайындауда басты оқулықтардың бірі болып қалып отыр. Кітап 2002 жылы қайтадан басылып шықты. Овчиникова И.К. мен Мамед–Заде А.К. оқулығы - қазіргі кезде де парсы тілі грамматикасы бойынша іргетас қалыптастыруда орыс және қазақ тілдерінде жазылған оқулықтар арасында теңдессіз оқулық. Таяу болашақта да осы оқулықты алмастыратындай оқулықтар жазыла қоятыны шүбә тудырады. Орыс ирантанушысы Л.С. Пейсиковтың «Лексикология современного персидского языка» оқулығы (1975ж.) парсы тілі лексикологиясын жан-жақты талдап, кешенді түрде қарастырған, осы салаға арнайы оқулық ретінде жазылған Ресей шығыстануы тарихындағы тұңғыш кітап болды. Сондықтан бұл кітап да алдағы онжылдықтарда өз құндылығын жоймақ емес. Орыс ирантанушылары И.М. Оранскийдің «Введение в иранскую филологию» (1988ж.), М.С. Ивановтың «История Ирана» (1977ж.) оқулықтары осындай классикаға айналған оқулықтардың қатарына жатады. Ирандық лексикограф-ғалым Әли Акбар Дехходаның әйгілі парсы тілінің энциклопедиялық түсіндірме сөздігінің алғашқы томы 1940 жылы жарық көрген. Бұл кітап толық түрде «Логатнаме-йэ Деххода» деген атпен 1978 жылы жарық көрді. Миллионға жуық лексиканы қамтыған осы заманғы парсы тілінің ең үлкен сөздігі болып табылатын түсіндірме сөздік сол уақыттан бері осы күнге дейін Иранда 100-ден аса рет басылды. Кітаптың электронды нұсқасы да бар. Бұл сөздік Ирандағы тілші-әдебиетші мамандар үшін ғана емес, бүкіл төрткүл дүниедегі парсы тілін үйренушілер үшін ешқашан да ескірмек емес. Шығыстанушы-ирантанушы, шығыстанушы-арабтанушыларды дайындауда танымал орыс шығыстанушысы В.В. Бартольд еңбектерінің рөлі ұшан-теңіз. Оның Қазан революциясына дейін және одан кейін 1930 жылы дүниеден өткенге дейін жазылған еңбектері 1963-1977 жж. «Наука» баспасынан 9 том болып жарыққа шықты. Ғалымның еңбектері шығыстанушылар үшін құнды болған және солай болып қала бермек. Сондықтан оның өткен ғасырдың 60-жылдары жарық көрген еңбектері шыққан жылы «ескі» болса да, әрқашан студенттер оқуға тиіс кітаптардың қатарынан табыла бермек. Немесе түркітанушы ғалымдар үшін сонау XIX ғасырда жарық көрген Л.З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (1-том 1869ж., 2-том 1871ж.) және В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» (1-том 1893ж., 2 том 1899ж.) сөздіктері әрқашанда ерекше маңызға ие.

Әлемдегі ең әйгілі университеттер өздерінің ғұлама-ұстаздарымен де танымал. Бұл ұстаздар өздерінің саналы ғұмырларын әлемдік білім, ғылым, мәдениеттің тұлғаларына айналған түлектерді тәрбиелеуге арнап келеді. Мұндай сапалы білім ғалым-педагогтар жазған оқулықтар мен оқу құралдарының терең білімі мен берілетін материалдың студентке ұғынықты болуына тікелей байланысты. Мұндай классикалық оқулықтар классикалық университеттік білімнің одан әрі дамуына ықпалын тигізе бермек. Бұл оқулықтар осы университеттердің ғана емес, бүкіл әлемнің рухани қазынасына айналған. Мұндай классикалық оқулықтар білім беру әдістемесінің тамаша тәжірибесімен бөлісе алады және классикалық университеттік білім берудің тамаша үлгісін көрсетеді. Осы жоғарыда айтылған себептерге байланысты болар, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетінің 250 жылдығына орай университеттің Ғылыми Кеңесі 2003 жылы мыңдаған кітаптардың арасынан

150-ден астам оқулықты таңдап алып, «Классический университетский учебник» сериясымен қайта басып шығаруға шешім қабылдайды. Мәскеу Мемлекеттік Университеті - посткеңестік елдер арасында ғана емес, дүние жүзінде де ең мықты деп мойындалған бірегей университеттердің бірі. Бұл классикалық университет жылдар тезінен өтіп, талай сынақтардан өткен классикалық оқулықтардың маңыздылығына осылайша баға беріп отыр. Әрине, бұл шешім Мәскеу университетінің ашқан «жаңалығы» емес, әлемде классикалық университеттерде бұрыннан бар тәжірибе.

Біздің еліміздің білім жүйесі де басқалардың озық тәжірибесін пайдаланған және пайдалана бермек. Қазақстанның оқу жүйесі де әлемдік білім беру кеңістігінде бұрыннан қолданылып жатқан әдістерді қолданып келеді және сонымен қатар күн сайын өмірімізге еніп жатқан жаңа технологиялармен бірге келіп жатқан жаңашыл бағыттардан да бас тартпайды. Қазақ елі көш басындағыларға қарап бой түзеп келеді. Білім беру жүйесінде жаңашыл, заманауи технологияларға сүйеніп, заман көшінен қалмаған дұрыс, оған ешкімнің таласы жоқ, бірақ тәжірибеден өткен, уақыт сынына төтеп берген «ескі» дүниелерді жарамсыз деп қолданыстан шеттету орны толмас олқылықтарға әкелері де сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бойс М. Зороастрийцы. Вера и обычаи. Перевод с английского и примечания И.М. Стеблин-Каменского. - М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1988. – 303 с.
2. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т1. – Санктпетербург, Типография императорской Академия Наук, 1869.
3. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т2. – Санктпетербург, Типография императорской Академия Наук, 1871.
4. Деххода Эли Акбар. Логатнаме-йэ Деххода, 50 Т. - Тегеран, Сирус, 1996.
5. История Ирана. Под.ред. Иванов. М.С. – М.: Изд-во Моск. госуд ун-та, 1977.
6. Классический университетский учебник. www.msu.ru
7. Овчинникова И.К., Мамед-Заде А.К. Учебник персидского языка. I часть. - М.: Изд-во МГУ, 2002.
8. Оранский И.М. Введение в иранскую филологию. - М.: Наука, 1988.
9. Пейсиков Л.С. Лексикология современного персидского языка. - М., Изд. Московского ун-та, 1975.
10. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т1. Часть 1,2. – Санктпетербург, 1893.
11. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т2. Часть 1,2. – Санктпетербург, 1899.

Борбасова Қ.М.

ДІНТАНУШЫ МАМАНДАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ДАЯРЛАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде «Дінтанушы» мамандығын дінтану және мәдениеттану кафедрасы даярлайды. Мамандарды даярлауда оқытылатын пәндер қоғамның рухани құндылықтар жүйесін құрайтын әр түрлі діни сана формалары мен дүниетаным формалары, ар – ождан бостандығы мен оның қорғалуы, діннің гуманистік мәні туралы білім беріп, әр түрлі діни, атеистік тағы басқа көзқарасты ұстанатындағы толерантты және сыйластықпен қарауға тәрбиелейді. Бұл мақсат Президенттің барлық Үндеулерімен толық үйлесімділік табады және дінге қатысты халықаралық және мемлекеттік құжаттардың талаптарына сай келеді. Сонымен қоса әр пәнді оқыту барысында қазіргі мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жетілдіру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, дін саласындағы мемлекеттік органдар мен діни қауымдастық арасындағы үнқатысуды одан әрі дамыту саясаты басты ұстаным болып табылады.

Кафедра оқытушыларының білім беру сапасын бақылау жолдары ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысу арқылы жүзеге асырылады. Оқу-дидактикалық материалдардың сапасын қамтамасыз ету жүйесі оқыту мақсатына сәйкес, ғылыми деңгейі жоғары. Бұл бағытта да кафедра қазіргі заманға сай жұмыс жасауға тырысады. Барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастырылып, оқу үрдісінің академиялық күнтізбесі жасалған.

Мамандықты даярлаудағы кафедраның маңызды көрсеткішінің бірі ондағы ғылыми зерттеу жұмыстарының үздіксіз жетілдіріліп отыруы. Бұл бағыттағы жұмысты «Діндерді зерттеу орталығы» жүзеге асырады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттарын таңдау саясаты тұтастай алғанда университеттің даму стратегиясы мен миссиясына сай келеді. Профессор А.Д. Құрманалиеваның жетекшілігімен кафедра ұжымында қызмет жасап жүрген мамандар профессор Н.Ж. Байтенова, Б.Қ. Бейсенов, Қ.А. Затов, Ш.С. Рысбекова, Қ. М. Борбасова, С.Ү. Абжалов, Б.Б. Мейрбаев т.б. жас оқытушылар мамандықты даярлау мақсатында оқу құралдарын, оқу әдістемелік құралдарын, монографиялар жазып шығарды. Сонымен қоса Қазақстандағы діни жағдайды талдауды және діни әдебиеттерді сараптауды қолға алып отыр.

Ғылыми-зерттеуді ұйымдастыру, ғылыми-педагогикалық дайындық жүргізу мен халықаралық істерді үйлестіру мәселелері кафедраның күн тәртібінен түспейді.

Элективті пәндер каталогының сапасы өте жоғары және олар студенттерге қолжетімді. Онда оқытудың мақсаты мен күтілетін нәтижелері көрсетілген, модульдердің қысқаша сипаттамасы, таңдау компоненттеріне кіретін барлық модульдердің жүйеленген қысқаша ақпараттар тізімі бар. Кафедра ұсынған оқу пәндері университет миссиясына

сәйкестендіріліп және мамандар әлеуетін ескере отырып енгізілген. Оқу жоспарларында пәндердің логикалық бірізділігі сақталған және білім бағдарламаларында білім алушыларға қойылатын кәсіби және базалық құзыреттіліктер толық жазылған.

Қазіргі кезде элективті пәндерді таңдауда, модульдық білім беру бағдарламасын құруда, жеке білім траекториясын анықтауда студенттердің қатысуы әлі де болса жеткілікті емес. Көбінесе әр топтағы белсенді студенттердің шешімімен жүзеге асырылады. Осы жағдайды ескеріп, барлық топ студенттерінің өз оқу бағдарламасының құрылуына ат салысуын қамтамасыз етіп, олардың болашақ маман ретінде қалыптасуы үшін қажет білім туралы ақпараттар беріліп отыру керек. Ол ақпаратты әр пәнді жасаған оқытушы бергені тиімді деп ойлаймын. Себебі тек автор өз пәні туралы қысқа түрде терең және тұжырымды мәлімет береді. Кафедра өзекті деп тапқан курстарды онлайн курстарға айналдырып, көпшілікке қол жетімді ету де заман талабына сай келер еді.

Кафедралардың оқу бағдарламалары еңбек нарығының талаптарына сәйкес жаңартылып отырылғаны дұрыс. Бұл жұмыс берушілердің сұраныстары және студенттердің таңдауы бойынша оқу жоспарына ендірілетін элективті пәндер арқылы жүргізіледі. Білім беру бағдарламасында білім алушыларды болашақ кәсіби әрекетке дайындайтын, олардың зияткерлік, академиялық дағдыларын жетілдіретін және түйінді құзыреттіліктерін дамытатын компоненттер (мамандықтардың жұмыс оқу жоспарының кәсіби пәндер бөлімінде) жоспарлануы керек. Кафедрада оқу жоспары мен белгіленген міндеттердің орындалуын бақылауды қамтамасыз ететін және оларды ары қарай жетілдіруді жүзеге асыратын, сондай-ақ білім бағдарламаларының сапасын сараптау және бағалаудың үздіксіз әрі тиімді тетігін қалыптастыру керек.

Мамандықтардың типтік оқу жоспарларында, жұмыс оқу жоспарларында, пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінде, элективті пәндер каталогында «Дінтану» мамандығында оқытылатын пәндердің ерекшеліктері ескерілуі керек. Оқытылатын теориялық материалдарды үнемі практикамен байланыстыру студенттің біліктілігін аттырудың бірден бір тиімді жолы. Қазіргі кезеңдегі қоғамдағы діни сана, діни ғибадат, діни этика, діни өнер, діни символ мәселелеріне қатысты тақырып қарастырылғанда елімізде тіркелген діни бірлестіктерді зерттеу объектісі ретінде алған дұрыс деп ойлаймын. Студенттер жоғарыда аталған мәселелерді өз көздерімен көріп, өз құлақтарымен естіп, түсінбеген немесе өздеріне ой салған сұрақтарына сол дін өкілдерінен жауап алу мүмкіндіктеріне ие болады. Содан кейін оқытушы студенттермен көрген және естіген ақпараттарын талдауды, тұжырым беруді СӨОЖ уақытында жасауына болады.

Оқытушылар студенттерге өзіндік жұмыстар беру арқылы олардың әр мәселені шешуде шығармашылық икемінің артуына ықпал етіп, жалпы маман ретіндегі біліктілігін арттырады.

Бұл мәселені іске асыру үшін академиялық күнтізбеде, сабақ кестесін жасағанда алдын ала ескерілуі керек. Себебі бұл жерде оқытушы мен студент бір ғылыми жоба бойынша жұмыс жасайды.

Тағы бір мәселе әр түрлі деңгейдегі студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен оған тарту, олардың олимпиадаларға, конкурстарға, ғылыми конференцияларға, ғылыми жарияланымдарға қатысу көрсеткішін көтеру жолында да жұмыстар атқару оқытушылар алдында үлкен міндет. Бұл жұмыс студенттердің ғылымға ынталарын шыңдап, ғылыми зерттеумен айналысудың тәжірибесін игеруге мүмкіндік береді және болашақ дінтанушы ғалымдардың қалыптасуына жол ашады.

Кафедра оқытушыларының магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік ету көрсеткіші айтарлықтай жоғары. Тек олардың нәтижелері Республикалық деңгейден көтеріле алмай отыр. Профессорлар мен докторанттардың халықаралық журналдарда жарық көрген ғылыми мақалалары санаулы ғана болуы негізінен қаржы мәселесіне әкеліп тіреледі.

Инновациялық технологияларды оқу үрдісіне ендіру және олардың тиімділі жөнінде факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде жүйелі түрде мәселе көтеріліп тұрады.

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының ұжымы «Дінтанушы» мамандығын даярлауда, оқу жоспарларын, оқу-әдістемелік кешендерін жасауда, оқу процесінде әр уақыт жаңа технологияларды қолданып отырады.

Оқытушылар өздері өткізген сабақтарында мәселе көтеру, сыни тұрғыдан ойлау, дамыта оқыту, іскерлік ойындары, топтық жұмыс т.б. педагогикалық технологияларды жүйелі түрде қолданады.

Профессор-оқытушылар құрамының интерактивті тақта мүмкіндіктерін пайдалануы әлі шешілмеген мәселе болып қалуда. Қазіргі дін саласындағы өзекті мәселелерге байланысты оқытушылар интернет ақпараттарына сараптама жасап, теориялық білімдерін тәжірибеде кеңінен қолдана студенттердің біліктілігін арттыруды жетілдіре түсуге мүмкіндік туары сөзсіз.

Борецкий О.М.

МОТИВАЦИОННО-ЦЕННОСТНОЕ ОТНОШЕНИЕ К ГУМАНИТАРНОМУ ЗНАНИЮ КАК БАЗОВАЯ УСТАНОВКА УНИВЕРСИТЕТСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Как известно, университетская модель образования предполагает формирование универсального (всестороннего) мировоззрения, доминантой которого является целостная личность. При этом, не умаляя значения других предметов, следует признать важность в этом гуманитарном компоненте философского знания. Его ценность имеет непреходящее значение прежде всего потому, что дает ответ (или правильно поставленный вопрос) на

принципиальные вопросы человеческого бытия, определяет цели и смыслы человеческого поведения, и прежде всего в этическом и онтологическом измерении. Излишне говорить, что проигрывая на этом «мировоззренческом поле», философия отдает важнейшие запросы человека на откуп религии, с чем мы и сталкиваемся в последнее время.

Привычка рассматривать философское наследие (в том числе и в виде учебного курса философии) как непреложную данность, диктующую необходимость и важность ее инерционного преподавания порождает прямо противоположный результат: превращение «важности философии» (как определил ее Плотин) в схоластическое теоретизирование. На практике это приводит к тому, что философия воспринимается студентами как скучный и ненужный предмет, который нужно хоть как-нибудь сдать. В итоге, «любовь к мудрости» превращается в очевидность рассматривать ее как «предание старины далёкой».

Другая очевидность состоит в том, что преподаванию философии в XXI веке необходима радикальная трансформация. Сегодня она уже не может оставаться схоластическим теоретизированием, идеологией или умозрением, оторванным от жизни и самосознания личности. Вместе с тем, в современной культуре философия все больше представлена в «нефилософских формах» (главным образом, в формах искусства: литературы, музыки, живописи, кино), становясь рефлексией над предельными основаниями бытия человека. Сохраняя классический «режим вопрошания», современная философия обращается к новым, неклассическим явлениям и процессам, открывая новое содержание и ритм жизни, стиль поведения и язык.

Как известно, новая формулировка курса философии в КазНУ им аль-Фараби как «Философии научного познания», по-существу, означает преподавание курса эпистемологии. Эта переориентация, с одной стороны, предполагает большую «научообразность» и включение в учебный процесс различных научных понятий, теорий, идей и гипотез (естествознания и гуманитаристики), а с другой, исключение из курса экзистенциальной проблематики, поскольку экзистенциализм гносеологии не имеет. А значит, в преподавании философии возникает совершенно неоправданный «пробел», поскольку именно экзистенциальная проблематика для современного молодого человека, как нам представляется, является архиважной. Впрочем, это «исключение» можно обойти введением в тематику курса гуманитарного компонента (положений психологии, социологии, культурологии и других гуманитарных дисциплин). Кроме того, вполне очевидно, что курс «Философия научного познания» в бакалавриате не должен дублировать курс «История и философия науки» в магистратуре и носить более элементарный, мировоззренческий характер.

Учитывая эти обстоятельства, нам представляется вполне логичным рассматривать научно-философское познание в курсе «Философии научного познания» согласно четырем классическим сферам бытия: бытие мира, бытие человека, бытие общества и бытие духовного. В содержательном наполнении эта идея примет следующий вид:

Познание мира (онтология, гносеология)
Бытие-пространство-время-космос-энергия-информация.
Причинность-относительность-квантовость.
Число как образ мира-цифровая Вселенная-механизм-химизм-организм.
Познание человека (антропология)
Тело-дух-душа.
Сознание-язык-бессознательное.
Свобода-страх-личность-судьба.
Жизнь-смерть-бессмертие.
Познание социального (философия общества и истории)
Социальность-культура-цивилизация.
Смысл истории-конец истории.
Познание духовного (аксиология)
Добро-зло-счастье-любовь-красота-религиозность.

Не трудно догадаться, что оригинальность и качество преподавания данного курса в значительной степени будет зависеть от личности преподавателя, его подготовленности и креативности. Здесь уже «не работают» ни традиционные «диаматовские» клише, ни подмена курса историей философии.

Следует особенно подчеркнуть, что самообразовательный компонент обучения имеет главное и решающее значение в преподавании предметов гуманитарного цикла (философии, культурологи, психологии, истории, политологии). Если специальные предметы ориентированы на познание и знание как таковое, то мировоззренческие дисциплины (и прежде всего – философия), – на понимание. Познание обращено к усвоению объективных закономерностей и знанию как таковому, в то время, как понимание – к целям, ценностям и смыслам. Не лишне при этом напомнить, что образование включает в себя два взаимосвязанных процесса: образование ума (обучение) и образование нравственности (воспитание), а последнее всецело связано с предметами гуманитарного цикла.

По существу построение обучения в Университете должно определяться основным мотивом: исключить подмену самостоятельности выполнения задания механическим переписыванием из книг, плагиатом и скачиванием

из интернета. Студент должен уметь находить информацию, творчески перерабатывать её, рефлексировать и развивать логическое и ассоциативное мышление. Лекции, адаптированные тексты и задания, специальная учебная литература и Интернет нужны как информационная база, в которой не может быть готовых ответов. В противном случае происходит подмена развития памятью. И поэтому суть обучения уже на стадии формулировки заданий должна инициировать именно развивающее, а не трансферное сознание студента.

Нам представляется, что способом существования философии в Университете сегодня может быть только рефлексия, вызывающая у студентов интерес к философии. Именно она становится хорошим показателем как самостоятельности, так и творческого характера обучения.

Нежелание превращать философию в мертвую схоластику позволяет сделать вполне определенный вывод. Философским содержанием учебного курса могут быть те философские проблемы, которые традиционно обозначаются как «вечные» или «проклятые» вопросы философии. Философия существует в режиме вопрошания. При этом, вопрос для нее важнее чем ответ. И такое вопрошающее философствование является способом существования философии в обществе.

В свою очередь, рефлексия как методический прием и содержательное наполнение учебного процесса означает проблематизацию себя в контексте этих вечных вопросов. На языке традиционного дискурса это вопросы смысла своего «Я». На языке не классической (экзистенциальной) философии это вопросы противоречия между судьбой-ситуацией и судьбой-призванием.

Принято считать, что постмодернизм явился рефлексией по поводу культурной ситуации конца XX века. Но в рассуждениях постмодернистов, при всей их привлекательности и проблематической новизне, нет и намёка на то, что составляет суть экзистенциализма — выбор человека самого себя, а значит, ответственность как неизбежное следствие свободы. При этом ответственность понимается не только в нравственно-философском, но и в онтологическом смысле. Совесть, согласно Франклу, есть не только и не столько нравственно-философская категория, сколько орган смысла.

Все эти размышления неминуемо подводят к основному вопросу: какой должна быть философия начала XXI века? В каких формах и с каким содержанием она должна обнаруживать свое бытие и каким образом вводится в систему образования? Традиционно искусство и философия говорили на разных языках: языке души и языке разума. Человек в своем развитии увлекся языком разума, подчинившем язык души, и поэтому неминуемо потерял единство и ощущение целого. Разрушение этой причастности целому оборачивается внутренней пустотой, депрессией, нервным срывом. Сегодня в философских исследованиях и преподавании философии доминирует рациональность, мышление и логика. Мы почти всегда говорим о философских мыслях, идеях и концепциях, и почти никогда не задумываемся о «философских чувствах».

Духовный опыт предыдущего века показал, что доминантой культуры XX века была философия в нефилософских формах (литература, живопись и кино). Думается, что для современного самосознания философские смыслы могут быть визуализированы на языке экранной культуры, универсально вбирающей в себя все другие изобразительные языки, культурные коды и символы и стремящейся создать свой особый язык, не сводимый ни к нарративу (литература) ни к звуковому письму (музыка). Думается также, что этот язык будет все дальше отходить от традиционного языка сакральных текстов (религия) и теоретического дискурса (философия). В какой-то мере на таком языке пытается говорить Годфри Реджио в картине «Накойкации».

Не трудно заметить, что философия сегодня все чаще обращается к массовой культуре, в которой при всей ее новомодности и экстравагантности ставятся актуальные и в то же время «вечные» вопросы человеческого бытия. Умение увидеть и актуализировать эти вопросы в таких визуальных текстах как «Матрица», «Она», «Облачный атлас» и многих других открывает перед преподаванием философии новые возможности.

По опыту преподавания курса «История и философия науки» в магистратуре КазНУ им. аль-Фараби могу сказать, что половина СРС с большим интересом выполняется студентами по видео-текстам. Проще говоря, вопросы истории науки, науки и религии, призвания, одержимости и характера ученого, культурно-исторического контекста, престижа и будущего науки рассматриваются на материале таких фильмов, как «Агора», «Измеряя мир», «Игры разума», «Интерстеллар» и других. Анализ и выводы по каждому из них носят проблемный, творческий и индивидуальный характер. При этом сохраняется главная задача философии: проблематизация себя на тексте, самоопределение молодого человека, начинающего свой путь в науке.

Гончарова А.В., Карпенюк Т.А.

РЕАЛИИ ВНЕДРЕНИЯ ПРИНЦИПА ПОЛИЯЗЫЧИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММАХ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ «БИОТЕХНОЛОГИЯ»

Президент страны Н.А. Назарбаев неоднократно подчеркивал в своих посланиях, что «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками». В целях обеспечения конкурентоспособности страны и ее граждан, а также интеграцией в мировое пространство Президентом был предложен культурный проект «Триединство языков», согласно которому необходимо развитие в

нашей стране трех языков: казахского - как государственного языка, русского - как языка межнационального общения и английского - как языка успешной интеграции в глобальную экономику.

Идея триединства языков продиктована временем, в котором мы живем, как решение насущной жизненной потребности общества интегрироваться в глобальный мир. Мир открыт для того, кто может овладевать новыми знаниями, используя при этом иностранные языки. Знание языков сегодня рассматривают как триединую ценность: знание языка как государственная ценность; языковое образование как общественная ценность; языковое образование как личностная ценность.

Знание иностранных языков в современном обществе стало неотъемлемым компонентом личной и профессиональной деятельности человека. Качественное владение иностранным языком выпускниками средней школы и высшего учебного заведения – это современная реальность, продиктованная тем, что уровень развития науки и техники в мире требует свободного владения иностранными языками для получения необходимых теоретических и практических знаний, профессиональных умений и навыков. Для укрепления конкурентоспособности Казахстана возникает потребность в большом количестве граждан, владеющих несколькими языками. Понятно, что именно они будут иметь реальные шансы занять в обществе более престижное положение, как в профессиональном, так и в социальном отношении.

Благодаря инициативе Президента сегодня полиязычие в Казахстане является одним из приоритетных направлений в системе высшего образования. В Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, обеспечивающей комплексную и глубокую модернизацию образования на всех его уровнях, обозначены мировые тенденции развития системы образования: интеграция, интернационализация; мобильность обучающихся, преподавателей, знаний и инноваций; образование в течении всей жизни; информатизация и развитие электронного обучения; синтез триады «наука - образование - инновация». Для реализации выдвинутых Президентом страны задач, в ведущих высших учебных заведениях Казахстана сегодня разработаны концепции развития полиязычного образования, соответствующие международным стандартам, приняты планы его внедрения, разрабатывается нормативно-правовая документация, открываются центры полиязычного образования.

Высшее учебное заведение является важным этапом в процессе формирования и развития поликультурной личности. И Президент Н.А.Назарбаев поставил перед отечественным высшим образованием весьма высокую планку. Оно должно готовить высококвалифицированных, конкурентно-способных специалистов, востребованных не только в своей стране, но и в мировом сообществе. Именно поэтому стратегической задачей сегодняшнего образования является, с одной стороны сохранение лучших казахстанских традиций в образовательном процессе, с другой стороны, обеспечение выпускников казахстанских ВУЗов квалификационными качествами, соответствующими международным стандартам, а также развитие лингвистического сознания молодежи.

Реализация политики полиязычного образования - задача важная, но непростая. Непростая потому, что для достижения результата необходимо унифицировать уже имеющуюся практику полиязычного образования в вузах и школах Республики, обеспечить преемственность образовательных программ. Крайне важно разработать научно-методические рекомендации по реализации принципа преемственности полиязычного образования в системе «школа-вуз», тем самым создав предпосылки для решения задач, сформулированных в Государственной программе развития образования на 2011-2020 годы.

Будучи классическим университетом, КазНУ им. аль-Фараби является инновационным центром в развитии высшего профессионального и послевузовского образования, обеспечивает формирование и профессиональное становление конкурентно- способной личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений современной науки и практики. Являясь флагманом высшего образования в стране, наш университет не может остаться в стороне от тех масштабных задач, которые ставятся сегодня перед высшим образованием, в том числе и в вопросе введения полиязычия в образовательный процесс.

Следует вспомнить также, что именно КазНУ им.аль-Фараби является лидером в Казахстане по участию в Программах ЕС - TEMPUS, ERASMUS MUNDUS, которые позволяют полнее адаптировать основные принципы Болонского процесса и приблизить академическую политику вуза к европейским стандартам. Сегодня КазНУ успешно сотрудничает более чем с 400 крупнейшими университетами из 25 стран мира. Наш Университет, как известно, один из первых среди вузов Центральной Азии присоединился к Великой Хартии университетов и полностью перешел на современную трехступенчатую систему подготовки кадров «бакалавриат-магистратура-докторантура PhD».

На одном из старейших факультетов университета факультете Биологии и Биотехнологии с 1996 года осуществляется подготовка бакалавров по специальности «Биотехнология». С 2004 года, обучение по данной специальности ведется в соответствии с многоступенчатой структурой высшего и послевузовского образования: бакалавриат-магистратура-докторантура (PhD). Образовательные программы бакалавриата, магистратуры и докторантуры по специальности «Биотехнология» аккредитованы международным агентством ASIIN.

До 2011 года, обучение по специальности «Биотехнология» осуществлялось на казахском и русском языках. В соответствии с дорожной картой в 2011-2012 уч.году в образовательных программах магистратуры и докторантуры впервые было введено преподавание нескольких (1-2) дисциплин на английском языке. Это был первый шаг,

первый опыт, как для преподавателей факультета, так и для самих студентов. Вопросов и опасений было тогда много. Для второй и третьей ступени обучения такой шаг казался приемлемым, поскольку при поступлении в магистратуру и докторантуру, абитуриенты сдают на общих основаниях вступительный экзамен по иностранному языку. То есть предполагается, что уровень знания иностранного языка при поступлении должен быть достаточно высок. Однако, на деле оказалось, что не все студенты, поступившие, например, в магистратуру и набравшие высокие баллы на вступительном экзамене в достаточной степени владеют английским языком. Проблемой оказалось и методическое обеспечение. Учебной литературы на английском языке, особенно если это касается какого-то профильного элективного курса, было очень мало. Этот вопрос удалось решить тогда путем использования иностранных научных статей, которые скачивались из интернета и предоставлялись магистрантам и докторантам как учебный, вспомогательный материал.

В дальнейшем в 2013-2014 учебном году при приеме студентов в магистратуру была открыта группа, обучавшаяся полностью на английском языке.

Специальность «Биотехнология» одна из самых многочисленных по набору студентов на факультете. Ежегодно, на обучение по этой специальности в бакалавриате факультет принимает от 120 до 140 абитуриентов (от 90 до 100 человек на казахское отделение, от 30 до 40 человек на русское отделение).

Впервые для набора студентов 2011-2012 года, в соответствии с дорожной картой на первом курсе бакалавриата на факультете была открыта группа, которая начала обучаться на английском языке. Группа была создана из студентов (9 человек), которые выразили желание обучаться на иностранном языке, и прошли дополнительное тестирование на уровне факультета. Около 60% всех дисциплин образовательной программы преподавались для этих студентов на английском языке.

Начиная с 2012-2013 учебного года, ежегодно при приеме студентов на первый курс программы бакалавриата формируются уже по две группы с обучением на английском языке, причем одна из них комплектуется из студентов, поступивших на казахское отделение, а вторая группа, соответственно, из студентов русского отделения. Студенты этих групп изучают все дисциплины учебного плана на иностранном языке. Выпускной Государственный экзамен также сдается на иностранном языке. Написание выпускной работы разрешено на любом, более удобном языке, по выбору самого студента. Как известно, общий объем выпускной работы составляет не менее 40 страниц, однако не все студенты в достаточной хорошей степени владеют грамотным письменным английским, с другой стороны не все руководители дипломных работ студентов в должной степени знают иностранный язык.

Помимо этого, в 2016-2017 учебном году для студентов 4 курса сформирована полиязычная группа, студенты которой обучаются уже на трех языках: казахском, русском и английском.

Исходя из выше изложенного понятно, что факультет активно работает и уверенно движется в направлении внедрения в образовательный процесс полиязычия. Для этого на факультете сделано немало:

- в перечень базовых дисциплин типовых учебных планов включены дисциплины «Профессионально-ориентированный иностранный язык», «Профессиональный казахский / русский»;
- сформированы группы, обучающиеся на иностранном языке, а также полиязычные группы;
- проводится мониторинг знаний студентов;
- проводится мониторинг качества преподавания дисциплин на английском языке, русском и казахском языках;
- осуществляется академическая мобильность студентов и преподавателей, которая позволит обеспечить возможность приобретения дополнительного академического и культурного опыта за границей;
- для преподавания привлечены квалифицированные преподаватели, владеющие английским языком;
- для чтения курсов образовательных программ привлекаются ведущие ученые из числа работодателей, имеющие свои научные школы, опыт работы за рубежом;
- для чтения некоторых модулей образовательных программ привлекаются зарубежные специалисты, что позволяет повысить конкурентоспособность будущих специалистов, а также улучшить качество полиязычных кадров;
- разрабатывается учебно-методическое сопровождение дисциплин на трех языках;
- начата работа по написанию, изданию и переводу учебно-методических материалов;
- ведется корректировка образовательных программ бакалавриата и магистратуры с учетом полиязычного образования.

На первый взгляд сделано немало, но, как известно, любые реформы и новшества сталкиваются с определенными проблемами. И внедрение системы полиязычного образования не исключение. Опыт работы показывает, что на сегодня можно выделить несколько основных проблем:

- отсутствие единой концепции подготовки полиязычных специалистов на основе компетентностного подхода;
- недостаточная языковая подготовка студентов (с введением трехязычия для неподготовленных студентов существует реальная вероятность увеличить процент неуспевающих);
- недостаточно сильная мотивация студентов в обучении на иностранном языке (понятно, что для обучения на иностранном языке, студенту требуется приложить больше усилий, больше времени тратить на подготовку к занятиям, чтобы достичь положительного результата. К сожалению, не все студенты готовы к этому, многие предпочитают идти по пути наименьшего сопротивления).

– недостаточна языковая подготовка преподавателей профессиональных неязыковых дисциплин, количественный, а также качественный состав ППС, ведущих занятия на трех языках не всегда соответствует требованиям;

– отсутствие отработанной и налаженной, постоянной системы повышения квалификации ППС как внутри страны, так и за ее пределами, в соответствии с требованиями полиязычного образования;

– несоответствие материально-технической базы, а также учебно-методического сопровождения дисциплин современным требованиям, недостаточная обеспеченность учебно-наглядными пособиями;

– отсутствие в библиотечном фонде необходимой литературы на иностранном языке по профилирующим дисциплинам.

Для успешной реализации тех задач, которые выдвигает Президент страны перед высшей школой, по реализации полиязычного образования необходимо предпринять следующие шаги:

– внедрение полиязычного образования по приоритетным специальностям должно проводиться поэтапно как среди обучающихся, так и профессорско-преподавательского состава, необходимо чтобы работал принцип преемственности «средняя школа-ВУЗ» (основной вопрос: готов ли сегодняшний выпускник средней школы обучаться в полиязычной группе, поступив в университет и воспринимать сложный вузовский материал на иностранном языке учитывая, что обучение на государственном, русском и английском языках идет с использованием специфической профессиональной терминологии);

– необходимо разработать концепцию подготовки полиязычных специалистов на основе компетентностного подхода;

– разработка современных образовательных программ бакалавриата и магистратуры должна осуществляться с учетом полиязычного образования;

– учебный процесс должен быть организован таким образом, чтобы выпускники имели достаточный уровень полиязычной компетенции для последующего непрерывного обучения (в магистратуре, докторантуре) на трех языках;

– необходимо обеспечить учебный процесс кадровыми ресурсами за счет усиления целенаправленной подготовки преподавателей (языковые курсы) для полиязычных групп, речь идет об организации интенсивных профессионально-лингвистических курсов с участием отечественных и западных специалистов;

– важно обеспечить участие ППС в программах международной и внутриреспубликанской академической мобильности, в семинарах и тренингах по полиязычному обучению;

– необходимо привлекать зарубежных ученых, специалистов, преподавателей, а также представителей иностранных компаний, работающих в регионе, для проведения занятий в полиязычных группах;

– увеличить финансирование программ внешней академической мобильности студентов (такие программы должны быть предусмотрены и встроены в систему полиязычной подготовки);

– обеспечить наличие обновленной научной и учебно-методической, материально-технической базы для реализации полиязычного образования;

– организовать подготовку учебно-методических комплексов специальностей и учебно-методических комплексов дисциплин, читаемых в полиязычных группах;

– на основе анализа книгообеспеченности дисциплин образовательной программы по каждой конкретно специальности необходимо регулярное пополнение библиотечного фонда, электронной базы университета полиязычной (учебной, методической, справочной, научной) литературой;

– необходимо разработать программу подготовки и издания учебной, учебно-методической, справочной и научной литературы (возможно совместно с зарубежными партнерами) в соответствии с учетом полиязычного обучения.

Все вышеперечисленное – это только часть вопросов, которые требуют не только правильного организационного и методического подхода, но и значительных финансовых вложений. Однако, их решение позволит создать все необходимые условия для реализации образовательного процесса в соответствии с основными задачами полиязычного образования.

Большинство сегодняшних абитуриентов отчетливо понимают, что владение несколькими языками даст им возможность получить престижную работу и успешно реализовать себя в профессиональном плане, укрепить свой социальный статус, а также поможет адаптироваться в современном мировом сообществе. И роль ВУЗа сегодня помочь молодежи осуществить свою мечту.

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 г. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее»//www.akorda.kz

2. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. - 2012. - № 218-219. - 10 июля.

3. От идеи «Триединство языков» Н.А.Назарбаева до полиязычного образования в Казахстане // Б.А.Жетписбаева, О. Т. Аринова, Вестник КарГУ, Караганда.2012, №4. / <http://articlekz.com/node/1411>.

4. Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // www.edu.gov.kz

5. Чан Динь Лам «Полиязычное образование- важнейшая стратегия развития Казахстана»: Успехи современного естествознания №7, 2013. – С. 130-132.

Дабылтаева Н. Е.
**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНДІРУ – КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ**

Қазақстандағы жоғарғы оқудың үшсатылы жүйеге өтуі жоғарғы оқу орындарында студенттердің бакалавриат, магистратура және докторантура арқылы оқуына мүмкіндік туғызды. Жоғарғы оқу орындарында магистратура бағыты білім беру бойынша оқыту бағдарламасын жасап шығаруда отандық та, шетелдік те тәжірибе қолданылды [1]. Сонымен қатар, Болон үдерісі қағидаларына сәйкес, оқыту технологиялары студенттерді динамикалық білімдердің, қабілеттердің, машықтардың жинақтығы, мінез-құлық пен тұлғалық қасиеттер модельдері құзыреттілігіне дағдыландыруға бағытталған, бұлар бітірушінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті болуына және экономика мен мәдениет салаларының ауқымды спектрінде кәсіби сәтті қалыптасып танылуына мүмкіндік береді. Оқыту технологиялары дәстүрлі және инновациялық оқу әдістемелері мен бақылау формаларының үйлесімділігіне негізделеді.

Жоғарғы оқу орны түлегі үшін қойылатын маңызды талап оның кәсіби құзыреттілікпен қамтамасыз етілуі болып табылады. Дәстүрлі түсінікте, бұл, тізімі сәйкес оқыту бағдарламаларында тіркелген білім, сондай-ақ тәжірибелік машықтар мен қабілеттерді жинаумен анықталады [2]. Құзыреттілік – фундаменталды және арнайы «бейінді» сипаттағы білім, машық пен қабілеттердің қалыптасқан ядросы және қалыптасқан шығармашылық басқарушылық ойлау қабілеті.

Кәсіби құзыреттіліктің мұндай түсіндірмесі оқыту үдерісін жүзеге асыру амалдарын айтарлықтай өзгертумен шарттастырылады. Жоғарғы оқу орны түлегінің шығармашылық кәсіби әлеуетін қалыптастыру оқыту бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын өзгертуді, жаңа педагогикалық әдістемелер мен технологияларды қолдануды, сонымен қатар, оқуға түсуші және оқып жатқандарды бағалаудың жаңа критерийлерін талап етеді. Сонымен қатар, магистратура, ғылымды қажет ететін білім беру институты ретінде, ғылыми зерттеулердің дамуы үшін қолайлы жағдай жасалса ғана қызмет ете алады. Магистрлік дайындықтың жоғары сапасына жету «зерттеу арқылы оқыту» бағытындағы бүкіл білім беру үдерісін қайта құруды білдіреді.

Білім беруді дамытудың заманауи кезеңі теория мен тәжірибеде интенсивті түрде жаңа дүние іздеумен сипатталады. Бұл үдеріс бірқатар қайшылықтармен шарттастырылған, олардың ең бастысы – дәстүрлі оқыту және тәрбиелеу формалары мен әдістерінің білім беру жүйесінің жаңа даму тенденциясымен, бірқатар объективті инновациялық үдерістер туындатқан қоғамның қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму шарттарымен сәйкес келмеуі. Қоғамның білім беруге қатысты әлеуметтік тапсырысы өзгерді: өз қызметін дербес, саналы түрде, шығармашылық тұрғыда анықтауға, және осы мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін өзін-өзі реттеуге қабілетті тұлға қалыптасуы тиіс. Дегенмен, бұл жағдайда мәселе мынада: мемлекеттік және муниципалды басқару жүйесі көп жағдайда қызметкерлердің тапқырлығының дамуына да, олардың қызметіне жаңалық енгізуге де ықпал жасамайды. Сондықтан, жоғарғы оқу орындарын әртүрлі, оның ішінде инновациялық сипаттағы жобаларды дайындауға тартуды билік органдарының тапсырысы бойынша игілік деп қарастыруға болады. Кәсіби қайта даярлауға және біліктілікті арттыруға қатысты мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыруға жоғарғы оқу орындарының қатысуы да - тәжірибелік қызметке әртүрлі жаңалықтар енгізуге қабілетті болатын қызметкерлер менталитетінің өзгеруіне бағытталған жұмыс. Бірақ, ондай нәтижеге жету оқытуды ұйымдастыруда шығармашылық көзқарас болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Қазақстанның нарықтық қатынастарға өтуі кәсіби білім беру жүйесінің алдына шешімі кәсіби білім беру жүйесін терең түрлендіруден көрінетін жаңа мақсаттар қойды. Білім берудің инновациялық сипаты оның өзге әлеуметтік институттармен бәсекелестігінде маңызды құралға айналуға да, заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайда оқыту технологияларының мазмұны ғана емес, формасы да магистранттардың білім беруге позитивті бағдарын қалыптастыру үшін маңызды. Білім берудің жаңа әдістерін дамыту кезек күттірмейтін қажеттілікке айналуға. Білім берудің тиімділігін, қолжетімділігін, сапасын жоғарылату, оның үздіксіз және жаңашыл сипаты, магистранттардың әлеуметтік мобильділігі мен белсенділігінің өсуі, олардың әртүрлі білім беру орталарына қосылуы білім беру жүйесін Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, оның азаматтарының әл-ауқатын жақсартудың маңызды факторына айналдырады.

Білім берудегі инновация деп педагогикалық технологияларды, әдістер жиынтығын, оқыту тәсілдері мен құралдарын жетілдіру үрдісі түсіндіріледі. Қазіргі таңда инновациялық педагогикалық қызмет кез-келген оқыту мекемелерінің білім беру қызметінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Және бұл кездейсоқ емес. Дәл сол инновациялық қызмет мекемелердің білім беру қызметі нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға негіз болып қана қоймай, оқытушының кәсіби өсуінің бағыттарын, оның шығармашылық ізденісін анықтайды, тәрбиеленушілердің тұлға ретінде өсуіне нақты ықпал жасайды. Сондықтан инновациялық қызмет оқытушылардың ғылыми-әдістемелік қызметімен және тәрбиеленушілердің оқу-зерттеу жұмысымен тығыз байланысты.

Педагогикалық процессте оқытудың инновациялық әдістері оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен формаларына, әдістеріне, мақсаттарына, оқытушы мен магистранттардың бірлескен қызметіне жаңалықтар енгізуді қарастырады. Бұл инновациялар арнайы жобалануы, ендігі жасалып шығуы немесе педагогикалық бастама арқасында қайта пайда болуы мүмкін.

Басқаша айтқанда, қазіргі білім беру қызметтері нарығының дамуы және ақпараттық технологиялар дәуірінің талаптары жағдайында оқытушылық өзінде практикада жинақталған директивті және инновациялық сипаттағы заманауи интерактивті оқу үлгісін үйлестіруі тиіс. Интерактивті үлгі беріліп жатқан ақпараттың түсінілуіне жету қажеттілігіне бағдарланған. Бұған қоса, ақпаратты беру үдерісінің өзі оқытушы мен магистранттың өзара әрекеттестігі қағидасымен құрылған. Ол магистранттың үлкен белсенділігін, алынған мағлұматтарды шығармашылық қорытуды болжамдайды.

Айта кеткен жөн, қарастырылып отырған екі оқу үлгісі де жағымдысымен қатар, жағымсыз жақтардан кенде емес.

Осылайша, жоғарғы оқу жүйесін қайта ұйымдастыру, оқыту процесінде білім керегінен артық берілетін («көп болғаны тіпті жақсы» қағидасы бойынша) дәстүрлі желілік көзқарастың орнына, конструктивисттік және оперативті тәсілге негізделген оқыту әдістеріне өтуді бастапқы арқау ретінде топшылайды. Жоғарғы оқу орындарында білім беру жүйесіндегі заманауи педагогикалық технологияларды енгізуді бағамдайтын бұл парадигмалық жылжудың ендігі өз орны бар. Заманауи білім беру нақты талаптарға және халықаралық стандарттарға сәйкес болуы шарт.

Біздің зерттеу шеңберінде мыналарды біріктіретін интерактивті оқу үлгісін қарастырылды. Атап айтсақ : проблемалық мазмұндау әдісі; презентациялар; пікірсайыстар; кейс-стадтар; топтық жұмыстар; ой-талқы әдісі; сыни ойлау әдісі; сұрақ-жауап сайыстары; мини-зерттеулер; іскерлік ойындар; рөлдік ойындар; Insert методы – индивидуалды таңбалар мен белгілер әдісі, мұнда студенттер 10 минуттық ассоциациялық эссе жазады; блиц-сауалнама әдісі; сауал-сұрақ жүргізу әдісі немесе «Бинго» қабылдау және т.б.

Сапаны басқаруды тек әкімшілік негізде жүзеге асыру мүмкін емес. Ол барлық білім беру қызметкерлерінің қатысуын талап етеді. Ол үшін білім беру ұйымы қызметінің процесіне қатысушының әрбірі үшін осы басқарудың мақсаты мен позитивті нәтижесі түсінікті болуы үшін қажет. Сапаны басқару – бұл қосымша жүктеме емес, жұмысты ұйымдастыру сапасы және оның технологиясы. Сапаны басқару іс-әрекетті қиындатпай, жеңілдетуі керек. Сапаны басқару жүйесінің негізгі қиындығы оның қалыптасуы мен жобалауында болып отыр.

Сапаны басқару қосымша қызметтер, талаптар және тексерулерге ұқсас келеді. Осы жағдай барлық істі қиындатып жібереді және адамдарды өзінен алшақтатады. Сапаны басқаруды тек сапаны қадағалаумен төмендете алмаймыз. Ол кез келген басқарудың негізгі қызметтерін қосады: мотивация, ұйымдастыру, жобалау, талдау және сапаны зерттеу. Жаңа сапа адамның санасында пайда болады, олар стереотиптер мен ойлау догмаларын бұзады. Сапа – бұл даму мәселесінің кең ауқымы, тек мәселені шешу ғана емес, сонымен бірге оларды іздеу және таңдау болып табылады. Сапаны басқару нарықтық бәсеке жағдайындағы білім беру ұйымының бәсекеге тұрақтылығын қолдау үшін міндетті болып табылады.

Қорытындылай келе, қазіргі кезде сапаны басқару туралы емес, білім беру сапасын қамтамасыз ету туралы айтылады. Бірақ қамтамасыз ету және басқару бір емес. Болашақта сапаны басқару негізгі болады деген пікірлер қалыптасады, яғни белгілі бір бағыттағы саналы және бірқалыпты өзгеріс. Бірақ бұл сапаны басқарудың механизмдер мен технологиялар жүйесін құруды ұсынады. Қазіргі кезде мұндай мәселені кешенді шешудің алғашқы қадамдары жасалуда. Болашақ бүгіннен басталады. Болашаққа қадам жасау оны көру мен түсінуге байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Анискин Ю.П. Планирование и контроллинг: учебное пособие / Ю.П. Анискин, А.М. Павлова. М.: Омега-Л, 2007 – 243с.
2. Артемьева М.Н. Все о качестве / М.Н. Артемьева // Важные вопросы в СМК. 2007. -№1 (46). – С. 12-17.
3. Архипова Н.И. Совершенствование организационных структур управления как фактор стратегического развития ВУЗа на современном этапе / Н.И. Архипова // Менеджмент в России и за рубежом. - 2008. - №1 – С. 82-88.

Жубаназарова Н.С., Камзанова А.Т., Жолдасова М.К., Бердібаева С.Қ., Баймолдина Л.О.
ПСИХОЛОГИЯ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН САПАЛЫ БАСҚАРУ
ПРОЦЕСІ

Білім беру сапасының мәселесі әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамудың заңды процестерін бейнелейді. Білім беру қажеттіліктерінің өзгерісі мен оларды жүзеге асыру шарттары білім беру сапасын арттыруды талап етеді.

Білім беру сапасын арттыруда бастысы білім беру сапасын түсіну, ол немен анықталады және неге тәуелді, оны қалай арттыруға болады және бұл процесс неге қиын жүріп жатыр деген мәселені терең түсіну болып табылады.

Қазіргі қоғам дамуындағы білім берудің рөлін бағалау және талдау бастапқы позиция болып табылады. Білім беру дамуының объективті заңдылықтарын анықтау ғылыми позиция жағынан қажеттілікті, Қазақстандағы білім берудің даму ерекшеліктерін және нақты ережелерді бағалауға, осының негізінде білім беру сапасының концепциясын құрып және басқарудың механизмдері мен процестерінің жүйесін қосатын сапаны басқару мәселесін кешенді қарастырады.

Қазіргі кездегі білім беру жүйесі соңғы бірнеше жылда мәнді өзгерістерді өткерді. Қазіргі кезде білім берудің бәсекеге қабілеттілігіне, оның сапасын арттыруға көп мән берілуде. Бұл білім беру жүйесі ашық қоғам мен жоспарланбаған еңбек нарығының өзгерген қажеттіліктерін есепке ала отырып, үздіксіз жаңарып отыру керек дегенді білдіреді. Бұл материалдық ресурстармен бірге ЖОО өз қабілеттілігін, жоғары сапалы оқу бағдарламаларын ұсыну қабілеттілігі, студенттердің, қоғамның және еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыра алуды талап етеді.

Минималды шығыс кезінде максималды сапаға жету керек деген негізгі мақсаты бар компаниялар нарықтағы бәсекеге қабілетті болып табылады. Қазіргі кезде көбіне ЖОО білім беруді ұсынушы өндіріс ретінде қарастырылады. Сондықтан ЖОО-да келесі бағыт қарастырылады: жоғары сапалы, тиімді және үнемді білім беруді ұсынуға талпынатын университеттер білім беруді ұсынушы нарықта бәсекеге қабілетті болады.

Білім беру сапасы басқарудың спецификалық нысаны ретінде анықталады. Білім беру сапасын басқару үшін сапаға бағдарланған, басқару сапасына тән, басқару қызметтерін жүзеге асыратын және білім беру процесін басқарудың жалпы жүйесіне етене қиысқан басқару жүйесін құру қажет. Мұндай жүйе білім беруді басқарудың макродеңгейімен қатар әрбір білім беру мекемесіндегі (ЖОО, колледж және т.б.) білім беру процесін басқару деңгейіне қажет.

Басқару жүйесі – бұл мақсаттың бағытына, басқарудың қозғалысын қамтамасыз ететін және басқару нысанына әсер етуді жүзеге асыруға қажетті әрекеттер жиынтығы. Барлық әрекеттер басқару қызметіне, бір-бірімен байланысты бөлімшелерге топтастырылады. Осылай басқару жүйесі рәсімделеді.

Басқару жүйесін қалыптастыру негізінде оларды жүзеге асыру үшін қажетті қызметтер жатыр. Қызметтердің көмегімен іс-әрекетті бөлу және интеграциялау жүзеге асады. Кез келген басқару сияқты сапаны басқарудың негізгі және арнайы қызметтері болады.

Білім беру сапасын басқарудың негізгі қызметтер құрамы білім беру сапасы болып табылатын басқару нысанына қатысты басқару іс-әрекетінің жалпы сипатын бейнелейді.

Басқарудың негізгі жеті қызметі бар:

1. Білім беру сапасын жоспарлау және болжау, оның өзгерістерінің тенденцияларын пайымдау.
2. Білім беру сапасын басқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру, қызметтерді мамандандыру, оларды бөлу, бекіту және жүзеге асыру.
3. Білім беру сапасын олардың потенциалы, процесі және нәтижесінің параметрлері бойынша бақылау.
4. Сапаны реттеу, сәйкестікті қамтамасыз ету және оның сипаттарының үйлесімде болуы.
5. Сапаны бағалау, оның деңгейлерін және жоғарылату мүмкіндіктерін анықтау.
6. Басылымдықтар, негативті әсерлер, шектеулер, сыни факторлар, қалыптастырулардың себептері аймағында білім беру сапасын зерттеу.
7. Білім беру сапасын арттыру және қамтамасыз ету мотивациясы.

Негізгі қызметтер білім беру сапасын басқару жүйесінде интеграциялаушы рөлге ие. Бұл олардың өз бейнесінен қандай да бір өлшемде немесе комбинацияда спецификалық қызметтерді табуынан көрінеді.

Спецификалық қызметтердің құрамы басқару нысанының спецификациясы ретінде, сонымен бірге оның қалыптасуы мен дамуындағы шынайы мәселелерде сипатталады. Мысалы, еңбек көлемі, мамандардың болуы, материалды-техникалық қамтамасыз ету және т.б. Осындай шарттарға сүйене отырып, білім беру сапасын басқарудың келесі жеті спецификалық қызметтерін құруға болады.

1. Оқытушылық құрамының сапасын басқару. Бұл қызмет өзіне оқытушылардың санын, олардың құрамы мен құрылымын, біліктілік деңгейін, біліктілікті арттыру жүйесін, олардың жұмысын ұйымдастыру, мотивация және еңбек ақы жүйесін анықтауды қосады. Бұл қызметтің әрбір элементі үшін талаптар мен сапа критеріі құрылуы қажет. Бұл қызметті жүзеге асыру арнайыландырылған бағдарламалар немесе білім беру сапасының жалпы бағдарламасының бөлімі түрінде болуы мүмкін.

2. Студенттің сапасын басқару. Жоғары оқу орнына талапкерлерді қабылдау кезінде қойылатын талаптар, әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларды есепке ала отырып, студенттік топ құру, студенттің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, студенттік ұжымдарды, студенттік өзін-өзі басқару жүйесін құру, азаматтық және кәсіби сапаларды тәрбиелеу – мұның барлығы аталған қызметтің мазмұнын құрайды.

3. Білім беру технологиясы сапасын басқару. Білім берудің дамуында білім берудің әртүрлі технологияларын жобалау мүмкіндіктерін ұлғайтатын тенденциялар байқалады. Бұл сапаны басқару қызметінің негізін құрайды. Ол дегеніміз қазіргі кездегі технологияларды қолданып қана қою емес, сонымен бірге оқу жылдарының факторлары, оқу пәнінің ерекшелігі және мамандық бойынша, материалды-техникалық мүмкіндіктер, тәрбиелеу процесінің концепциясы бойынша білім берудің технологиялық сипаттамаларын өзгерте алу. Бұл сапаны басқару динамикасының қызметі.

4. Ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді басқару студенттермен бірге оқытушыларда қажетті оқу мен ғылыми ақпаратты алу және іздеу процестерін реттеуді, білім беруді меңгерудің тиімді әдістемелік сызбаларын қолдануды болжайды. Бұл қызмет кітапханалық жұмысты және ақпараттық орталықтардың іс-әрекеттерін ұйымдастырумен байланысты.

5. Материалды-техникалық қамтамасыз ету сапасын басқару өзіндік жұмыс үшін оқу ғимараттарын безендіру және бөлу, зертханалық құрал-жабдықтарды және компьютерлік кластар мен залдарды қолдануды сипаттайды. Мұнда техниканың заманауи жаңаруы мәнді орынға ие.

6. Білім беру инфрақұрылымының сапасын басқару. Бұл қызмет жоспарлы-қаржы бөлімі, бухгалтерия, әкімшілік-шаруашылық бөлімше және т.б. қосатын білім беру мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырады.

7. Білім беру бағдарламасының сапасын басқару. Бұл қызмет мамандықтың даму концепциясын және түлек күзіретін, оқу жоспарын, біліктілік талаптарын, тәжірибе мен қорытынды іс-шараларды ұйымдастыру, оқу циклдерінің құрамы және т.б. сипаттайды.

Сапаны басқару жүйесі білім беру процесін басқару жүйесінен еш айырмашылығы жоқ деген пікір қалыптасуы мүмкін. Кейбір сипаттар бойынша қызметтері бірдей.

Әрине, қызметтері бірдей, бірақ барлық жерде емес. Ең басты айырмашылығы бұл қызметтердің бастауы және бағдары сапа көрсеткіштерін болжайды және бұл қызметтерді жүзеге асыру үшін немесе олардың орындалуын бақылау үшін арнайыландырылған бөлімшелер болады. Бұл білім беру сапасын басқару жүйесінің ерекшелігі. Негізі бұл жүйе басқарудың жалпы жүйесінің бөлігі ғана емес, сонымен бірге оның спецификалық ерекшелігі болып табылады. Бұл жекелей алғанда сапаны бақылау, топты талдау және сапаны басқару орталықтары бар білім беру мекемелерін басқару жүйесінде көрінеді. Мүмкін жеке қызметтер бойынша сапаны басқару бөлімшелері осы ЖОО үшін маңызды шығар. Сонымен, жалпы басқару білім беру сапасын бағдарлаумен толықтырылады.

ЖОО-ның сапасын басқару жүйесін құру кезінде төрт факторды есепке алған маңызды: сапаны қамтамасыз етудің сыртқы жағдайлары, ЖОО-ның билігіндегі сапаның потенциалы, сапаны қалыптастыру процесі және білім беру нәтижесінің сапасы. Осы факторлардың әрқайсысы сапаны басқару жүйесінің нақты сипаттамалары мен ерекшеліктеріне әсер етеді.

Осыған байланысты, соңғы жылдарда жалпы және қолданбалы психология кафедрасы «Психология» мамандығы бойынша психология саласындағы білім берудің әлемдік стандарттарын бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге сапаны басқару жүйесін модернизациялауға талпынатын мамандарды даярлау бойынша бағдарлама құруға бар күшін салуда.

Жұбаназарова Н.С., Алгожаева Н.С., Ертисова С.Б., Алипбаева Д. С., Нұрғалиева Д.А.
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУҒА
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІН ЖҮЙЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Психологиядағы барлық әдістемелік ізденістер, адамды жүйелі зерттеуде басқа да ғылыми салалар әдістерімен өзара тығыз байланыста болу қажеттілігімен ерекшеленеді. Әсіресе, ұстанымдар мен әдістерді нақты анықталған мақсаттарға сәйкес жіктеу үлкен маңызға ие болып отыр.

Диалектикалық дамудың айқындаушы маңызы психологияның әртүрлі генетикалық және тарихи ұстанымдарын алдыңғы орынға шығарды. Қазіргі психологиядағы генетикалық және тарихи ұстанымдардың гносеологиялық маңызы, бұл ұстанымдардың психологияның барлық аймағындағы нақты зерттеу әдістерін анықтауында. Психология алдында тұрған теориялық және тәжірибелік міндеттердің жаңаша ұйымдастырылуына байланысты оның философиялық, психологиялық-педагогикалық негіздері жан-жақты қарастырылуда. Психологиялық ғылым жүйесінде осы өзгерістерге орай психологиялық қызметтің негізгі бағыты – психодиагностиканың зерттеу әдістерінің де өзіндік ерекшелігі бар. Психодиагностика - зерттеу барысында әдіс-тәсілдер мен әдістемелерді қолданудағы практикалық психологияның негізгі саласы [1].

Психологияның теориялық және эмпирикалық әдістері ғылыми психологиялық білім алуға бағытталған жалпы мақсатты көздейді. Бұл білім негізінде теориялық жалпы бақылау мүмкіндігі болатын тәжірибелі мәліметтер немесе эмпирикалық заңдылықтарды анықтайтын психологиялық заңдар қалыптасады. Біз психологиялық зерттеу құрылымының негізгі теориялық-эмпирикалық шеңберінде жүзеге асатын әдістердің негізгі тобын қарастырамыз. Өдетте теориялық әдістердің жіктелуі сол немесе басқа да психологиялық теория құрылымынан бөлек қарастырылмайды. Сонымен қатар негізгі эмпирикалық әдістер психологиялық теорияның құрамдас бөлігімен байланысты болады. Жалпы ғылыми эмпирикалық зерттеу әдістеріне бақылау, эксперимент және өлшеу әдістері жатады.

Қазіргі жүйелеуде әдіс және әдістеме ұғымдарын ажырату өте маңызды. Егер әдістеме тану жолын эмпирикалық мәліметтер жиыны, тәсілі ретінде эмпирикалық зерттеу құрылымы ажыратса, онда әдіс психологиялық көрсеткіштер мен оларды басқару тәсілі немесе техникасын сипаттайды.

Б.Г. Ананьевтің көзқарасы бойынша психодиагностикада психологиялық зерттеу әдістері психологиялық ғылымның психикалық объектілер жүйесі, сонымен қатар гносеологиялық объектілері болып табылады [2].

Психологияда эмпирикалық әдістерді қолдану мәселелері жүйелік амал талаптарына байланысты, психологиялық әдістер жүйесінің түрлерін анықтау қарастырылады. Олардың бес деңгейін бөліп көрсетуге болады: әдістеме деңгейі; әдістемелік тәсіл деңгейі; әдістер деңгейі (эксперимент, бақылау және т.б.); зерттеуді ұйымдастыру деңгейі; әдіснамалық амалдар деңгейі;

Әдіс ұғымы кез-келген деңгейде қолданылуы мүмкін. Мысалы психофизикада орташа қателік әдісі, әдіс шегі, психодиагностикада жобалық әдіс (2 деңгей), психосемантикада семантикалық дифференциация әдісі және репертуарлық тор әдісі (1 деңгей), даму психологиясында психогенетикалық әдіс пен оның көп түрлілігін талдайды. Психологиялық зерттеуде қолданылатын деңгейлік бөлу әдісін Т.Д. Пирьев былай тұжырымдайды:

1. Өзіндік әдістер (эксперимент, бақылау, модельдеу және т.б.); 2. Әдістемелік тәсілдер; 3. Әдістемелік амал (генетикалық, психофизиологиялық және т.б.);

С.Л. Рубинштейн өзінің «Жалпы психология негіздері» атты еңбегінде басты психологиялық әдістер ретінде эксперимент пен бақылауды бөліп көрсетті. Бақылау «ішкі» және «сыртқы» болып екіге бөлінеді (өзіндік бақылау). Эксперимент табиғи, лабораториялық және психологиялық-педагогикалық, оған қосымша физиологиялық эксперимент әдістері – оның негізгі модификациясы (шартты рефлекс әдісі) болып бөлінеді. Сонымен қатар іс-әрекет нәтижесіне қарай зерттеу тәсілі мен әңгімелесу және анкета әдістерін де қарастырады.

Психологиялық зерттеуде Б.Г. Ананьевтің еңбектері отандық психологияда жетекші орында болды. Б.Г. Ананьев еңбегімен таныса отырып, болгар психологы Г.Д. Пирьев зерттеу әдістерін былай жүйелейді: бақылау (объективті – тура және жанама, субъективті – тура және жанама), эксперимент (лабораториялық, табиғи және психологиялық-педагогикалық), модельдеу, психологиялық мінездеме, қосымша әдістер (математикалық, графикалық, биохимиялық және т.б.) және арнайы әдістемелік амал (генетикалық, салыстырмалы және т.б.). Бұл әдістердің әрқайсысы басқа да әдістер қатарына бөлінеді. Мысалы: бақылау сауалнамаға, сұрақтарға, іс-әрекет нәтижесін оқуға бөлінеді.

Б.Г. Ананьев Г.Д. Пироговтың әдістер классификациясын сынай отырып, психологиялық зерттеу әдістерінің жүйесін былай топтастырады: 1) ұйымдастыру; 2) эмпирикалық; 3) мәліметтерді өңдеу; 4) интерпретациялық.

1. Ұйымдастыру әдісіне Б.Г. Ананьев салыстырмалық, кешендік және лонгитюдтік әдістерді жатқызды; 2. Эмпирикалық әдістерге обсервациялық әдістер (бақылау және өзін-өзі бақылау), эксперимент (лабораториялық, далалық, табиғи және т.б.) психодиагностикалық әдіс, іс-әрекет нәтижелері мен үрдісті талдау (праксиометрлік әдістер), модельдеу және биографиялық әдістер жатады; 3. Мәліметтерді өңдеу әдістері: математикалық-статистикалық талдау және сапалық сипаттау әдістер; 4. Интерпретациялық әдістер: генетикалық (филогенетикалық, онтогенетикалық) және құрылымдық әдістер (классификациялық, типтік және т.б.).

М.С. Роговин мен Г.В. Залевский еңбектерінде жоғарыда аталған зерттеулерді қарастыра отырып, өздерінің жүйесін ұсынады. Бұл авторлардың көзқарастары бойынша әдіс – бұл таным үрдісі кезінде объект пен субъект арасындағы қатынастардың көрінісі. Олар негізгі психологиялық әдістерді алты топқа бөлді: 1. Герменевтік – ғылымның ой операциялары және әдістері бөлінбеуіне сәйкес; 2. Биографиялық – психика ғылымында таным объектісінің тұтастығын көрсету; 3. Бақылау – таным объектісі мен субъектісінің дифференциациясы; 4. Өзіндік клиникалық – сырттай бақылаудан ішкі механизмге ауысу міндеті; 5. Өзіндік бақылау – алдыңғы дифференциация негізінде субъектінің объектіге ауысуы; 6. Эксперимент – таным үрдісі кезінде субъект ролі саналатын, объектіні тану кезіндегі субъектінің белсенді қарама-қайшылығы;

Психологтар тек эмпирикалық психологиялық әдістердің жіктелуіне ғана тоқталды, ол үшін олар модельдерді герменевтік әдістер қатарына қосуға бейім болды. Модель – субъектінің объектіге және өзіне деген рефлексивті қатынасы, субъектінің рационалды қарама-қайшылығы [3].

Психологиялық зерттеу әдістерін жүйелеу мен бейнелеудің ерекшеліктері зерттеудің эмпирикалық әдісі мен жалпы психологиялық әдістердің арасындағы ерекшелігін анықтаудағы белгілі бір жағдайлар. Басқа ғылымдардағы сияқты психологияда әдістің үш класы бөліп қарастырылады: Эмпирикалық – зерттеудің субъектісі мен объектісі өзара нақты қарым - қатынаста жүреді; Теориялық – субъект пен модельмен объект ойша әрекет етеді (зертеу нысанымен); 3. Интерпретация немесе суреттеу – субъект сырттай объектінің белгілік-символдық болжамдармен (графиктермен, кестелермен, схемалармен) әрекет етеді;

Әдістің бірінші тобын қолданудың нәтижесі болып құралдар көрсеткіштерімен объектінің жағдайын бекітетін мәліметтер, субъектінің жағдайы компьютер жады, іс-әрекет өнімдері және т.б. табылады. Теориялық әдістерді қолдану нәтижесі табиғи тілдік, белгілік-символық және кеңістіктік-схемалық түрінде ұсынылған.

Интерпретациялық суреттеу әдісі теориялық және эксперименттік әдістерді қолдану нәтижелері мен өзара әрекет ету орындары. Эмпирикалық зерттеу мәліметтері бір жағынан біріншілік өңдеуге және индуктивті гипотез, модель, зерттеу теориясын ұйымдастыру жағынан нәтижелер талаптарына сәйкес ұсынылады. Екінші жағынан бұл нәтижеге гипотездің сәйкестігі концепциясымен бәсекелесу терминінің мәліметтерінің интерпретациясы жүреді. Интерпретация өнімі болып факт, эмпирикалық тәуелділік және гипотезді қолдау немесе жоққа шығару болып табылады.

Психологиялық зерттеулердегі теориялық әдістер түрлері: Дедуктивті (аксиоматикалық және гипо-дедуктивті) – жалпыдан – жекеге, абстракциядан – нақтыға. Нәтижесі теория, заң және т.б.; Индуктивті – фактілерді жалпылау, жекеден-жалпыға. Нәтижесі-индуктивті гипотез, заңдылық жіктеу, жүйелеу; Модельдеу – ұқсас әдістерді нақтылау, «трандукция» жекеден-жекеге, күрделі объект орнына зерттеуге қолайлы қарапайым объект алынуы. Нәтижесі – объект моделі, үрдіс жағдайы;

Бастауын философиялық психологиядан алатын психологиялық теория әдісінен көрнекілі-ой әдісін айыру қажет. Ой қорытындысы–ғылыми фактілерге немесе эмпирикалық заңдылықтарға сүйенбейді, автордың концепциялық өзіндік біліміне (субъективті шындық, интуиция) негізделеді. Көрнекі ойшыл психолог философ ретінде өз көзқарасы бойынша психологияның моделі немесе оның жеке құрамының модельдерін (тұлға теориясы, қарым-қатынас, ойлау, шығармашылық, қабылдау және т.б.) тудырады. Ой қорытындысы құрамына рационалды, иррационалды білімдерін біріктіретін, тұтастық және эмпирикалық зерттеу кезінде шындықтарды түсіндіру негізі қарастырылады.

Модельдеудің екі негізгі түрі бар: құрылымдық–функционалды және функционалды–құрылымдық. Бірінші жағдайда зерттеуші оның сыртқы болмысына қарай жеке жүйесі құрылымын анықтайды. Ол үшін ол ұқсасты (бұл жағдайда модельдеу) құрастырады немесе ұқсас болмысы бар басқа жүйені таңдайды. Мұндай болмыс (ұқсастықтар нәтижесінің ережесі негізінде) құрылымдар ұқсастығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Модельдеудің бұл түрі психологиялық зерттеудің негізгі әдісі және табиғи ғылыми психологиялық зерттеудің негізі болып табылады. Екінші жағдайда модельдеудің құрылымдық ұқсастығы мен бейнесін зерттеуші ортақ функциясымен сыртқы көріністері және т.б. сипатталады. Бұл әдіс көптеген ғылымдарда таралған, соның ішінде салыстырмалы анатомияда, палентологияда, мәдениеттануда және т.б. Басқа адамның психикалық болмысын түсіну мүмкін емес, бірақ әр субъектінің өзінің жеке болмысы бар, сондықтан функционалды–құрылымдық модельдеу мен герменевтік әдістердің ұқсастығы бар. Сол себепті М.С. Роговин мен Г.В. Залевский модельдеу әдісін герменевтік әдістер қатарына қосты. Интерпретациялық–бейнелеу әдісі психологиялық зерттеуде маңызды роль атқарады. Көбінесе зерттеушінің бұл әдістерді жете меңгеруі ғылыми бағдарламаның жетістігінің дәлелі. Психологиядағы бейнелеу әдісінің ерекшеліктері – теорияны сипаттау мен эмпирикалық мәліметтерді суреттеудің арасындағы айырмашылық келтірілмесе де В.А. Ганзеннің монографиясында толықтай сипатталған [3].

Адам зерттелуші ретінде іс-әрекет, таным субъектісі болып табылады. Сондықтан эмпирикалық психологиялық әдістерін жіктеу кезінде бұл ерекшелікті ескеру қажет. Психологияда интерпретациялық немесе зерттелушінің болмысын түсіндірудің маңызы зор. Түсіну үрдісі өлшеу үрдісіне қарама-қарсы. Өлшеу кезінде зерттеу нәтижесін объективті тұрғыдан қарап, интерпретация жасалады.

Психологиялық зерттеудің екі спецификалық белгісін көрсететін барлық психологиялық эмпирикалық әдістердің орналасуын кеңістік осьтері арқылы сипаттайды. Біріншісі – зерттеуші мен зерттелушінің әрекеттерінің бар-жоқтығы немесе әрекеттің белсенділігі. Ол клиникалық экспериментте максималды, өзіндік бақылауда минималды (зерттеуші мен зерттелуші бір тұлға). Екіншісі – процедураның объективтілігі мен субъективтілігін тестілеу (немесе өлшеу) және басқа адамның болмысын «таза» түсіну, «сезіну» эмпатия, оның іс-әрекетінің тұлғалық интерпретациясы болып табылады. Екінші жағдайда зерттеушінің жеке тәжірибесі, жеке ойлары. Психологиялық әдістерді тура бөлетін екі спецификалық белгіні басқаша да атауға болады. Біріншісі – «екі субъект – бір субъект» осін немесе «сыртқы диалог – ішкі диалог» түзеді. Екіншісі – «сыртқы» құралдар – «ішкі» құралдар немесе «интерпретация» түзеді. Бұл осьтермен түзілген квадраттарда негізгі психологиялық эмпирикалық әдістерді орналастыруға болады. Бұл жерде психологиялық эксперимент зерттелушімен әрекет, оның болмысының объективті үйлесімі болып табылады. Олардың қатарына бақылау, әңгімелесу және «архивтік» әдіс (іс-әрекет өнімдері мен болмысты талдау) жатады.

Қазіргі кезеңде психологиялық диагностика зерттеулерінде әдістер сапалық ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөлінеді: формалды және формалды емес әдістер. Формалды әдістер түрлері: тестер, сұрақ жауап, психофизиологиялық әдістер және проектілі техникалық әдістер. Оларға тән негізгі сипаттар: нақты бекітілген ережеге сәйкес болуы; зерттеу барысында берілген нұсқауды дәл сақтау және процедура объективті жүргізілуі тиіс; алынған мәліметтерді стандартты өңдеу тәртібі бойынша қорытындылау; диагностикалық эксперимент қорытындыларын жүргізу; сенімділігі, бұл объектіге қатысты өлшеу процедурасының орнықтылығы; валидтылығы, яғни бұл барлық зерттеу процедурасының алынған нәтижелер объектілері қасиетіне қатысты болуы; формалды әдістер арқылы белгілі бір уақыт аралығында диагностикалық ақпарат алуға және индивидті өзара сандық, сапалық жағынан салыстырмалы түрде сипаттауға болады. Формалды емес әдістер: бақылау, әңгімелесу, іс-әрекет нәтижесіне талдау жасау әдісі. Психикалық процестері, қасиеттері және психикалық кейпінің жалпы көріністері мен олардың мазмұнына қарай ерекшеліктерін білуге болады. Мысалы мақсаттар динамикасы, тұлғалық қасиеттері, көңіл күйі, психикалық кейпі т.б. Кешенді психологиялық диагностикалық зерттеу барысында бұл екі топтағы әдістер бір-бірін толықтырып, байланысты бірлікте қолданылады [4].

Психологияда, басқа ғылыми салалар, соның ішінде, жаратылыс туралы жалпы ғылымдар (механика, физика мен химия) әдістерін қолданудың ғасырлық тәжірибесі бар. Шын мәнінде де, психофизика қалыптасуымен байланысты эксперименталды психология тарихы жалпы физика әдістерін қолданудан басталды. Соңғы онжылдықтарда жаратылыстану әдістерін психологиялық өңдеу қарқынды дамып келеді. Жоғарыда көрсетілген, математика – кибернетикалық әдістерді психологиялық әдістерге өңдеуден басқа да, салыстырмалы психология мен дифференциалды психологияның да қазіргі генетика әдістерін қолдануларын атап өтуге болады. Сонымен қатар, медициналық және патологиялық психологияда, нейропсихология мен дифференциалды психологияда жаңа биохимиялық әдістер де кеңінен қолданыс табуда. Жаңа биохимия мен фармакология негізінде құрылған психофармакология ғылыми саласымен қоса алғанда, биохимиялық әдістер жүйке – психикалық қызметті тануда

жаңа мүмкіндіктер ашты. Салыстырмалы психологияның жаңа даму кезеңі, жоғарғы жүйке қызметі физиологиясының классикалық әдісі болып табылатын шартты рефлекстер әдісін және қазіргі эксперименталды экологияның ең жаңа әдістерін қолданумен байланысты. Қазіргі эксперименталды психологияға ең жаңа электрофизиологиялық әдістердің де әсері зор [5].

Психологияның әдістемелік дамуындағы жаңа қадам, онда әртүрлі әлеуметтік ғылымдардың эксперименталды емес әдістерін де қолдану болып отыр. Жеке тұлғаны психологиялық зерттеу мүмкіндіктерін кеңейтетін бұл әдістер қатарына тілтанудың салыстырмалы әдісі, әдебиеттанудағы мәтіндік әдіс, тарих ғылымындағы құжаттану мен өмірбаяндық әдістер, әлеуметтік статистика әдістері және т.б. жатады. Тарихи, әлеуметтік және дифференциалды психологияның, өнер психологиясы мен ғылым психологиясының, салыстырмалы психологияның дамуына байланысты психологиялық зерттеу әдістері саны жағынан да, сапасы жағынан да дамып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – СПб.: Питер, 2000. – 272 с.
2. Корнилова Т.В., Смирнов С.Д. Методологические основы психологии. – СПб.: Питер, 2008. – С.70-77.
3. Дружинин В.Н. Экспериментальная психология. – СПб.: Питер, 2008. – С.35-40.
4. Психологическая диагностика./ Под. ред.М.К.Акимовой, К.М.Гуревича. – СПб.: Питер, 2008. – С. 55-66.
5. Психодиагностика: теория и практика./Общ. ред. Н.Ф.Талызиной. – М.,1986. – С. 124-155.

Жубаназарова Н.С., Токсанбаева Н.Қ., Бердібаева С.К., Аймағанбетова О.Х.

БІЛІМ БЕРУ НАРЫҒЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӘСІБИ БІЛІКТІ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Егеменді ел болып, өркениетке бет бұрған қазақстанның жастары ертеңгі мемлекет тірегі. Сол тірек нық та, берік болуы үшін бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру, кәсіби білікті мамандар дайындау қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Тұлғаның танымдық іс-әрекетін қарым-қатынас арқылы дамытудың көкейтестілігі бүгінгі таңда әсіресе кәсіби маман қалыптастыруда өте маңызды.

Сонымен қатар, Қазақстанның тәуелсіздігі егеменді мемлекет ретінде мәнді дәрежеде болашақ маман иелерінің коммуникативті қабілеттілік деңгейлерімен, кәсіби білікті даму сапасымен қамтамасыз етуді алғашқы орынға қояды. Қазақстанның болашағы мен оның дамуын жалғастыратын маманды даярлау туралы мәселелерді алға қояды. Демек, іргелі білімді жан-жақты меңгерген, бастамашыл, еңбек нарығы мен әркілі технологиялардың ауысып тұратын талаптарына бейімделген және тек өзінің ісін жақсы білетін ғана емес, сонымен бірге қажетті жағдайда күрделі мәселелерді өзі шеше алатын маман даярлау бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі. Әрине мұндай мәселені шешу тұлғаны ең алдымен қарым-қатынас құралымен қамтамасыз ету болып табылады. Соңғы жылдарда жүзеге асырылып жатқан қазақстандық білім беру жүйесін реформалау барысы азаматтық сана-сезімді, Отан алдындағы борышкерлік сезімін дамытуға ықпал ететін жағымды қатынастар мен құндылықтарды, қоғамды жаңғыртуға өз үлесін қосуға дайын әлеуметтенген тұлға қалыптастыру жұмыстарын мақсатты бағыттап, жүйелі жүргізуді талап етуде.

Білім беру ұйымдарында тұлғаны тәрбиелеу баланың өмірлік іс-әрекеті үрдісін педагогтың дұрыс ұйымдастыруы және бағыт беруі арқылы жүзеге асады. Сондықтан да педагог қызметкерлердің кәсіби біліктіліктерін арттырып, олардың педагогикалық, әдістемелік жағынан өсуіне бірден-бір үлес қосып жүрген біздің институт қызметкерлерінің де жауапкершілігі жылдан-жылға артуда деп ойлаймын.

Профессор С.М. Жақыпов танымдық іс-әрекет - оқыту процесінің мазмұндық формаларын көрсетеді деп анықтайды. Сонымен қатар жеке адамның ойлау – мнемикалық перцептивтік іс-әрекетте оның мазмұндық жағын көрсетсе, формасын даралық бірлескен, жалған даралық немесе жалған бірлескен іс-әрекет ретінде көрсетеді. Сөйтіп оқыту берілген материалды түйсініп, қабылдап, есінде сақтап, ойлап қана қоймайды, сол қабылдағанын, түйсінгенін, есте сақтағанын, ойлағанын іс-әрекет негізінде жандандырып өңдеп жүзеге асырады [1].

Біліктілікті арттыру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі теория мен практиканың өзара байланысын жүзеге асыру болып табылады. Осымен байланысты В.В. Давыдов дамыта оқытуды, ал Е.Белозерцев проблемалық оқыту, пікір алмасулар мен іскерлік ойындар ұйымдастыру, жобалар жасақтау, тренингтер мен практикумдар, «дөңгелек үстелдер» өткізу, теорияны мектеп практикасында нақтылауға мүмкіндік беретін оқу міндеттерін пайдалану, педагогикалық жағдаяттарды моделдеу сияқты құралдарды атап өтеді "[2].

Нарық экономикасы психологиясының көрінуі адам іс-әрекетінен білінеді. Мұның астарында экономикалық қарым-қатынастағы экономикалық санамен анықталатын мінез-құлық жатыр, нақтырақ айтқанда нарық экономикасының белгісі болып табылатын, ақша-тауар-ақша негізінде қалыптасатын адам эмоциясы, іс-әрекеті болып табылады. Бұл нарық экономика аясында адам қажеттіліктерімен байланысты, яғни мұнда нарықтық пайда көзделгендіктен, қажеттіліктер де шартты болып келеді, ұсыныс сұранысқа байланысты туындайды. Мұнда адамның психологиялық ерекшеліктері экономикалық ойлаумен ұштастырылады [3].

Біліктілікті арттыру жүйесінің келесі бір маңызды бағыты педагогтардың коммуникативтік мәдениетін, яғни қарым-қатынас біліктіліктерін дамыту болып табылады.

Тұлғаның құндылығы – индивидтің санасындағы қоғамдағы материалды және рухани құндылықтардың таңдаулы бейнесі ғана емес. Адамның киімі, оның заттары, үйі, оның отбасы, балалары, жалпы, У. Джеймс «материалды Мен» сферасына қосқанның барлығы, тұлғаның құндылықтары болуы мүмкін. Тұлғаның құндылығы

сондай-ақ топтың құндылығы сияқты қоғам құндылықтарының нақтысы болып табылады, бұл нақтылық тұлғаның әлеуметтік жүйедегі позициясынан және оның даму деңгейіне тәуелді болып келеді.

Құндылықтарды қоғам өмірінің құбылысы немесе элементі ретінде қарастыруға болады, әлеуметтік мән көзқарасынан талдай отырып, оларға қоғаммен тұтастай немесе әлеуметтік топпен болуға тура келетін. Құндылықтар мәні, қоғаммен өндіретін өзіндік идеалды білім типін ұсынады.

Құндылықтардың психологиялық категориясы мотивациялық құбылыстардың кең кластарына жатады. Адамдардың психикасында құндылық позитивті және негативті эмоцияның пайда болуымен бірге шығады, нақты біліммен байланыстырылған, жүріс тұрыс немесе іс әрекет нұсқаларына тандау жасауға мүмкіндік беретін.

Құндылық түсінігі адамның қатынасы әлемге сипатталғанда қолданылады. Құндылық адам және оны қоршаған әлем арасында бөлінген, ол тек олардың қатынасында болады. Құндылықтарды тасушы болып кез келген зат, құбылыс бола алады, адамның санасымен өзара әрекетке тиісті.

Тұлғаның құндылықтар бағдары адамның шынайы жүріс тұрысымен жиі қарастырылады. Сонымен, оның келесідей басты сәттері беріледі: «біріншіден, құндылықтар бағдары тұлғаның бағыттылығын және әлеуметтік белсенділігінің мазмұнын сипаттайды, және екіншіден, ол оның әлеуметтік жүріс тұрысының реттеушісі ретінде қарастырылады».

В.Д. Сайко көрсеткендей: «Құндылықтар бағдарының жүйесі тұлғаның және оның қалыптасқандығының көрсеткішінің маңызды сипаттамасы болып табылады. Құндылықтар бағдарының даму деңгейі, ерекшеліктері және қалыптасуы тұлғаның даму деңгейін бағалауға мүмкіндік береді, тұтастылық және тұрақтылық, оның құндылықтар бағдарының тұрақтылығы ретінде көрінеді [4]. Сонымен, тұлғаның құндылықтар бағдарының психологиялық аспектісі оның ішкі әлемін зерттеуімен тығыз байланысты, қоғамдық жүріс-тұрыс, өмірдің және мәдениеттің құндылықтарын ұғынуға және жаңғыртуға бағытталған.

Біліктілік – бұл білімді меңгерудегі, тәжірибиедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік. Бүгінгі күн мұғалімнің біліктілігін арттыруды жалпықоғамдық мәселе ретінде қарастыру қажеттігі туған кезең. Себебі білімді тереңдету, молайту, жетілдіру, арттыру жеке басы үшін ғана емес, қазіргі қоғамға қажет әрекет деп қабылдауымыз керек. Бұл мұғалімнің өз қызметінде табысқа жетуін ғана көздемейді, оның аясын одан әлдеқайда кеңірек қарастырған жөн.

Бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегі өмірге дайындаушы. Мұғалім мамандығының құндылығы да осында деп түсінгеніміз дұрыс.

Біліктілікті арттыру курстары арқылы мұғалімдерді оқытуда оқытушы жетекшілік, бағыт берушілік, ұйымдастырушылық, түзетушілік әрекеттерді атқаруы керек. Оқытушының осындай әрекетіне білім алушы мұғалімнің өзі де бойындағы бар білімін көрсете байланыс жасағанда ғана сапалы нәтижеге жетуге болады деп ойлаймыз. Мұғалімдердің өз білімдерін жүйелі көтеріп отырулары – олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі фактор.

Еліміздің білім беру саясатындағы көкейтесті мәселелердің бірі де осы мұғалімдердің біліктіліктерін жүйелі арттыру болып табылады.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселесін зерттеген ғалымдар бұл саланың даму тенденциясын жан-жақты көрсеткен. Жас мұғалімдер оқушылардың өзбетімен әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру, оның қарқынын зерттеу, оқушылардың өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру мәселелерінде қиындық көреді. Бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың пән мазмұны бойынша білімді меңгеруінен емес, сол бойынша жұмыс істету әдістерінен қиындық көреді. Сонымен бірге мұғалімдер оқу мақсаттарын қою, міндеттерін белгілеу және оның нәтижесін жоспарлау, қиындықты жеңу әдістерін іздестіру т.б. бойынша да қиындықтар көретіндігі байқалады.

Ұлттық білім берудің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде танып, оның рухани баюына, саяси көзқарасы мен шығармашылық белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына толық мүмкіндік беру, жағдай жасау. Сондықтан жас маманның бойында үш түрлі біліктілік қалыптасуы қажет: а) пәндік біліктілік.

Пән бойынша алған теориялық білімі мен іскерлігі жатады. Теориялық білім пән арқылы беріледі. ә) педагогтік біліктілік. Педагогиканың негізін, ұстанымдарын, әдіс –тәсілдерін, сабақты ұйымдастырудың негізгі нысандарын білуі тиіс. б) технологиялық біліктілік. Білім берудің сапасын көтеру, өз бетімен іздену қабілетін қалыптастыру. Білімді де білікті маман даярлаудың мақсаты – маманның бойында іргелі де жүйелі білім, кәсіби іскерлік пен дағды, шығармашылық белсенділік пен еркіндік, мәдени ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру болса, білім ғасырындағы білім берудің жаңа жүйесі нені оқыту (білім мазмұны), қандай жүйеде оқыту (құрылымы), қалай оқыту (педагогикалық технология) мәселелерін шешуге бағытталуда.

Оқытушының қызметін өз дәрежесінде атқара алуы оның біліктілігіне байланысты. Атап айтқанда: гностикалық, педагогтік, қоғамдық –экономикалық, коммуникативтік. Білікті маманның тәрбиелеген шәкірті білімді болары сөзсіз. Ал білім – қоғам дамуының шешуші факторы.

Біліктілікті арттыру құрылымына жаңаша көзқарас жаңартылған жүйеде педагогтердің мінсіз қызмет атқаруынан басталады. Облыс орталықтарында құрылған педагогтердің біліктіліктерін арттыру филиалдары: педагог кадрлардың қосымша білім беру жүйесіндегі білім беру қызметінің сапасына бірыңғай талапты; мазмұны, ұйымдастыру әдісі және түрі жағынан әртүрлі, бірақ қай өңірде болса да бірдей жоғары сапалы курстық дайындыққа педагогтердің қолжетімділігін; ұлттық деңгейдегі курстық дайындықтың сапасын басқаруды мониторинг жүйесінің көмегімен қамтамасыз етеді. Біліктілік жүйесіндегі мониторинг белгілеу, түзету және болжау қызметтерін жүргізуге мүмкіндік беретін инновациялық технологиялар арқылы жүзеге асады.

Білім берудің қазіргі замандағы негізгі мақсаты - білім негізін беріп, білік пен дағдыны қалыптастырып, болашақ мамандық иесі болуға машықтандыру ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны дербес, әлуеметтік, кәсіби ұтымды шешімдер қабылдап, оны жүзеге асыра білуге даярлау болып табылады. Яғни бүгінгі білім алушы, келешек маман бәсекеге қабілетті, жан - жақты дамыған, өз Отанына қызмет етуге даяр тұлға болып шығуы тиіс.

Білім жүйесінің үздіксіз білім беру үлгісіне көшуі білім беру технологиясын түбегейлі өзгертуді талап етеді. Ол талаптар әдістемелік әрекеттерді жинақтау, білім берудің әдістерін және тәсілдерін интеллектуалдандыру, жекелендіру, берілетін білімді жаңаша жүйеде қарастыру, оқу материалдарын шығармашылық түрде қабылдануын, оқу материалдарын қолданылатын оқу дидактикалық құралдарының ақпараттылығы және коммуникативтілігі, білім алушының жоғарғы сапалы білімділік қабілеттілігін және оқуға қызығу негізін қалыптастыруды көздейді. Мұндай көзделген мақсатқа оқытудың жаңа тәсілін пайдалану инновациялық технологияны ендіру арқылы жүзеге асырылады.

Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзреттілігін дамыту. Құзырет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-ірекеріне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі.

Бүгінгі таңда кәсіптік білім беру жүйесінің басымдылығы – халықаралық білім нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау сапасын арттыру. Яғни, адамды үздіксіз білім алуға, еңбек процесіне даярлау, бағыттау. Осыған орай еліміздің ертеңінің тізгінін ұстар, өзіне сенімді, Отанымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қоса алатын, жан-жақты дамыған, білімді тұлғаны дайындап, тәрбиелеу – аса жауапты қоғамдақ міндет. Болашақ бүгіннен басталады. Бүгіннен әрекеттенсек, ертеңіміз жарқын болары сөзсіз. Жаңа тұрпатты ұстаз жауапкершілігін сезіне білу, білім сапасын дамыту-біздің басты мақсатымыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения: - Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 312 с.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: Опыт теоретического и экспериментального исследования.- М.: Педагогика, 1986. – 240 с.
3. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. 2-изд.М., 2005.
4. Мясичев В.Н. Психология отношений: избр. психол. Труды/ под. ред. А.А. Бодалева. М.,2004. – 428 с.

Журтбаева А.А., Конуспаев С.Р., Жакирова Н.К. ЖАҢАША БІЛІМГЕ –ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Қазіргі таңда елімізде білім берудің жаңа жүйесі қалыптасып, дүние жүзілік білім беру аймағына кіруге бағыт жасауда. Кез-келген мемлекеттің экономикалық қуатылығы, халқының тұрмыс құру деңгейінің жоғарлығы, дүние жүзі бойынша алатын орны және маңыздылығы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталатыны анық. Осылайша еліміздің дамуы мен жаңа технологияны енгізу мақсаты мен құндылығы осы елдегі білім беру жұмыстарының жолға қойылғандығы мен белгілі бір саланы ақпараттандыру деңгейімен анықталынады. Экономикалық жағынан өте жақсы дамыған мемлекеттердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай ғылым, мәдениет және экономика сол елдің қарқынды дамуының негізгі кілті болып табылады. Қазіргі кезде жеке тұлғаны дамытуға бағдарланған, маңыздылығы жоғары, шыншыл, адал демократиялық бағытындағы жалпы адамзаттық құндылықтарды алға қойатын білім беру жүйесін қалыптастыруда басты негізгі іс-шаралар, қадамдар жасалуда. Бұл қазіргі кездегі білім беру саласындағы менеджментінің мазмұнды басқарудың теориялық–практикалық мәселелерін, заңдылықтарын және тәжірибесін қамтиды. Осы үдеріс оқу-тәрбие үдерісінің педагогикалық теориясы және іс-тәжірибесін мағаналы өзгерістермен халықаралық дүниежүзілік білім беру сапасына жетуді көздейді, сонымен бірге ол тікелей сапа менеджменті жүйесінен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Сондықтан қоғам талабы бойынша сол елді көркейтетін, дамытатын және жетілдіретін жастар тәрбелеу ең маңызды мәселе. Осы мақсатқа жету жолында маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңаша мақсат, жаңаша көзқарас, жаңаша шешімдерді қажет етеді. Осындай шешімдерге жету тек білім арқылы келеді.

Білім дегеніміз орта мен қоғамды ғылыми-мәдени, әлеуметтік прогреспен қамтамасыз ететін ерекше құбылыс, қоғам мен адам үшін де ең жоғары құндылық. Білімнің ең негізгі мақсаты - адамның адамгершілігін, менталитетін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, жетілдіру, дамыту, орнықтыру.

Қазіргі қоғамның маманы гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдар бойынша ойлау қабілеті терең әрі кең, жан-дүниесі бай, кәсіби біліктілігі жоғары маман, кез келген ситуациялық жағдайдан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі өте жоғары, айналасындағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, қоғамда белгілі бір орын алатын дара тұлға болуы тиіс. Сондықтан келешек маман иелерін тек маман ретінде ғана қарамай, оны осы қоғамының азаматы, өзінше жекеше тұлға, болашақтың тірегі, иесі ретінде қарап соған мүмкіндіктер мен жағдайлар жасау қажет. Бұл өз кезегінде білімгерге, болашақ маман иелеріне іргелі де терең, мағаналы, сапалы да жүйелі білім берумен тығыз байланысты. Сондықтан бұл міндеттерді, жоспарларды жүзеге асыру барысында білім беруде кәсіби құзырлығы жоғары маман иесіне жеткен мамандығы бойынша өз пәнін толық және жетік меңгере білетін, әрбір тәлімгерлердің өзіндік дарындылығы мен

шығармашылығының жеке әр қайсысына байланысты дамуына қолайлы жағдай жасайтын, ізгілілік қасиеті жоғары, тұлғалық бейнесі көркем, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-әрекеттерін тиянақты тәртіппен атқаруға қабілеттілігі жоғары, оқытудың жаңаша технологияларын терең игерген және білімдік мониторинг негізіндегі ақпарат көздерін қолданып, оларды талдап жұмыс жасай алатын, дүние жүзілік және отандық тәжірибелерді шеберлікпен шығармашылықта игере білетін кәсіби жоғары дәрежелі маман педагогты дайындау.

Қазіргі кезде ғылыми ізденістермен жұмыс жасайтын ғалымдар мен оқытушылардың еңбектерінің нәтижесінде оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары пайда болуда. Осыған байланысты технологиялардың бірнеше түрі бар: басқару технологиялар, ақпараттық технологиялар, кәсіптік технологиялар, ойын технологиялары, ізденіс технологиялары, педагогикалық технологиялар және тағы басқалары. Білім беру жүйесінде осы кезде елуден аса жаңа технологиялар қолданыла бастады. Соның ішіндегі педагогикалық технологияны қарастыратын болсақ педагогикалық технология дегеніміз жалпы оқу үдерісін іске асырудың мағыналы технологиясы. Педагогикалық технологияның мәні ретінде жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуын қалыптастыру, ал ол өз кезегінде сапасы мен мәні жағынан оқытушының және оқу мекемелері мен бүкіл білім жүйесі үдерістерінде маңызы ерекше. Қазіргі білім беру жүйесіндегі оқытудың үздік технологияларын игеру студенттің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани, адамгершілік, азаматтық және де басқа көптеген адамдарға тән қасиеттерінің қалыптасуына оңталы әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие саласын тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен педагогикалық технология деп келешекте педагогикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын құралдық, жалпы жеке тұлғалық, оқу-тәрбиелік әдістеме тәсілдерінің жүйелі әрі систематикалық жиынтығы ретінде жұмыс істеу. Педагогикалық технология ұғымы үш деңгейде салыстырмалы түрде терең қарастырып пайдаланады.

Жалпы педагогикалық жүйе ұғымының синонимі. Оған мақсаты, мазмұны, оқытудың құралдары мен әдістері, оқыту процесінің субъектілері мен объектілері кіреді.

Салалық (пәндік) деп бір пән көлеміндегі оқыту, тәрбие мазмұнын жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы.

Локальдік (модульдік) деп жеке әрекеттер технологиясы, ұғымды қалыптастыру, жеке дара қасиеттерді қалыптастыру және дамыту сабағының технологиясы, жаңа материалды меңгерту технологиясы, қайталау және бақылауды ұйымдастыру технологиясы, жеке жұмысты ұйымдастыру технологиясы жатады.

Салалық (пәндік) деп локальдік (модульдік) деңгейлеп оқыту әдісімен ұсас, тек айырмашылық технологияда процессуалдық өлшемдік, сапалық және вариативтік - бағдарлық компоненттерге басым көңіл бөледі.

Технология әдістемелерінен оқыту әрекеттерін өңдеуге болатындығымен ерекшеленеді. Педагогикалық үрдіс технологиясы дегеніміз мақсатты анықтаудың жалпы әдістемесі негізінде мемлекеттің қазіргі кезде білім беру саласына қойып отырған мақсаттарына сәйкес іріктеліп, анықталып, реттелген оқытудың мазмұны мен формасы, әдіс-құралдарының, дидактикалық талаптарының психологиялық-педагогикалық көрсеткіштерінің жиыны болып келеді.

Оқыту технологиясы өз кезегінде жоғары оқу орындарында оқу барысында қажетті тәсіл, әдіс, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі ортасы ретінде пайдаланылады.

Сондықтан қазіргі таңда еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, тың идеяларға негізделген білім деңгейінің жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Университеттік білім адамдық ресурстардың басты факторы болуымен бірге экономиканың бәсекеге жарамдылығын қамтамасыз ететін білімге сүйене отырып сапалық көрсеткіші бойынша халықаралық стандарттарға сай болуы міндетті. Мұндай сапалық көрсеткіш ретінде халықаралық аккредитация және әлемнің жетекші университеттерінің рейтингісіне ену болып табылады. Біздің әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і басты назарын жұмыс беруші талаптарына сай келетін мамандарды дайындауға, кредиттік оқыту технологиясын дамыта отырып одан бетер жетілдіруге, зертханалық материалдық-техникалық базаны көтеруге, үздік шетелдік және отандық тәжірибелерді енгізуге, өзара халықаралық байланыстарды орнықтыруға бағыттап отырғанын білеміз.

Сондықтан Университеттің кадрлар әлеуетінің сапасын көтеру мақсатында ЖОО ішіндегі ПОҚ қызметін терең жетілдіру жұмыстарына байланысты қысқа мерзімді шетелден, алдыңғы қатарлы деп танылған университеттердің үздік әрі сапалы, мұқият жоспарланған біліктілікті артыру курстарымен алмастыру жұмыстарын тереңірек қолға алу. Қазіргі заман талабына сай келетін лабораториялық құрал-жабдықтарды алу үшін жүйелі түрде ірі отандық және шетелдік мамандарды ғылыми кеңесші ретінде шақырып ақылдасу неғұрлым тиімдірек болады.

Материалдық-техникалық базаны толықтыру, соңғы шыққан алдыңғы қатарлы үздік лабораториялық құрал-жабдықтарды алу ЖОО-ның коммуникациялық-ақпараттық инфрақұрылымын жетілдіру қажет. Біздің Университет тарапынан осындай іс-шаралар жасалып жатқаны белгілі, бірақ осы бағдарламаның жұмыс жасауына аса баса назар аударса екен. Оқытушылардың білім біліктіліктері артыру мақсатында оқу үдерісі кезінде шет елдерге барып, курстарға қатысып, тікелей дәрістерге, зертханалық жұмыстарына қатысып, сол сабақтың оқытушыларымен бірлесе жұмысты орындап, көріп, сабақ үдерісін қандай методикалар қолданатынын бас аяғына дейін тікелей танысып келгені өте тиімді болар еді. Жаз кезінде оқу үдерісі аяқталған кезде барып, көріп келгеннен ешқандай нәтиже бола қолмайтындығы анық. Сол себепті тікелей сол сабақты жүргізетін оқытушы барып үйреніп, көріп келсе неғұрлым тиімді болады. Келгеннен кейін Университет тарабынан қолдау көрсетіп зертханалық жұмыстарды қоюға, жұмыс жасатуына, керек құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, сатып алуына қолдау көрсетсе. Бұл өз

кезегінде студенттер мен ПОҚ-ның академиялық ұтқырлығын көтеру үшін, әлемдік деңгейдегі университеттермен өзара серіктестік қарым-қатынасты орнатып, олармен өзара тиімді тәжірибе алмасу үшін керек. Білім беру сапасына шетелдік мемлекеттерінің бағасы ретінде білім беру қызметі түрлерінің экспортына қатысу қажет. Сондықтан білім беру экспортының бірден бір қызметі ретінде бірінші кезекте білім беру сапасын көтеруді, әлемдік танымалдылық пен университет имиджінің нығаюын талап етеді. Мұндай іс-шаралар білім беру экспорты қызметіне, университет студенттерінің академиялық біліктілігіне және басқа елдердегі мамандар мен атақты ғалымдарды қызметке, жұмысқа тартуға, жаңа қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді ашуға өте маңызды әсер етеді.

Жаңаша мазмұнда білім беру осы ғасырдың басты талабы. Біз өмір сүріп отырған ғасыр білім мен оқудың ғасыры, сондықтан оқытушылардан жаңа педагогикалық әдіс-құралдарды пайдалану арқылы мағаналы, терең сапалы білім беру болып табылады. Қорытындылай келе жаңаша білім беру бағдарламасының жаңаша оқыту жүйесі нағыз осы ғасырдың шығармашыл, ойшыл, бәсекеге қабілетті, рухани дамыған жеке тұлға ретінде оқытушыны даярлаудың таптырмайтын қайнар көзі деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. Актобе. РИПК СО, 1999.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000.
3. Щукина Г.И. Роль деятельности в учебном процессе. М., 1986.
4. Губарев В.В. Системное представление о качестве образования // Стандарты и качество. - 2009. - N 1(30). – С. 69-76.
5. Инновациялық білім беру үрдістерінің мәні, түрлері және құрылымы //Ізденіс. – Алматы, 2005. № 3 (2).

Жусанбаева С.Б.

ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІ МӘТІН НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Тілдік бірліктерді мәтін негізінде оқып үйренуде тілдің функционалдық мүмкіндігінің, тілдің синтаксисінің, лексикасының, стилистикасының, заңдылықтары бір-бірімен байланыста жүзеге асады. Мәтін сөйлеуде (ауызша, жазбаша) жүзеге асатындықтан, оқушылар оқулықтағы мәтіндермен жұмыс істейді немесе өздері құрайды. Тілдік бірліктердің мәтіндегі толық мәні мен қызметі жан-жақты ашылады. Оқушылар өздерінің тілін, сөздік қорын мәтінмен түрлі жұмыс арқылы дамытып байытады. Мәтін жаттығуларының лингвистикалық негізі – қазіргі мәтін теориясы, сөйлеу теориясы, мәтін синтаксисі немесе күрделі синтаксистік тұтастық. Мәтін жаттығуларының негізі – қазіргі мәтін теориясы, сөйлеу теориясы, мәтін синтаксисі немесе күрделі синтаксистік тұтастық. Мәтін жаттығуларының түрлері: 1) дайын мәтінмен жұмыс; 2) оқушылардың өздерінің мәтін құрауы және т.б. Мәтін жаттығулары түрлерінің басқа жаттығулардан артықшылығы мынада – меңгерілетін тілдік бірлік өзінің функционалдық қызметінде көрінеді, мәтін оның мәні мен қызметін толық түсінуге көмектеседі. Оқушы өз тілінің ауызша, жазбаша дамытудың үлгісін алады. Дайын мәтінмен жұмыстың түрлері мәтінді тілдік талдаудың түрлері, мәтінді күрделі синтаксистік тұтастыққа ажырату және олармен жұмыс жасау; оқып үйреніп жатқан тілдік бірліктерді табу, олардың мәтінде қолданылу ерекшеліктеріне тоқталу себептерін түсіндіру; мәтінді өзгерту, оны мазмұндау, мәтін жоспарын құру және т.б.

Оқушының өз мәтінін құруға қатысты жұмыс түрлері: тақырып таңдау, шығарманың идеясын анықтау, таңдаған тақырыбына материал жинау және іріктеу, шығарма жоспарын құру, күрделі синтаксистік тұтастықты құру және олардың араларындағы ішкі байланысты орнату мақсатындағы әрекет, шығарма мәтінін жазу, оны өңдеу.

Мәтінмен жұмыс бастауыш сыныптан басталады, жоғары сыныпта жалғасады. Мәтінге ғалымдар әр түрлі анықтама береді. Мәтін дегеніміз белгілі бір тақырып пен ойға ие болатын, аяқталған күрделі синтаксистік тұтастықтардың құрылымы. Мәтіннің ең кішкене бөлшегі – айтылым. Кез келген айтылым – бұл сөйлем, бірақ кез келген сөйлем айтылым бола алмайды. Айтылым мен сөйлем екеуі бірдей құрылым емес. Сөйлем – сөйлем мүшелеріне талданады, ал айтылым тақырып пен оған қосылатын жаңа ақпараттан тұрады. Айтылымның тақырыбын «тема» деген термин, ал жаңа іс-әрекетті «рема» термині белгілейді. Айтылым тема-ремалық қатынастан тұрады. Мәтіндегі күрделі синтаксистік тұтастықты (фразалық бірлік) құрайды. Күрделі синтаксистік тұтастықтар араларындағы байланыстарды (фонетикалық, лексикалық, синтаксистік, семантикалық байланыстар) анықтау оқушының ойлау жүйесі мен ауызша, жазбаша сөйлеу тілін дамытады.

Күрделі синтаксистік тұтастықты тема-ремалық қатынастардың тізбегі құрайды. Күрделі синтаксистік тұтастық – мәтін түзуші бірлік, өзара мағыналық және құрылымдық байланыста тұрып, мәтінде композициялық-стилистикалық қызмет атқарады.

Мысалы, Баяғыда атағы жер жарған кәрі патша өмір сүріпті. Қырық жыл отасқан әйелі қайтыс болыпты. Патшаның жалғыз ғана бойжеткен қызы бар екен. Қызының ақылына көркі сай, сұлулығы, даңқы жан-жаққа жайылыпты. Қызға құда түсушілер де көбейіпті. Күйеу бала боламыз дегендердің араларында ержүрек батырлар, шіріген байлар мен елді алдаған кулар да бар екен. (Ертегі)

Бұл шағын мәтіннің әрбір айтылымы бірінен кейін екіншісі, яғни әрбір келесі айтылым жаңа ақпараттан хабар береді. Жаңа ақпаратты айтылымның ремалық сыңары айтады. Темалық сыңар – алдыңғы айтылымның ремасы.

Күрделі синтаксистік тұтастықтың айтылымындағы әрбір жаңа ақпаратты рема десек, айтылымнан келесі жаңа ақпараттың ауысып отырғанын байқауға болады. Айтылым араларындағы байланыстың тізбекті екені аңғарылады.

Тема-ремалық қатынасты модельдеуге болады. Модельдердің тізбегі әр түрлі тізбекті қатынас, параллель, аралас және т.б.

Мектеп оқушыларын мәтінді айтылым, күрделі синтаксистік тұтастық сияқты мәтінтүзуші бірліктер деңгейінде түсіндіру, түрлі тапсырмалар орындату оқушылардың ойлауын жүйелеуге, белгілі бір тақырыпта ауызша, жазбаша сөйлеу тілін дамытуға ықпал етеді.

Оқушыларда мәтін және оның негізгі белгілері туралы ұғымды қалыптастыру маңызды. Мәтін – ақпараттық тұтастықты білдіретін әрі субъектінің (мәтінді туғызушының) белгілі бір мақсаттағы мағыналық байланысы бар сөйлеу әрекетінің нәтижесі. Мәтіннің негізгі белгілері: байланыстың болуы және олардың тұтастыққа бірігуі.

Байланыстың түрлері: фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық. Байланыстың ең жоғары деңгейі семантикалық байланыстан көрінеді. Мұғалім мысалдармен мәтіндегі байланыс түрлерін түсіндіреді. Мысалы: Күн ыстық. Сондықтан адамдардың көбі үйінде отыр. Далада жүрген ешкім жоқ. Бұл мысалда сөйлемдер тізбекті байланысқа түскен.

Мәтіннің тұтастығы тақырыптың бірлігінен, тірек сөздердің қайталануынан және т.б. көрінеді. Мәтіннің құрылымдық байланысы мен мазмұндық тұтастығы бір-бірімен ажыратылмайды. Екеуінің бірі болмаса, онда ол мәтін мақсаты құрылған деп танылмайды. Мысалы: «Мен далаға шықтым. Көшеде жан жоқ. Көшедегі ағаштың жапырақтары сарғайған. Жапырақтардың сыбдыры естілмейді. Жасыл жапырақ адамдарға көлеңке. Ол денсаулыққа пайдалы». Осы мәтінде құрылымдық байланыс мықты да, ал мағынасы жағынан тұтастық жоқ. Оқушыларға салыстыру үшін құрылымдық байланысы мен мағыналық тұтастығы анық байқалатын шағын мәтін беріп, қорытындысын өздері шығарады: байланыс пен тұтастықты қалай жүзеге асқанын түсіндіреді.

Мәтіннің белгілі бір қатысымдық мақсатты жүзеге асыратындықтан, оның негізгі функционалдық-мағыналық сөйлеу типтерін: баяндау, суреттеу, пайымдау, сөйлеудің аралас түрлеріне мысалдар беріледі. Баяндауда белгілі бір уақыт аралығында болған оқиға туралы әңгімеленеді. Суреттеуде заттың қасиеттері мен белгілері сипатталады.

Пайымдауда заттарды немесе құбылысты зерттейді, олардың ішкі белгілерін ашады, белгілі бір жағдайларды дәлелдейді. Бұл белгілер мәтінде аралас келеді де бір белгісі басым келеді. Тема-ремалық қатынаста тек қана рема сөйлеу типін қалыптастырады.

Оқушылардың қатысымдық іскерлігін қалыптастыру мақсатында берілген. Тақырыпта мәтін, диалог, сұхбат және т.б. құрастыру, пікір айту, аннотация жазу және т.б. жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

Оқушылар берілген мәтіннің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін анықтайды. Көркем прозалық мәтінде абзацтың қызметін, абзацтар арасындағы байланыстар қалай жүзеге асқанын мұғалім нақты мысалдар арқылы дәлелдейді. Мысалы: М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан «Есембай жырасы» туралы шағын үзінді негізінде абзацтардың араларындағы байланыстың қалай жүзеге асқанын көрсетуге болады.

«Үлкендер қорыққан Есембай да, тіпті ұрылар да Абайға сондайлық жат, суық боп көріне алмады. Ұры десе, осы елдің өздеріндей қазақтары. Көп болса: киімдері, ер-тұрманы ғана жаман; қолдарында сойылдары ғана бар. Ондай ұрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық көп. Кейде тіпті, сарытоқым ұры болған – ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын. Қайта бір кездесіп, дәл жауға шапқан пішіндерін көрсем деген іште жүрген ынтықтығы да болатын.

Ал «Қарауыл биігі анау, жасырын жырасы мынау» деген Есембай-Найзатастар болса, ол Абайдың өз ауылының аса мәлім қоныстары. Көктемде ауылдары келіп қонып, ұзақ уақыт отырып, жайлап та кететін. Анау көрініп тұрған төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл қонысы, қой өрісі – барлығы да соншалық таныс, жақын. Тіпті, былтыр боқырауда, күзем үстінде қалаға, оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын. Сонда тайға шапқан, асық ойнаған құрбы балаларымен жаяу жарыс жасап, асыр салған ең соңғы бір ыстық қоныс осы болатын. Қыс бойы ауылды, елді сағынғанда есінен кетпейтін соңғы күндері дәл осы Есембайда өткен».

Берілген үзінді екі абзацтан тұрады. Бірінші абзацтың алғашқы сөйлемі кіріспе мәнге ие, хабарлы сөйлем, бірақ бүкіл екі абзацқа қатысты жалпылауыш мағынада қолданылған. Өзінен кейінгі екі абзацтың алғашқысында ұрылар сипатталса, одан кейінгісінде Есембай жырасы суреттеледі. Екі абзац бір-бірімен параллель байланысқанымен, осы екі абзацтағы сөйлемдер бір ырғақта, бір интонациялық тонда оқылады. Сөйлемдердің баяндау типі де бір формада берілген.

Абзац – мәтіннің құрылымдық-мазмұндық ең кішкене бірлігі. Абзацты ерекше тыныс белгісі ретінде қарауға болады. Диктант, мазмұндама, шығарма жазғанда абзацты ажыратпаса, ол қате деп саналады. Себебі ол бүкіл мәтіннің мазмұнына қатысты. Абзацтың шағын тақырыбы болатынын жоғарыда келтірілген мысалдан байқалады: бірінші абзацтың тақырыбы – ұры, ал екіншісінікі – Есембай.

Мұғалім оқушыларға талдауға беретін мәтіндерді іріктеп, мағынасы тереңдерін таңдайды.

Мектеп бағдарламасында тілдік бірліктерді мәтін деңгейінде қарастыруға бөлінген арнайы сағаттар азғантай. Бірақ ҰБТ-да мәтін бойынша тапсырмалар кездеседі. Ал Назарбаевтың зияткерлік мектебіне түсуге арналған тест тапсырмалары үш тілде де (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) тілдік бірліктердің мәтін деңгейіндегі қызметін көрсетуден құралған.

Қазақ тілін орта мектептің өзінде құрылымдық деңгейде оқытудан мәтінге, яғни сөйлеу әрекетінің нәтижесі ретінде оқытудың қажеттігін көрсетеді.

Тілдік бірліктерді мәтін негізінде оқыту мына бағыттарда жүргізіледі:

1. Мәтін – тілдің таным құралы ретіндегі функционалдық құбылыс.

2. Мәтін – қазақ мәдениетін білудің, үйренудің маңызды құралы.

3. Қазақ тілін оқып үйрену мәтін негізінде, яғни мәтін тілдің бірлігі ретінде қарастырылады. Оның негізінде грамматикалық категорияларды, тілдік құбылыстарды тану жүзеге асып, лингвистикалық ұғымдар жүйелі қалыптасады.

4. Мәтін – тілдік құралдарды пайдаланудың нәтижесі. Оның негізінде тілді оқып үйрену үдерісте, әрекетте жүреді, тілдік бірліктердің сөйлеудегі функционалдық заңдылықтарын меңгереді.

5. Мәтін негізінде қатысымдық күзиреттілік қалыптасады.

6. Мәтін негізінде мектепте қазақ тілін мен бірлігін қамтамасыз етеді. үйренудің маңызды екі бағытының: тіл жүйесін тану және әр түрлі жағдайларда тілдік нормаларды меңгерудің қажетті синтезі жүзеге асады.

Мәтін негізінде тілдік бірліктерді оқып үйрену оны құрылымдық деңгейде оқытудан құтқарады және ол өз кезегінде тілдік, лингвистикалық, қатысымдық күзиреттілікті қалыптастыру үдерісінің тұтастығы

Әдебиеттер тізімі:

1. Валгина Н.С. Теория текста. – М.: Логос, 2004. – 30-31 с.

2. Ладыженская Т.А. Методика развития речи на уроках русского языка. – М.: Просвещение, 1988. – 83-86 с.

Заядан.Б.К., Акмуханова Н.Р., Кистаубаева А.С., Садвакасова А.К., Кирбаева Д.К., Кайырманова Г.К. ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДАҒЫ БИОТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы басты мақсаттардың бірі - жас ұрпаққа сапалы білім мен өнегелі тәрбие беру. Бұл мақсаттар Қазақстан мемлекетін дүние жүзілік экономикалық қауымдастыққа толық мүше етумен қатар, еліміздің ішкі нарығын да әлемдік деңгейге көтереді. Осы негізде, білім мен ғылым саласының алдында да жаңа талаптар пайда болды. Сондықтан мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі ретінде жоғарғы оқу орындарының мақсаты кәсіби деңгейлі, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жауапты, өзінің мамандығын жете меңгерген білікті маман дайындау болып табылады. ҚР-да 2011-2020 жылдарда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында, «білім берудің Қазақстандық жүйесі, жаһандық бәсекестіктен көріну үшін білім беру мазмұны және технологиясы саласында озық әлемдік тәжірибелерді қолдануды, жаңашыл біріктірілген ғылыми – білім беру құрылымдарды жасауды, білім беру қызметтерінде халықаралық ынтымақтастықты арттыруды мақсат етуіміз керек» - деп білімдегі басымдықтар анықталған [1]. Халықаралық білім кеңістігіне бетбұрыс жасаудың басты мақсаты - әлемдік стандарттармен сәйкес болатын Қазақстандық білім сапасын қалыптастыру, нарық қоғамында оның бәсекелестігі мен тартымдылығын арттыру.

Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауында дағдарысқа қарсы іс – шаралардың бірі ретінде инновациялық индустриализация аясында құрастыралатын экономиканың жаңа секторларын дамытуды атап өтті. Мемлекет басшысының қойған міндеттерін шешуде маңызды орын өндірістің дамуына бағытталған білім мен құзыреттерге ие жоғары білікті мамандарды дайындау болып табылады.

Осы тұрғыдан келгенде, біздің университетіміздің міндеті Қазақстан республикасының даму стратегиясына және заманауи зияттылық талаптарына сәйкес жаңа формациядағы мамандарды дайындау болып саналады. Қазақстан республикасы үшін биотехнологияның дамуы ғылыми-техникалық саясаттың өркендеуіне алып келеді. Қазақстан республикасының индустриалды –инновациялық даму стратегиясына сәйкес биотехнология мемлекетіміздің экономикасын дамытуда келешегі мол сала ретінде анықталған. Сол себепті мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты тиімді жүзеге асыру үшін ғылыми потенциалды жаңа келешегі мол бағыттарға жинақтау қажет.

Жоғары білім берудің заманауи тенденциясының дамуы біздің өркениетіміздің ақпарат көлеміне негізделеді. Сондықтан инновациялық білім беру біртіндеп ескіруге қабілетті білімді ғана беруге бағытталмай, сонымен қатар ЖОО-да білім алу және өзінің өмірінің барысында өздігінен білім алуға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттерді меңгеруге бағытталған болу қажет. Сол себепті инновациялық білім беру тәжірибемен тығыз байланыста болу керек. Сондықтан бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауда тиімді механизмды құрастыру жоғары оқу орындары мен білім беру жүйесінің тұтынушысы болып саналатын ұйымдар арасында жаңа сапалы қарым –қатынасты талап етеді.Себебі Әлемдік бәсекеге қабілеттілік, оның тікелей құрамдас бөлшектеріне тәуелді. Мысалы, белгілі бір өндірістің бәсекеге қабілеттілігі кәсіби мамандарының бәсекеге қабілеттілігіне байланысты. Ал кәсіби мамандардың бәсекеге қабілеттілігі жоғары оқу орындарының міндеті, сол себепті бұл үдеріс жүйелі, кешенді түрде білім, ғылым және тәжірибе арасындағы интеграциялық байланыстың дамуын талап етеді. Білім беру және ғылыми ұйымдар мен бизнес саласының ынтымақтастығы оқу үдерісін ұйымдастыруға, профессор оқытушы құрамының деңгейін жоғарлатуға, бизнестің жаңа инновациялық жобалармен толығына септігін тигізеді. Бұл байланыстардың жүзеге асуы Отандың өндірістің мамандарының әлемдік озық әдістерді меңгеріп бәсеке қабілеттілігінің артуынажәне бизнес пен ғылым арасындағы трансферді өркендетеді [2].

Қазіргі таңда елімізде білімге негізделген инновациялық экономикаға өту қажеттілігі толық жетілді. Бұл мәселені білім, ғылым және өнеркәсіп қауымдастығы ретінде тиімді ынтымақтастығымен ғана шешуге болады. Ғылым – жоғары білім негізі, оның сапасы. Отандық ғылымның даму деңгейі жоғары білім сапасының даму деңгейін анықтайды. Жоғары білім - кадр потенциалының ұдайы өсуінің негізі. Ғылым өндіріс пен технологияға идеяларды іздестіру көмегімен ғана емес, сонымен қатар экономика арқылы да әсер етеді. Білімге негізделген ғылымды қажетсінетін технологияларды қалыптастыруда білімнің алатын орны үлкен, сондықтан заманауи күрделі өндірісте біліктілігі жоғары қызметкерлердің жалпы мәдениеті де және еңбегінің сапасы да жоғары болатыны анық. Ал қазіргі таңдағы өндірістерге қойылатын талаптар қызметкерлердің біліктілігі мен білім деңгейін жоғарлату жолымен ғана қанағаттандырылады. Білікті қызметкер – өндірістің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін басты фактор, себебі жаңа технологияларды құрастыру, ендіру және тарату, бәсекеге қабілеттілік кепілі білімді мамандар болып табылады. Осы негізде өндірістердің кәсіби білім беретін оқу орындарымен тікелей байланыста болуының мүддесі артады [3].

Сондықтан бұл мәселені шешуде ЖОО мен еңбек нарығын ұйымдастыру механизмін қалыптастыру қажет. Берілген механизм ЖОО мен жұмыс беруші арасындағы іс –шараларды біріктіруге негізделеді. Біріктіру барысында әр сала өздеріне қажетті деңгейлерді инновациялық жолмен шешуге ұмтылуы қажет.

ЖОО деңгейінде еңбек нарығының жағдайын бағалап, соған сәйкес білім беру жүйесін ұйымдастыру маңызды. Білім берудің жаңа технологиялары: өзгермелі еңбек нарығына сәйкес студенттердің қабілеті мен қызығушылықтарына байланысты дербес білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз етілуі қажет. Заманауи білім берудің жалпы мүддесі студенттердің білім алу барысында дербестік және сыни ойлану икемдерінің қалыптасуы болып есептеледі. Оқу үдерісіне білім алудың жаңа әдістерін енгізу студенттердің танымдылық белсенділігі мен дербестігін арттыруға бағытталады. Жоғары оқу орындарында білім алуды ұйымдастырудың тиімді түрі дәріс сабақтарымен тәжірибені қатар алып жүру болып саналады. Білім беру жүйесі дедуктивті негізде дидактикалық триадаға сәйкес «Білім – икем – дағды» қалыптасқан. Бірақ негізгі назар білімді игеруге ғана аударылады. Білімді игеру барысында қажетті икем мен дағды қалыптасу қажет деп есептелінеді. Бұл әдістің нәтижесінде жоғары білімді мамандар саны жылдан жылға артып, ал нарық саласы керісінше білікті тәжірибеден бағыт бағдары бар мамандардың жетіспеушілігінен зардап шегуде. Еңбек нарығында жеке білім ғана емес, маманның білімін тәжірибеде қолдану және белгілі бір кәсіби қызметтерді орындау қабілеттілігі сұранысқа ие.

Жоғары білім беру жүйесінде тәжірибеге бағытталған оқытудың қалыптасқан бірнеше әдістері бар. Тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерінің бірі студенттердің кәсіби ортаға ену мақсатында оқу, өндірістік және диплом алды тәжірибесімен байланысты. Бұл тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерінен басқа, қазіргі таңда студенттердің болашақ кәсіби қызметінде тұлға ретінде, білім, икем, дағдының қалыптасуына себебін тигізетін, сапалы кәсіби бағытталған білім беру технологиясын ендіру қажет. Білім белгілі бір қызмет тәжірибесін игермей тәжірибеге бағытталған болуы мүмкін емес. Білім берудің деңгейі құзыреттілік тәсілдеме әдісімен анықталуы қажет. Құзыреттілік түсінігі «не, білемін» түсінігінен көрі «қалай, білемін» түсінігіне сәйкес келеді. «Не, білемін» дәстүрлі білім беру парадигмасына қарайды, ал «қалай, білемін» көбінесе білімді қызметте пайдалану мүмкіндігімен байланысты. Сондықтан, құзыреттілік тәсілдеме әдісі тәжірибеге бағытталған білім берудің мақсаты мен міндетіне сәйкес келеді. Белгілі бір мәселені шешуде білім мен тәжірибені жұмылдыра білу мақсатында құзыреттілік түсінігін енгізу, кәсіби білімнің сапасын өлшеуде көп атқарымдылық құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Білімді игеруге бағытталған дәстүрлік білім берумен салыстырғанда тәжірибеге бағытталған білім беру білімнен басқа, икем, дағды, қызмет тәжірибесін игеруге бағытталған. Қызмет тәжірибесі тұлғаның мақсатқа жетуінің ішкі жағдайы, ол тұлғаның білімі, икемі мен дағдысы негізінде белгілі бір қызметке дайындығы ретінде саналады.

Сондықтан, дәстүрлік триада жаңа дидактикалық бірлікпен толығыуы қажет: «Білім- Икем - Дағды - Қызмет тәжірибесі». Сол себепті білім берудің дәстүрлі элементі - студенттер тәжірибесі ЖОО -ның бағдарламасының маңызды элементтерінің бірі болып саналады. ЖОО -да тәжірибені үздіксіз белгілі бір ұйымда немесе бір салада жүргізу қажет.

Студенттер таныстыру тәжірибесінде оқу-танымдық тәжірибесін меңгереді және теориялық сұрақтар мен мәселелерді талқылайды.

Өндірістік тәжірибеде ұйым маманы ретінде кәсіби қызметінің тәжірибесін меңгереді.

Ал диплом алды тәжірибеде ұйымның қызметі, оның бизнес-үдерістері жайлы көз қарастары интеграцияланып, өндірістік қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар туындайды.

Әрине, үздіксіз тәжірибенің бұл үлгісі тәжірибе өту орнын кездейсоқ тандауда жүзеге аспайды. Сондықтан, біздің ойымызша ЖОО–дары өздерінің студенттерінің тәжірибесін арттыру мақсатында ұйымдық негізде жетекші кәсіпорындармен тығыз байланыста жұмыс жасау қажет.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы аясында мамандарды дайындау жүргізеді. Қазіргі таңда биотехнология кафедрасы индустриализацияның республикалық картасына енетін Қазақстан Республикасының 30 өнеркәсіптерімен келісім –шарт жасаған. Биотехнология кафедрасында келесі бағыттар бойынша магистранттарды дайындау жүргізеді: Өндірістік биотехнология мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы бойынша - 30

магистрант, Нанотехнология және наноматериалдар бағдарламасы аясында «Тағамдық нанотехнология» траекториясы бойынша - 10 магистрант, «Индустрияға арналған жасыл энергетика» бойынша оқу бағдарламасының «Фотобиотехнология және биожанармай» білім беру бағдарламасы бойынша - 10 магистрант, БЗХТ аясында «Өсімдіктерді қорғау» оқу бағдарламасында «Агробиология» траекториясы бойынша - 10 магистрант білім алуда. Берілген бағыттар бойынша дайындық өтетін магистранттар өндірістік және ауылшаруашылық өнеркәсіптердің өзекті мәселелерін шешуге арналған ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Олардың диссертациялық тақырыптары тәжірибелік міндеттермен тығыз байланысқан. Магистранттардың диссертациялық тақырыптары үш жақты келісім шарт алынған кәсіпорын қызметтеріне тікелей байланысты. Мысалы, «Биодизель өндіргіш микробалдырлар штамын ластанған қалдық суларға жалпылай өсіру», «ҚР-да жел электр станцияларының түрлерінің құрылыстарын мысалында жаңартылатын энергия пайдалану», «Меркі ірімшік зауытындағы биоайран өндірісінің үдерісіне сараптама жасау», «Медициналық дәрілерде қолданылатын органикалық текті капсулалайтын заттардың скринингі», «Биогумустың жылыжайдағы қиыр және қызылқандық өсуі мен дамуына әсерін зерттеу», «Функционалды мақсаттағы сүтқышқылды өнімдерді өндіру технологиясын жасау».

Қазіргі таңда биотехнология кафедрасы индустриализацияның республикалық картасына енетін Қазақстан Республикасының 30 өнеркәсіптерімен алдағы уақытта жұмысқа орналасу бойынша келісім –шарт жасаған. Магистранттар өндірістік практиканы осы аталған өнеркәсіптерде өткізеді.

Сонымен, биотехнология мамандығын дайындауда тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін қолдану студенттердің әлеуметтену, кәсіби салада өзінің орнын табу үшін және ойланатын, ізденетін, интеллектуальды дамыған, креативті ойлануға, әртүрлі жағдайда ерекше шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тілеуберген Д.М. «Интеграция науки, образования и производства: мировой опыт и перспективы его использования в Казахстане!» //доклад, Д.М. Тілеубергенк.э.н., старший эксперт-экономист Центра научной экономической экспертизы АО «Институт экономических исследований», 2012.

2. Виханский О. Элитный управленец для науки и бизнеса: кто он // Знание-сила. 2004. №1

3. Касымова Ю.Н. Модель конкурентоспособности выпускника и система показателей ее оценки / Касымова Ю.Н., Рачек С.В. // Дискуссия. – Екатеринбург: ООО «Издательский дом «Ажур». – 2012. – № 12(30). – С. 77–80.

Зияханов М.У., Наурызбаева Г.Қ.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚӘСІБИ БАҒЫТТЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Еліміздегі негізгі ресурсын мобильді және жоғары дәрежелі адами капитал құрайтын экономикалық жағдайдың біртіндеп дамып келе жатуы жоғары білім беру жүйесінен күннен күнге жаңа жетістіктерді талап етеді. Осыған орай, білім беруді жетілдіру өркениетті елдердегі негізгі үрдіс екендігін ескере отырып, қоғам дамуының деңгейіне сай мамандарды даярлау қажеттілігі арта түседі. Бұл өзінің іс-әрекетін жүзеге асыра алатын, адамзаттық құндылықтардың, сана-сезімдердің иесі ретінде біліктілік пен дағдыны игерген тұлға даярлау, құзіреттілікке бағытталған білім беру деген сөз [1].

Білім беру саласында педагогикалық идеяларды іске асыруда, мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру және мамандар даярлауда оқытудың тиімділігін арттыруда отандас ғалымдарымыз айтарлықтай тер төкті. Атап айтар болсақ, Л.Х. Мажитованың, Қ.А. Аймағамбетованың, Ш. Таубаеваның, Қ.С. Мусиннің, Б.Р. Қасқатаеваның, Қ.Л. Қабдолованың, С.К. Кариевтің, М.А. Құдайқұловтың, Б.А. Тұрғынбаеваның, М.Н. Сарыбековтің, О. Сәлімбаевтің, Б.Сыдықовтың, Н.Д. Хмельдің, К.С. Успановтың және т.б. еңбектері маңызды орын алады.

Кәсіби құзырлық Т.Г. Браже, Н.В. Кузьмина, В.Н. Введенский, Н.Н. Лобанова, Б.С. Гершунский, А.К. Маркова, Т.Б. Добудько, Н.С. Розов, Н.И. Запрудский, А.Д. Шекагунова, Н.Шаметов және басқа зерттеу жұмыстарында негізінен еңбек нәтижелілігін айқындайтын білім мен іскерліктің, кәсіптік қасиеттердің жиынтығы және кәсіпке теориялық, практикалық дайындықтың үйлесімділігі ретінде анықталған.

Елімізде кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Б.К. Кенжебеков, Р.О. Нұрқанова және Н.Д. Хмельдің басқаруымен бір топ отандас ғалымдар зерттеген.

Студенттердің алдымен білім мен тәрбие алатындығы, кейіннен игерген білімдерін тәжірибеде қолданатынын ескерсек, оларға тәлім беруде осы құзыреттілікті құрайтын қасиеттерді - біліктілік пен дағдыны қалыптастыру, маманға әлемдік деңгейде қойылатын талаптарға сай білім беру – алдыға негізгі мақсат болып қойылады. Осы мақсат орындалып жүйелі жұмыстар жүргізілгенде білім сапасы жоғарылап, студенттердің бойында құзыреттілік қалыптасып, қоғам жоғары сұранысқа ие маманға қол жеткізеді [2].

Студенттердің кәсіби дайындығы - нақты бір пән бойынша сабақ беруді қамтамасыз ететін арнайы білім, білім мен дағды, сапалы тәжірибе және тәртіп нормаларының жиынтығы. Болашақ мамандарды кәсіби дайындаудағы меже оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. Осыдан келіп маманның кәсіби дайындығын құзырлыққа бағытталған тұрғыдан қарастыру қажеттілігі туады.

Құзырлық көп мағыналы және кешенді ұғым болғандықтан, философия, педагогика, экономика, психология және т.б. ғылымдардың зерттеу объектісіне айналған.

Ғылыми әдебиеттерде «құзыр» терминінің мағынасы тек білім жиынтығынан басқа, іскерлік деңгейі және білімді практикаға қолдана білу тәжірибесін білдіреді. Әртүрлі авторлардың «құзыреттілік» ұғымына берген анықтамаларын пайымдау арқылы «құзыреттілік – маманның іс-әрекетін тиімді жүргізуге қажетті, құрамына кәсіби және арнайы білім, дағды, кәсіби ынталық енетін тұлғалық қасиеттер» екендігі айқындалды.

А.В. Хуторской құзырға «белгілі жұмысты тиімді орындауға байланысты қажет тұлғаның қасиеттерін», ал құзыреттілікке «белгілі бір жұмысқа сәйкес қасиетке ие болуды және оған жеке адамның тұлғалық қатынасын» жатқызады [3].

Сонымен, құзыреттілік ұғымы қай саланы алсақ та, маманның білімділігі мен іскерлігін бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді, яғни белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде нақты шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды дайындауда оның кәсіби бағытталған құзырлылығын қалыптастыру мақсатында жақсы нәтиже беретін таңдамалы технологияларды қолдануды - білім берудің негізгі мақсаттарына енгізу керек, сонымен қатар оқыту құралдары (оқу-әдістемелік және бағдарламалық құралдар, интерактивті тақта, электрондық басылымдар және т.б.) студенттердің білім сапасының артуына, белсенділігі мен іскерлігінің дамуына, оқуға және өз бетімен білім алуға ынталарын, құштарлығын, ізденісін, кәсіби дайындық деңгейін, тәжірибе жинақтауын арттыруға ықпал жасайды. Сондай-ақ оқу-әдістемелік кешендер болашақ маманның психологиялық, теориялық және практикалық дайындықтары біртұтас жүзеге асырылатын жоспарға сай болуы керек және студенттердің өз мамандығын меңгеруіне қызығушылығын арттыру үшін түрлі жұмыстар жүргізілуі тиіс, мысалы, осы жұмыстардың қатарына болашақ маманды өз алдына кәсіби мақсат қойып, өзіне сенімді, үнемі бақылаулар жүргізіп, тез және тиімді шешім қабылдай білуге, өзіндік әдіс қолдануға, оны жүзеге асыруда туындаған мәселелерді әдеттен тыс жолмен шеше білуге дағдыландыру кіреді. Одан кейін, мамандығы бойынша оқытылатын пәннің мазмұнын, пәнаралық байланыстарын ажыратып, алған білімін талдап, жіктеп, жүйелей білуіне және зерттеу қабілетін – үдерісті бақылай алуына, логикалық ойлауы мен болжап жобалай білуіне, анализ жасай алуына ықпал жасалуы керек. Болашақ мамандардың бойына кәсіби бағытталған құзырлылық қасиетін сіңіртіп, оларды оқу үдерісін білім беру жүйесінің ең жоғары талаптарына сай әдістемелік құралдармен, ақпараттық технологиялармен, электрондық басылымдармен үнемі қамтамасыз етіп отыру керек.

Қазіргі кезде жалпы білім жүйесінде ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану белең алып келеді. Сондықтан болашақ маманның кәсіби бағытталған құзырлылығын қалыптастыру кезеңіне ақпараттық технологияларды және оны оқытудың дәстүрлі түрлерімен байланыстыра интеграциялап қолдану енгізілген. Кәсіби бағытты құзыреттілікті дамыту, бағалау және оған сәйкес мәселелерді шешу барысында болашақ маманның шығармашылық, ізденімпаздық қабілеттерін қалыптастыру көзделіп, ал болашақ маманды психологиялық дайындауда өзінің болашақ маман екендігін сезінуі, өз мамандығын сүйюі, тұлғалық қасиеттері, жаңа технологияларды меңгеруі қалыптасады [3].

Соңғы кездері психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізуде педагогикалық түсініктерді модельдеу әдістері кеңінен қолданылуда. Педагогикалық түсініктерді модельдеу эмпирикалық объект қасиеттері мазмұнындағы жалпы байланыстар мен қарым-қатынастарды эмпирикалық белгілер жүйесін сипаттау арқылы ажыратуға мүмкіндік береді. Бұл белгілер алдын-ала жоспарланатын, студенттің белгілі бір іс-әрекетінің ескеріліп, өлшенетін нәтижесі. Эмпирикалық белгілердің болуы нақты мақсатқа жетіп, алға қойылған тапсырмаларды сәтті орындап шығуда студенттердің артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындайды.

Болашақ мамандарды кәсіби дайындауға қатысты қойылатын талаптардың артуы, елімізде жүзеге асырылып жатқан білім беру жүйесінің жаңа идеялары мен дамуының жаңа бағыттары, үздіксіз білім беру принциптерін жүзеге асыру жағдайында жоғары оқу орындарында болашақ маман дайындаудың қазіргі моделін жасау қажеттігін алға қояды.

Идеал модельдердің түрлі формада назарға ұсынылатындары белгілі: белгілі жүйеде, мысалы, схема, кесте түрінде немесе матрица түрінде. Педагогика ғылымында модельдеудің соңғы түрі, яғни матрицалық модельдеу оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастыруда (Б.А. Қойшыбаев, А.Г. Камышева), студенттер мен оқушылардың кәсіби бағыттары мен қызығушылықтарын зерттеуде (Л.Х. Мажитова, И.А. Абеубекова), студенттердің кәсіби өзін-өзі тану дайындығын қалыптастыру кезеңінде (Г.С. Чинибаева) пайдаланылды. Педагогикалық зерттеулерде матрицалық модельдеуді қолданудың қағидалары мен шарттары Л.Х. Мажитованың, Н.Д. Хмельдің, Л.В. Завадскаяның еңбектерінде қарастырылған. Аталған авторлар педагогикалық зерттеулерде матрицалық модельдеуді қолданудың артықшылықтарына басым баға береді: матрица күрделі объектінің мазмұны мен құрылымдарын көрсетеді; матрицаның математикалық теориясы педагогикалық ақиқатты зерттеу динамикасы жайлы дұрыс ақпарат алуға ықпал етеді, матрицалық модель зерттеу сатыларын жүргізудің негізгі құралы болып саналады. Осы дәйектерге сүйене келе, болашақ маманның кәсіби бағытталған құзырлылығын қалыптастырудың матрицалық моделі құрылды.

Болашақ маманның кәсіби бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың бірінші белгісі ретінде кәсіби бағыттылықты қарастыруға болады. Психологиялық әдебиеттерде тұлға бағыттылығы тұлға құрылымының негізгі құраушысы болып табылады.

Бағыттылық - бұл адамның шындыққа таңдамалы қатынасты өзінше бастан кешіруін, оның әрекетіне әсер етуін сипаттайды. Бағыттылық тұлға құрылымында жетекші компонент бола отырып оның барлық құрылымдық

мазмұнына әсер етеді: қабілеттер, психикалық процестер, эмоция, сезім. Кәсіби бағыттылықтың арқасында кәсіби оқу үрдісінде тұрақты мотив пен студенттерге сәйкес қабілеттер қалыптасады. Студент тұлғасында кәсіби бағыттылықтың қалыптасуы қажеттіліктер, мотив, құмарлық, жүріс-тұрыс нормасын іштей қайта құрумен, қазіргі маманға қойылатын талаптарды саналы игерумен жүреді. Болашақ маманның кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мынандай тұлғалық сипаттардан тұрады: табандылық, тұрақтылық, адалдық, болашақ мамандығына берілу [4].

Кәсіби бағыттылық жайлы В.С Мерлин, С.Л Рубинштейн, К.К Платонов, Н.В Кузьмина, А.Б. Качанов, Л.И. Божович, А.П. Сейтешовтар өз жұмыстарында зерттеулер жүргізген.

Кәсіби бағыттылық адамның өз тәжірибесі нәтижесінде жиналады. Оның дамуы адамның өмірде өзін өзі анықтау мәселесін шешуіне, белгілі бір кәсіпті таңдағанда өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін дер кезінде аңғаруына және кәсіпті таңдауда қоғамдық маңызды мотивтерді ескеруіне байланысты. Кәсіби бағыттылықты дамыту - бұл тұлғаның мүддесі мен қабілетінің белгілі бір іс-әрекетке, қызығатын кәсібі қоятын талаптары мен өзінде бар қабілеттердің, тұлғаның кәсіби мүддесі мен қоғамның мамандарға мұқтаждығы арасында үнемі пайда болатын қайшылықтарды шешу процесі.

Кәсіби бағыттылық студенттің өзі қалаған кәсібі саласында білімін, тәжірибесін және қабілеттерін толықтай жүзеге асыруға ұмтылуы, яғни кәсіпке қызығушылықтың болуы және болашақ мамандығын ұнатуы, кешенді және тұрақты қызығу мен әуестіктің мінез-құлықтың басты мотивтері болып, алға мақсат қоюы деген сөз.

Болашақ маманның кәсіби бағытталған құзіреттілігін қалыптастырудың екінші белгісі болып, оның кәсіби маңызды қасиеттері табылады. Кәсіби маңызды қасиеттер жайлы көптеген оқымыстылар жұмыстар жүргізген, мысалы, А.А Дергач пен Н.В.Кузьминаның жұмыстарында бұл қасиеттер жайлы былай делінген: «тұлғаның арнайы білім меңгерудегі, қабілеттілік пен дағдыланудағы психологиялық ерекшеліктері және кәсіби еңбекте қоғамда айтарлықтай жетістіктерге жету». Оқымыстылар бұл ерекшеліктерге мына қасиеттерді жатқызады: танымдық (ойлау), ұнамды (тәртіп), эмоционалды (сезім), ұйымдастырушылық (іс-әрекет механизмі), еркіндік (өзін басқару қасиеті).

Әдебиеттерге шолу жасай келе, кәсіби маңызды қасиеттердің мотивті құраушысына таным белсенділігін, жетістіктерге және іскерлікті ұштауға құштарлық, өзіндік тұрақтылық, табысқа жетуге ұмтылысты жатқызсақ, мазмұнды құраушысы ретінде теориялық білім жүйесінің болуын, табысты іс-әрекетке бастау қабілетінің болуын, профильді пәндер бойынша білімінің, іскерлігінің және дағдының болуын, мамандық ерекшеліктері мен талаптарын және өзінің жеке мүмкіндіктерін білуін, оларды өзара ұштастыра білуін жатқызуға болады. Сондай-ақ, операциялдық іскерлік жиыны, еңбек талаптарын алгоритмді шеше білу, іс-әрекетті талдау жасап, қорытындылай білу, қажет жерге түзетулер мен өзгерістер енгізе білу - кәсіби маңызды қасиеттердің оперативті (жедел) құраушысы болып табылады.

Болашақ маманның кәсіби бағытталған құзіреттілігін қалыптастырудың үшінші белгісі ретінде жүйелілік алынады. Жалпы, дүниедегі барлық нәрсе белгілі бір жүйелілікке бағынады, сол арқылы бір-бірінен ажыратылады және тұтастық ретінде бір-бірімен өзара әрекетте болады. Тұлғаның кәсіби дайындығын жүйелі түрде және кәсіби құраушыларын бір-бірімен тығыз байланыстыру, аксиомалық білім қорын жинау, ғылыми теорияның ішкі құрылымдық байланысын түсіну жүйеліліктің құраушылары іспетті. Сонымен қатар, тұлғаның зерттеу жүйесіндегі элементтер арасындағы қатынастар мен байланыстарды талдауға және бағалауға дайындығының болуы тиіс [5].

Осы аталған және талданған жағдайларды ескере келе, болашақ маманның кәсіби бағытты құзыреттілігін қалыптастырудың моделінің негізгі құраушылары төмендегілер болып табылады:

- мотивті құраушыларға – тұлғаның кәсіби бағыттылығын, іс-әрекетке ұмтылу деңгейін анықтайды. Болашақ маманның мотивті дайындығының негізгі базасы болып, болашақ мамандығының әлеуметтік және тұлғалық маңыздылықтарын ұғыну, болашақ кәсібінің іс-әрекетіне оң көзқарасының болуы жатқызылады;

- мазмұнды құраушыларды – кәсібі мен мамандығын табысты игеруге қажетті білімінің және қазіргі заманға сай болашақ маманның алатын орны мен міндеттерін білуі сипаттайды;

- оперативті құраушы компонент - жалпы теориялық білімі мен іскерлігінің қалыптасуының интегралды көрсеткіші, іскерлік жиыны, еңбек талаптарын алгоритмді шеше білу, іс-әрекетті талдау жасап, қорытындылай білу, қажет жерге түзетулер мен өзгерістер енгізе білуден құралады. Сондай-ақ, болашақ маманның белсенділігі, өз мақсатын жүзеге асыруы, зерттеу жүйесіндегі элементтер арасындағы қатынастар мен байланыстарды талдауға және бағалауға дайындығының болуы да осы топты толықтырады.

Болашақ маманның кәсіби бағытты құзыреттілігін қалыптастырудың матрицалық моделі негізінде болашақ маманның бойында болуға тиіс сапалардың қалыптасуының көрсеткіштері анықталды:

- кәсіпке қызығушылық, болашақ мамандықты ұнату, іс-әрекетте жүзеге асырылатын бейімділіктің және тұрақты қызығудың қалыптасуы, кешенді және тұрақты қызығу мен әуестіктің мінез-құлықтың басты мотивтері болып, мақсатқа көзделу, кәсібі мен мамандығын табысты игеруге қажетті білімінің болуы, жалпы теориялық білімі мен іскерлігінің қалыптасуының интегралды көрсеткіші;

- таным белсенділігі, жетістіктерге және іскерлікті ұштауға, өзіндік тұрақтылық, табысқа жетуге ұмтылыс, кәсіби іс-әрекетін өз бетінше жоспарлау, қойылған міндеттерді шешу және оны бағалай алу, теориялық білім жүйесінің болуы, табысты іс-әрекетке бастайтын білімнің болуы, профильді пәндер бойынша білімнің, іскерліктің және дағдының болуы, мамандық ерекшеліктері мен талаптарын және өзінің жеке мүмкіндіктерін білу, оларды

өзара ұштастыра білу, оперативті іскерлік жиыны, еңбек талаптарын алгоритмді шеше білу, іс-әрекетті талдау жасап, қорытындылай білу, қажет жерге түзетулер мен өзгерістер енгізе білу;

- кәсіби дайындықты жүйелі түрде іске асыру және кәсіби құраушыларды бір-бірімен байланыстыру, аксиомалық білім қорын жинау, ғылыми теорияның ішкі құрылымдық байланысын түсіну, зерттеу жүйесіндегі элементтер арасындағы қатынастар мен байланыстарды талдауға және бағалауға болашақ маманның дайындығының болуы.

Бұл модель жоғары техникалық оқу орындарында болашақ маманның кәсіби бағытты құзырлығын қалыптастырумен байланысты өзекті мәселелерін шешудің және оқытудың сапасын арттырудың бір нұсқасы ретінде ұсынылады

Кәсіби құзыретті тұлғаны даярлау жұмыстары нәтижелі болған кезде өзіндік бағытты ұстанған, дұрыс стратегиялық жолды тандай білетін ізденімпаз, жаңашыл, өз ісіне сын көзбен қарайтын, жеткен жетістіктерін сараптап, оны еселей алатын, ғылым жетістіктерін және теориялық білімін кез-келген жағдайда өз іс-тәжірибесіне пайдалана алатын кәсіби құзыретті маман даярлаймыз. Осындай маманның әлемдік бәсекелестікке сай екендігі сөзсіз

1-кесте. Студенттердің кәсіби бағытты құзыреттілігін қалыптастырудың матрицалық моделі

Құраушылары	Құраушылары		
	Мотивті	Мазмұндық	Оперативті
Болашақ маманның КБҚ қалыптастыру белгілері	Болашақ маманның кәсіби бағытты құзыреттілігін қалыптастыру көрсеткіштері		
Кәсіби бағыттылық	1. Кәсіпке қызығушылық 2. Болашақ мамандығын ұнату 3. Іс-әрекетте жүзеге асырылатын бейімділіктің және тұрақты қызығудың қалыптасуы 4. Кешенді және тұрақты қызығу мен әуестіктің мінез-құлықтың басты мотивтері болып, мақсатқа көзделуі	Кәсіби мен мамандығын табысты игеруге қажетті білімінің болуы	Жалпы теориялық білімі мен іскерлігінің қалыптасуының интегралды көрсеткіші
Кәсіби маңызды қасиеттер	1. Таным белсенділігі 2. Жетістіктерге және іскерлікті ұштауға ұмтылыс 3. Өзіндік тұрақтылық, табысқа жетуге ұмтылыс 4. Кәсіби іс-әрекетін өз бетінше жоспарлау, қойылған міндеттерді шешу және оны бағалай алу	1. Теориялық білім жүйесінің болуы 2. Табысты іс-әрекетке бастайтын білімнің болуы 3. Профильді пәндер бойынша білімнің, іскерліктің және дағдының болуы, мамандық ерекшеліктері мен талаптарын және өзінің жеке мүмкіндіктерін білу, оларды өзара ұштастыра білу	1. Оперативті іскерлік жиыны 2. Еңбек талаптарын алгоритмді шеше білу 3. Іс-әрекетті талдау жасап, қорытындылай білу, қажет жерге түзетулер мен өзгерістер енгізе білу
Жүйелілік	1. Кәсіби дайындықты жүйелі түрде іске асыру 2. Кәсіби құраушыларды бір-бірімен байланыстыру	1. Аксиомалық білім қорын жинау 2. Ғылыми теорияның ішкі құрылымдық байланысын түсіну	Зерттеу жүйесіндегі элементтер арасындағы қатынастар мен байланыстарды талдауға және бағалауға дайындығы

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы, 2014.
2. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

3. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі» (ғылыми-практикалық конференция материалдары). Алматы – 2008.

Ибраева А.С.

СОЕДИНЕНИЕ НАУКИ, ОБРАЗОВАНИЯ И ИННОВАЦИЙ В ПРОЦЕССЕ ВЫПОЛНЕНИЯ ГРАНТОВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ: ОПЫТ ЮРИДИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА

В течение учебного периода в КазНУ им. Аль-Фараби каждый докторант, магистрант и студент может принять участие в научно-исследовательской работе. С первых месяцев обучения определяются студенты, способные к научной деятельности. На юридическом факультете действуют научные сообщества студентов и магистрантов.

Обратимся к опыту кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права юридического факультета. Здесь трудятся академик НАН РК, д.ю.н., профессор Сартаев С.С.; д.ю.н., профессор Кенжалиев З.Ж.; д.ю.н., профессор Усеинова Г.Р.; д.ю.н., профессор Баймаханова Д.М.; д.ю.н., профессор Ибраева А.С. Кафедра имеет давнюю историю привлечения обучающихся к научной деятельности. Начиная с 2003 года члены кафедры являются исполнителями фундаментальных исследований, грантовых заданий. В настоящее время на кафедре обучаются два докторанта PhD – Отыншиева А., Досаева А. и более двадцати магистрантов. В 2016 г. докторант Турисбекова Г. успешно завершила обучение, подготовила диссертацию и вышла на защиту.

В 2015-2017 гг. по заказу МОН РК на кафедре теории и истории государства и права, конституционного и административного права выполняется научное исследование на тему «Правовая культура как основа правового государства и гражданского общества: проблемы теории и практики». Научный руководитель темы – д.ю.н., профессор Ибраева А.С. Всего исполнителей 10 человек. Члены кафедры – Турсынкулова Д.А., Каратаева А.М., Нусипова Л.Б. принимают активное участие в выполнении данной темы. Также, в выполнении данной темы принимают участие студенты, магистранты, докторанты. Это докторант Отыншиева А., Алимбекова М., магистранты Давлетниязов Т., Алмасова Ш., студенты 3 курса Гончаров С.Б., Зайнуллина И., Кабдиев А., Моисеева Е.

Вопросы формирования правовой культуры являются одним из актуальных в юриспруденции, как в теории, так и на практике. В юридической литературе существует множество различных мнений, представлений о правовой культуре. Это связано с многоаспектностью категории правовой культуры, как части культуры общественной. Поэтому правовую культуру необходимо изучать на основе философских категорий. Высокий уровень правовой культуры является важнейшим признаком правового государства, условием обязательно необходимым для его построения.

По результатам выполнения темы в декабре 2016 года была успешно защищена докторская диссертация Алимбековой М.А. на тему «Формирование правовой культуры судей: проблемы теории и практики». Отечественный научный консультант д.ю.н., профессор Ибраева А.С. Зарубежный научный консультант доктор юридических наук, профессор, декан юридического факультета, университета Хасан Калйонжу Шабан Кайхан. Стамбул, Республика Турция. В данном исследовании предлагается определять правовую культуру как качественное состояние правовой жизнедеятельности общества, определяемое материальными и духовными условиями его жизни. Критериями качества является эффективность законов и эффективность правосудия, позволяющее обеспечить стабильность, жизнеспособность, функционирование и продолжительность существования конкретных общественных систем.

В данном исследовании сделан вывод о том, что в настоящее время право необходимо понимать как средство для достижения социального компромисса, как важную часть человеческой культуры, позволяющую сохранять человеческое общество от разрушения. Соответственно, конечной и объективной целью суда, должно быть удержание людей и их сообществ в рамках мира и мирного сосуществования, недопущение конфронтации, поиск мирного решения конфликта и спора. Поэтому судьи, в изначальном смысле этого слова, должны стремиться к примирения спорящих сторон. При этом правовая культура судей понимается как совокупность особенностей правосознания и профессиональной деятельности судей, основанных на нравственных и правовых началах.

Рассмотрим опыт участия магистратов в выполнении грантового исследования. На юридическом факультете на первом курсе магистратуры изучается предмет «Проблемы формирования правовой культуры в странах СНГ». Целью данной учебной дисциплины является изучение теоретических основ правовой культуры, правосознания и правового воспитания; рассмотрение процесса проведения правового воспитания в РК, выявление проблем и пробелов в правовом воспитании, изучение методов правового воспитания; изучение практики проведения правового воспитания в странах СНГ. В связи с этим магистрантами проводятся социологические исследования относительно знания норм и положений законов, отношения граждан Казахстана к действующему законодательству.

Магистрантами в 2016 г. было проведено социологическое исследование с целью выявить уровень правовой культуры молодежи. Всего было опрошено 150 человек в Алматы. Анкетированные полагают, что такие основные принципы права как неотвратимость наказания за совершенное правонарушение и принцип равенства всех перед

законом и судом довольно часто нарушаются. Многие считают, что в определенных жизненных ситуациях закон не зазорно и нарушать. Отметим, что все опрошенные не имели специального юридического образования и не работали в правовой сфере. Практически все опрошенные заявили о том, что они знают свои права и обязанности. На вопрос о том, откуда они берут информацию о законах, 80% из 100% ответили, что информацию берут из интернета. Только около 20% граждан понимают смысл и значение термина «правовая культура. Вызывает интерес ответ на вопрос о том, «Что бы люди предприняли, если при них нарушались бы права их сверстников?». 40% ответили, что не будут вмешиваться, так как каждый человек должен уметь постоять за себя. 30% граждан ответили, что не будут предпринимать никаких действий, пока положение не усугубится. 10% ответили, что вмешаются только тогда, если это касается близких людей. 20% равнодушных людей. Они выразили желание помогать всем, независимо от того, знают они человека или нет. Опрос позволил узнать, что только некоторая часть населения готова прийти на помощь к совершенно незнакомому человеку.

Вызывает интерес ответы на вопросы о коррупции. На вопрос о том, сталкивались ли вы с коррупцией? 100% опрошиваемых, единогласно ответили, что сталкивались с коррупцией. Для 25% граждан коррупция имеет свои плюсы, для них дача взятки является легким путем решения многих проблем. Отметим, что субъектами коррупции являются представители власти и должностные лица. Это говорит о том, что почти каждый день кто-то сталкивается с коррупцией, и основной проблемой в настоящее время с которой нужно бороться остается коррупция.

Вызывают определенный интерес ответы на вопросы, связанные с правовой оценкой законов и установкой на их выполнение. Так, на вопрос о том, «Считаете ли вы, что правоохранительные органы государства надлежаще выполняют свою работу?» одна часть опрошенных ответила достаточно положительно, отмечая высокую степень реализации принципов уголовного, уголовно-процессуального, гражданско-процессуального законодательства.

Другая половина с этим не согласилась. Ответы этой группы молодежи выражали крайнее недовольство ими деятельностью правоохранительных органов и их должностных лиц, когда последними совершаются открытые акты неправомерного поведения и дерзкого нарушения норм законодательства, будучи основными представителями и защитниками, сторожами прав и свобод граждан, и незыблемости исполнения законов в стране.

По итогам социологического опроса в Материалах международной конференции студентов и молодых ученых «Фараби әлемі» были опубликованы статьи [1-2].

По итогам социологического опроса среди молодежи можно сделать следующие выводы.

- Большинство молодежи, так или иначе, нарушали закон и это проявилось в основном в административных проступках. В связи с этим полагаем что нужно проводить разъяснительную, а также право воспитательную работу. Особенно это касается правил дорожного движения среди молодежи.

- В обществе, особенно среди молодежи наблюдается ригоризм, то есть большинство полагает необходимым ужесточить уголовные наказания. Это есть следствие неуверенности, боязни за свою жизнь.

- Проблема коррупции остается актуальной до сих пор, не смотря на принимаемые меры ужесточения законодательства.

- Повышение уровня правовой культуры общества студенты видят в усиленной борьбе с коррупцией, пропаганде правовой модели поведения, бесплатных семинарах и мастер-классах от ведущих юристов страны, агитации права в социальных сетях, в которых они часто посещают.

Рассмотрим опыт участия студентов в выполнении грантового исследования.

Вопросы правового сознания и правовой культуры изучаются студентами. Так, студенты юридического факультета активно участвовали в подготовке Национального доклада «Молодежь Казахстана - 2015». Данный доклад выполнялся силами ученых Института государства и права КазНУ им. Аль-Фараби. Студенты Гончаров С.Б., Кабдиев А., Моиссева Е. проводили опросы и интервью с молодежью различных регионов Республики Казахстан. Были обобщены высказанные предложения и рекомендации. Так, опрошенные полагают, что для совершенствования государственной молодежной политики РК необходимо задействовать, непосредственно, саму молодежь в принятии и совершенствовании молодежной политики РК. Надо вести прямой диалог с молодежью, проводить пропаганду спорта и науки. Необходимо выделять гранты за научную и спортивную деятельность. Задействовать молодежь в социальных работах, помощи и похода в детские дома и дома престарелых. Проводить жесткую антипропаганду наркотиков, алкоголя и курения.

Также необходимо трудоустраивать молодежь и выделять больше рабочих мест для молодежи. Молодежь должны быть занята социальными проектами. Для этого необходимо организовать как можно больше молодежных кружков, необходимо информировать молодежь о существовании различных организаций. Необходим обмен опытом с развитыми странами как США, Великобритании, Японий, Франций и Германий.

Одной из проблем пассивного участие молодежи в делах общества и государства является рост различных правонарушений, нездоровый образ жизни. Для предупреждения правонарушений среди молодежи необходимо проводить постоянные профилактические рейды со стороны правоохранительных органов, проводить беседы, показывать информационные видео-ролики, открывать больше спортивных комплексов, выделять различные стипендии активным участникам спортивной секций.

В 2015 г. студенты Моисеева Е. и Гончаров С. за счет грантового проекта приняли участие в конференции в г. Перми Российская Федерация. В 2016 г. студент Гончаров С.Б. стал обладателем именной стипендии Фонда Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации за особые заслуги в науке и общественной жизни. Также студент Гончаров С.Б. стал победителем в Конкурсе ежемесячных стипендий Общественного Объединения «Taiburyl». В связи с этим Гончаров С.Б. был удостоен именной стипендии как талантливый студент по программе «Поддержка образования» от Казахстанской Ассоциации Предпринимателей «КАЗКА» и АКНМ.

Исполнители проекта 27 апреля 2016 года совместно с Международной организацией дополнительного образования ЧОУ «ЦДО «СНЕЙЛ» (г. Омск, РФ) и АНО ВО «Пермский институт экономики и финансов» (г. Пермь, РФ) организовали и провели Первую Международную олимпиаду по Правоведению, в которой приняли участие 294 студента из 5 стран СНГ (<http://nic-snail.ru/awards/2244470>).

Участие студентов в выполнении грантового исследования расширяет научный кругозор, углубляет ранее полученные знания, так как во время научной деятельности студент изучает новые области знаний, учится применять научные методы. В процессе научной деятельности появляются много новых вопросов. При этом прежние положения и истины пересматриваются. Студенту становится интереснее учиться, появляется больше стимулов к учебе. И в конечном итоге появляются новые возможности. Занятие научной деятельностью не только выделяет студента среди других, но и помогает, например, при поступлении в магистратуру или докторантуру, на работу. Занимаясь наукой, студент может участвовать во внутривузовских, республиканских, региональных, международных конференциях, олимпиадах, конкурсах и выставках, тем самым приобретая новые знания. Тем самым участие студентов в научно-исследовательской деятельности способствует «органичному» и всестороннему развитию личности человека - будущего специалиста.

Таким образом, научно-исследовательская деятельность есть прекрасный способ самореализации для молодежи. Здесь молодой человек не ограничен каким-то одним предметом, а имеет возможность развиваться в любом направлении.

Отметим, что мощным стимулом для развития научной деятельности и научных способностей является само нахождение в среде единомышленников. Поэтому необходимо постоянно проводить научные конференции среди молодежи. В КазНУ им. аль-Фараби проводятся ежегодно научные конференции среди молодежи. Тем самым, уже в стенах ВУЗа определяются будущие ученые. Большая роль принадлежит научным руководителям. Талантливой молодежи нужны талантливые педагоги.

Участие магистрантов и студентов КазНУ им. Аль-Фараби в выполнении грантовых и фундаментальных научных исследований дает бесценный опыт для формирования истинных научных исследователей. Полагаем, что научно-исследовательская деятельность не должна стать занятием избранных. Наоборот, необходимо, чтобы в ней могли принять участие все, кто хочет.

В заключении отметим, что для большего привлечения молодежи к научно-исследовательской деятельности необходимо следующие мероприятия:

1. Психологическая и мотивационная поддержка молодых ученых: поддерживать ученых на всех этапах их научной деятельности, начиная от мотивации в учебном заведении путем предоставления государственных наград за достижения в области объекта изучения и заканчивая вознаграждениями за каждый успешный проект;
2. Предоставление всех необходимых средств в учебных заведениях: большая часть учебных заведений не может существовать на самофинансировании, необходимо разработать программу по оснащению учебных заведений всем необходимым для реализации научно-исследовательских проектов молодых ученых;
3. Социальные гарантии и защита прав: молодым ученым необходимо дать гарантии того, что они не будут работать за «идею», необходимо увеличить размер заработной платы молодых ученых.

Список литературы:

1. Ибраева А.С., Мамытхан М., Жаманкенова А., Кенжина В. Проблемы формирования правовой культуры молодежи: Сборник материалов международной научно-теоретической конференции «Мир Фараби». - Алматы: КазНУ, 2016. – С. 19-22.
2. Ибраева А.С., Куаныш М. Правовая культура молодежи: некоторые итоги социологического опроса. Сборник материалов международной научно-теоретической конференции «Мир Фараби». – Алматы: КазНУ, 2016. – С. 45-46.

Игнатова Л.В., Кистаубаева А.С., Савицкая И.С., Мукашева Т.Д., Бержанова Р.Ж., Сыдыкбекова Р.К. ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ-БИОТЕХНОЛОГОВ ПО ЗАКАЗАМ РАБОТОДАТЕЛЕЙ В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОГО КРИЗИСА

Понятие безработицы стало привычным после вступления Казахстана в рыночную эпоху. В нашей стране безработица имеет специфический аспект, связанный с трудоустройством молодежи, получившей дипломы различных ВУЗов. По правилам рыночной экономики государство снимает с себя ответственность за гарантированное трудоустройство молодых специалистов. В результате, на рынке труда появилось большое количество молодых людей с вузовскими дипломами, но без работы [1].

В настоящее время деятельность многих предприятий характеризуется возрастающей сложностью задач, в связи с чем к специалистам предъявляются достаточно высокие требования. Различные предприятия нуждаются в

квалифицированном персонале, который умеет адаптироваться к реалиям производственного процесса в соответствии с особенностями корпоративной культуры и кадровой политики, способном к самостоятельному и грамотному решению управленческих задач. Особо обостряется данная проблема в условиях экономического кризиса, когда возможность компании успешно противостоять кризисным условиям всецело зависит от наличия высокопрофессиональных управленческих кадров, способных принимать точные и, зачастую, быстрые решения.

Считается, что в целом, работодатели на сегодняшний день удовлетворены объемом базовых знаний, которые молодые люди получают в ВУЗе, в меньшей степени, они довольны специальными знаниями специалистов, которые бывают оторваны от современной реальности.

Эта проблема может быть решена посредством выстраивания системы партнерства «ВУЗ - работодатель - студент - органы исполнительной власти» в определенном регионе, с последующим формированием у молодых людей знаний, навыков и умений, необходимых для конкурентоспособного специалиста, а также ценностей, потребностей и способностей для самореализации личности. Для полной реализации данной системы необходимо активное участие предприятий в образовательном процессе.

Представляется важным, чтобы молодые специалисты были востребованы на рынке труда. Можно с уверенностью сказать, что на сегодняшний день биотехнологи - одни из наиболее востребованных специалистов не только в Казахстане, но и других странах. Вероятно, в первую очередь, это связано с тем, что биотехнолог является специалистом широкого профиля. В настоящее время, даже трудно представить современную промышленность, в которой не нашли бы отражения достижения биотехнологии. Выпускники-биотехнологи обладают целым рядом знаний, умений и навыков, позволяющих им быть конкурентоспособными на мировом рынке труда:

- разработка и практическое применение клеточных культур животных и растений, микроорганизмов, их биологически активных соединений, продуктов микробного синтеза и биотрансформации;
- разработка технологий получения продуктов микробного синтеза, генной инженерии и нанобиотехнологий;
- оценка и управление качеством биотехнологических производств, разработка и выполнение требований национальных и международных нормативных документов.

Следует также обратить внимание на большой круг предприятий, где могут работать выпускники-биотехнологи:

- биотехнологические, пищевые и фармацевтические производства (инженер, технолог);
- лаборатории биологического, химического, природоохранного профилей (инженер, научный сотрудник);
- научно-исследовательские институты, проектные институты биоиндустрии (инженер, научный сотрудник);
- ВУЗы (преподаватель).

Можно считать, что выбрав специальность «Биотехнология», можно получить гарантию возможного трудоустройства молодого специалиста. Тем более, что выбор направлений возможного практического приложения биотехнологии достаточно велик. Перспективны являются такие области биотехнологии, как пищевая, фармацевтическая, промышленная, экологическая, сельскохозяйственная, медицинская, бионанотехнология, получение новых биоматериалов и многое другое. На предприятии специалист-биотехнолог может занимать любые инженерные и технологические должности: мастера участков, технологи, инженеры, начальники производств и др. Они могут занимать различные должности: начиная с сотрудника лаборатории контроля качества и микробиологической лаборатории до лаборатории биохимического анализа различных медицинских организаций.

Известно, что рынок труда оказывает непосредственное влияние на услуги в области образования, в том числе и на систему подготовки высококвалифицированных кадров, например:

- количественный и качественный спрос на специалистов конкретной специальности и квалификации на рынке труда;
- появление на рынке труда новых профессий, пересмотр профессионального содержания имеющихся профессий в связи с требованиями научно-технического прогресса;
- постоянная профессиональная социализация и ресоциализация кадров через программы опережающего обучения;
- создание системы непрерывного образования для постоянного усовершенствования знаний в связи с конкуренцией на рынке труда.

Хотя известно, что уровень безработицы среди молодежи в Казахстане значительно ниже чем в странах, вошедших в рейтинг конкурентоспособности (The Global Competitiveness Index), таких как Швейцария, Сингапур, Финляндия, Великобритания, Россия и Турция, но проблема трудоустройства молодежи в стране остается достаточно актуальной [2].

При этом главным критерием в трудоустройстве по-прежнему является опыт. Все знают, что достаточно непростой задачей является трудоустройство без необходимого стажа. Из данных по вакансиям, размещенных на сайте HeadHunter.kz (по состоянию на 23.11.2015г.) видно, что только 16% работодателей готовы принять кандидатов без опыта. При этом, необходим стаж работы от 1 года до 3 лет [2].

Именно, нехватка стажа, зачастую оставляет молодых специалистов без работы, а иногда вынуждает менять сферу профессиональной деятельности. Имеются данные, что из общего числа выпускников ВУЗов 2014 года, принятых на работу (47331чел.) в первый год после окончания ВУЗа, только 12% (5595 чел.) устроились по

специальности. 1/3 выпускников ВУЗов 2014 года (14535 чел.) устроились в городе Алматы, из них 32% (4733 чел.) - по специальности. Самый низкий показатель трудоустройства характерен для Актюбинской области – 0,6% (318 чел.) Причину того, что молодые дипломированные специалисты работают не по специальности, часто видят в том, что система высшего образования плохо ориентируется на «реальные потребности» экономики. Проведя маркетинговые исследования, можно предположить, что необходимо, например, сократить подготовку экономистов, юристов, ставших избыточными. Или, наоборот, увеличить подготовку инженеров. Это, в большей степени, касается числа обучающихся в вузах по госзаказу. Но известно, что студенты, имеющие гранты на обучение составляют не более 18-20% от общего числа всех выпускников [2, 3].

В свою очередь, есть и проблемы, касающиеся ВУЗов. Так, теоретическая направленность обучения может создать определенные трудности при трудоустройстве молодых специалистов. Многие ВУЗы сейчас разрабатывают совместные учебные курсы с работодателем, включая проведение профессиональной практики. Этим достигается определенный уровень подготовки специалистов с учётом потребностей экономики, укрепляются связи с производством. В Законе «Об образовании РК» (2015г.) закреплено понятие «корпоративное обучение», которое основано на взаимной ответственности государства, работодателей и учебных заведений при подготовке молодых специалистов [2, 4, 5].

Получение производственного опыта и дальнейшее трудоустройство по месту прохождения практики могло бы в дальнейшем привести к снижению уровня безработных среди выпускников ВУЗов. Нередко встречается и неформальное отношение самих студентов к практике.

По данным, опубликованным на портале Spb.rabota.ru, на срок поиска работы молодым специалистом влияет уровень образования. Молодые люди с высшим образованием часто ищут работу довольно долго (до 3 месяцев), тогда как те, кто имеет среднее образование и выпускники колледжей находят работу за 2-3 месяца.

Одним из важнейших критериев оценки работы вузов во всем мире является показатель трудоустройства выпускников. По данным Глобального рейтинга трудоустройства выпускников ВУЗов-2015 (Global Employability University Ranking-2015) наиболее эффективными стали Гарвардский Университет (США), Кембридж и Оксфорд (Великобритания). Также ВУЗы США и Великобритании в своем большинстве входят в топ 50-ти лучших университетов данного рейтинга [2].

Большую роль, играющую в быстром трудоустройстве выпускника играет интерес к выбранной специальности. Если молодому специалисту нравится полученная специальность, то происходит ориентация на профессиональную самореализацию и карьерный рост и быстро осуществляется его трудоустройство. Выпускники ВУЗов могут отличаться своей социальной мобильностью, активностью, адаптивностью, склонностью к инновациям т.д. Они отличаются профессионально-статусными потребностями и интересами, ориентированностью на предстоящее занятие своего специфического места в воспроизводстве трудовых отношений. Тогда как требования работодателей к выпускникам как потенциальным работникам бывают довольно противоречивы. Опять, большое значение при приеме на работу имеет опыт работы, хотя они не исключают возможность переобучения работников. Большое внимание на рынке труда работодатель и выпускники акцентируют на практических навыках, коммуникативных и информационных характеристиках, что доказывает значимость как профессиональных знаний и умений, так и социальной компетентности [6].

Для того, чтобы процесс взаимодействия рынка высшего профессионального образования и рынка труда был непрерывным и приводил к тому, чтобы выпускники ВУЗов обладали знаниями, навыками и умениями профессиональной деятельности и показывали достаточный уровень сформированных профессиональных компетенций. Возникает вопрос, все высшие учебные заведения могут быстро и адекватно реагировать на запросы потенциальных заказчиков, могут адаптировать учебный процесс по форме и содержанию к требованиям рынка труда. И все ли потенциальные работодатели могут четко сформулировать и довести до вузов свои требования по подготовке молодых специалистов.

Для достижения необходимого взаимодействия ВУЗов и работодателей необходимо сформировать и развивать аналитическую базу данных, с подробной информацией о предприятиях, заключивших договор с ВУЗами о двустороннем сотрудничестве. Предприятия, со своей стороны, должны предоставлять информацию о своих потребностях в новых кадрах, формируя список вакансий и уровень необходимой практической подготовки молодых специалистов.

Хочется надеяться, что подготовка специалистов-биотехнологов по заказам работодателей сможет не только обеспечить их будущее трудоустройство и успешную профессиональную работу, но и внесет определенный вклад в реализацию государственной Программы преодоления экономического кризиса.

Список литературы:

1. Карабагин Б. Проблема трудоустройства выпускников вузов по-прежнему остается острой [электронный ресурс] 18 января 2017 года Central Asia monitor Общественно-политическая газета// <https://camonitor.kz/xfsearch>.
2. Шакирова Л.А. Трудоустройство выпускников ВУЗов Казахстана // Alma mater. Вестник высшей школы. - № 3, 2016. С.18-24.
3. Агентство РК по статистике.
4. Проект: «Концепция государственной молодежной политики до 2020 года».
5. <http://www.zakon.kz> Сайт газеты «Литер».
6. Аврамова Е. М., Кулагина Е. В. Взаимодействие работодателя и выпускников системы профессионального образования перед вызовом модернизации // Экономика региона. - №2. 2012. С.196-208.

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БІЛІКТІ МАМАН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе беру және оны айрықша сала ретінде қабылдау қажет, оның бірінші кезектегі міндеті – жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау, икемділік пен білімділік болуға тиісті», – деп көрсетілгендей, маманның біліктілігі мен кәсіби деңгейінің жоғары болуы оқытуды дұрыс ұйымдастыра білумен байланысты.

Бүгінгі қазақстандық білім беру жүйесіндегі айрықша өзгерістер «адамның еркін дамуына», оның жоғары мәдениетін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін, икемділігін дамытуға басым бағыт береді. Жоғары кәсіптік білімді дамытудың қабылданған тұжырымдамасына үшдеңгейлі білім жүйесіне сәйкес бакалавриат, магистратура, PhD докторантура стандарттары жасалды. Тұжырымдамада «маман моделі» кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарда кәсіби тұлғаны қалыптастыру маңызды міндет ретінде қарастырылады.

Соған орай қызмет етудің барлық саласында нақты бір білім, шеберлік, дағдыға, жеке адами қасиетке ие, өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде атқаратын білікті мамандарға сұраныс артып келеді. Қоғамдағы жағдай еңбек нарығының нақты сұраныстарына сай мамандардан тек қазақ тілінде сөйлеу дағдысын талап етіп қана қоймайды, өз саласындағы қызметтік құжаттарды дұрыс түсініп, сауатты жаза білуге әсер етеді. Яғни кәсіби салаға қажетті тілдік құрылымдарды, терминдерді жетік меңгеруге мүмкіндік жасайды. Сондай-ақ алған тілдік білімін қатысымда (іскерлік кездесулерде, қызмет барысында, мәжіліс, жиындарды және т.б.) ұтымды пайдалана алу дағдысын да қалыптастырады.

Бұл өз кезегінде қазіргі студенттің кәсіби қазақ тіліне деген сұранысының артуына ықпалын тигізіп, тілдік тұлғаның сөздік қорын, кәсіби лексикасын дамытуға жол ашады. Бүгінгі студент – болашақ маман өзінің алға қойған мақсатына жетуі үшін үнемі ізденіп, білімі мен біліктілігін арттырып, бірнеше тілді жетік үйренуге, әсіресе қызметіне қажетті кәсіби тілді үйренуге қатты мән береді.

Кәсіби қазақ тілін меңгеру арқылы тілдік пайымдаулар жасауға, сөйлеу әрекеттері арқылы логикалық тұжырым (түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, салыстыру, қорыту) жасауға, айналадағы құбылыстарды көзбен көріп, олармен қарым-қатынас жасауға қызығушылық танытуға және қабылдауға үйренеді. Сөйтіп еңбексүйгіштік, жігерлілік, мақсатқа жетушілік, белсенділік сынды қасиеттері қалыптаса отырып, тілді меңгеруге құлшынысы артады.

Қазақ тілінің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның қоғамның барлық саласында қолдану аясының кеңі түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен тығыз байланысты екендігі баршамызға дау туғызбаса керек. Осыдан бәсекеге қабілетті, мемлекетіміздің мақсаты мен мүддесіне қызмет ететін білікті маман даярлауда бұл пәннің өзекті екендігі айқындалады.

ЖОО-дағы қазақ тілі курсы коммуникативті-бағдарлы және кәсіби бағдарлы қасиетке ие. Оның міндеттері мамандардың өз саласы бойынша, немесе болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған коммуникативтік және танымдық қажеттіліктері бойынша анықталады.

Кәсіби қазақ тілін меңгеретін студенттер үшін «коммуникативтік құзырет» ұғымы:

- лингвистикалық құзырет (ЛҚ), қазақ тілін тілдік ойлау қызметі ретінде пайдалана білу (тілдік білім);
- прагматикалық құзырет (ПҚ), қатысым жағдайындағы коммуникативтік мазмұнды жеткізе білуге дайындық (стратегия);
- когнитивтік құзырет (КҚ), коммуникативті ойлау қызметіне дайындық (тілдік ойлау);
- ақпараттық құзырет (АҚ), яғни қатысым құралының мазмұнына ие болу.

Тіл үйренушілер кәсіби тілді меңгеру барысында сөйлеу әрекетінің: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым түрлерін дамыта отырып, белгілі бір құзыреттілік дағдыға ие болуы керек.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқытудағы коммуникативтік құзыреттілік дағды төмендегідей негізгі міндеттер бойынша анықталады:

- лингвистикалық құзыретті қалыптастыру – тақырыпқа қатысты лексикалық бірлікті дамыту дағдысы; негізгі терминдер мен ұғымдардан тұратын пәрменді сөздіктердің дамуы; грамматикалық дағдыларды жетілдіру;
- прагматикалық құзыретті қалыптастыру – кәсіби мазмұндағы мәтіндер негізіндегі диалогтік және монологтік айтылымдарды қалыптастыру шеберлігі, жазылым дағдыларын жетілдіру, коммуникативтік стратегияны өңдеу шеберлігі (нақты бір сөйлесім жағдайына бейімделу);
- когнитивтік құзыретті қалыптастыру – мәселелік тапсырмалар, ойын тапсырмалары, мәтіндер бойынша: мәтінді біріздендіру дағдысы (мазмұнның мәнін анықтау, сыни ойлау, негізгі және қосымша ақпараттарды айыра білу); мәтіннің мазмұнын ұғыну (сәйкестендіру, түсіндіру, жинақтау) дағдысы; мәтіннің мазмұнын өзгерту (толықтыру, қайта құру, қажетті мазмұнды таңдау);
- ақпараттық құзыретті қалыптастыру – тілдік тұлғаның кәсіби шеңберіндегі, сондай-ақ қоршаған әлем туралы ақпаратты қолдана білу дағдылары. Түрлі нысандар (теледидар, ұнтаспа, смартфон, компьютер) және ақпараттық технологиялар (бейне, электрондық почта, әлеуметтік желілер, Интернет т.б.) көмегімен

ізденімпаздық біліктері қалыптасып, ақпаратты талдау, саралау, сараптау, сақтау және оны тарата білуге үйренеді.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін жүргізу үшін алдымен «Кәсіби бағдарлы қазақ тілі» пәні өтіледі. Еліміздегі орта білім беру жүйесінің 12 жылдық білім беруге көшуі, әлемдік білім беру кеңістігіне бағдар тұтуы білімге деген көзқарасты жаңаша тұрғыдан қарастыруды көздейді. Соған орай бұл курс мектеп бағдарламасы аясында қазақ тілінің А1, А2, В1 деңгейіндегі тілді меңгеріп келген «бакалаврға» түскен студенттерге арналады. Яғни, ЖОО-на түскен студент тілдік стандарт бойынша В2 деңгейінен бастап жалғастырады. Оның тілдік біліміне байланысты (мүмкін В2-С1) оқытылады. Яғни, студент ЖОО-на келгенде, тілдік білімі орташа деңгейде, мектеп бағдарламасы бойынша сөздік қоры жеткілікті, тілдік дағды мен шеберлікке, тілдік құзірет талаптарына жауап бере алатын болып келуі талап етіледі. Әйтпесе, «Кәсіби бағдарлы қазақ тілі», «Кәсіби қазақ тілі», «Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас» сынды пәндерді өту ауыр соғады. Болашақ маманның кәсіби дағдыларды қолдану салаларына байланысты арнаулы тілдік білім жиынтығы өте кең болуы керек. Себебі, өндіріске барғанда арнаулы терминдерді қолдану жиілігі артады. Сөйтіп кәсіби тілдік дағдысы дамиды, жетіледі.

«Кәсіби қазақ тілі» пәні инновациялық технологияны кең қолдану мақсатында модульдік оқыту жүйесіне сәйкес жүргізіледі. «Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқып меңгерудің алдында студент «Кәсіби бағдарлы қазақ тілі», «Қазақ тілі» пәнін меңгеруі керек, содан кейін модульдік оқыту жүйесі бойынша «Кәсіби қазақ тілін» оқып үйренеді. Байқап отырғандай, пән арасындағы сабақтастық қатаң сақталады. Сабақ тақырыбы тілдің грамматикалық құрылымына негізделгендіктен, тілдік норма, тілдік заңдылықтар қатаң сақталынады. Салаға қатысты белсенді қолданылатын терминдер іріктелініп алынады. Қатысым жасаудағы тілдік клишелер мен тілдік құрылымдар сұрыпталынады.

Пәннің мақсаты – студенттердің қатысымдық құзыреттілік деңгейін көтеріп, қазақ тілін кәсіби (іскери және ғылыми) қызметте, сондай-ақ өз білімін жетілдіру мақсатында пайдалана алуына жөн сілтеу. Болашақ маманды таңдаған саласына қатысты терминдермен жұмыс істеуіне, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдана білуіне, яғни кәсіби құзыреттілік талаптарына жауап беруге дайындау.

Басқаша айтқанда, кәсіби тақырыптардағы мәтіндер негізінде тіл үйренушілердің сөйлеу біліктілігін жетілдіру, лексикалық қорын, грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру, қазақ тілі грамматикасы туралы білімін дамыту. Кәсіби қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіндегі негізгі міндеттерді сөйлеу түрлеріндегі модельдер мен қатысым түрлері арқылы жүзеге асыру.

Кәсіби қазақ тілі жалпы білім берудің «филология» саласына жатады. Студенттердің филологиялық білімдерін, тілдік мәдениет пен тілдік құзіреттілік деңгейін жетілдіру «Қазақ тілінің» жалпы білім беру бағдарламасындағы оқу пәні ретінде маңызын арттырады.

Пән «Кәсіби қазақ тілі» деп аталады. «Кәсіпке кіріспе» деп тұрған жоқ.

Әр пәннің өз ерекшеліктері мен заңдылықтары болады. Ондай заңдылықтарды сол пәнді оқытып жүрген мамандар ғана ажыратып, түсіндіре алады. Қазақ тілін білген кез келген сала маманы кәсіби қазақ тілін бере алмайды. Қазір лингвистика салалары ерекше дамып келеді. Тілімізге еніп жатқан көптеген терминдерді тілдің заңдылығын ескере отырып қолдану да тек филолог мамандардың құзырындағы шаруа. Сала маманы терминдердің аудармасын бергенімен, оның мағынасын, тіркесімділігін, сөйлем жүйесіндегі орнын, тілдік құрылымдарды, сөздің қолдану дәлдігін филолог маман сияқты ажырата алмайды. Осыдан келіп сөзді орынды жұмсамау, мағынасын жете түсінбеу, сөйлемдегі шұбалаңқылық орын алады. Тіл үйренушіге қиындық тудырып, ынтасын төмендетеді. Оған мысал ретінде жаратылыстану салаларына арналған оқу құралдарын алуға болады. Сөйлемдері шұбалаңқы, мағынасы бұлыңғыр, сөйлемдегі ой шашыраңқы.

Қорыта келгенде, «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің негізгі мақсаты коммуникативтік құзыреттілік дағдыны қалыптастыру және дамыту, бәсекеге қабілетті әрі құзыреттілігі жоғары тұлғаның кәсіптік маңызы бар ортада қазақша ойын толық және анық жеткізуі үшін кәсіби тілдік дайындықты қамтамасыз ету болғандықтан, бұл пәнді қазақ тілі маманы жүргізуі керек деп санаймыз.

«Үш тілде білім беруді оқу және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету CEFR негізінде (2016 – 2017 жылдар) тілді деңгейлеп оқыту (қазақ, орыс, ағылшын) бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу шеңберінде жүзеге асырылатын болса» [1], қазақ тілінің жетекші рөл атқаратындығын ескере отырып, бұл пән тек орыс бөлімінде ғана емес, қазақ бөлімдерінде де оқытылуы керек деген тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016.

Исаева А.А.

БАСҚАРУ КАДРЛАРЫН КӘСІБИ ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖҰМЫС БЕРУШІ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ РӨЛІН АРТТЫРУ

Кәсіпорындар қызметінің қазіргі заманғы жағдайы нақты экономика секторында жұмыс атқаратын мамандарға айтарлықтай жоғары талаптар қояды және міндеттер үнемі күрделеніп өсіп отыратынымен сипатталады. Кез келген қазақстандық кәсіпорын оның өндірістік қызметінің, корпоративтік мәдениеті мен кадр саясатының

ерекшеліктеріне сәйкес ұйымның нақты жағдайларына бейімделе алатын, өз бетінше және сауатты басқару шешімдерін қабылдауға қабілетті мамандарға аса қажеттілікті бастан кешіруде. Ұйымдағы нақты әрі шұғыл шешім қабылдау мүмкіндігі бар жоғары кәсіби деңгейдегі басқару кадрларының бар болуына ұйымның дағдарыс жағдайымен сәтті күресуі тікелей тәуелді болған кезде, экономикалық дағдарыс жағдайында осы мәселе аса шиеленісіп тұр.

Нақты заманауи бизнес пен өндірістен хабары аз жас мамандардың арнайы біліміне білдіретін ризалығы шамалы десек те, кешегі бітірушілердің базалық алған білімдеріне жұмыс берушілердің қазіргі кезде көңілі толады.

Стандартты оқыту әдістері жас мамандарды дайындаудың мәселесін жеткілікті деңгейде шеше алмайды, яғни қызметкерлерді жұмыс орындарында қайтадан дайындықтан өткізуге, теориялық алған білімдерін тәжірибелік жетілдіру мен техника көмегіне сүйенуге мүмкіндік бере алмайды. Кешегі бітірушілер мен қызметкерлердің білім алуы мен квалификациясын арттыруын бүгінгі жұмыс берушілер үшін стратегиялық маңызды міндет ретінде саналады, яғни осы салада көптеген компанияларда үлкен масштабты барғарламалар бар.

Осындай мәселелерді шешуде «ЖОО – жұмыс беруші – студент – атқарушы билік органдары» әлеуметтік серіктестік жүйесін жолға қою арқылы жүргізуге болады. Студент жастардың білімі, дағдылары мен бәсекеге қабілетті маман ретінде жұмыс істей алуы, сондай-ақ тұлғаның өзін-өзі дамыту мүмкіндігі, бағалануы мен қажеттіліктері кеңістігінде жасақталуы тиіс. Білім беру процесінде кәсіпорындардың белсенді қатысуынсыз және олардың өзіндік ролінсіз бұл жүйені жүзеге асыру толық жүзеге асырылмайды.

Арнайы серіктестік ретінде еңбек нарығының, оның институттарының, кәсіптік білім беру саласында территориялық басқару органдарының барлық субъектілерімен білім беру мекемелерінің әлеуметтік этика мақсаттарына, қызығушылықтарына, қызметі және мүмкіндіктеріне өз еркі бойынша интеграцияланатын серіктестіктің әртүрлі нысандары танылады.

Қазіргі кезде Қазақстанда студенттерге және ЖОО бітірушілеріне кәсіпорындардың қызығушылығы артып отырғаны көптеген себептерге мысалдар келтіреді:

1. Мекеменің басшысы мен қызметкерлер бойынша менеджерлер талантты болашағы зор ЖОО бітірушісіне күш-жігер мен ресурстар жұмсалынып, салынатын болса, онда бірнеше уақыттан кейін барлық шығындардың ақталатынына сенеді. Одан басқа, басқа жақтан іздемей, өз кәсіпорнында тұлғаны өсіріп шығару анағұрлым тиімдірек.

2. Жас мамандар кәсіби мамандарға қарағанда анағұрлым арзан ресурстар болып табылады.

3. Жастар – болашақта ұйымға оңтайлы резонанс алып келетін, студенттер мен бітірушілер арасында ұйымның беделін қалыптастыратын ересек мамандардың бастапқы қадамын жасаушылар.

4. ЖОО бітірушілерін жұмысқа тарта отырып, қазіргі кезде өндірістік кәсіпорындардағы қадарларды жасарту мәселесі жолға қойылады.

5. Жас маман ұжым арасында белгілі бір жаңа көзқарастарымен, білімімен, ғылым және техниканың соңғы жетістіктерін жетік меңгерген тұлға ретінде танылады.

Сәйкесінше, жас мамандарды арзан күші ретінде қабылдамайтын, мақсаты төменгі дәрежедегі еңбекақыны төлеу емес жұмыс берушілер де бар.

1-кестеде жұмыс берушілердің көбінесе экономикалық мамандық мамандарын жұмысқа тартатыны туралы ақпарат келтірілген.

Кесте 1. Экономика саласы мамандарын жұмысқа тарту туралы ақпарат

№	ЖОО бітірушілерінің баратын жұмыстарының бағыты	Үлесі, %
1.	Сату менеджменті мен клиенттік қызмет көрсетулер	41
2.	Бухгалтерлік есеп	21
3.	Маркетинг, жарнама және PR	16
4.	Қаржы	14
5.	Өндіріс	8
6.	Заң саласы	4
7.	Ақпараттық технологиялар	2

Жас мамандармен ұйымда қызметтес болған кезде кәсіби тәжірибесінің аздығы, оның бизнес ортадағы қойылатын талаптар мен тәртіптердің болатындығы бірқатар қиындықтар тудырады. Сондықтан да, жас маманның кәсіпорын қызметіне бейімделуі мен кірісуі максималды тиімді болуы үшін оның жеке тұлғалық сапасына көбірек көңіл бөлу қажет. Бұдан ары байқайтынымыз, жас мамандармен жұмыс істеу кезіндегі негізгі мәселелер олардың мінез-құлқы мен тапсырылған жұмысты орындауы секілді бірқатар ерекшеліктерден туындайды.

Жұмыс берушілердің қойған бағалауларына сәйкес, жас мамандардың анағұрлым маңызды тұлғалық сапасы ретінде олардың орындаушылық, жауапкершілік және жұмысқа деген қызығушылығы болып табылады.

Кәсіпорындардың жеткілікті дәрежеде мекемеге пайда әкелетін және кәсіби өзін дамыта алатын, ұзақ мерзімге жұмыс жасауға келетін мамандарға сұранысы жоғары, осылайша, жас мамандардан жұмыс берушілер жоғары мобильділікті, икемді ойлауды, жаңа ақпараттарды оңай меңгеру, жоғары еңбек мотивациясын, өзін-өзі дамытуға ұмтылысын, ұйымның жұмысына жаңаша көзқарасын, жүйеленген теориялық білімінің болуын, жұмыста бастамашалығының болуын, жоғары сезімталдықты, кәсіби салалардың әртүрлі бағыттарында өзін қатыстыруға белсенділігін жоғары бағалайды.

Жас мамандардың негізгі кемшіліктері ретінде жұмыс беруші кәсіпорындар ұйымдастырудың төменгі бейімділігін көрсетеді. Яғни қызметінің алғашқы орнында қызметкерлер 1 жылдан көп мерзімге қала бермейді, жоғарғы курс студенттері мен бітірушілер алғашқы компаниямен өз тағдырларын байланыстыруды жоспарламайды. Еңбек жолының басында басқа жұмыс орындарында әлдеқайда артық тәжірибе мен нағыз мансап жатқандай көрініп, 2-3 жыл қызмет атқарған соң берген еңбекақы мен еңбек шарттарының сәйкессіз артық талаптарын, төменгі еңбек мотивациясы мен еңбек моралін, мансап жолын бастаудағы күтілімнің болмауы, өзіне үлкен жауапкершілік жүктегісі келмей нақты тәжірибелік міндеттерді шешуге дайындығының жоктығы, алған білімін қолдана алмауы, теориялық білімінің жеткіліксіздігі, корпоративтік мәдениет төмен болғандықтан ұжымда өзін ұстай алмауы, өзін-өзі жоғары бағалап, өз бетінше жұмыс жасауға дайындығының, жауапкершілігінің болмауы сияқты себептерді алға тартады.

Жас мамандар кадр резервін құруда перспективті және бағалы ресурс болып табылады. Осы топ қызметкерлерімен тиімді жұмыстың негізгі шарттарының бірі болып, олардың күшті және әлсіз жақтарын түсіну, сондай-ақ екі тарап үшін қызықты және табысы мол өзара байланыс жағдайын жасау мүмкіндігінің болуы табылады.

Еңбек нарығындағы жас басқару кадрларының ұсынысы мен сұранысының сәйкессіздігіне келесі факторлар жатады:

- қызметкерлерге ұйымның қоятын талаптары мен жастардың әлеуметтік және кәсіби бағыттарының әртүрлілігі;
- ЖОО жас мамандарды тапсырыс берушілердің талаптарына сәйкес дайындау мен ЖОО беретін білім жүйесі арасындағы алшақтық;
- маманданған жұмыс күшін дайындап шығаратын «технологиялық процестің» ұзақтығы (4-6 жыл), яғни алғышарттарға кәсіби кадрларды дайындауға мүмкіндік бермейді;
- ЖОО инновациялық потенциалының жеткіліксіз болуы;
- студенттердің төменгі баспалдақты деңгейі: білім мен дағдыларды қабылдауға дайын болмауы (бір қалыпты ойлауы, мотивацияның әлсіздігі);
- бітірушілердің теориялық дайындығының басым болып, алған білімін тәжірибелік қолдана алмауы;
- бітірушілердің өмірлік және кәсіби бейімділігінің әртүрлілігі;
- жеке ұйымдардың дамуы мен қоғамның мүдделерінің арасындағы алшақтық;
- кәсіби бағытталған жұмыстар мен бітірушілердің жұмысқа орналасуымен байланысты бірыңғай жүйені қалыптастыру қажеттілігі;
- негізделген нормативті-құқықтық базаның жеткіліксіздігі, кәсіби білім беру жүйесі мен ұйым жүйесінің бұзылуы.

Жинақталған тәжірибені талдау барысында кәсіби білім беру саласында әлеуметтік серіктестіктің негізгі мақсаты – жоғары кәсіби білім берудің тиімділігін арттыруға бағытталған нақты шараларды жүзеге асыру.

Білім беру кеңістігінде әлеуметтік серіктестік жүйесін қалыптастырудың келесі тетіктерін ұсынуға болады:

1. Басқару кадрларының еңбек нарығындағы сандық және сапалық көрсеткіштерінің балансын құру және оған ұсыныстар:

- басқару кадрларына жұмыс берушілердің қажеттілігінің мониторингі;
- басқару кадрларын ЖОО дайындауы жүйесін сапасының мониторингі;
- өндіріс және қоғам қажеттіліктеріне білім беру бағдарламасының бейімділігі.

2. ЖОО студенттерді нақты тәжірибелік қызметке дайындау.

3. Жұмыс берушілерді білім беру және тәрбие жұмыстарына көптеп тарту.

4. Студенттік ортада тұлғалық қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді қалыптастыру.

5. ЖОО оқытушылық құрамының экономикалық-басқарушылық қызметінде белсенділігін арттыру.

6. Аймақтың экономикалық мәселелерін шешу кезінде ЖОО қатыстыру.

7. ЖОО шеңберінде жас кәсіпкерлікті дамыту.

8. Бітірушілермен білім беру мекемесінің өзара байланысы жүйесін дамыту.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аврамова Е., Кулагина Е., Верпаховская Ю. Поведение молодых специалистов на рынке труда: новые тенденции // Человек и труд. 2014. N 9. С. 41 - 47.

2. Вразнова М. Проблемы адаптации молодых специалистов в условиях "вуз - производство" // Высшее образование. 2013. N 5. С. 47 - 52.

БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ КЕШЕНДІ СИПАТЫ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

«БМ020200-халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша магистр даярлау бағдарламасының білім беру нәтижесі білім мен біліктілікке ие, ең бастысы аймақтық және әлемдік саясат саласында қызмет атқаруға талап етілетін жоғары білікті маман-аймақтанушы түлек шығару болып табылады.

«БМ020200-халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасына талапкерлерді іріктеу барысындағы қойылатын талаптар:

Білім беруді ұйымдастырудың Типтік ережесіне сәйкес кәсіби білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда, жоғары оқу орнынан кейінгі магистратураға Қазақстан Республикасының азаматтары, жоғары білім алудың кәсіби оқу бағдарламасын меңгерген азаматтығы жоқ тұлғалар және шетел азаматтары қабылданады.

Университет магистранттарының құрамын іріктеу ғылыми және педагогикалық мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысына (мемлекеттік грант) орай, сонымен қатар азаматтың жеке қаржысы немесе өзге де көздер есебінен ақылы негізде жүзеге асады.

Басқа мемлекеттердің азаматы саналатын қазақ ұлты өкілдері магистратурада Қазақстан Республикасы азаматтарына берілетін мүмкіндіктер жағдайында оқи алады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ тұлғалар жоғары оқу орынынан кейінгі тегін білім алудың мемлекеттік білім беру тапсырысын, егер осы дәрежедегі білімді бірінші рет алып тұрса конкурстық жағдайда алуы мүмкін.

Өзге шетелдік азаматтар ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарына Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген тәртіптің, сонымен қатар Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық келісімдердің негізінде ғана қабылданады.

«БМ020200-халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша магистранттар жеке білім алу бағыты траекторийларын таңдау арқылы қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде білім алады. Мамандық бойынша «Халықаралық қауіпсіздік мәселелері» және «Әлемдік саясат» маманданымдары бойынша жеке білім алу бағыты траекторийлары ұсынылады. «Халықаралық қауіпсіздік мәселелері» бойынша жеке білім алу бағыты қазақ және орыс тілдерінде оқытылады. Ал, «Әлемдік саясат» маманданымдары бойынша жеке білім алу бағыты бес жылдың көлемінде таза ағылшын тілінде оқытылып келеді.

Сонымен қатар, «БМ020200-халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша оқитын магистранттар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ–Мәскеу Мемлекеттік Халықаралық қатынастар университеті (МГИМО) және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ–Ресей Халықтар Достығы Университеті екі диплом бағдарламасы бағыты негізіндегі Желісті университетте жоғары білімдерін жалғастырады. Желісті университет бойынша оқыту дәстүрі бойынша магистранттар бес жылдың көлемінде екі диплом иесі атануда.

«БМ020200-халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша магистратурада ғылыми-педагогикалық (оқу мерзімі 2 жыл) және бейіндік (оқу мерзімі 1 жыл) оқыту жүзеге асады.

Мамандық FIBAA және ACQUIN халықаралық сараптау орталықтарының, сонымен қатар ҚР БҒМ Ұлттық аккредитациялау орталығы Институционалды аккредитацияларынан өткен.

«БМ020200-халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы, магистранттарға халықаралық қатынастармен байланысты өзге де қызмет түрлерімен қатар, дипломатиялық жұмыстарға шығармашылықпен қатысу дағдыларын игеру, ауқымды жалпы дипломатиялық дүниетаным қалыптастыруда әлемдік және қазақстандық дипломатиялық қызмет теориясы мен тәжірибесін терең оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік тудырады.

Бағдарлама мақсаты – халықаралық қатынастар және сыртқы саясат саласындағы жоғары білікті мамандар даярлау;

- мемлекеттер, мемлекеттік емес және ұлт үсті ұйымдардың өзара әрекетін халықаралық ауқымдағы талдаудың әртүрлі дәрежелерінде, сонымен бірге оған саяси, мәдени және экономикалық факторларды қоса бағалауға қабілеттілік қалыптастыру;

- халықаралық қатынастар теориясы саласындағы тиянақты білім меңгерген, пәнаралық зерттеу тұрғысында халықаралық қатынастар классикасы және тарихымен таныс, халықаралық саясат және саясат ерекшеліктерін түсінетін,

- теориялық, әдістемелік және эмприкалық дәрежедегі зерттеулер жүргізе алатын және әрқайсысының маңыздылығы мен ерекшелігін түсінетін,

- зерттеу дағдылығы мен дара зерттеу жұмысын (магистрлік диссертация) орындау қабілеттілігіне ие,

- халықаралық қатынастардың даулы мәселелеріне өзіндік көзқараспен таныс және оған әртүрлі мәдени және дара дәстүрлер ағымында қарау ерекшелігіне ие,

- қазіргі халықаралық саясаттың интернационалды тілдерін жетік меңгерген мамандар даярлау.

«БМ020200-халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша магистратурада есімдері елде де, шетелдерде де танымал ғалым-профессорлар дәрістер оқып, магистрлік диссертацияларға жетекшілік етеді.

Жұмыс берушілердің берген жағымды пікірлерінің бағалану механизмі мынадай жүйеде жұмыс істейді:

1) кафедра (магистратура эдвайзері) жұмысқа орналасқаннан кейін өзінің ресми жұмыс орынынан тікелей пікір әкелетін түлегімен байланыс жасап тұрады;

2) дәстүрге сай, университетте бос орындар жәрменкесі өткізіліп тұрады, оның барысында біздің магистранттар жұмысқа орналасудың оңтайлы мүмкіндігінде қалт жібермейді, карьера және іскерлің серіктестік бөлімі арқылы кафедра жұмыс берушімен кері байланыс орнатқан.

Кафедрада жұмыс берушілердің пікірлері, сонымен қатар жағымды көзқарастар магистранттар өтетін университеттің зерттеу орталықтарынан алынған зерттеу тәжірибесінің күнделігі, есебі, мінездемесінде сипатталған – растайтын құжаттар бар.

Білім беру бағдарламасы білім алушылардың табысты әлеуеттенуіне бағытталған қабілеттілікті қалыптастыруға бейімдейді, олар:

- модульді білім беру бағдарламаларында нақтыланған әлеуметтік-тұлғалық дағдылары (коммуникативті болу, ұжымда жұмыс істеу қабілеттілігі, ұйымдастыру қабілетінің болуы, еңбек белсенділігін жоспарлау жөн ұйымдастыру қабілеттілігі, өзгелердің жұмысына жетекшілік ете білу, дара білім алу мен өзгелердің де білім алуын ұйымдастыру жауапкершілігін алып жүру);

- тәжірибелік сабақтарда, өзіндік жұмыс тапсыру сағаттарында, республикалық және халықаралық конференцияларға қатысу барысында өзін жарнамалау дағдысын қалыптастыру;

- оқу және зерттеу тәжірибелерінен өту барысында тұлға ретіндегі қалыптасудың даралану, өзіндік бағасын беру;

- шетелдердегі ғылыми тәжірибе барысында өзін жағымды жағынан көрсетудің шет тілді білудегі білімділігімен қатар, білім алу кезіндегі теориялық білімін де толық көрсетуге бағытталған ұстанымдылығын таныту.

Білім беру нәтижелері мен құзыреттіліктерді тек қана біліктілік деңгейінде ғана емес, тікелей оқу пәндерінің топтамасы (модульдер) деңгейіндегі сараптамаларда, бағалау тәжірибе базаларында, түлектер біліктілігінде – жұмыс берушінің, оқытушының – модульдерінде сипатталған.

Бағалау көздері – бақылау тапсырмалары қоры, сонымен қатар оқу материалын білім алушының игеру сапасын анықтауға бағытталған – білім беру бағдарламасының бөлінбейтін бөлігі сипаттар түрі мен барысы.

Бағалау көздері қорын әзірлеу білім беру бағдарламасының мақсаттары мен магистранттардың құзыреттіліктері анықталысымен, оқу жоспарының құрылуы және кіретін пәндерімен бағдарламаның әзірленуі жағдайында басталады.

Болон үдерісі ұстанымдарына сәйкес бағалау көздері қабілет, құзыреттілік, білім жиынтығының динамикасы және тұлғалық сапа секілді – магистранттардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталып, оларға еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік тудырады. Бағалау көздері әрбір білім беру бағдарламасының жүзеге асуымен сабақтасып, білім беру технологиясының бөлінбейтін бөлігі саналады және бітіртуші кафедраларда құзыреттіліктің қалыптасуы сапасын тексеру үшін әзірленеді. Модульді оқыт бітіргеннен кейін бақылау жұмысы, тест, коллоквиум (кейс орындау, портфолия ұсыну, жоба қорғау және т.б.) түрлеріндегі аттестация қарастырылады.

Жұмыстар нәтижесі әрбір білім алушының рейтингін беретін баллдарға негізделеді. Модульді-рейтинг жүйесінде білім алушының білімі мен құзыреттілігі, олардың белсенділігі, алдыға қойған мәселені шешудегі ерекшелігі және т.б. бағаланады.

Әрбір модуль міндетті жұмыс түрлерін қамтиды – тәжірибелік, семинар сабақтары, өзіндік үй жұмысы, сонымен қатар қосымша жұмыс түрлері - конференцияларда сөйлеу, СҒЗЖ қатысу және т.б.

Аралық аттестацияны жүзеге асыру барысында дәстүрлі бақылау түрлері қолданылады: ауызша сұрау, жазбаша тапсырма, лабораториялық жұмыстар, коллоквиумдер, бақылау жұмыстары. Олардың бірқатар артықшылықтары бар: оқу сапасының үздіксіз және тұрақты мониторингі талаптарын реттейтін жүйелелік, сонымен қатар, магистрант үлгерімінің баллдық-рейтингтік бағалануы мен кемшіліктері, дағдылардың жеке элементтерін ғана өлшемді және локальді тексеру. Ауызша сұрау магистранттың білімі мен дүниетанымын қатар бағалауға мүмкіндік тудырады, жауапты қисынды бере білу, монологті сөйлеу қабілеті және өзге де коммуникативтілік дағдыларын игеру, оқытушының тәрбиеге де ықпал ету мүмкіндігін тудырумен де ерекшеленеді.

Жазбаша жұмыстар оқытушы уақытын үнемдейді, барлық білім алушыларды бірдей дәрежеде ұстауға мүмкіндік тудырады, магистранттың даярлығын тексерудегі бағалауда субъективтілікке, оқытушының көмегінің қатысуынсыз жауаптарды объективті бағалауға мүмкіндік тудырады, жауаптың негізділігіне де баға бергізеді.

Техникалық көздер мен ақпараттық жүйелер көмегімен бақылау оқытушыға ол ақпаратты жетік және дара жеткізу арқылы объективті жауапты шапшаң алуға мүмкіндік жасайды, ақпараттық көздер және ресурстармен жұмыс істеу құзыреттілігі мен біліктілік тәжірибесін толықтырады.

Ағымдағы аттестация семестрдің аяғында емтихан түрінде алынады және кейбір пәндердің де, бөлімнің (бөлімдердің) оқытылуын қорытындылайды. Оның жетістігі ауқымды білім мен біліктіліктің даралығын бағалауға көмектеседі, ал кейбір жағдайларда – нақты кәсіби құзыреттіліктердің де қалыптасуына жағдай жасайды.

Қорытынды мемлекеттік аттестация (мемлекеттік емтихан, магистрлік диссертация қорғау) оқытудың жалпы барысындағы толық нәтижені тексеруге және магистранттың игерген кәсіби құзыреттілік даралығын бағалауға мүмкіндік тудыратын көрсеткіш.

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасында магистранттардың ағымдағы, аралық, қорытынды аттестацияларын жүзеге асырудың бағалау көздері қоры құрылған: бағалау рәсімін анықтайтын тестілер, әдістемелік материалдар, сонымен қатар нәтижелерді қайта өңдейтін нұсқаулықтар және бағдарламалық-құрал көздер, құзыреттілік бағалануы нәтижелерін қайта өңдеу технологиясы мен әдістері, көрсеткіштер жиынтығы, құзыреттіліктің қалыптасуын бағалау критерийі, бақылау тапсырмаларының сәйкестігін бағалау өлшемдері; мемлекеттік емтихан кезіндегі магистратураны бітірушіге қойылатын тапсырмалардың даралығы, оларды бағалау критерийлері, МАК өткізудің барысының әдістемелік материалдары; магистрлік диссертацияны магистранттардың орындауы мен қорғауының барысы мен бағалауға қойылатын бағалау критерийлері; бағалау көздері қоры компоненттерін жаңарту жөніндегі нұсқаулықтар (жүйелілік, жаңартылу дәрежесі, барысының өзгерістері, әдістері, технологиясы, көрсеткіштері, критерийлері және т.б.).

Мамандық түлектері толық курсты аяқтағаннан кейін бірқатар жалпы мәдени (әмбебап, пәнішілік) және кәсіби (пәндік-сипаттамалық, пәндік-мамандандырылған) құзыреттіліктерді меңгереді; олардың оқу барысының нәтижелері осы құзыреттіліктерде көрініс алады.

«6M020200-халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша оқитын магистранттар, үш тіректі құзыреттіліктерде ие болады:

- жалпы құзіреттілік: мамандану аймақтары: Батыс Еуропа және АҚШ, Орталық Азия және Қытаймен байланысты мәселелер және сұрақтар төңірегіндегі түсінігін негізгі кәсіби белсенділіктерін пайдалану қабілеттілігі;
- аймақ мәдениеті мен саясаты және экономикасы саласында тәжірибелік дағдылар мен теориялық сараптамаларға негізделі жаңа білімдерді игеру қабілеттілігі;
- кәсіби құзіреттілік: зерттеу аймағының мәселелерін түсіну және білгенін сараптай білу қабілеттілігі;
- әсіресе, сыртқы саясат саласындағы қызметте талап етілген дағдылар мен құзіреттіліктерін көрсете білу қабілеттілігі;
- әртүрлі халықаралық үдерістерді байланыстыра білу арқылы кешенді білім мен тәжірибелі дағдыларды игеру;
- мамандану аймағындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету және халықаралық қатынастардың дамуындағы саяси және экономикалық факторлардың рөлін түсіну мен білу, толық игеру және пікір қалыптастыру;
- таңдау бағытына сайзерттеу саласы бойынша сараптамалық жұмыстар дағдысын меңгеру.

Калиаскарова З.К., Иканова А.С., Сарсенова И.Б.

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ МАҚСАТЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Еліміздің әлемдік біртұтас білім кеңістігіне бағыт алу кезеңінде мамандар дайындау үрдісінің сапасын арттыру, бүгінгі күні білім беру жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі. Қоғамдағы ұдайы өзгерістер білім беру жүйесінде болашақ мамандарда кәсіби ойлаудың жаңа қабілеттерін, дағдылары мен құзіреттілігін қалыптастыруды көздейді.

Қазіргі таңда қоғам алдында тұрған басты міндет бәсекеге қабілетті, шығармашылық, үдемелі өзгерістер жағдайына тез бейімделуге дайын, өзін-өзі дамыта алатын, өз бетінше шешім қабылдай білетін қабілетті, кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды дайындау. Осы қоғамдық талапқа сай маман дайындауда олардың кәсіби шыңдалуына басымдық жасайтын жоғары оқу орындарының атқаратын рөлі ерекше болып отыр.

«Маған жәй айтсаң – ұмытамын, көрсетсең есімде сақтаймын, ал өзімді іс-әрекетке қатыстырсаң үйренемін» деген қытай философиясының даналығы бойынша білім алушының білімге ықыласын аттыру, ғылыми ізденіс дағдыларын қалыптастырудың маңызды екендігін ашады.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - деп, білім саласынның алдына зор міндет жүктелген болатын [1]. Қойылған міндеттерді шешу жолында Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасында, Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы жоғарғы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттар және басқа мемлекеттік құжаттар мен Елбасының жыл сайын Қазақстан халқына Жолдау ретінде ұсынатын стратегиялық бағдарламаларда жіті қарастырылуда.

Қазіргі білім берудің басты мақсаты болашақ маманға кәсіби бағытта кешенді білім беру мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру ғана емес сондай-ақ «өмір бойы оқу» қағидасының негізі болып табылатын білім мен дағдының үздіксіз кеңейіп, тереңдей түсуі, студенттің өз бетінше білім алуы мен өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыратыны сөзсіз. Егер барлық студенттер оқу үрдісі мен зерттеу тақырыбы аясында дайын түрдегі нәтижелерді алмаса, өзінің жеке тәжірибесіне негізделіп, алынған өз бетінше білімді «өндіре алса», онда білім алушы болашақ кәсіби әрекетінде алған дағдыларын одан ары пайдалануға талпынар еді.

Шығармашылық тұрғыдан ойлайтын мамандарды тәрбиелеуді студенттердің ғылыми-ізденіс жұмыстарын ұлғайту нәтижесінде жүзеге асыра аламыз. Ғылыми-зерттеу құзіреттілігіне ие маман нақты ақпаратты белсенді және нәтижелі талдай алады, неғұрлым тиімді әдіс-тәсілдерді, ресурстарды, технологияларды пайдаланып жаңа ақпаратты тандап, қалыптастыра алады. Жоғары білім беру орындарындағы қазіргі талаптарға сай болу көптеген инновациялық әдістерді қолдануды талап етеді. Жаһандану жағдайында білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы», «педагогикалық технологиялар», «инновациялық технологиялар» ұғымдарының қарқынды пайдалануына ықпал етті.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары жоғары білім берудің негізгі бөлігі және маман даярлау сапасын арттырудың тиімді тәсілі болып саналады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары студентте ғылыми-зерттеу еңбегінің дағдыларын қалыптастырып, қазіргі заманғы маман дайындау талабына сай зерттеуші (ғалым), басқарушы (менеджер), практик деңгейінде шығармашылық бастамаларын дамытып, ғылыми-техникалық үдеріс жетістіктерін тәжірибеде қолдануға бағытталуы қажет [2].

ҒЗЖ-ға қатысу студентті кәсіби пәнді терең меңгеруге, олардың ғылыми, техникалық және әлеуметтік дүниетанымын кеңейтуге, жаңа идеяларды өз бетінше игеруге, ғылыми ақпараттар тасқынында жедел әрі тиімді бағыт ұстануға бейімдейді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің мақсаты мамандық бойынша кәсіби білім беру ғана емес, болашақ мамандардың біліктілігін көтеру мәселесін шешуге, сондай-ақ зерттеуші-маман тұлғаны қалыптастыру, ғылыми-зерттеу көзқарас тұрғысынан олардың іс-әрекеттерін жоспарлауға үйрету ғана емес, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың өз бетінше дағдыларын, ғылыми ойлау, шығармашылық қабілеттерін тереңдетуге ықпал ету және үздіксіз білім алуға дайындау. Сондықтан да, университетімізде бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауда аталған критерияларды ескере отырып, дағды мен құзіреттіліктерді дамытуға көп мән берілуі тиіс.

Сол себепті соңғы жылдары ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде «ғылыми-зерттеу құзыреттіліктері» термині жиі кездеседі. Ресейлік ғалым Г.Н.Лобованың ғылыми еңбегінде ғылыми-зерттеу құзыреттіліктің екі деңгейін жіктейді: оқу-зерттеу мен ғылыми-зерттеу. Оқу-зерттеу мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының арасындағы басты айырмашылық зерттеу жүргізудегі өз бетінше жүргізу дәрежесі мен алынған нәтиженің жаңалық деңгейіне байланысты [3]. Бастапқыда оқу зерттеу жұмыстарына дағдыланған студенттер кейіннен ғылыми зерттеу жұмыстарында ізденістің қазіргі әдістерін игеріп, ақпаратты өңдеу мен қолдану, өзінің кәсіби бағытын анықтау, оны игеріп қорғай алуы нәтижесінде болашақ мамандарда өзінің мамадығы бойынша шығармашылық қабілеттер мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Студенттердің оқу-зерттеу құзыреттілігі олардың міндеттер қоя білуінен, бар ақпаратты талдай алуын, жағдайлар мен әдістерді пайдалануынан, тәжірибе жасай алу қабілетін игеруден құралады.

Ғылыми-зерттеу құзыреттілігі студенттің белсенді әрекетіне негізделген шығармашылық ізденіс әрекетінің қажетті дағдыларын алуды қамтасыз етеді, ғылым саласында студенттің өз бетінше орындайтын міндеттерді шешуімен аяқталады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің қалыптасқандығының негізі болып кестеде келтірілген білім мен дағдылар көрсеткіштері жасалады.

Кесте 1 Ғылыми зерттеу білімі, дағдылары мен құзіреттіліктері

Ғылыми зерттеу құзіреттілігінің түрі	Ғылыми зерттеу білімі мен дағдылары
Бастапқы әдебиет көздерімен жұмыс	Библиографиялық мәліметтерді қарастыру; Каталогтар мен басқа да жіктелмелер түрлерін білу, олармен жұмысты орындай алу; Анықтамалық әдебиет көздерімен жұмыс жасау дағдылары; Кәсіби бағыттағы мерзімдік басылымдарда бағдар жасай алу; Оқылған міндеттер бойынша жазбалар жасай алу; Айтылған материалдың құрылымын түсіну; Материалды жүйелеу дағдысы
Құбылыстар мен фактілерді бақылау	Бақылау нысанын таңдау қабілеті мен дағдысы; Бақылаудың мақсаты мен міндетін анықтау қабілеті мен дағдысы; Өз бетінше іс-әрекет алгоритімін құрастыру қабілеті; Бақыланған құбылыстарды нақты және тұрақты бақылау; Алынған бақылауларды талдай алу қабілеті
Шешілетін мәселе мен оның міндеттерін анықтау	Мәселе анықтау мен қалыптастыру; Мәселерді шешудің әдіс-тәсілдерін табуға қабілеті; Мәселені шешу жолының дұрыстығын анықтау; Құбылыстар мен дәлелдерді талдау салыстыру қабілеті

Теориялық зерттеулер жүргізу, тәжірибелік жұмыстар жасау	Бастапқы мәліметтерді талдай алу қабілеті; Зерттеудің әдістемесі мен тәсілдерін қолдана алу қабілеті; Тәжірибелік жұмыстарды жүзеге асыруды кезең бойынша қорытындылау қабілеті; Өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалай алу қабілеті
Зерттеу нәтижелерін жүйелеп біріктіру, жалпы қорытынды шығару	Жасалған жұмыстың маңызды нәтижелерін анықтау мақсатында талдай алу қабілеттері; Қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес орныдалған нәтижелерді жалпылап қорытындылау; Орындалған зерттеу нәтижелерінің нақтылығы мен тәжірибелік маңызын бағалай алу қабілеті; Жазбаша, ауызша түрде ойын дәлелді және бір-бірімен байланысты жеткізе алу
Өзара байланысты пәндер жетістіктерін пайдану	Өзара байланысты пәндердің зерттеу әдістерін қалдана алу қабілеті; Өзара байланысты ғылым салаларында қолданылатын зерттеудегі негізгі және жеке ойларды негіздей алу қабілеті

Университет қабырғасында білім алу мерзімі аралығында студент өз бетінше баяндама, реферат, есептер түрлері, эссе, курстық және бітіру жұмыстарын орындау барысында дағдыланады. Әрбір жаңа жұмыс алдыңғы жұмыстардан қиындық дәрежесі мен көлемі бойынша ұлғая түсуі керек. Ол жұмыстардың кейбіреулері жарық көрген ғылыми еңбектерге шолу немесе сыни пікір ғана болса, басқалары студенттердің ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижелері болып табылады. Нәтижесінде студенттің зерттеу тақырыбы бойынша алдында жасалған теориялық, әдістемелік жұмыстарға шолу жасап, олардың оң нәтижелерін талдап, өз бетінше ізденістер жүргізіп, өзектілігі мен жаңалығы бар жұмысты орындау болып табылады.

Ғылыми-ізденіс әрекеттері көп жағдайларда оқу мақсатындағы пәндерді оқуда кезінде пайдаланудан бастау алып, ғылыми-ізденіс жұмыстарына ұштаса түседі. Білім беру тәжірибесінде оқу-ізденіс әрекеті оқытушы мен студенттердің бірлескен жұмысының үрдісі болып қарастырылады және өзіне ғылыми-ізденіс саласына тән бірнеше кезеңден тұрады. Онда тақырып сай шешілетін мәселені қою, алынған мәселе бойынша теориялық жағынан зерттеу, ізденіс әдістемелерін таңдау мен оларды тәжірибелік тұрғыдан қолдана алу, мәліметтерді жинақтау, оларды талдау мен біріктіру, нәтижесінде қорытындылар шығару. Соңында оқу-ізденіс әрекетінің ғылыми сипатқа ие болатынын көре аламыз.

Білім беру тәжірибеде, педагогикалық және ғылыми-зерттеу қызметі негізгі кезеңнен тұратын, студенттер мен оқытушылардың бірлескен жұмыс үрдісі ретінде саналады, ғылыми-зерттеу саласындағы тән: проблеманың тұжырымы; теория осы мәселе бойынша зерттеу; ғылыми-зерттеу әдістері және олардың практикалық меңгеру таңдау; жинау материалдық, оны талдау және синтездеу; қорытындылар. Осылайша, біз педагогикалық және ғылыми-зерттеу қызметі, ғылыми екенін көріп отырмыз.

Ғылыми - зерттеу мен ізденіс жұмыстарын жүргізудің нақты түрі, нысанды, үрдісті, құбылысты, олардың құрылымын, байланыстары мен өзара байланыстарын осы ғылым саласындағы танымдық қағидалар мен әдістердің негізінде жүргізіп, алдында белгілі болмаған білім нәтижелерін алу және болашақта тәжірибелік жұмыстарда сол білімді ұтымды пайдалану.

Ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде, білім беру тәжірибесі, ол түрлі пәндерді зерттеуге оқытушылық және ғылыми-зерттеу және ғылыми-зерттеу міндеттерді оқу процесінде пайдаланылатын болса студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларын табысты қалыптасады деп қорытынды жасауға болады.

I-ші және II-ші курс студенттері арасында сұхбат өткізу нәтижесінде, олардың тек ақпаратты жинап, оларды сақтау және белгілі бір бөлігін өңдеу сияқты қарапайым ғылыми-ізденіс дағдыларын ғана қалыптастырғандықтарын атады. Осылайша, студенттердің 65% ақпаратты сақтауға болады деп мәлімдеді, студенттердің зерттеу жұмыстары алған білімдері негізінде, дағды деңгейіне жеткізу мақсатында студенттің білім алу мерзімі аралығында I-ші курстан бастап, нәтиженің күрделенуіне байланысты ҒЗЖ орындау арқылы біліктілік деңгейі жоғарылатуға болады. III-ші курстан бастап студенттер ғылыми - зерттеу мен ізденіс жұмыстарын белсенді түрде орындауға кіріседі, себебі ол уақытқа дейін білім алушылар тәжірибелік жұмыстарды орындайтын оқу тәжірибесі мен өндірістік тәжірибенің бірінші кезеңін орындап, меңгереді. Сонымен қатар кәсіби пәндер тізбегінің теориялық мазмұны мен семинар және практикалық сабақтарды меңгеріп, құзыреттіліктерді қалыптастырады.

Қазіргі кезде, студенттердің басым көпшілігінде ғылыми-зерттеу жұмысы жайлы жалпы, толық емес түсінік қалыптасқан, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті қабілеттер жоқ немесе үзік-үзік түрде болып отыр. Студенттердің басым көпшілігі ғылыми-зерттеу жұмысының маңыздылығын ұғынбайды, орта есеппен алғанда студенттердің 30% ғылыми-зерттеу жұмысына төмен даярлық деңгейін, 70 % - орта деңгей көрсеткішін көрсетіп отыр. Алынған нәтижелер студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына даярлығы жеткіліксіз және ғылыми-зерттеу жұмысына даярлықты қалыптастырудың шарттарын жүйелеуге түрткі болады.

Егер студент жоғары мектеп жағдайына келген күннен бастап кафедралар, факультеттер өткізетін ғылыми жұмыстың түрлі формаларына белсенді қатысқан жағдайда аталған міндетті шешуге қол жеткізуге болады.

Университет қабырғасында ғылыми-әдістемелік кеңес (ҒӨК) жұмыс жасайды, құрамына әр факультеттен студенттер мен оқытушылардың өкілдері кіреді. ҒӨК студенттердің ғылыми жұмыстарын басқару және ұйымдастыру тәжірибесінде әр түрлі формалар пайдаланылады. Атап айтсақ, ғылыми зерттеу үйірмелерінің жоспарға сай отырыстарында ғылыми тақырыптарды қарастыру, студенттің өзіндік жұмыстарын орындау, жоғары оқу орнындағы пәндік олимпиадалар мен Республикалық ғылыми зерттеу жұмыстарының конкурстарына ғылыми жұмыстар дайындау, жетекші оқытушы профессорлар құрамының ұйымдастырған семинарларына белсенді қатысу.

Соңғы жылдары жұмыс берушілер тарапынан тәжірибелік құзіреттері басым мамандар сұранысқа ие болуда. Осы орайда ғылыми зерттеу дағдыларына ие студенттің рөлі артуда. Жоғары оқу орнын аяқтауға қарай көптеген студенттер зерттеушілік тәжірибеге ие болады, ғылыми жұмысты жүргізудің әдістемесін меңгереді. Мұндай студенттер біліктілік жұмыстарын қорғау кезінде магистратурада білімін жалғастыруға ұсынылады. Университетте студенттердің ғылыми жұмыстарын кешенді тұрғыда ұйымдастыру әлеуметтік тапсырысты сапалы орындауға, қоғамның жоғары білікті бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Заман талабы жүйелі ойлау, экологиялық, құқықтық, ақпараттық мәдениет, кәсіпкерлік мәдениет, өзін-өзі тану және басқаларға ұсыну, өз қызметін білімді талдау, кейбір өндірістік жағдайларда өз бетімен дұрыс шешім қабылдай алу, жаңа білімді өз бетімен меңгеру, әр іске жауапкершілікпен қарау қабілеттерін, дағдылары мен құзіреттіліктерін қалыптастырған маман әлемдік бәсекеге қабілетті кәсіби даярлығы жоғары, өз білімін ұдайы жетілдіріп отыратын, шығармашыл, ізденімпаз, инновациялық даярлығы қалыптасқан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын маман даярлау басымдықтар биігіне көтерілді.

Демек, еліміздің жоғары оқу орындарының алдында жан-жақты дамыған, терең теориялық біліммен сусындаған, ғылыми ізденістерді тәжірибесінде қолдана алатын маман дайындау міндеті өзекті болуда.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14 желтоқсан 2012.
2. Комарова, Ю.А. Научно-исследовательская компетентность специалистов: функционально-содержательное описание. // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. Выпуск 11 (68). – СПб, 2008, сентябрь. – С. 69-77.
3. Лобова Г.Н. Основы подготовки студентов к исследовательской деятельности. – М., 2000. – 47 с.

Қалшабаева Б.К.

БІЛІМ БЕРУДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ «ЭТНОЛОГ» МАМАНДАРДЫҢ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ КЕЙБІР ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Бүгінде Қазақстан республикасы бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үшін адами капиталдың сапасын көтеру, білім беру саласында басқарудың жаңа тиімді әдістерін ойлап табу, білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, білім беруде сапаны көтеру мақсатында мемлекеттік деңгейде түрлі шаралар жүргізді. Сондықтан да Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі қоғамның қазіргі даму кезеңінен туындап отырған әлеуметтік сұранысқа орай, бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасқан, потенциалы мықты, жоғары интеллектуалды, кәсіби біліктілік пен құзіреттілікті меңгерген мамандарды дайындауда білім берудің жаңа үлгілерін, жаңа инновациялық білім мазмұнын жасау және онымен үйлесімді оқытуды ұйымдастыруды басты назарға алуда.

Білікті маман дайындау үшін кәсіби білім беру жүйесінің инновациялық сипатын қалыптастыру керек. Оқытудағы инновация ең алдымен барлық салаларда өзінің мүмкіндігін табыс әкелуге жұмсайтын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Соған сәйкес, инновациялық үдерістерді дамыту - білім беруде модернизациялауды, оның сапасын, тиімділігін және қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Білім берудегі инновация - нарыққа ғылыми-техникалық потенциалы жоғары, біліктілік пен құзіреттілік қасиетті меңгерген, уақыт өте келе дамудың нысаны бола алатын, жоғары деңгейде дамыған интеллектуал-маманды қалыптастырады.

Қазіргі кезеңде Қазақстан республикасы бәсекеге қабілетті мамандар дайындау және білім беруде халықаралық білім беру жүйесімен сәйкестендіру үшін оқытушының да біліктілік деңгейіне үлкен талап қойып, маман дайындауда тек оқытып қана қоймай ғылымның нәтижелерін практикамен ұштастыру проблемаларын да алға қойып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті [1]. Сондықтан да біздің университетіміздегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін, тәжірибесін пайдалана отырып, маманның жеке тұлға, кәсіби маман ретінде дамуын қамтамасыз ететін жүйелі де терең білім беруіне бағытталған.

Бүгінде Тәуелсіз Қазақстан өзінің даму стратегиясында қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және болашақ ұрпаққа насихаттау, елдегі этникалық және этномәдени үдерістерді, ұлтаралық қарым-қатынасты, этникааралық бірегейлікті (иденттілік) зерттеу, сараптауды міндет етеді. Бұл мәселеде кәсіби білімді этнологтардың қажеттігі туындайды. Себебі, этнология – халықтың этногенезін, этникалық тарихын, этноэкономикасын, дәстүрлі мәдениетін, халықтар арасындағы қарым-қатынасты, этникалық және этномәдени

үдерістерді, халықтың өшу не өсу (ассимиляция, консолидация, миксация, парциация, т.б.) бағыттарын зерттейді. Қазіргі кезеңде «этнолог» мамандар қоғамдық, мемлекеттік қызметтің барлық салаларына қажет. Себебі, маман - этнологтардың зерттеу нысаны да ауқымды. Олар тек этногенез, этникалық тарих және дәстүрлі мәдениетті ғана зерттеп қоймайды, ұлтаралық қарым қатынастан бастап, этноконфессионалдық, этноконсолидациялық, этноинтеграциялық мәселелердің барлығын өз зерттеу нысанынан қалыс қалдырған емес. Этнологтар білім, ғылым, ішкі саясат салаларындағы мемлекеттік басқару ұйымдары, оның ішінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы және т.б.; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы, ғылыми-педагогикалық кадр даярлауда, мемлекеттік және мемлекеттік емес саладағы жоғары оқу орындары, бақылау-сараптамалық орындар, ұлтаралық қатынастар саласындағы барлық мәселелерге араласа алады.

Бәсекеге қабілетті сапалы «этнолог» маман дайындау үшін алдымен қазіргі кезеңде қосарланып отырған (Археология және этнология) мамандықтан бөлініп, өз алдына маман дайындау бағытына көшу керек. Сонда ғана толыққанды этнолог мамандарды дайындауға мүмкіндік алып, этнологияның теориялық – методологиялық мәселелерімен терең таныс болады. Әртүрлі мәдени және интеллектуальды дәстүрдегі позицияны қалыптастырып, этнология саласындағы ұғымдарды, отандық және шетелдік зерттеушілердің пайымдауларын талдай алатын, ғылыми потенциалы жоғары деңгейдегі маман дайындауға қол жеткіземіз. Оның үстіне осы мамандық аясында этнолог-мәдениеттанушы, этнолог-музеолог, этномәдениеттанушы, ұлтаралық қатынастар саласындағы этнолог, этнолог-лингвист, т.б. мамандану салаларына дайындауға болады.

Мамандықтың модульдік жүйемен берілетін пәндер мазмұны ең алдымен білім мен біліктілікті меңгеруге, тарих ғылымы саласында сұранысқа ие болатын, білікті маман этнологтарды дайындауға бағытталу керек. Сонымен қатар, маманға мүдделі жұмыс берушілердің де талабы орындалу қажет. Осыған орай этнология саласында білікті маман дайындау үшін студенттерге этнологияның негізгі курсы бойынша жүйелі білім беруге негізделген, сонымен қатар ғылымның жаңа жетістіктеріне сүйенген элективті бағыт бойынша білім беруді қамтамасыз ететін курстар оқытылады. Оларды атап кетсек, «Теориялық этнология», «Қазақстан халықтарының этномәдениеті», «ҚР этносаясаты», «Қазақстандағы түркі халықтары», «Қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениеті», «ҚР этноконсолидациялық және этноинтеграциялық үдерістері» т.б. курстары. Бұл пәндердің барлығы студенттің этнология саласы бойынша тұтас әрі жүйелі білім алуына бағытталған. Айта кету керек, модульдік жүйе бойынша элективті курстар блогында этнология саласы бойынша тереңдей білім алу мақсатында белгілі бір кезең не бағыт бойынша топтастырылған. Бұл студенттің білімге, мамандануына жеке траекториясын тандап алуына мүмкіндік береді.

Құзыретті этнолог маман даярлау үшін «білім алушылардың білім алу белсенділігін арттыру технологиясын» пайдалана отырып, оқыту қажет. Мәселен, этнологиялық деректерді немесе ел арасынан жиналған материалдарды компьютерлік, мультимедиялық технологиялармен (слайд, презентация, кинофильм, диаграмма, сызба, иллюстрация) көрсетсек, оқытудың сапасы артып қана қоймай, студенттің білімге деген құштарлығын арттыруға септігін тигізуі ақиқат. Сараптамалық және лабораториялық зерттеулерде жиналған этнографиялық материалдарды өңдеу, жүйелеу, анализ жасауда студенттің өзін қатыстыру арқылы болашақ маманның кәсіби біліктілігі қалыптасады. Сондай ақ білім берудің инновациялық технологиясында студенттерге өндірістік ситуациялар жасау арқылы өз бетінше жұмыс жасау қабілетін, дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігін қалыптастыруға, бәсекеге қабілетті маман ретінде дамуына қол жеткіземіз [2].

Білім беруде жаңа медиатеchnологияларды пайдалану этнологияның концептуалды проблемаларын түсінуге, кәсіби білімнің контекстінде оның рөлін ұғыну, мемлекеттік, орыс және шет тіліндегі деректерден ілім, оқу және ғылыми ақпараттар алуға, сондай ақ өзінің жеке ғылыми жетістіктерін әлемдік ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік алады [3]. Сондықтан бәсекеге қабілетті маман дайындаудың сапасын көтеру үшін оқу мекемелерінде этнология саласындағы жаңа жетістіктерді, қазіргі компьютерлік технологияларды, білім берудің интерактивті әдістерін қолдану керек. Сол арқылы білім берудің кәсіби-тәжірибелік білім мен дағдыларын әлемдік тарихта игеру, экономикалық және әлеуметтік жағдайдың әртүрлі деңгейінде адамзат қауымының даму заңдылықтарын логикалық түрде түйсіне білу, тарихи жағдайлармен байланысты қоғамның генезисінің даму заңдылықтарын түсіну қажет. Білім беруде студенттің маман және маман емес аудиторияға өзінің тұжырымдарын, ұсыныстарын және аргументтерін қаперіне жеткізе білу, қазіргі ғылымның оның ішінде археология және этнологияның алдында тұрған мәселелерді шешуде проблемалық аумақтарды анықтай білу, түйінді аспектілерді қалыптастыру және мүшелу, әлем дамуының жаңа жағдайында инновациялық және ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалана отырып, зерттеу проблемасын творчестволық түрде шешудің жолдарын анықтауға, ҚР тарихи, саяси және әлеуметтік өзгеріске түскен жағдайында алынған білімді сол жағдайға талдау жасауда және жаңа ғылыми бағыттарды іздеуде пайдалана білуге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Білім берудің сапасын көтерудің бір жолы студенттердің алған теориялық білімі мен өздері жинаған этнографиялық материалдарын өздерінің ғылыми зерттеу жұмыстарына пайдалануға жағдай жасау. Этнология саласындағы жаңа білімдер мен жаңалықтарды игеру базасында жаңа білімді синтездей білу, дербес жұмыс істей білу, өзіндік жұмыстың нәтижелерін дұрыс шеше білу үшін өзіндік шешім қабылдай білуге бейімдеу.

Бәсекеге қабілетті дайындалған этнолог Қазақстанның орта және арнайы оқу орындары, ғылыми-зерттеу орталықтары, мемлекеттік және мемлекеттік емес профильдегі мекемелерде, этномәдениет және ұлтаралық

қатынастармен айналысатын ұжымдарда, ҚР этникааралық және конфессиональды саясатпен айналысатын мекемелерде істейтін мамандар қажеттігі талабын қанағаттандырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 2014, қантар.

2. Қалшабаева Б.К. Оқыту үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу – сапалы мамандар дайындаудың кепілі // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Қазіргі Жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану» атты «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары 1-2 сәуір 2016 жыл. – Алматы: қазақ университеті, 2016. – Б.416-418.

3. Патрина Л.В. Внедрение инновационных форм медиатехнологии в образовательный процесс как фактор повышения качества обучения студентов СПО // Медиакультура и медиаобразование. Материалы международной научно-практической конференции 22-23 ноября 2013 года. – Санкт-Петербург: Книжный дом, 2013. – С.397-402.

Қалым Ж., Шаймаран М., Байғожина Д.

PR МАМАНДАРЫН ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТАЛАБЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ?

«Қоғаммен байланыс» мамандығына талапкерлерді қабылдаудың шарттары өзгермек. ҰБТ-дан география пәнін таңдайтын талапкер арнайы шығармашылық емтихан тапсыруы тиіс.

Жалпы, PR ұғымы Қазақстанда 1991 жылдардан бастап пайда бола бастаған. Алғашында үгіт-насихат, ұран сөздері бірден қоғаммен байланыс терминдерімен алмастырылды және қоғаммен байланыс бизнес құрылымдарда емес әуелі мемлекеттік органдарда дамып, бастау алған болатын. Себебі, посткеңестік елдерде қоғаммен байланысты алғаш рет сайлау процесінде қолданды. Тіптен, бұл саланың мамандары болмағандықтан филологтар, журналистер, тарихшылар, философтар, саясаттанушылар, психологтар қоғаммен байланыс мәселесімен айналысты. «Тәжірибе көрсеткендей, география пәнін таңдаған талапкерлердің басым бөлігі мақсатты түрде географиялық, геологиялық бағыттағы мамандықтарды, туризмді, тағы басқа бағыттарды таңдауға бағдарланған. Сол үшін, оқуға түсу шарттарындағы география пәнінің болуы басқа мамандықты таңдауға мәжбүрлейді. PR-маманының кәсіби қасиеттері – коммуникативтілік, креативтілік, шығармашылық көзқарас, жазу қабілеті, шешендік өнер, идеяларды тәжірибе жүзінде жүзеге асыруы екендігі мәлім. Өкінішке қарай, ҰБТ-да географияны таңдаған талапкерлердің барлығы осы қасиеттерге ие деп айта алмаймын», – дейді, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі Назгүл Шыңғысова.

PR қазіргі заманғы бизнестің ең басты бөлігі болып саналады. Еуропаның өзінде жетекші PR агенттіктерінің бір жылғы кірісі жүздеген миллион долларды құраған. Қоғаммен байланыс АҚШ, Батыс Еуропа елдерінде тұрақты жұмыс үрдісі есептеледі. Ал, Қытайда қоғаммен байланыс курсы жүзден аса университеттің оқу бағдарламасына енген. «Қоғаммен байланыс» (PR — Public Relations) мамандығы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультетінен ашылған ең жас мамандық. Қазақстандағы қоғаммен байланыс негізінен үкіметтік PR, саяси PR, коммерциялық PR, PR туралы білім беру сынды салаларда дамып келеді. Сондықтанда, бұл салада қазақ тілді мамандарға деген сұраныс жоғары. Мәселен, бір Алматының өзінде елімізге беделді әрі танымал жобаларды жүзеге асырумен айналысатын жеті PR компаниясы бар. Бірақ оларда қызмет атқаратын қазақ тілді мамандардың қатары өте аз. Бұл олқылықтың орнын толтыруға біраз уақыт қажет екені анық.

Бүгінде PR мамандарын дайындауды қай мектепте, бизнесте ме, журналистика саласында дайындау керек пе деген даулы сұрақ бар. Бұл туралы Огайо (АҚШ) университетінің профессоры Эми Эдмендсон: «Менің көзқарасым бойынша қоғаммен байланыс журналистикада оқытылуы керек. Бірақ, бұл да Америкада өз шешімін таппаған даулы мәселе. Америкалық еңбекпен қамту бюросының 2010-2020 жылдарға арналған жоспарында PR индустриясы 22 пайызға дейін дамиды деп болжанып отыр. Журналистік жобаларды зерттейтін ғылыми орталықтардың деректеріне сүйенсек, осыдан 35 жыл бұрын газеттерде жұмыс істеген журналистер саны, бүгінде жарты еседен де аз көрсеткішке дейін қысқарған. Бұл журналистер үшін де, қоғам үшін де қауіпті», – дейді. Ал саясаткер, журналист Әміржан Қосанов: «PR мамандығы, ең алдымен, шығармашылық мамандық. Және де жан-жақты біліктілікті (психология, маркетинг, әмбебап мамандандырылу және т.б.) қажет ететін PR саласы үшін базалық оқу орны – журналистика факультеті екені анық, журналистика – таза шығармашылық!», – дейді. Сондай-ақ, ол PR маманын дайындау қазіргі қоғамдық әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдайға сәйкес болуы қажет екендігін де айтады.

Бұл бастаманы Журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубек, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Жұмабек Кенжалин, «Қазкоммерцбанк», PR директоры Қуат Домбай, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, телерадиожурналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі Аязби Бейсенқұлов, Қазақстан және Орталық Азиядағы «Советник» (Ресей) журналы мен порталының өкілі Владимир Павленко, Petroleum журналының бас редакторы Олег Червинский, «Тимбилдинг компаниясының» басшысы, профессор Павел Токарчук, PR-шы клубының мүшесі, Алматы Менеджмент университеті «Мемлекеттік және қоғамдық саясат» кафедрасының доценті Бақыт Тұрабекова, Республикалық «Игілік» журналының бас редакторы Меруерт Әйтенова,

М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің аға оқытушысы Зәуреш Қойгелдиева, т.б. БАҚ өкілдері қолдап, осы мәселеге арналған конференцияларға қатыстып өз ойларын ортаға салған болатын.

«Қоғамдық байланыс» мамандығы Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орындарына Қабылдау ережесіне осы мамандықты тандаған талапкерлерді шығармашылық конкурс арқылы қабылдау, сыныптамадағы «Қоғамдық байланыс» деген атауды «Қоғаммен байланыс» деп өзгерту, мамандықтың мәртебесін көтеріп, жағымды ой-пікір туғызу үшін бұқаралық ақпарат құралдарында PR саласына қатысты танымдық, тағылымдық, насихаттық мазмұндағы жарияланымдарды көбейту, PR мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттердің оқыту бағдарламаларын жүзеге асыруда жұмыс берушілер ұсыныстарын ескеру, жұмыс берушілер тарапынан PR мамандығын алған түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігі туралы Қарар қабылданып, 2017 жылы Білім және ғылым министрлігі PR мамандығына талапкерлерді шығармашылық емтихан арқылы қабылдауға рұқсат алды. Алайда, шығармашылық емтиханды алу талаптары мен шарттарынәзірлеу күн тәртібінде тұрған мәселе. Сондықтанда, бұл өзекті тақырып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Университеттегі білім беру бағдарламаларының экспорттық әлеуетін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты 47-ші Ғылыми-әдістемелік конференциясының «Дөңгелек үстел» секциясындағы «Университеттің білім беру бағдарламаларын құрайтын мотивациялық-құндылықты дамыту туралы» тақырыптық талдауына ұсынамыз.

Қалымбетова Э.К., Тоқсанбаева Н.Қ., Лиясова А.А.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНДА КӘСІПҚОЙЛЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кәсіби және тұлғалық даму мәселесі өте өзекті талқыланатын тақырыптардың бірі, себебі адамның кәсіби әрекеті барысындағы жетістіктері, өз-өзін кәсіби әрекетте жүзеге асыруы оның бойындағы тұлғалық ерекшеліктермен тығыз байланыста екені күмәнсіз. Сондықтан да, өз кәсіби әрекетінде бәсекеге қабілетті, жаңа инновациялық технологиялар тілін жақсы меңгерген, болашақ маман қызметкерлерін дайындау қоғам талаптарының бірегейіне айналу үстінде. Көптеген зерттеу нәтижелері көрсетуінше, адамның кәсіби жүзеге асу аймағында болып жатқан өзгерістерді есепке алу қажет екенін көрсетеді. Қоршаған ортадағы өзгерістер болашақ маманның кәсіби қалыптасуына, яғни кәсіпқойлық ерекшеліктеріне белгілі бір талаптарын қояды.

Психологиялық әдебиеттерді талқылау аясында, екі үлкен, яғни маманның тұлғалық және кәсіби қалыптасу мәселелерін бөліп қарастырған. Кәсіби даму концепциясы, әр түрлі профилдегі мамандардың кәсіби әрекетінің психологиялық құрылымын түсіндіруге бағдарланған. Негізгі акцент кәсіпқойлық және кәсіби дайындық процесіндегі субъектінің даму өзгерістеріне қойылады. Көптеген зерттеу нәтижелерінің көрсетуінше, маманның тұлғалық құрылымының қалыптасуында бағдар маңызды рөл атқарады. Тұлғаның когнитивті бағдары, оның эмоциялық, ерік-жігерлік, іс-әрекеттік бағдарын анықтайды. Жаңа құндылықтар, білім, іскерліктер мен дағдыларды т.б. меңгеру эмоциялық сезінулерімен бірге жүреді. Сондықтан, маманның практикалық шындықты қабылдау және өзінің кәсіби әрекетіне қарай мүмкіндіктерін бағалау кезіндегі көрінетін өзара әрекеттегі тұлға құрылымын бағдар анықтайды. Сондықтан да, кәсіпқойдың тұлғалық бағдарының қалыптасуы қоғамдық қабылданған кәсіби құндылықтар рөліне де қатысты болатыны сөзсіз. Сондықтан кәсіби қалыптасуды тұлғалық даму компоненті ретінде қарастыратын болсақ, онда оны әр түрлі аспектіде қарастырамыз.

Болашақ маманның тұлғалық даму мәселесінде келесі үш топ жіктеледі: - маманның тұлғасын зерттеу кезінде, оның бойындағы қасиеттері мен қабілеттерді ғылыми негіздеу, табысты, идеалды кәсіпқой бейнесін қалыптастыру, анықтау; - нақты мамандық аймағындағы тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері даму деңгейіне қатысты қиындықтарды анықтау, оны кәсіби дайындық кезеңінде қарастыра алудың тиімді әдістерін іздеу; - ЖОО оқыту кезеңіндегі кәсіби даму және болашақ кәсіпқой тұлғасының даму механизмдері мен факторларын, заңдылықтарын ашу және іздеу, білім берудің негізгі бағыттарын, негізін, ЖОО жұмыс берушілермен қарым-қатынасын айтуға болады. Кәсіпқой тұлғасының жетілуі мен қалыптасуын қарастырған зерттеушілер, кәсіби, оқу кәсіби әрекетіндегі тұлғаның даму процесіне айрықша назар аударды. К.К. Платонов тұлғаның кәсіби жетілуін төмендегідей негіздеген: - кәсіби еңбек субъектісінің даму процесі және кәсіби өзіндік анықталу қалыптасуы; - кәсіби техникалық білім қорытындысы. Ал Н.С. Пряжников кәсіби қалыптасу тұлға дамуындағы ұзақ процесс деп қарастырады. Бұл процестің негізі кәсіби өзіндік анықталу болып табылады. Ал, Е.А. Климов адамның өмірлік ұстанымы және белсенділігін мәнін, ал А.И. Щербаков тұлғаның кәсіби қалыптасуындағы кәсіби сана сезім және көзқарас туралы айтқан. А.К. Маркованың зерттеу жұмысында көрсетілгендей мамандықты меңгеру кезінде кәсіпқойлықтың төмендегідей кезеңдері бөлініп шығарылған: - кәсіпқойлыққа дейінгі кезең (адам жұмыс жасайды, бірақ нағыз шебердің қасиеттерін қалыптастыра алмайды); - кәсіпқойлық (бұл жерде адам берілген тапсырманы тұрақты атқарып қана қоймай, талап ретінде қойылған міндеттер мен ережелерді толықтай орындап шығады); - көтеріңкі кәсіпқойлық (шығармашылық), тұлғалық даму, “акме” - кәсіби деңгейдің биік шыңында көрінетін көріністер); - жалған кәсіпқойлық (негізінде белсенді әрекеттер жасағандай әсер туғызады, еңбек ету кезінде көптеген “олқылықтар” мен қателіктер жібереді); - кәсіпқойлықтан кейінгі кезең (өз уақытында шебер атанып “экс-кәсіпқой” саналатын жас қызметкерлер үшін ұстаздық ролін жүзеге асырады).

А.К. Маркова мамандықты меңгерудің төмендегідей сатылары барын топтап көрсеткен: 1. Адамның мамандыққа бейімделуі; 2. Адамның өз мамандығына сәйкес белсенділігін анықтау (мамандыққа бейімделу, индивидуалды кәсіби нормалар мен ережелерді анықтап, жүзеге асыру кезеңі); 3. Адамның нақты мамандықпен кәсіби ерекшеліктерінің үйлесімділігі (Е.А. Климов айтуынша “шеберлік” деңгейі болып саналады). Адам міндеттелген тапсырмаларды өз деңгейінде игеріп алған технологиялары арқылы орындайды; 4. Өзінің кәсіби деңгейінде жетілуі. Мамандық иелері өз біліктіліктері мен шеберліктерін жетілдіру кезінде шығармашылыққа көп мән береді. Шығармашылық кезеңінде маман иелері жоспарланған нәтижелерге жетудің басқа қырларын қарастырады. Осы кезеңде кәсіби шығармашылық және тәуекел жағдайлары бірге жүреді. Осы тәуекелдікке еңбек етуші көп жағдайда дайын болмай шығады. Осы жағдайлар нәтижесінде нақты шығармашылық биігіне шығу екі талай болуы мүмкін және де қарастырылған жағдайлар еңбектің индивидуалды стилінің қалыптасу мәселесімен де тығыз байланысты болады; 5. Өзінің нақты мамандығын меңгеру сатысы. Кез-келген адам өз мамандығын жоғары дәрежеде меңгерген сәтте Е.А. Климовтың пайымдауынша “Ұстаз” дәрежесіне жетеді. 6. Адамның өзін-өзі тұлға ретінде шығармашылық арқылы жетілдіре алуында. Шеберлік кезінде адам өзінің ең нақты өмірлік жоспарлары мен перспективаларын жүзеге асыру ұмтылысын көрсетіп, орындау кезінде өзінің бойындағы қабілеттері мен күш-жігерін көрсетеді.

1951 жылы Э. Гинзбург пен Д. Миллер және В. Формның жүргізген зерттеулерін сынау нәтижесінде Д. Сьюпер еңбек ету сатыларын бөліп шығаруды қарастырды: Осу сатысы – адамның басты қызығушылықтары мен мүмкіндіктерінің даму және қалыптасуы саналады (туғаннан 14 жасқа дейін). Болашақ мамандығы туралы ой ең бірінші қиялдарын (4-10 жас аралығында), содан кейін – жеке қызығушылықтарын тану (11-12 жас аралығында), ал кейін - өзінің мүмкіншіліктерін аңғару негізінде қалыптасады (13-14 жас аралығы). Өзінің күш-жігері мен ұмтылыстарын зерттеу, яғни “ізденіс” сатысы – оқу және еңбек әрекетінің сан қырлы түрлерінде өзінің күш-жігерін байқап көру және сынау жүзеге асады (14-25 жас аралығы). Осы кезеңде адамның нақты мамандығы болмаса да, ол қосымша жұмыстарды іске асыра алады (15-17 жас аралығы). Көптеген адамның өтпелі кезеңінде (18-21 жас аралығы) кәсіби мамандықты дайындайтын мекемелерді белсенді түрде таңдаумен қоса, қосымша жұмыстарды да іздестіреді. Осы сатыда таңдаған мамандықты байқап көрумен аяқталады және оқумен қатар кәсіби жұмыс жасауы да мүмкін (22-24 жас аралығы). Сынау сатысында – адам өз қабілетін тәжірибелі мамандармен “бәсекелестікке” жарамды, толыққанды маман ретінде сынауға тырысады (25-30 жас аралығы). Қазіргі кезеңге сай өмірде жетістікке жету (мансап жасау) және бәсекелестік өте маңызды фактор ретінде көрінеді. Кәсіби жетістікке жету – еңбектің жоғары өнімділігі мен тұлғалық дамудағы ең маңызды “стимул” болып табылады. Тұрақтандыру сатысында – адам өзін сенімге ие және өте мықты маман ретінде мойындатуға әрекет жасайды. Өзінің кәсіби орны мен ұстанымдарын қоғамдық ортада және өзінің жұмыс орнында ұстанымға айналдырады (30-44 жас аралығы). Қолдау көрсету, қол жеткен жетістіктерді сақтап қалу сатысы. Аталған сатыда адам өз күшімен кәсіби және әлеуметтік жағдайларды жақсартуға тырысады. Осы кезеңде таңдаған өмір жолына байланысты сәтті және шындыққа сай бейне қалыптасады (45-64 жас аралығы). Құлдырау (төмендеу) сатысы – кәсіби және әлеуметтік белсенділіктің төменделуі (65 жастан жоғары).

Э.Эриксонның айтуынша, дамудың ең басты көрсеткіші – тұлғаның бірыңғайлығы ретінде жүзеге асатын психоәлеуметтік сәйкестілік сипаты. Осы процестің келесі кезеңдерін ажырату жөнінде: 1. Алғашқы “сенімі мен сенімсіздігі”, оның нәтижесінде үміт, қорғаныс немесе үмітсіздік (ең бастысы – сенімді және өмір “жақсы” деген түрлі сезімдердің қалыптасуы) жағдайлары пайда болуы мүмкін (1 жылға дейін); 2. “Автономия - немесе күмәндану мен ұялу” (отандық психологияда “Мен ” концепциясының қалыптасуына жақын) (1-3 жас); 3. “Инициатива – немесе кінәні сезіну” (қоғамдық нормалар мен ережелерді игеру) (3-6 жас); 4. “Еңбекқорлық, ептілік – құнсыздық сезімі” (өз қатарластарымен қарым-қатынас, бәсекелестік, өзіндік сәйкестілік) (6-14 жас); 5. “Сәйкестілік - немесе қабылдаушылық”; “рөлдік сәйкестіліктің” қалыптасуы, өзіндік айқындалудың кәсіби және тұлғалық жақтарының қалыптасуы (Е.А. Климов бойынша “оптация” сатысына жақын) (14-20 жас). Осы сатыны Э. Эриксон адам өміріндегі күрделі және қиын деп көрсеткен. Мұнымен қоса, Э. Эриксон айтуынша “жасөспірімнің ең негізгі мәселесі – аристократия мен идеологияны іздестіру”, яғни еліктеу үшін қажетті жақсы үлгілерді іздеу және орнату. 6. “Бірлесіп еңбек ету – немесе, бөлектену мен изоляция”; интимдік қатынастар ерекшеліктері мен отбасын жоспарлау және құру (20-35 жас); 7. “Достық – немесе, бөлектену”; кәсіби әрекет, шығармашылық, өзін-өзі құрметтеуі, қоғамдағы дәрежесі (Э.Эриксон пайымдауынша адам өміріндегі маңызды қадамдардың бірі, бұл қадамда адам өз өміріндегі ең басты ісі кезінде өзінің мүмкіндіктерін толық жүзеге асырады не асыра алмайды) (35-65 жас); 8. Басынан өткен өмірін бағалау, өмірінің сәттілігі мен өмірінің сәтсіз болуын мойындауы (60-65 жас және одан жоғары). Сонымен, кәсіби даму кәсіпқойлық, кәсіби белсенділік, кәсіби қалыптасу процесі контекстінде қарастырылады.

Тұлғаның кәсіби дамуы - тұлғаның біртұтас даму процесі. Т.В. Кудрявцев айтуы бойынша, кәсіби қалыптасу бұл тек ЖОО оқу процесі ғана емес, ол ұзақ, динамикалық, көп деңгейлі процесс. Оның негізгі төрт кезеңін бөліп қарастыруға болады: - кәсіби ниет тілек қалыптасуы, яғни кәсіп таңдау; - кәсіби оқыту, яғни кәсіби өзіндік анықталу. - мамандыққа кірісу және меңгеру кезеңі. Ол ЖОО басталып, ең алғаш жұмыс жасаумен байланысты. Яғни кәсіби маңызды сапалардың даму деңгейі. - кәсіби әрекет барысында өз-өзін жүзеге асыру. Сонымен, оптималды педагогикалық жағдайлар ретінде :- Тұлғаның кәсіби маңызды сапаларын дамыту мақсаттары мен

міндеттерін анықтау; - ЖОО болашақ мамандардың тұлғалық және кәсіби дамуының қолданылатын педагогикалық шараларды мақсатты кешенді жобалау; - Кәсіби жоспар тілек-ниет негіз бола алатын оқытылатын пән мазмұны мен әдістерін таңдай алу; - Болашақ маманның кәсіби маңызды сапаларын анықтайтын кешенді диагностика жүргізу; - Болашақ кәсіби әрекетті меңгеруге деген жеке тұлғалық қажеттілік дамытуды ұсынуға болады.

Камысбаев Д.Х., Серикбаев Б.А., Кудреева Л.К.

ПРИНЦИП ЕДИНСТВА ОБУЧЕНИЯ, НАУКИ И ПРАКТИКИ И ЕГО РОЛЬ В ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ

В Казахском национальном университете им. аль-Фараби системно ведется работа по совершенствованию образовательно-профессиональных программ на основе компетентностной модели выпускника. Образовательная программа вуза представляет собой комплекс основных характеристик образования и определяет цели, задачи, планируемые результаты, содержание и организацию учебного процесса. То есть, основные образовательные программы формируются как совокупность планируемых образовательных целей и результатов, включающую перечень общекультурных и профессиональных компетенций. Обычно под компетенцией выпускника понимают знания, способности, навыки и установки, которые он получил в процессе обучения, позволяющие выполнять трудовую деятельность, а также развитое сотрудничество с коллегами в профессиональной среде.

Выполнение этих задач возможно только при постоянном совершенствовании образовательных программ с учетом развития науки, экономики и социальной сферы, что предполагает единство обучения, науки и практики. В этом направлении в нашем университете проделана большая и полезная работа. На основе компетентностной модели разработаны и внедрены все элементы образовательно-профессиональной программы. Основной учебный план специальности переработан таким образом, что он стал более профессионально ориентированным. В разумных пределах сокращен государственный обязательный модуль и увеличен блок профессиональных модулей. Ликвидирован необоснованный перекоп в сторону элективных дисциплин по сравнению с базовыми. По образцу западных университетов введен естественнонаучный модуль (STEM). Сформированы отдельные модули ИОТ по специальности, включающие определенное количество конкретных дисциплин. Это формирует, по сути, будущую специализацию студента.

Повышение качества образовательных программ предполагает дальнейшее укрепление единства обучения, науки и практики. С тех пор как А. Гумбольдт провозгласил принцип «обучение через исследование» принцип единства образования и науки в высших учебных заведениях стал основой формирования образовательных программ. Понимание необходимости определенных профессиональных компетенций у выпускников трансформировал этот принцип в принцип единства образования, науки и практики. Необходимо отметить, что принцип единства науки и образования при подготовке специалистов на химическом факультете нашего университета неукоснительно соблюдается с давних пор. Студенты со второго курса принимали участие в выполнении научных исследований по программам научных тем кафедр, и дипломные работы представляли собой собственное научное исследование, результаты которого публиковались в научных журналах. В настоящее время темы дипломных работ бакалавров, магистерских и докторских диссертаций непосредственно связаны с тематикой и задачами научных проектов, выполняемых на кафедрах. Причем, большинство обучающихся принимают участие в выполнении проектов на платной основе. Например, темы магистерских диссертаций Д. Алимбай «Изучение электрокаталитических свойств химически модифицированных бисорбентов для электротехнологии» и А. Арын «Разработка способов получения адсорбентов для композитных электродов и их технологические возможности» (рук. доц. Б.А. Серикбаев) непосредственно связаны с задачами научно-исследовательского проекта «Разработка новых электрокаталитических систем для аналитического обеспечения производства редких и редкоземельных продуктов, синтеза биологически активных веществ и решения некоторых экологических задач» (рук., проф. Д.Х. Камысбаев, ответ. исп. доц. Б.А. Серикбаев). Тема магистерской работы Ж. Анарбековой «Усовершенствование методов определения молибдена и рения» (рук. Л.К. Кудреева) связана с задачами проекта «Кинетика и механизм процессов разряда-ионизации редких металлов на электродах различной природы» (рук. доц. Л.К. Кудреева). Очень важным компонентом в формировании необходимых компетенций выпускника в основной учебной программе является модуль практика, который включает учебную практику, педагогическую практику, производственную практику и преддипломную практику.

Ужесточение требований к квалификации выпускников, связанное с ростом конкуренции при переходе к рыночной экономике, выявило несоответствие образовательных программ высших учебных заведений требованиям работодателей и рынка труда. Широкое использование в производстве инноваций, передовых технологий, роста мобильности трудовых ресурсов, формирование глобальных рынков труда создает дефицит работников необходимой высокой квалификации. Возникает несоответствие между компетенциями выпускника, формируемыми высшими учебными заведениями, и требованиями к компетенциям специалиста, предъявляемыми работодателями. Учебные заведения формируют компетенции выпускника в соответствии с требованиями государственных стандартов образования и пониманием этих компетенций соответствующими выпускающими кафедрами. Производственная практика, которую студенты проходят в процессе обучения, не может устранить

несоответствие между компетенциями выпускника и компетенциями, предъявляемыми к специалисту. Это несоответствие возникает в связи с тем, что учебные заведения ведут мониторинг изменений конъюнктуры рынка труда и требований работодателей, поэтому они не в состоянии правильно оценить какие направления подготовки нужно развивать и какие профессиональные компетенции необходимо формировать у выпускников. Необходимо отметить, что сами работодатели пока участвуют в повышении качества образования и формировании компетенций выпускника, которые соответствовали бы требованиям работодателей, лишь участвуя в проведении производственных практик, руководстве дипломными работами (совместно с преподавателями вуза), работая в составе государственных аттестационных комиссий. К сожалению, работодатели практически не принимают прямого участия в образовательной деятельности высших учебных заведений, лишь эпизодически участвуя в разработке и экспертизе учебных курсов и образовательных программ. Поскольку в последнее время у работодателей растет заинтересованность в том, чтобы найти на рынке труда специалистов нужной квалификации, способных сразу приступить к работе, у них растет и мотивация к более тесному сотрудничеству с вузами в подготовке таких специалистов. Работодатели все активнее взаимодействуют с вузами, участвуя как в формировании заказа на подготовку специалистов нужного им профиля и квалификации, так и в оценке качества содержания и подготовки выпускников. В Казахском Национальном Университете им. аль-Фараби в 2015- 2016 учебном году начата подготовка магистров по Государственной программе индустриально-инновационного развития (ГПИИР-2) по профильному направлению «Промышленная химия» для предприятий Казахстана, вошедших в карту индустриализации. Кафедра аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов ведет обучение магистрантов по специальности 6М072000- химическая технология неорганических веществ. В рамках реализации этой программы заключены меморандумы о сотрудничестве, а также договоры, предусматривающие обучение, прохождение производственной практики и трудоустройство магистрантов с ведущими химическими предприятиями, включенными в карту индустриализации Казахстана.

В соответствии с заключенными договорами разработаны и внедрены в основной учебный план специальности, соответствующие образовательные программы. ТОО «Кайнар-АКБ» (г. Талдыкурган), являющееся одним из ведущих предприятий по производству химических источников тока, включило в разработанную образовательную программу «Химия и технология неорганических материалов» ряд дисциплин: «Технологии производств химических источников тока», «Технологии получения гальванических покрытий», «Современные аспекты прикладной электрохимии», отражающих основные технологии предприятия, такие как инновационные технологии производства химических источников тока и гальванических покрытий. Инновационные технологии производства аргона, получения кислорода и азота, двуокиси углерода, реализуемые на ТОО «ЕвроХим-Каратау», отражены, в дисциплине «Аналитическое обеспечение производства промышленных газов». РГП «Национальный центр по комплексной переработке минерального сырья Республики Казахстана» участвовало в составлении учебных программ к дисциплинам «Экстракционные и ионообменные технологии получения металлов», «Проблемы комплексной переработки редкометалльного и редкоземельного сырья Казахстана», «Технологии электрометаллургических производств». ТОО «КазМунай Газ Бурение», АО «МангистауМунай Газ»- крупнейшие нефтегазодобывающие компании Казахстана. В целях подготовки кадров по программе ГПИИР-2 были разработаны новые дисциплины, отражающие инновационные технологии производства этих предприятий: «Химия и технология эмульгаторов и деэмульгаторов» и «Современные противопожарные средства на основе пен».

Следовательно, высшие учебные заведения при разработке и реализации образовательных программ должны ориентироваться на потребности работодателей, проводить постоянный мониторинг конъюнктуры рынка труда и требований потребителей к качеству образования. В перспективе работодатели должны более тесно влиять на качество образования и формирование необходимых компетенций выпускника. Для этого они должны участвовать в разработке и реализации образовательных программ как на стадии разработки учебных курсов, так и в процессах формирования конкретных компетенций путем чтения лекций, проведения семинаров, мастер-классов, практик и др. Кроме того, они должны участвовать во внутренней оценке результатов обучения студентов и предоставляемых гарантий качества образования, независимой оценке образовательных программ в качестве экспертов, оценке результатов производственных практик и стажировок, а также добиваться большей практической направленности научно-исследовательских работ.

Полагаем, что такое единство обучения, науки и практики в разработке и реализации образовательных программ несомненно будет способствовать повышению качества образования.

Список литературы:

1. Участие работодателей в реализации образовательных программ и внешней оценке результатов обучения, АККОРК, Москва. – 2012.
2. Камысбаев Д.Х., Серикбаев Б.А., Кудреева Л. Роль кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов в подготовке востребованных специалистов для инновационного развития Казахстана // Ұлағат. –Республиканское научно- психологическое и педагогическое издание 2016. - №4. – Б. 58-66.

Кенжебаев А.С., Асрандина С.Ш., Омирбекова Н.Ж.
РОЛЬ РАБОТАДАТЕЛЕЙ В РЕАЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ И ПОДГОТОВКЕ
СПЕЦИАЛИСТОВ БИОЛОГИЧЕСКОГО ПРОФИЛЯ

Экспорт научно-технических и образовательных услуг – это активно развивающаяся отрасль экономики РК и одно из наиболее актуальных, востребованных и перспективных продуктов деятельности общества, который сегодня постоянно и непрерывно развивается. Политика государства РК в области экспорта образования охватывает все уровни национальной системы образования и все программы обучения. Эти мероприятия включает как увеличение числа иностранных граждан, обучающихся по казахстанским образовательным программам, так и повышение доходов от данной отрасли экономики. В финансовом выражении - экспорт образовательных услуг помимо платы за обучение, включает и повседневные бытовые расходы иностранных учащихся (проживание, питание, транспорт, досуг и т.д.). Экспорт казахстанского образования направлен на активное участие государства в глобальных процессах развития образования, науки и культуры, в Содружестве Независимых Государств также мировом образовательном процессе. Кроме того экспорт образовательных услуг казахстанских вузов отвечает концепции долгосрочного социально-экономического развития республики на период до 2020 года».

Қазіргі кезеңде қазақстандық білім беру саласында көптеген өзгерістер мен реформалар жүргізілуде. Бұл әсіресе жоғарғы білім беру жүйесінде ерекше көрініс табады. Заманауи сұранысқа жауап беретін, қарқынды дамып жатқан қоғамға бейімделе білетін, әлемдік еңбек нарығына қажет әмбебап мамандарды даярлау ісі - еліміз үшін алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі екені анық. Осы бағытта жасалған алғашқы қадам 2010 жылы еліміздің Болон Декларациясына қол қоюы болды. Қазақстан Республикасы білім берудің Болондық үдерісіне қосылуы арқылы әлемдік білім және ғылым кеңістігіне интеграциялану мүмкіндігіне ие болды. Аталған мәселе еліміздің ұзақ мерзімді стратегиялық басым бағыты болып табылады [1].

«Болондық үдеріс» жоғары білімнің бірегей еуропалық кеңістігін құрудың бастамасы болып табылады. Болондық үдерістің қалыптасу тарихының үш кезеңін бөліп көрсетуге болады: 1988 ж. университеттердің Ұлы Хартиясынан бастан Болон Декларациясына дейін; Болон Декларациясы (1999 ж.); Болон Декларациясынан кейінгі даму [2].

Болондық үдеріске қосылғаннан кейін еліміздің білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер орын алды:

1. Қазақстандық жоғарғы оқу орындары университеттердің Ұлы Хартиясына қосылды. Ұлы хартияға 60-тан астам қазақстандық университеттер қол қойды.

2. Болон декларациясының принциптеріне негізделген мамандарды дайындаудың бакалавр, магистр, доктор PhD сияқты үш деңгейлік үлгісіне көшу.

3. Оқу үдерісіне прогрессивті технологиялар мен оқыту жүйелерін енгізу (кредиттік жүйе, қос дипломды білім, дистанционды оқыту, Дублиндік дескрипторларға сай силлабустар мен модульды білім беру бағдарламаларын жасап шығару).

4. Студенттердің академиялық мобильділік барысында негізге алынатын ECTS (European Credit Transfer System) жүйесін енгізу.

5. ПОҚ мен студенттердің академиялық мобильділігі (БЖҒМ және университет тарапынан қаржыландырылады.).

6. БЖҒМ тарапынан білімнің сапасын бақылауға бағытталған Аккредитациялық агенттіктердің Ұлттық реестрі жасалды [3].

Болондық үдеріс талаптарының ішіндегі ең маңыздысы білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру болып табылады. Әрбір білім беру бағдарламасы қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыруға, азаматтарды жұмыспен қамтуға және азаматтық қасиеттерді дамытуға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар бағдарламадағы пәндер мазмұнын ғылыми қауымдастық мақұлдауы және басқа жоғарғы оқу орындарының бағдарламаларымен өзара үйлесе білуі қажет. Білім беру бағдарламаларын жасап шығару мәселесінің өзекті болуы заман талабынан, оларды заманауи экономика мен еңбек нарығының сұранысына сай жетілдіру, сонымен бірге әлемдік білім кеңістігі жүйесіне араласу қажеттілігінен туындап отыр. Өз кезегінде бұл, еліміздің жоғарғы білім беру жүйесін жаңартуға және білім беру бағдарламаларының сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Қазақстандағы діни жағдай бойынша күрделі мәселелердің көптігі діни саладағы жаңа шындыққа бейімделу, діни жағдайды бақылауға алу қажеттілігін туындатты. Дінтану пәнін оқытудағы жаңашыл әдістер, дінтану пәнінің қоғамдық келісімді нығайтудағы орнына мән беру, дінаралық және мәдениаралық сұхбатты дамыту да осы бүгінгі күннің талабы болып отыр. Сондықтан дінтану пәнін оқыту, оның мәртебесін жоғарылату мәселесіне мемлекеттік деңгейде мән беру бүгінгі таңда аса маңызды.

Дінтану – әрбір адамға рухани ізденіс жолында өзіндік бағдарларын іздеп табуға ықпал ететін дүниетанымдық пән. Сол себепті дінтанулық білімді дамыту, оның негіздерін меңгеру заманауи қоғам үшін аса қажет. Дінтану мамандығының білім беру бағдарламаларының мақсаты бәсекелестікке қабілетті, дінтанулық ғылымның халықаралық стандарттарына сәйкес келетін дінтанулық қауымдастықты қалыптастыру, білім және ғылым интеграциясына негізделген университетіміздің ғылыми-зерттеу университетіне айналу аясында студенттерді даярлау болып табылады. Сонымен қатар, аналитикалық, ғылыми-зерттеу және педагогикалық жұмыс дағдыларын

қалыптастыру және ақпараттық-коммуникативті, ұйымдастыру-басқарулық, жоба қызметінде, конфессионалды ортада әлеуметтанулық зерттеулерді жүргізуге, алған білімдерін тәжірибеде, мемлекеттік заң қызметінде, ІІМ, мәдениет мекемелерінде, қоғамдық ұйымдарда, коммерциялық фирмаларды және т.б. қолдана алу дағдыларын қалыптастыру екендігі белгілі.

Дінтанулық білім беру бағдарламалары зайырлылық принципіне негізделуі және ғылыми тұрғыда тұжырымдалған болуы керек. Себебі дінтанулық білімді діни білімнен ажыратып тұратын басты әдіснамалық негіз бұл: ғылымилық, яғни объективтілік және дүниетанымдық бейтараптылық. Діндер және діни бірлестіктер туралы түсіндірме бергенде дінтанулық білім ғылымилық принципін ұстанып, білім алушының бойында белгілі бір дінге деген бағамдық қатынасты қалыптастырмайды, зайырлылық принципінің сақталуын көздейді.

Кез-келген реформада сапа мәселесі маңызды болып табылады. Себебі реформаның пайдалылығы білім сапасының артуында жатыр. Егер білім сапасы төмендесе, реформаның тиімсіздігі байқалады. Жоғарғы оқу орнындағы білім сапасына көптеген факторлар ықпал етеді: мемлекеттік білім беру стандарттарының сапасы; білім беру бағдарламаларының мазмұны; талапкерлердің жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық деңгейі мен сапасы; педагогикалық кадрлардың біліктілігі; білім беру мекемелерінің материалды базасы; қызметкерлер мен студенттердің әлеуметтік қорғалуы; сыртқы экономикалық жағдайлар; оқу орнындағы моральды-психологиялық күй және т.б.

Білім сапасын жақсарту ең алдымен, профессорлық-оқытушылық құрамды қалыптастырудан басталады. Оқытушының біліктілігі, еңбек өтілі, ғылыми атағы жоғарғы оқу орны қойып отырған талапқа сай болуы тиіс. Сонымен қатар, оқытушы ғылыми белсенді болуы және студенттер арасында байланыс орната білуі тиіс. Білім үдерісі қызметтерінің басты тұтынушысы – студент. Ол өз білімінің сапасын арттыру үшін оқуға ынтасы болуы, шет тілін білуі, интеллект, тәртіп, қажырлы, табанды және байқампаз болуы қажет. Студент өзі оқып жатқан мамандықтың талаптарын түсініп, өзіне керекті ақпаратты алуға мүдделі болуы керек [4]. Жұмыс берушілер де білім беру бағдарламаларының сапасын жақсартуға үлес қосады. Жұмыс берушілер қоғамда және еңбек нарығындағы сұранысты саралап, білім беру бағдарламаларына қатысты өз ұсыныстарын бере алады. Яғни заманауи қоғамда білім жүйесі тек арнайы мекемелердің емес, бүкіл қоғамның еншісінде.

Қазіргі кезде дінтанушы мамандарды даярлаудағы жаңа бағдарламалардың маңыздылығы болашақта әр сала бойынша мамандармен қамтамасыз етілу мүмкіндігінен шығады. Дәлірек айтсақ, дінтану мамандағы бойынша білім алған студенттер, еңбек нарығына ислам бойынша эксперт-дінтанушы, христиандық бойынша дінтанушы-эксперт, жаңа діни ағымдар бойынша дінтанушы-эксперт және теориялық мәселелер бойынша дінтанушы бағыттарында мамандана алады. Мәселен, ислам бойынша эксперт-дінтанушы «ислам философиясы, ислам тарихы және Мұхаммед пайғамбардың өмірінің тарихы, ислам этикасы және адамгершілік (Ахляк), қазіргі нарық қатынастарындағы ислам, қазіргі исламдық ағымдар мен бағыттар, ислам құқығының тарихы, фикх теориясы, ислам теологиясы және ислам ілімі: ақыда, дін туралы ҚР заңнамасы, ислам теологиясындағы адам, Құранды оқу және түсіндірме жасау, хадистану және хадистерді түсіндіру, сөз риторикасы: хутба – Гомилетика», ал христиандық бойынша дінтанушы-эксперт болса, диалектикалық теология, көне христиан шіркеуінің тарихы, салыстырмалы теология, православие теологиясы, литургиялық құдай ілімі, христиан этикасы және адамгершілік, Библиистика, дін туралы ҚР заңнамасы, христиан теологиясындағы адам, қазіргі христиандық ағымдар және бағыттар, сакралды мәтіндер, канондық құқық сияқты пәндерді оқиды. Сонымен қатар, жаңа діни ағымдар бойынша дінтанушы-эксперттің мамандануы қисын және дәлелдеменің қағидасы, эзотерикалық ілімдер, қазіргі шығыс ағымдары және бағыттары, сектатануға кіріспе, шет мемлекеттердің дін туралы заңнамасы, қазіргі христиандық ағымдар және бағыттар, қазіргі исламдық ағымдар мен бағыттар, дін туралы ҚР заңнамасы, секталар және мемлекеттік қауіпсіздік, діни әдебиет сараптамасы, миссионерлік әдістері, сакралды мәтіндер сынды пәндерден құралған. Бұл пәндерді меңгерген студент өзі маманданған салада білікті маман бола алады. Мамандарды бұл бағыттарда дайындаудың қажеттілігі жұмыс берушілердің берген тапсырысы негізінде қалыптастырылғанын айта кету керек.

Бүгінгі таңда өмірдің барлық саласын жаһандану үдерісі қамтып келеді, сондықтан да оның мәдениет пен дінге де өзіндік әсерін тигізбей қоймасы анық. Дін әлемінде көптеген өзгерістер орын алуда, жаңа діни секталар көбейіп, дәстүрлі діни институттардан тыс өмір сүретін ескі діни қауымдастықтар жаңаша даму қарқынына ие болуда, ал дінге сенетіндердің өздері руханияттың басқа формаларына ықылас танытып келеді. Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы діни жағдай, сарапшылардың пікірінше, тұрақты деп сипатталғанымен, әлемдік геосаясаттағы діни фактордың күшеюі, қазақстандық қоғамның дінге қатысты жаһандық үрдістерге ашық болуы діни пиғылдағы экстремизм, терроризм және жалған діндер мәселесін алдыңғы қатарлы мәселеге айналдырады.

Қорыта айтқанда, дінтанулық білім бағдарламаларын сапасын жақсарту заманауи уақыт талабы мен жұмыс берушілердің кәсіби сұраныстарына және әлемдік білім кеңістігінің талаптарына сай жүргізілуі тиіс. Осылайша біз, әлемдік деңгейде бәсекелестікке қабілетті, білімді әрі білікті мамандарды даярлау ісінде көздеген мақсатымызға жетеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Стратегиялар мен бағдарламалар // http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs Дата обращения: 16.01.2017.
2. Болонский процесс // <http://enickazakhstan.kz/ru/about/rukovodstvo/itemlist/category/3-bolonskij-protsess>. Дата обращения: 17.01.2017.

3. Болонский процесс в Казахстане// <http://iqaa.kz/bolonskij-protsess/bolonskij-protsess-v-kazakhstan> Дата обращения 17.01.2017.

4. Закирова Г.Д. Обеспечение качества Реформирование высшего образования в Казахстане и Болонский процесс: информационные материалы для практических действий – Алматы, 2009 – 120 с.

Қартаева Т.

МУЗЕЙЛЕРДІҢ ЖАҢА ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫН ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА ОҚЫТУДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

«Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы оқу бағдарламасының барлық сатысында «музейтану», «ескерткіштану» саласына бәсекеге қабілетті маман даярлауда әлеуметтік және гуманитарлық білімдер синтезі тоғысын қолдану өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі заманғы глобалдық жаһандану мен локалдық тенденцияның қоғам дамуының барлық саласына әсері байқалады. Қолданыстағы музейлердің құрылымы мен ғылыми-зерттеу бағыттары геология, биология, палеонтология, зоология, тарих, этнология, археология, философия, мәдениеттану, әлеуметтану, сияқты ғылым салаларымен тығыз байланысты. Музейлердің практикалық жұмысының коммуникация, ақпараттық-компьютерлік, маркетингтік, менеджменттік салалары музей мен қоғамның байланысын жүзеге асырса, физика, химия, биология т.б. ғылымдар саласы реставрация, консервация істеріне, музей технологияны жетілдіруге қатысады. Музейтану саласындағы пәнаралық байланысының нәтижелі болуы, мәдениет пен ғылым саласындағы білім берудегі дифференциация және интеграция үрдістерінің қарқынды дамуына алып келді. Жаратылыстану, гуманитарлық, әлеуметтану, тарих, мәдениеттану салаларының дамуы, кешендік және пәнаралық байланыстардың орнауы, ақпараттық заманда жаңа технологиялардың рөлінің өсуі, жаңа салалардың пайда болуы, әлемдік ғылым көрінісін айқындап, жаңа ғылым кеңістігін қайта құрды. Бұл кеңістіктен музейтану саласының жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуындағы өзгерістерді көруге болады [4, с.28-56].

Музейтану әлеуметтік-гуманитарлы пән ретінде «шекаралық» парадигмаға еніп, тарихи-мәдени сараптау мен плюралистикалық тәсіл негізінде мәдениет феномендеріне теориялық түсіндірулер енгізуде. Қоғамдағы және мәдениеттегі маңызды өзгерістер музейлердің заманауи талапқа сай құрылуы мен даму сатыларына жаңаша көзқарас қалыптастыруда. Қоғамда «өзгермелі әлем – өзгермелі музей» түсінігі қалыптасып, ол шынайылыққа сай жүзеге асырылуда. Музейлердің қоғамда алатын орны өсіп, мәдени мұраны сақтау мен насихаттау және білім беру үрдісіне енгізу қолға алынды. Заманауи «де-факто» музейлері оқу орталықтарына айналып, музей коммуникациясын, мәдени шығармашылықты дамытуға мүмкіндік берді. Заманауи әлеуметтік жағдай музейлерді мәдени құндылықтар, жаңа ұсыныстар және рухани құндылықтарды іздеуге итермелейді. Алғашқы немесе дәстүрлі музейлер экспозициясы дәстүрлі ғылыми сызбаларға сай құрылса, қазіргі заманғы ғылыми техникалық прогресс музейлердің жаңа тенденцияларға сай «музей жинақтары» интерпретацияланып, құрылған экспозициялар мен көрмелер зерттеу нысанына айналып, жеке шығармашылық ізденісті қажет етеді [1].

Музей педагогикасы қызметінің дамуы және музейлік жобалауға деген сұраныстың өсуі интерпретацияның әр түрлі түрде болуына байланысты. Виртуалды музейлердің көбеюі және жаңа бағыттағы музейлердің пайда болуы мен музей қызметінің дамуы қоғамда музей саласының жаңаша дамуымен байланысты. Мәдениеттің визуальдану кезінде музейдің қоғамдағы орны өсіп, рухани мәдениеттің дамуына әкеледі, әрі виртуалды музей бағандарынан орын алатын электронды экспозиция, электронды каталог, электронды ашық қор, виртуалды реконструкция жұмыстары музей құндылықтарын әлем халықтарына қолжетімді етеді. Виртуалды музейлердің көбеюі, шынайы музейлерге деген сұранысты еш кемітпейді. Музей шедеврлері мен раритеттерін ешқандай көшірмелері ауыстыра алмайды. Қоғамның дамуы мәдениет, білім беру, ақпараттану салаларындағы инновациялық үрдістердің көбеюі музей және музейтану саласына деген қызығушылықты арттырды. Әрине музей құндылықтарын цифрлы өңдеу, интернет филиалға ендіру арнайы «музейлік компьютерлік бағдарламаларды» игеруді, арнайы білімді қажет етеді. Олардың қатарында отандық тәжірибеде танымал КАМИС және МУЗЕОЛОГ бағдарламаларын атауға болады [3, с.89-100].

Тәжірибенің теорияны озуы қалыпты жағдай болып саналады. Заманауи музейтану саласының дамуына жалпы музей заңдылықтарын түсіну, музейлерге деген сұраныстың өсуі және музейлердің қоғамда рөлінің өзгеруіне алып келді. Музейтанудың жеке пән ретінде дамуы тәжірибенің қалыптасуымен, оны игерумен байланысты. Музейлік тұжырымдаманы жасау кезінде музейлік заттардың тарихи және мәдени маңыздылығын қарастыру өте маңызды фактор. Музейді қоғамдық мәдени феномен ретінде қарастырып, музейге деген сұранысты арттыру, музейтану саласының алғышарты болып саналады [3, с.30-40].

Музейтану ғылымы мен тәжірибесінің жаңа кезеңге өтуі, музейлік тенденциялардың дамуына әкелді. XX ғасырда музейлердің жаңа түрлері пайда болды. Олардың бірі ашық аспан музейлері болып саналады. Осыған байланысты музейлердің «скансеология» деген жаңа бағыты пайда болды. Тәжірибе жүргізетін мекемелер қорларды кешендеу, консервация, экспонаттаудың дәстүрлі бағытын жаңарту, «мәдени мұра» ұғымын кеңейтуге баса назар аударды. Нәтижесінде музейге деген көзқарас өзгеріп, көптеген мемлекеттерде қалалардың дамуының негізгі алғышарты «музейлердің дамуы» болды. Дәстүрлі музей жүйесінде музейтану саласының ерекше бөлігі болып саналатын аймақтық музейлерге деген де көзқарас өзгеріп отыр [2].

Дегенмен заман талабына сай, музей саласының дамуы музейлік мекемелердің көбеюі негізінде де жүзеге асырылды. Сонымен қатар музейлік мекемелердің, музейге «мақсаты» жақын мекемелер арасында өзара тығыз байланыс орнап, олар бірлескен жобалар мен оқу бағдарламаларын ұйымдастырып отыруы маңызды шара. Интеграцияның нәтижесінде музейдің білім берудегі рөлі өсіп отырады. Мысалы, реконструкция, реставрация, мұрағат, кітапхана ісімен т.б. айналысатын мәдени ағартушылық мекемелермен бірлескен жобаларды жүзеге асыру «өзара тәжірибе алмасудың» тағы бір жолы. Бұл тұста Археология, этнология және музеология кафедрасының дәстүрлі «Оразбаев оқуларын» ҚРМОМ мекемесімен бірлестікте өткізу тәжірибесін атауға болады.

Әлемдік музеологияда статистикалық мәліметтер бойынша музейлерге келушілер саны көбейіп, музей аудиториясы мен музейдің байланысының сапасы өзгерген. Музейлердің қоғамда ерекше орын алуы, келермендер мен музей педагогикасының ара-қатынасының жаңа деңгейге өткенін көрсетті. Музейдегі педагогикалық зерттеулер келермен мен музейдің арасындағы байланысты психология, әлеуметтану, мәдениеттану тұрғысынан анықтап, интерактивті экспозиция мен жобаларды құрастыру, музей кеңістігімен танысу, музейлік педагогикалық әдістерді ұйымдастыру және келермендерге қажетті қозғалыс бағытын таңдауға мүмкіндік береді. Музейлер «үздіксіз білім беру мекемесі» ретіндегі қызметін де жаңаша жолға қоюда [4].

Қазіргі таңдағы музей қызметіндегі маңызды тенденция музей сыртындағы музей немесе музей ішіндегі музей ұйымдастыру. Музей сыртындағы музейге музейдің ауласындағы мүсіндер бағы, дендропарктер, ботаника бақтары, қала сыртындағы этно, - эко музейлер құру, т.б. бағыттар жатады. Ал музей ішіндегі музейге балалар музейі, арт шеберханалар, т.б. жатады. Қазақстандық тәжірибеде ҚРМОМ Антропология зал-музейін, Ашық қор» археологиялық алтын залын айтуға болады. Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі «мүсіндер бағы» жобасын қолға алып тәжірибеге енгізуде. Музей ішіндегі музей қызметі музей педагогикасы, дәстүрлі мәдениет, қоғамдық өмір орталықтары мен қоғамдастықтары, клубтарын құруды да қамтиды. Музей мен қоғамның байланысының өзгеруі музейлерді басқарушы қорлар, қоғамдастықтар қызметімен де байланысты. Әр түрлі мемлекеттерде, музей достары клубтары мен қоғамдастықтары құрылып, олар музейдің дамуына үлесін тигізуде. Музейлердегі меценаттық және қолдау көрсету қызметі әлемдік сахнада және тәжірибеде көрініс табуда. Музейге қолдау көрсетушілердің көбеюі, музейдің имиджін жасауда ерекше көмегін тигізеді. Сонымен қоса музейдегі жаңа тенденциялардың бірі «бірыңғай музей кеңістігін құру» болып саналады. Бұл тенденция музейтану саласының дамуына көп үлесін тигізіп, музей ішінде жаңа жүйе құруға бағытталды [5].


Музей қай бағытта болса да, оның негізгі келермендері мектепке дейін және мектеп жасындағы балалар болып саналады. Музей саласында балалар музейлері қалыптасып, олардың қызметі қоғамдағы әр түрлі деңгейлі мекемелер интеграциясына бағытталады. Балалар музейінің қазіргі таңда Қуыршақтар музейі, Ертегілер музейі, ART шеберхана сияқты арнайы мамандандырылған немесе тақырыптық түрлері дамыған.

Музейлердің жаңа түрлерінің пайда болуы, қоғамда экомузейлер қызметінің дамуына әкелді. Экомузейлер қоғамдық ұйымдардың басқаруымен құрылады. Музейдің дамуына белгілі аймақтың тұрғындары мен аймақтың құндылықтарын сақтауға қызығушылық білдіргендер қолдау көрсетеді. Экомузейлер ашық аспан астындағы музейлер сияқты келермендер мен музейдің тығыз байланысын орнатуға бағытталған жобалар ұйымдастыру мен қоғамдық сұранысты өтейтін жұмыстар атқарады. Қазіргі таңда экомузейлерде экспонаттар музей заты ретінде қабылданып, символикалық мағынаға ие болып, коллекциялары белгілі аймақтың тарихи, мәдени және аймақтық құндылыққа айналады. Экомузей оқу құралдарының мұрағаты және жергілікті тұрғындар өмірінің бір бөлігі болып саналады. Француз музейтанушысы Жорж Анри Риввер: «бұл музейлер тұрғындардың мұрағаты және өткен өмірі мен қазіргі заман мәселелерін, болашақтағы мүмкіндіктерін сипаттайтын айна сияқты», - деген [2].

Әлемдегі және еліміздегі музейлер жүйесін қазіргі өскелең заман талабына сай жетілдіру мен өркендетудің бірден бір жолы оның ғылыми-зерттеу негізін нығайтудан да көрінеді. Музейлер қазіргі таңда ғылыми-зерттеу бағыттарының тақырыптары аясында ғылыми-мәдени диалог тұрғысында тәжірибе алмасу, жинақтар, ғылыми каталогтар, симпозиумдар, семинарлар, конференциялар өткізуді жүйелі жолға қойған.

Музей қызметі мен музей интеграциясының жүйелерін ұйымдастыру және ақпараттану ісінде халықаралық музейлік ұйымдардың қызметі маңызды роль атқарып келеді. ЮНЕСКО, ИКОМ сияқты ұйымдар музейлік идеология мен тәжірибе қызметін біріктіруші база ретінде музейаралық ақпаратпен алмасу қызметін де жүзеге асыруда маңызы зор. Музейаралық интеграцияның белсенді формасы музейлік жарыстар мен диалогтар болып саналады. Бұл жарыстар мемлекет ішінде өтіп, музей кеңістігі мен музейтану саласының дамуына өз үлесін тигізеді. Соңғы уақытта әлеуметтік жобаны қоса қамтитын Ресейде өтілетін «Интермузей», «Красноярский биеннале» деген фестивальдар белгілі, әрі фестиваль жаңалықтары туралы ақпарат үздіксіз жұмыс жасайды.

Ғылыми ойлаудың интерактивті түрі музейтану саласындағы жаңа тенденцияны анықтайды, бұл тенденция пәнаралық байланысты орнату арқылы музейлік мамандықтардың көбеюіне әкелді. Музейтану саласында «дамушы музей» тенденциясы музейлік әдістерді, жобаларды пайдаланып, музей мамандарын дайындауға бағытталады. Жаңа технология мен бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа түрлерінің пайда болуы, көркемсурет, газеттер мен журналдар, театр өнеріне деген қызығушылыққа деген әсерді кеміткені рас, дегенменде музей саласындағы жаңа технологиялардың енуі, музейдің «мәдениет институты» ретінде әлемдік кеңестікте болу мүмкіндігін арттыра түседі. Музейді «мәдениет феномені» ретінде қарастыру, басқа мәдениет институттарынан айырмашылығын айғақтап, пессимистік көзқарасты жояды.




Сурет 1. Интермузей фестивалінің әлеуметтік желілердегі парақшалары: а) –Facebook желісінде- <https://ru-ru.facebook.com/imuseum2015>; ә) bk желісінде - https://vk.com/i_museum



Сурет 2. Интермузей фестивалінің көрме залы. Интермузей фестивалінің арт жобаларының бірі.

Музей саласындағы жаңа тенденцияларды қамтитын жеке тақырыптар «Әлемдік музейлер кеңістігіндегі қазіргі заманғы мәселелер», «Музей ісіндегі инновациялар: теориясы және практикасы», «Жалпы музейтану: компоненттік құрылымдары» атты пәндерде қамтылады. «Жаңа тенденциялар» мәселесін игерудің негізгі мақсаты музейлердің заманауи дамуын жан-жақты қамту, жаңа бағыттардың заманауи қоғаммен бірге дамуының негізгі тенденцияларына бағыт-бағдар беру, осы салаға бәсекеге қабілетті маман даярлау, жұмыс беруші мекеме сұранысын қанағаттандыру болып табылады.



Сурет 3. а) Интермузей фестивалі: көзі көрмейтіндер үшін ұстап сезуге арналған экспонаттар; б) Дарвин музейі. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Культура: Политика модернизации. Выпуск 2 // Сост. Е.С. Кузьмина, А.В. Лебедев, Л.Я. Ноль. – Москва-Псков. 2001.
2. Мастеница Е.Н. Новые тенденции в развитии музея и музейной деятельности. - Триумф музея. 2005.
3. Музей и новые технологии /На пути к музею XXI века/ Сост. И ред. Н.А. Никишин. – Москва: Прогресс-Традиция. 1999. 216 с.

4. Носкова Т.Н. Педагогика общества знаний. Монография. – Санкт-Петербург. Издательства РГПУ им. А.И. Герцена. 236 с.
5. Поляков Т.П. Мифология музейного проектирования. – Москва, 2003. 456 с.

Қондыбаева С.Қ., Қалиева А.Е.

ЭКОНОМИСТЕРДІҢ ЖОО-ДА ДАЙЫНДЫҒЫ БАРЫСЫНДА ЖЕТІЛДІРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРҚТТЕРІ

Мақалада педагогтар және психологтармен қаржы-экономикалық қызмет саласында мамандардың талап етілетін құзіреттерін анықтау мақсатында жүргізілетін зерттеулердің талдануы ұсынылған. Негізгі құзіреттерді экономикалық бағыттылықтағы ЖОО-да білім алу барысында студенттерде қалыптастыру және дамыту қазақстандық еңбек нарығы үшін бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға септігін тигізеді. Осы міндетті жүзеге асыру үшін ұсынылған ұсынымдар болашақ экономистердің кәсіби дайындығын жетілдіру үрдісінде көмек көрсетеді.

Кілтті сөздер: құзіреттер, ЖОО, экономистер, мамандарды даярлау, кәсіби қызмет, топ құзіреттері, кәсіби дағды мен іскерлік.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде жарияланған мәліметтерді талдау, сонымен қатар эмпирикалық зерттеулер қазіргі уақытта кәсіби мамандармен экономистердің құзыреттерінің үш тобы ерекшеленетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді [1]. Аталған құзыреттер келесідей топтастырылады: негізгі құзыреттер, базалық кәсіби құзыреттер және кәсіби қосалқы құзыреттер.

Негізгі құзыреттер маманның түрлі әлеуметтік-кәсіби қауымдастықтарға бейімделуі және оларда тиімді қызмет етуіне қабілеті мен дайындығын көрсетеді.

Базалық кәсіби құзыреттер экономистердің кәсіби қызметінің түрлерімен шарттастырылады. Оларға ұйымдастырушылық-басқарушылық, жоспарлы-экономикалық, қаржы-экономикалық, талдау, сыртқы экономикалық, кәсіпкерлік, ғылыми-зерттеу және білім беру құзыреттері жатады.

Кәсіби қосалқы құзыреттерге маманға кәсіби қызметте табысты болуға септігін тигізетін адамның өткен тәжірибесі мен өзіндік әлеуеті жатады. Бұл құзыреттер мамандық дисциплиналарын оқу, факультативтер мен қосымша білім алу барысында қалыптасады. Олар жалпы кәсіби, арнайы, тәжірибелік, өндірістік-технологиялық және жүйелік болуы мүмкін [2]. Осы тұрғыда басқа тілде білім алу кәсіби қосалқы құзіретке ілеспелі болып келеді. Ол маманның кәсіби шеберлігін күшейте отырып, болашақ кәсіби мамандықтың ерекшеліктерін ескеруі қажет.

Аталған қасиеттерді ерекшелеу, олардың құрылымын анықтау нақты қызмет түрін талдау барысында ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Осылайша, экономикалық қызмет келесідей қызмет түрлерінің бірегейлігін білдіреді:

- табиғи-ғылыми;
- экономикалық;
- әлеуметтік.

Экономикалық қызмет, бір жағынан, - затты-тәжірибелік, екінші жағынан, қоғам қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты болғандықтан, ол әлеуметтік сипатқа ие. Бұл ретте, қызметтің басым түрлері [3] болып төмендегілер табылады:

- экономикалық қатынастарды зерттеу (өндіріс барысында адамдар арасында пайда болатын қарым-қатынастар);
- экономикалық құбылыстар мен үрдістер жайлы ақпаратты жинақтау, өңдеу және реттеу (кәсіпорын мен ұйымдардың жоғары нәтижелерге жетуі үшін);
- экономикалық қызметтің жүру барысы мен нәтижелерін талдау және оның тиімділігін бағалау;
- экономикалық қызмет үрдісін жетілдіру;
- кәсіпорын қызметін жоспарлау;
- кәсіпорынның қызметкерлерінің барлық категориялары үшін еңбекақы және сыйақы жүйесін анықтау;
- қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру үрдісін бақылау;
- кәсіпорынның, ұйымның кадрларға деген қажеттілігін есептеу;
- еңбекақы қорын артық жұмсау себептерін талдау;
- цифрларда берілген ақпараттың үлкен көлемін есептеу және өңдеумен байланысты жұмыс;
- экономикалық негіздемелерді, анықтамаларды, мерзімдік есептілікті, аннотациялар мен анықтамалық шолуларды құру.

Озық тәжірибелі университеттердің ғалымдарымен әзірленген, экономикалық қызметтің профессиограммасында [4, 47-59 б.] кәсіби қызметтің тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін сипаттамалар ретінде келесілер келтірілген:

- зейінді шоғырландыру мен зейін аударудың жақсы дамуы (ұзақ уақыт бойы бір пәнге зейін қоя білу және қызметтің бір түрінен екінші түріне зейінді жылдам ауыстыру);
- жадының дамуының жоғары деңгейі;

- математикалық (есептеу) қабілеттерінің дамуының жоғары деңгейі;
- уақыт пен ақпарат тапшылығы шарттарында жұмыс істеу қабілеті;
- бірегей қызмет түрімен ұзақ уақыт бойы айналыса алу қабілеті (құжаттармен, мәтіндер және сандармен жұмыс істеуге икемділік);
- аналитикалық ойлау; ынталылық және міндеттілік;
- шынайылық және адалдық, жауапкершілік және ұқыптылық;
- тыңғылықтық және эрудициялылық;
- іскерлік және іскерлік еп;
- эмоционалды-психикалық тұрақтылық, байланысқа бейімділік;
- өзіне сенушілік.

Кәсіби қызметтің тиімділігіне кедергі болатын сипаттамалар төмендегілер:

- математикалық және аналитикалық икемділіктердің жоқтығы;
- тез шаршағыштық;
- енжарлық, ұмытшақтық, салғырттық;
- албырттық, ашуланшақтық, қызбалық.

Экономисттің қызметінің құрылымы кәсіби дағдының төрт құрамдас бөлігінде жүзеге асады: жобалаушылық, құрастырушылық, ұйымдастырушылық, гностикалық (танымдылық). Оның кәсіби шеберлігі қоғам алдында тұрған мақсаттарға сәйкес міндеттерді тиімді шешуді, кәсіби мамандандырылудың ынтасының жоғары деңгейін және кәсіби міндеттерді шешу дағдысымен сипатталады [5].

Экономисттің кәсіби қызметке дайындығының деңгейін анықтайтын факторлар болып келесілер табылады:

- кәсіби бағыттылықтың (ынтаның) айқындылығы және маман тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері;
- іргелі (базалық) дайындықтың деңгейі;
- болашақ қызмет саласында білім мен дағдының деңгейі;
- өз бетімен білім алу белсенділігінің деңгейі.

Біліктілік сипаттамаларында көрсетілген, талап етілетін «эталонды параметрлер» бойынша маманның даярлығының деңгейін қамтамасыз етілуінің бар және қалаулы деңгейіне жүргізілген зерттеулер түрлі мамандардың («тұтынушылардың» – ұйымдар өкілдерінің, «өндірушілердің» – ЖОО қызметкерлерінің) көзқарастары бойынша орын алатын, белгілі-бір деңгейде қалыптасқан келісімшартты анықтайды.

Аталған міндеттің шешімі, көп жағдайда, коучер немесе тьютор қызметін енгізу көмегімен әр студент үшін тұлғалық даму векторларын анықтау арқылы шешуге болады деген идеяның авторларымен келіспеуге болмайды. Аталған коучерлер мен тьюторлар студенттерге ЖОО-ның ақпараттық, ұйымдастырушылық-әдістемелік, әлеуметтік-психологиялық әлеуетін белсенді пайдалану бойынша ұсыныстар беріп отыратын еді [6].

Мамандарды даярлаудың жоғарыда келтірілген жүйесі британдық және американдық көптеген ЖОО-да ұзақ уақыт бойы және тиімді жүзеге асырылып келе жатыр. Сонымен қатар, тәжірибе көрсетіп отырғандай, сабақ кестесіне факультативті сабақтарды, таңдау курстарын, ЖОО-да оқытушымен және болашақ жұмыс берушімен жеке сұхбат үшін кеңес беру сағаттарын белсенді түрде қосу кәсіби білімді анағұрлым терең меңгеруге септігін тигізеді, алған білімді дағды мен біліктілікке трансформациялауға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Архипова, Е.И. Формирование иноязычного лексикона специалиста в интегративном обучении иностранному языку и дисциплинам профессиональной направленности: монография // Федеральное агентство по образованию, ГОУ ВПО «Ижевский гос. технический ун-т». – Ижевск, 2011. – 321 с.
2. Солоненко, В.А. Формирование профессиональной мобильности будущих экономистов-менеджеров в образовательном процессе вуза: автореф. дис. ... канд. пед. наук / В.А. Солоненко. – Брянск, 2010. – 23 с.
3. Башкаева, Э.Х. Формирование профессионально значимых качеств будущего инженера в процессе учебной деятельности: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – 22 с.
4. Макавчик, В.О. Языковая подготовка: коммуникативный подход / В.О. Макавчик, В.В. Максимов // Сибирь. Философия. Образование: научно-публицистический альманах. – 2002. – (Вып.6) – Новокузнецк: Ин-т повышения квалификации, 2003. – С.47–59.
5. Звягинцева, Е.П. Метакачества студентов поколения «игрек», определяющие успешность их обучения и карьеры в финансово-экономической сфере (на примере студентов Финуниверситета) / Е.П. Звягинцева, Е.А. Мухортова – Известия высших учебных заведений. Серия «Гуманитарные науки». Том 6. № 1. – Иваново: Ивановский гос. химико-технологический университет, 2015. – С.67–73.
6. Китайгородская, Г.А. Интенсивное обучение иностранным языкам: теория и практика // Г.А. Китайгородская. – М.: Рус. яз., 1992. – 254 с.

Литвиненко Ю.А., Ескалиева Б.К., Умбетова А.К., Бурашева Г.Ш.
ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА ПО ИНДИВИДУАЛЬНЫМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМ ТРАЕКТОРИЯМ
«ХИМИЧЕСКАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПРИРОДНЫХ СОЕДИНЕНИЙ», «ХИМИЧЕСКАЯ ТЕХНОЛОГИЯ
ПЕРЕРАБОТКИ РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ» И СВЯЗЬ С ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМИ СТАНДАРТАМИ

Разработка и внедрение в отечественную медицинскую практику новых видов лекарственного растительного сырья, продуктов его переработки, расширение ассортимента субстанций, требует совершенствования системы стандартизации и мониторинга их качества. Лекарственные средства, в том числе лекарственное и дикорастущее растительное сырье, применяемое в народной медицине и медицинской практике, должны отвечать всем современным требованиям безопасности для человека и быть эффективными для лечения различных заболеваний. На каждом этапе разработки, создания и изготовления лекарственных средств, принимаются специфические для каждого этапа меры, позволяющие не допустить ошибки и отклонения в работе, способные отрицательно повлиять на качество субстанций или целевого продукта. Как указывает мировой опыт, намного эффективнее обеспечить мониторинг качества разработки субстанций на всех этапах разработки, чем проводить его уже после того, как препарат создан.

На кафедре химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров для бакалавров читаются следующие лекционные курсы: «Биоорганическая химия», «Основы биохимии и синтеза биологически активных соединений», «Химия и технология природных соединений», «Химическая технология переработки растительного сырья», «Химия и технология получения фитопрепаратов», «Хроматографический анализ природных веществ и материалов», «Химический анализ лекарственных препаратов», «Основы иммобилизации природных биологически активных соединений», «Идентификация природных биологически активных веществ растений», «Спектральный анализ биологически активных веществ растительного происхождения», «Химия и технология углеводов», «Промышленная технология переработки растительного сырья», «Основные пути модификации растительных веществ промышленности», «Химия и технология растительных антиоксидантов в промышленности», «Стандартизация и сертификация природных БАВ», «Промышленное производство и анализ дубителей из растительного сырья», «Промышленное производство и анализ витаминов из растительного сырья».

Целью изучения любой дисциплины, для бакалавров и магистров является повышение теоретического уровня и совершенствование практических навыков в области стандартизации и мониторинга качества субстанций, лекарственных форм и лекарственного растительного сырья. В процессе обучения студенты и магистранты ГПИИР-2 осваивают и знакомятся с действующей нормативной документацией, регламентирующей мониторинг качества субстанций, лекарственных средств, овладевают исследовательскими навыками работы на современном аналитическом оборудовании; знакомятся с актуальными вопросами смежных и элективных дисциплин.

Согласно тематическим планом и рабочей программой, обучение включает лекции и семинары, практические и лабораторные занятия. В лекционном курсе рассматриваются теоретические основы химической технологии, современные физические, физико-химические и химические методы анализа, научные достижения в области фармацевтического анализа лекарственных форм и смежных дисциплин; рассматриваются принципы и подходы к мониторингу качества различных субстанций, лекарственных форм, а также лекарственного растительного сырья.

Семинарские и практические занятия способствуют закреплению и углублению теоретических знаний путем решения конкретных ситуационных задач по анализу биологически активных комплексов, условных фитопрепаратов и лекарственных форм.

Лабораторные занятия направлены на совершенствование практических навыков в области анализа биологически активных комплексов, условных фитопрепаратов и лекарственных форм. Например, магистранты ГПИИР-2 первого курса знакомятся со строением, свойствами органических веществ, которые участвуют в процессах разработки лекарственных средств. Главный рассматриваемый вопрос – это валидация аналитических методов исследования.

Студенты и магистранты ГПИИР-2 второго курса рассматривают следующие вопросы: растительное сырье, технологические особенности его заготовки и сушки, методы выделения биологически активных комплексов и природных соединений, сорбенты, позволяющие разделить биологически активные вещества, технологические параметры, влияющие на выход готового биологически активного комплекса, условного фитопрепарата, виды технологических регламентов. Технологический регламент производства – это нормативно-технический документ, который указывает на методы мониторинга производства, технологические нормативы, технические средства, условия и порядок проведения технологических процессов в производстве субстанций и лекарственных форм. Регламенты подразделяются: на лабораторный, опытно-промышленный и промышленный.

Бакалавры третьего и четвертого курсов рассматривают непосредственно индивидуальные группы соединений, структуры, функции изучаемых классов, методы обнаружения и особенности в технологических способах получения условных фитопрепаратов, биологически активных комплексов и готовых продуктов.

Таким образом, студенты и магистранты ГПИИР-2 уже после этих курсов понимают насколько сложно и ответственно надо подходить к процессу выделения биологически активных комплексов, условных фитопрепаратов, готовых продуктов, из которых далее можно разработать лекарственную форму.

Данные разработки позволяют унифицировать стандарты, приводят к снижению стоимости, улучшению выхода готового продукта и времени разработки новых лекарственных средств, что выгодно всем, но в первую очередь, пациентам. Таким образом, цепочка обеспечения качества целевого продукта должна охватывать весь цикл создания лекарственного средства от сырья до субстанций.

Все лекционные курсы мы тесно связываем с «Государственным стандартом РК производство лекарственных средств, надлежащая производственная практика». Основные положения СТ РК 1617-2006, где четко указывают на работу в фармацевтических производствах РК по требованию GMP.

В Республике Казахстан стандарт «Надлежащая производственная практика» (GMP) вводится впервые, с учетом действующих правил GMP стран Европейского Союза (European Community), рекомендаций Всемирной Организации Здравоохранения (ВОЗ), стандартов и нормативных правовых актов Республики Казахстан. Надлежащая производственная практика имеет отношение, как к производству, так и к мониторингу качества при производстве субстанций и лекарственных форм. Дата введения 2008.01.01. Периодичность проверки 5 лет. Основным требованием для производителей лекарственного сырья, субстанций и лекарственных форм является валидация (validation).

Валидация – это документ, подтверждающий соответствия фармацевтического оборудования и производства, режимы технологического процесса, условия для производства и материалов, качественный компонентный состав биологически активных комплексов, условных фитопрепаратов, полупродукта и готовой продукции на основании действующих регламентов или требований аналитическо-нормативной документации.

Валидация технологического процесса (process validation) оформляется и подтверждается документально. В таких документах объясняют, что выполняемый в рамках предложенных параметров, технологический процесс, может осуществляться эффективно, качественно и результаты должны быть воспроизведены на должном уровне. В результате этого получается биологически активный комплекс, условный фитопрепарат, полупродукт и лекарственная форма, которые соответствуют предъявляемым требованиям спецификаций и характеристикам качества. Таким образом, чтобы готовая продукция соответствовала нормативным требованиям спецификации, проводят внутрипроизводственный мониторинг технологического процесса (технологический, межоперационный) проверки, которые выполняются в ходе производства с целью контроля и, в случае необходимости, вводят корректировки параметров технологического процесса для достижения нормативных требований готового продукта. (Пункт 3.8, СТ РК 1617-2006).

Мониторинг процесса производства - проверка, которая осуществляется при проведении технологического процесса, для того, чтобы следить за контролем качества продукта или полупродукта, и при необходимости можно было бы регулировать ход процесса. Это поможет обеспечить соответствие продукции спецификациям и нормативным требованиям (Пункт 3.37 СТ РК 1617-2006).

В элективных курсах «Химия и технология получения фитопрепаратов», «Хроматографический анализ природных веществ и материалов», «Идентификация природных биологически активных веществ растений», «Спектральный анализ биологически активных соединений растительного происхождения» предлагаем рассматривать методики валидации (квалификации) (validation protocol) - определения основных классов биологически активных веществ, которые устанавливают порядок, очередность квалификации и определяют критерии приемлемости (Пункт 3.47 СТ РК 1617-2006).

Таким образом, при изучении выше описанных дисциплин, рассматриваются вопросы стандартов, как для технологических процессов, так и для субстанций, лекарственных форм, они тесно связаны с валидацией и стандартизацией методов, методик качественного и количественного определения основных групп биологически активных комплексов в растениях; спецификой технологии и способов выделения биологически активных комплексов, субстанций, идентификации и установления тонкой структуры природных органических соединений, описанных в реестре Стандартов качества Республики Казахстан.

Кроме того, в лекарственных средствах, фитопрепаратах и биологически активных комплексах могут присутствовать примеси (impurity) или компоненты. Они могут содержаться как в исходном, промежуточном полупродукте, так и в готовом продукте, в лекарственной форме и могут быть нежелательным, для основного целевого продукта. Поэтому нужно вести поиск удаления примесей (Пункт 3.58 СТ РК 1617-2006).

Также для выполнения требований к качеству фитопрепаратов, биологически активных комплексов, продуктов или лекарственных форм, необходимо тщательно разработать и правильно организовать систему обеспечения качества (Quality Assurance) и мониторинга качества (Quality Control). Поэтому вопросу студенты должны ознакомиться с Правилами GMP, согласно требованиям, которых, все должно быть полностью документировано, а ее эффективность контролировалась. (Пункт 4.1.4 СТ РК 1617-2006). Требования к производству лекарственных средств и лекарственных форм (GMP) все производственные процессы подлежат четкому регламентированию и периодическому пересмотру с учетом накопленного опыта.

Пункт 4.3.2 СТ РК 1617-2006 – требует и указывает, что новые этапы, новые методы производственных процессов и существенные изменения, которые вносятся в технологический процесс подлежат валидации.

Мониторинг качества гарантирует и предусматривает, что лекарственное растительное сырье и материалы, биологически активные комплексы, условные фитопрепараты, лекарственная форма будут либо разрешены для использования, либо нет.

К реализации или поставке не будет допускаться готовая продукция, пока качество его целевого продукта не будет признано удовлетворительным, а также гарантирует невозможность получения разрешения на продажу или поставку любой серии целевого продукта до тех пор, пока уполномоченное лицо или организация не удостоверит ее соответствие. Мониторинг качества готового продукта включает в себя следующие этапы:

а) в соответствии со стандартами разработка метрологической аттестации, регистрация и применение методик выполнения измерений;

б) в соответствии со стандартами РК 2.4, СТ РК 2.30, СТ РК 2.21 поверка регистрирующих и контрольных приборов, используемых средств измерений согласно законодательству Республики Казахстан. На всех курсах бакалавры и магистранты знакомятся с приказом Министра здравоохранения и социального развития РК от 24 апреля 2015 года №262.

Из 23 пунктов состоят правила хранения и транспортировки лекарственных средств, изделий медицинского назначения и общие положения медицинской техники.

Нормативно-технический документ по мониторингу за качеством и безопасностью лекарственных средств, лекарственных форм, изделий медицинского назначения - документ, который устанавливает комплекс требований к качеству лекарственного средства, изделиям медицинского назначения, а также методикам определения действующего начала, обеспечивающих их одинаковые параметры безопасности и качества приведены в пункте 5, ПР МЗ РК №262 от 24.04.2015.

Тип технологического процесса производства	Использование методик руководства к стадиям производства				
Извлечение из растительного материала	Сбор растений	Измельчение и первичное извлечение	Введение исходных материалов в технологический процесс	Выделение и очистка	Физическая обработка и упаковка
Резанные или измельченные части растений	Культивация или сбор растений и сбор урожая	Измельчение и первичное извлечение			Физическая обработка и упаковка
Экстракты, полученные из растительного сырья	Сбор растений	Измельчение и первичное извлечение		Последующая экстракция	Физическая обработка и упаковка

В пункте 9, ПР МЗ РК №262 от 24.04.2015 представлено пояснение к определению «Лекарственная субстанция». Лекарственная субстанция - вещество или смесь веществ, которая не зависит от природы происхождения, обладает определенной фармакологической активностью и предназначена для производства и изготовления лекарственных препаратов.

Из 86 пунктов состоит порядок хранения лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники. Требования, предъявляемые к лекарственным растительным объектам, которые содержат эфирные масла указывают на то, что растительное сырье, содержащее эфирные масла должно храниться изолированно в хорошо укуповенной таре. В стеклянной или металлической таре, герметически укуповенными и при необходимости залитыми парафином (листья наперстянки, почечный чай, алтейный корень) хранят травы, листья, плоды и корни, которые обладают гигроскопическими свойствами. В хорошо укуповенной таре изолированно хранится не расфасованное лекарственное растительное сырье, содержащее эфирные масла, (Пункт 48, 49, ПР МЗ РК №262 от 24.04.2015). Согласно пункту 51, ПР МЗ РК №262 от 24.04.2015 лекарственное растительное сырье, биологически активные комплексы, условные фитопрепараты подвергают периодическому мониторингу в соответствии с требованиями нормативной документации (ВАНД, АНД). Травы, корни, корневища, семена, плоды, которые утратили нормальную окраску, запах и требуемое количество действующих веществ, а также пораженные плесенью; биологически активные комплексы и условные фитопрепараты не соответствующие АНД-у или ВАНД-у бракуют. В зависимости от степени поражения амбарными вредителями растительное сырье бракуют или используют после переработки и контроля. Особое внимание следует уделять хранению лекарственного растительного сырья, которое содержит сердечные гликозиды. Для них установлены более строгие сроки хранения и предусмотрен повторный онтроль биологической активности сырья. В сухом (не более 50% влажности), хорошо проветриваемом помещении в плотно закрытой таре хранится не расфасованное лекарственное растительное сырье.

Таким образом, все образовательные обязательные и элективные курсы, читаемые на кафедре химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров имеют структурно-логическую схему, взаимосвязаны между собой и со стандартами, нормативными документами РК, так как при изучении этих курсов рассматриваются основные принципы обеспечения системы качества и мониторинга качества в сфере производства биологически активных комплексов, условных фитопрепаратов, лекарственных средств и лекарственных форм. Следовательно, полученные знания бакалаврами и магистрантами по специализациям «Химическая технология природных соединений» (бакалавриат) и «Химическая технология переработки растительного сырья» (магистратура ГПИИР-2) будут применены в фармацевтических производствах Республики Казахстан.

Выпускники кафедры, в частности бакалавры и магистранты ГПИИР-2 кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров проходят производственную практику на производственных предприятиях Республики Казахстан, в частности, ТОО «Фармацевтическая фабрика РОМАТ», ТОО «ЗЕРДЕ-ФИТО», ТОО «ЭКО ФАРМ ИНТЕРНЕЙШНЛ» и другие, где закрепляют полученные знания в области химии и технологии природных соединений, и их взаимосвязи со стандартами мониторинга качества РК.

Многие выпускники, показав хорошие знания в области химии и технологии природных соединений и взаимосвязи их со стандартами качества РК, остаются работать на промышленных предприятиях в различных городах Республики Казахстана.

Маженова Ж. А.

ЖОО-ДА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІҢ РӨЛІ

Мақсаттарға жету үшін Президенттің Жолдауында атап көрсетілгендей оқытушылар жаңа әдістер мен технологияларды енгізуі тиіс. Бүгінгі таңда біздің көптеген оқытушылар мәселелік оқыту және жобалық әдіс технологияларын оқу үдерісінде кеңінен пайдаланады. Оқытушылар арасында, университеттік конференциялар мен семинарларда тәжірибе алмасу белсенді түрде жүргізілуде.

Қазақстандағы білім беру қызметтері нарығының дамуы және ақпараттық технологиялар талабы жағдайында инновациялық сипаттағы интерактивті оқыту үлгілерімен үйлесіп отыруы тиіс. Интерактивті оқыту әдісінің артықшылығы сол, ол білім, шеберлік, дағды мен бағдар беріп қана қоймайды, мәселелерді шешуге жағдай жасап, жан-жақты, шығармашылық тұрғыдан дамыған, креативті және коммуникативті дағдыларды меңгерген, халықаралық деңгейдегі маманның қалыптасуына ықпал етеді. Интерактивті оқыту әдісі алынған теориялық білімді де, сондай-ақ практикалық дағдыларды да орындауды жүзеге асыруы тиіс.

Қазіргі уақытта кәсіби білім берудің басты мақсаты еңбек нарығын құзіретті мамандармен толықтыру ғана емес, сонымен қатар тұлғаның дамуына және кәсіби өсуі үшін мүмкіндіктер жасай білу.

Оқытудың интерактивті түрлерін енгізу бұл–заманауи ЖОО-да студенттерді дайындауда маңызды бағыттарын жетілдірудің бірі болып табылады. Қазіргі заманда оқытушылар үшін өз білім облысының құзіретті маманы болу жеткіліксіз, білім беру үдерістерінде әдістемелік инновацияларды пайдалану қажет, әсіресе бүгінгі күні оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты.

Интерактивті оқытудың мақсаты - барлық білім алушылардың оқу барысында жоғары нәтижеге қол жеткізуде білім үдерісінің тиімділігін арттыру. Сабақ жүргізу барысында оқытудың интерактивті түрлері ынтымақтастықта білім алуды ұсынады. Білім беру үдерісінің барлық қатысушылары (оқытушы мен студенттер) туындаған мәселелерді бірігіп шешу, ақпараттармен алмасуда бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Қазақстанда білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясы мәселелерін Ш.Т.Таубаева, Н.Н.Нұрахметов, С.Н.Лактионова, Е.З.Батталханов, Қ.Қ.Қадашева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, К.Бұзаубаева, С.Д.Мұқанова, М.М. Мұқаметқалиқызы және т.б. педагог-ғалымдар зерттеген.

Оқу және тәрбие жұмыстарын міндетін оқытушымен шешу үшін оқытудың келесідей интерактивті әдістері қолданылады.

1. Топтардағы талқылау.

Қандай да бір сұрақты топтық талқылау бірін-бірі жақсы түсінуге қол жеткізу немесе ақиқатты табуға бағытталған. Топтық талқылаулар берілген мәліметтерді жақсы игеруге ықпал етеді.

2. Шығармашылық тапсырма.

Шығармашылық тапсырма сабақты жүргізудің интерактивті формасының мазмұнын құрайды. Шығармашылық тапсырмаларды орындауда студенттерден алдын-ала алынған ақпараттарды жаңарту талап етіледі:

- тәжірибеден алынған мысалдарды іріктеу;
- белгілі мәселе бойынша мәліметтерді іріктеу;
- рөлдік ойындарға қатысу және т.б.

Магистранттардың тәжірибиелік бағыттылығын қалыптастыруда бітірушінің заманауи жабдықпен жұмыс жасай білуі, биология ғылымдарының әдістемесін жетік меңгеру, жаңа компьютерлік бағдарламаларды қолдана білуі аса маңызды.

Білім алушының білуге, игеруге деген ұмытылысын қолдап, мамандығына байланысты жұмысқа орналасуына көмек ретінде жұмыс берушімен тығыз қатынаста болу қажет.

Бұл тұрғыда Мемлекеттік индустриялық - инновациялық дамыту (МИИД-2) жөніндегі 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізінде қабылданған магистранттарға үлкен мүмкіндік – ол сол бағдарлама аясында көптеген мекемелер, кәсіпорындар мен үш жақты келісім шарт дайындалып, бекітілді. Келісім шарт негізінде сол мекеме орнынан диссертациялық немесе жобалық жұмыстарына жетекші тағайындалды. Ғылыми-зерттеу жұмыстардың тақырыбы сол мекеме немесе кәсіпорының басты өндірістік жобаларымен ұштасты. Магистратураның 2-ші курсының оқу бағдарламасында жоспарланған өндірістік тәжірибеден өту, диссертациялық материалды жинақтау да осы келісім-шарт негізінде жүргізіледі.

2015-2019 жылдарға арналған МИИДБ-2 мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты өңдеу өндірісінің бәсекелестікке қабілеттілігін жоғарылату арқылы экономика диверсификациясын ынталандыру болып табылады.

Индустриализация үрдісінде негізгі акцент сыртқы нарықтағы өнімнің қажеттілігіне қарай жоғарғы өндірістік технологияны дамыту көзделген.

Индустриалдық даму адами ресурстардың сапасын қамтамсыз етуді және білім сапасына деген талапты жоғарылатуды қажет етеді. Бұндай қажеттілікті қамтамсыз ету үшін ЖОО-ың бәсекелестікке қабілеттілігін жоғарылату мақсатымен материалды-техникалық жүйені модернизациялауға бағытталған шаралар жүргізілуде. Пилотты тәжірибелер жүргізу орталықтары, дуалды жүйе бойынша профессионалды біліктілікті арттыру, өндіріспен бірлесіп жаңа кәсіби стандарттар құрастырылуда.

Еңбек нарығында ЖОО-ң түлектерінің бәсекелестікке қабілеттілігінің жоғарылауы, сол ЖОО-ы ұсынып отырған оқу бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігі жоғары болуына әкеледі. Өз алдында ЖОО-ң әлемдік рейтингте жоғары көрінуі еңбек нарығындағы сұранысына ықпал ететіні сөзсіз.

Сондықтан, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық рейтингте кезекті сатыға көтеріліп, Орталық Азия аймағы мен Қазақстан жоғары оқу орындары арасында алғашқы болып әлемнің 250 үздік университеті қатарына енуі, түлектеріміздің бәсекеге қабілетті болуына талап қояды.

Бұндай талапты факультетімізде білім алып жатқан жастарда қолдап, МИИДБ бойынша білім алып жатқан магистранттар еліміздің дамуына өз үлестерін қосады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кирилук О. Управление конкурентоспособностью выпускника вуза в современных условиях

2. Шилова М. И., Белых И. Л. Формирование конкурентно саособности выпускников ВУЗа // Вестник ТГПУ, №4, 2010.
3. Информация по ГПИИР РК на 2015-2019 годы
4. <http://dep-strateg.mid.gov.kz/ru/pages/informaciya-po-gpiir-rk-na-2015-2019-gody>

Мұхатова О.Х., Жакупова Г.Т.
АРХИВТАНУШЫ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ҚОС ДИПЛОМ

Жаһанданудың етек алуына байланысты әлемдегі өзгерістерден, жаңа технологиялардан, білім берудегі соны тәсілдерден тысқары болудың мүмкін еместігін уақыттың өзі дәйектеп отыр. Оның үстіне бұрынғысынша білім беру экономиканы тежейтін тетіктердің бірі екендігіне көз жеткізіп келеміз. Мемлекетіміздің басты стратегиялық бағыты мейлінше бәсекелестікке бейім 50 елдің қатарына қосылу екендігі баршаға мәлім. Дамыған елдердің қатарына қосылудың басты шарттарының әрі талаптарының бірі - бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлау. Осы бағытта әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тәжірибесі өзгелерге үлгі-өнеге боларлықтай. Халықаралық деңгейге көтеріліп келе жатқан университет үш сатылы білім беру жүйесін сәтті меңгеріп, екі жүзге жуық мамандық бойынша мамандар дайындайды. Солардың арасында архивист мамандар даярлаудағы бірегей оқу орны болып табылады. «Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы білім беру, мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдарда, мәдени-әлеуметтік салаларда, мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттарда, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және жоғарғы оқу орындарында құжаттамамен қамтамасыз етуді басқару қызметіне қажетті жоғары білікті мамандарды дайындауға бағытталған. Бағдарламаның мақсаты - мұрағаттану, құжаттану және археография салаларына қажетті мұрағаттанудың, құжаттанудың және құжаттаманы басқарудың теориялық мәселелерін талдау және тарихи деректерді жариялау, теориялық, методологиялық, тәжірибелік деңгейлерде зерттеу жүргізе алатын, кәсіби қызмет саласында отандық, шет елдік озық тәжірибені меңгерген, құжаттармен жұмысты реттеуді ұйымдастыратын жергілікті нормативтік актілерді, құжаттық ақпараттың жіктемесін, мұрағат құжаттарын жинақ ретінде жарияланымға дайындауға қатысу қабілеті бар мамандарды даярлау болып табылады. 5B051500 – «Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша бакалаврларды дайындау 2010 жылдың 3 ақпанындағы бері АБ № 0137355 лицензиясы бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беріліп, лицензияға қосымшаға сәйкес (2010 жылдың 2 шілдесіндегі № 0110952 бұйрық) мамандық жылдың 3 наурызында (№ 643) Қазақстан Республикасының кәсіби білім беру Классификаторына енгізілді. Осы жылы мамандықтың кредитті технология бойынша білім берудің алғашқы сатысының мемлекеттік стандарты бекітілді [1].

6M051500 – «Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша магистрлерді дайындау 2010 жылдың 3 ақпанындағы бері АБ № 0137355 (АА № 0000001 22 қаңтар 2002 ж.), лицензиясы бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық берілді. Лицензияға қосымшаға сәйкес 2010 жылдың 2 маусымындағы ҚР БЖҒМ 2010 жылдың 3 наурызында № 924 бұйрығына сәйкес мамандық бойынша магистр мамандар даярлаудың ҚР МЖБС 7.09.066 - 2010. С стандарты бекітілді [2]. Содан бері ҚазҰУ-дың мамандық бойынша негізгі оқу жұмыс жоспарына сәйкес бакалаврлар [3] мен магистрлер дайындалып келеді [4]. Осы аралықта 17 бакалавр және 58 магистер диплом алып шықты. Түлектердің арасында оннан астамы ҚР Президенті архивінде, алтауы және магистранттардың бірқатары ҚР Орталық мемлекеттік архивінде қызмет етеді. 2016-2017 оқу жылында бакалавриатта 145, магистратурада 13 магистрант білім алуда.

Терең білімді, жоғары білікті мамандар дайындауда бірқатар реформалардың қажет екендігін республиканың қазіргі білім саласындағы жағдайы көрсетіп берді. Оның үстіне жаһандану үрдістері етек алған тұста, халықаралық деңгейге жетуге қол созған кезде білім берудегі жаңалықтар көкейкесті бола түседі. Білім саласын заманауи талаптарына сәйкес жетілдіруде оқытудың инновациялық тәсілдері ғана емес қос диплом беруді ұстанудың маңызы арта түседі. Сондықтан да әлемнің дамыған елдерінің қатарында қадам басу үшін тың тәжірибеден құр алақан қалмау жағы ҚазҰУ-да ұтымды жолға қойылған. Бәсекелестікке қабілетті архивтанушыларды даярлауда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ көрші Ресей Федерациясындағы алдыңғы қатарлы оқу орыны – Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетімен 2016 жылдың мамыр бірлескен магистрлік бағдарламасының жүргізілуі туралы қосымша келісімге қол қойды [5]. Мұндай межеге қол жеткізу үшін оқытушылар РМГУ-ге арнайы іс сапармен барды. Келісім мақсаты «Архивтану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» және «Құжаттану және архивтану» мамандықтарының «Басқармалардағы және архивтердегі электронды құжаттармен жұмыс істеудің теориясы мен тәжірибесі» бағыты бойынша тараптар бірлесе отырып және университеттердің өкілетті құрылымдарымен мақұлданған халықаралық магистрлік бағдарламаны іске асыру болып табылады. Халықаралық магистрлік бағдарламасымен оқуды толықтай және сәтті аяқтаған магистранттар мемлекеттік үлгідегі қос дипломға ие болады:

- ҚазҰУ-дың «Архивтану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» оқу бағдарламасы, «Басқармалардағы және архивтердегі электронды құжаттармен жұмыс істеудің теориясы мен тәжірибесі» бағыты бойынша магистр біліктілігін (дәрежесін) алу жөніндегі диплом.

- РМГУ-дің «Құжаттану және архивтану» бағыты, «Басқармалардағы және архивтердегі электронды құжаттармен жұмыс істеудің теориясы мен тәжірибесі» білім беру бағдарламасы бойынша магистр біліктілігін

(дәрежесін) алу жөніндегі диплом. Халықаралық магистрлік бағдарламасын РМГУ-дің тарихи-архив факультеті және ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультеті жүзеге асырады.

Ынтымақтастық туралы келісімге қосымша бірнеше құжаттар дайындалды. Құжатта: «Басқармалардағы және архивтердегі электронды құжаттармен жұмыс істеудің теориясы мен тәжірибесі» мамандығы бойынша бірлескен халықаралық магистрлік бағдарлама бойынша магистрлерді дайындаудың оқу жоспарлары екі оқу орындарында «Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының білім беру стандарттарына» бірлескен магистрлік бағдарлама бойынша қосымша сабақтарға негізделген. Магистрлік бағдарламаның құрылымы РМГУ-де және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да төрт семестрге бөлінген.

«Басқармалардағы және архивтердегі электронды құжаттармен жұмыс істеудің теориясы мен тәжірибесі» магистрлік бағдарламасының оқу жоспарлары негізінде бірлескен магистрлік бағдарлама бойынша ережелердің қойылатындығы анықталған. Мәселен, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің Құжаттану және технотронды архивтер факультетінің магистранттары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да үшінші семестрде тарих, археология және этнология факультетінде 6M051500 – Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамсыз ету» мамандығы бойынша оқиды және негізгі оқу жоспары бойынша «Басқармалардағы және архивтердегі электронды құжаттармен жұмыс істеудің теориясы мен тәжірибесі» Жеке білім беру траекториясын таңдайды.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранттары РМГУ-де Құжаттану және технотронды архивтер факультетінде 46.04.02 Құжаттану және архивтану бағыты «Басқармалардағы және архивтердегі электронды құжаттармен жұмыс істеудің теориясы мен тәжірибесі» мамандығы бойынша үшінші семестрде оқиды. Оларға жұмыс жоспарына сәйкес үшінші семестрде оқытылатын курстар қарастырылады.

Магистранттар өздерінің зерттеу тақырыптары және жобаларының нәтижелеріне сәйкес серіктес жоғары оқу орындарында магистрлік диссертациясын дайындау үшін тағлымдамадан өтеді. Сондай-ақ мамандық бойынша бірлескен халықаралық магистрлік бағдарлама шеңберінде білім алудың соңында магистранттар бітіруші біліктілік жұмыстарын (магистрлік диссертация) Магистрлік диссертацияларының тақырыбы тараптардың келісімімен бекітіледі [7]. Диссертациялық жұмысқа жетекшілік Тараптармен бірлесе отырып жүргізіледі. Қорытынды аттестациядан өткен, магистратураның кәсіби оқу бағдарламасын меңгергендігін бекіткен және магистрлік диссертацияны көпшілік алдында қорғаған магистрантқа серіктес жоғары оқу орындарының МАК шешімімен «Басқармалардағы және архивтердегі электронды құжаттармен жұмыс істеудің теориясы мен тәжірибесі» мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесі және Ресей Федерациясының және Қазақстан Республикасының мемлекеттік үлгідегі дипломы беріледі.

Білім берудегі ынтымақтастық шеңберінде аталмыш мамандық бойынша негізгі оқу жұмыс жоспарының үшінші семестріне өзгерістер енгізілді. Себебі екіжақты тараптар магистранттарды оқуға жіберу үшінші семестрде жүзеге асырылады, яғни үшінші семестрде магистрант РМГУ-де немесе ҚазҰУ-да бағдарламаға сәйкес білім алады. Бұл мәселелер қосымша келісім-шарттарда жан-жақты көрсетілген. Өзгерістер РМГУ-дің «Құжаттану және технотронды архивтер» деп аталатын факультетінің «Басқармалардағы және архивтердегі электронды құжаттармен жұмыс істеудің теориясы мен тәжірибесі» магистрлік бағдарламасының оқу жоспарлары негізінде жасалды [6]. Осыған орай магистратураның негізгі оқу жұмыс жоспарына «Электронды құжаттардың археографиясы», «Электронды үкіметті құжаттамалық коммуникациямен басқару», «Электронды аудиовизуалды құжаттармен жұмыс істеуді ұйымдастыру», «Электронды құжаттардың архивтануы: мәселенің тарихнамасы және теориясы» атта жаңа пәндер енгізілді. Пәндерді теориялық тұрғыда оқып-үйренумен қатар алған білімді тәжірибеде шыңдау міндеті де магистрлік бағдарламадан көрініс тапқан. Өйткені елдің үдемелі инновациялық индустрияландыруын, жаңа технологияларын, сәтті шағын және орта бизнесін өркендету үшін бір ғана білім деңгейі жеткіліксіз. Үйрену үшін білім алушыға теорияны тәжірибемен ұштастыру қажеттілігі туындайды. Ұзақ жылдар бойы жастарға білім берсе болғаны, білімді маман қызмет орнында жетіліп, өседі деген қағида орныққан. Осындай түсініктің нәтижесінде елде дипломды азаматтар көбейді, алайда экономика мен әлеуметтік қызмет көрсету салалары іргелі білімді тәжірибемен ұштастырған мамандарға зәру болып қалды. Арнайы мамандардың тапшылығы архивтерде де байқалады. Оқу тәжірибесі кезінде студенттер академиялық типтегі оқу-танымдық қызметті меңгеріп, маман ретіндегі әрекеттері қалыптасып, теориялық мәселелер талқыланады. Өндірістік білім практикада алушы маман ретінде кәсіби қызмет тәжірибесін жинақтайды. Ал диплом алды тәжірибеде белгілі бір ұйымның қызметі туралы көзқарастар қалыптасып, бітіруші оның тиімділігін арттыруға байланысты ұсыныстар жасайды. Негізінен оқу, өндірістік, диплом алды практикаларын Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік, Қазақстан Республикасының Президенті, ҚР Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар, Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ведомстволық архивтерінде өткізіледі. Соңғы жылдары тәжірибелер базаларының қатары көбейіп келеді. 2016-2017 оқу жылында дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының жанынан «Архивтану және құжаттану» ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік Орталығы ашылды. Орталықты құрудың басты мақсаты құжаттану және архив ісі салаларындағы ғылыми, ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды реттеу, қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындау, осы іске профессор-оқытушы құрамын, докторанттарды, магистранттарды, студенттерді тарту болып табылады. Сонымен қатар орталықтың ауқымында «Жас архивист» клубы құрылып, архивист,

құжаттанушы мамандар дайындауға өз үлесін қосып келеді. Клубта оқу-ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-мәдени шаралары өткізіледі.

Білім беру мен мамандар даярлаудағы интеграциялық байланыстарды жүзеге асырудың ауқымында «Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығының магистранттары шет елдік ғылыми-зерттеу тәжірибелерін РМГУ-де өткізе бастады. Үстіміздегі жылдың өзінде 4 магистрант Мәскеуге сапарға шығып, тәжірибелерін сәтті өткізді. Мәскеу қаласының әртүрлі салалары бойынша архивтерінің құрылымымен және қызметімен танысуда өз білімдерін көзбен көру арқылы тереңдетіп, молайтты. Сонымен қатар кітапханаларында, соның ішінде РМГУ-дің кітапханасында магистрлік диссертация тақырыбы бойынша материалдар жинақтады. Ғалымдардың, профессор-оқытушылардың дәрістеріне қатысып, жекелеген пәндер бойынша білімдерін молайтты. РМГУ-дің тарих-архив институтының зертханалары мен ғылыми орталықтарының зерттеулері, ғылыми мүмкіндіктері туралы мәлімет алды.

Тағы бір жайт, ҚазҰУ-дың профессор-оқытушылары құрамы РМГУ-нің ғылыми басылымдарында еңбектерін жариялай бастады. Мәселен, «Делопроизводство» [8], «Вестник РГГУ», «Вестник архивиста» деген журналдарда ҚазҰУ ғалым-тарихшыларының, архивистерінің мақалалары жарық көрді. РМГУ-де өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жұмыстарына қатысып, баяндама жасау дәстүрге айналып келеді [9]. РМГУ-дің Ресей Федерациясына белгілі архивист ғалымдарын ҚазҰУ-ға дәріс оқу үшін шақыру мәселелері де қарастырылуда.

РМГУ «Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығын қажетті ғылыми әдебиеттермен және оқу, оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етуде база ретінде саналады. Кеңестік кезеңде архивтану және құжаттану мамандығы бойынша ғылыми орталыққа айналған РМГУ-дің бұл салада жинақтаған тәжірибесі мол болғандықтан қажетті кітаптар Мәскеуде жарияланады. Сол әдебиеттер сапалы білім алуға септесетіндігі даусыз. ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» баспа үйінен жарық көретін ғылыми, оқу әдебиеттері дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының мамандар әлеуетінің зияткерлік базасы мен қажыр-қайратының арқасында жарық көреді. Дегенмен білім алушылар үшін зәру басылымдар соңғы уақыттарда Қазақстан Республикасы Президенті архиві, ҚР Орталық мемлекеттік архивінің қызметкерлерімен бірлесе отырып дайындау қолға алынууда.

Осылайша архививтанушы және құжаттанушы мамандар даярлауда алпауыт көрші мемлекетпен білім беру саласында өзара ынтымақтастықтағы байланыстар орнатылып, нығайып келеді. Болашақта осындай қос диплом беру шеңберіндегі интеграциялық байланыстардың ауқымы кеңейетіндігі сөзсіз, өйткені бұл бағытта ҚазҰУ-да барлық жағдайлар жасалған.

Әдебиеттер тізімі:

1. 5B051500 – Мұрағаттану, құжатты жүргізу және құжаттаманы қамтамасыз ету мамандығының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 6.08.024-2009.
2. 6M051500 – Мұрағаттану, құжатты жүргізу және құжаттаманы қамтамасыз ету мамандығының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 7.09.066 - 2010.
3. 5B051500 – Мұрағаттану, құжатты жүргізу және құжаттаманы қамтамасыз ету мамандығы бойынша бакалавриаттың негізгі оқу жоспары. – А: Қазақ университеті, 2015.
4. 5M051500 – Мұрағаттану, құжатты жүргізу және құжаттаманы қамтамасыз ету мамандығы бойынша магистратураның негізгі оқу жоспары. – А: Қазақ университеті, 2015.
5. «Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті жоғарғы кәсіби білім берудің федералды мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы) мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) арасындағы бірлескен магистрлік бағдарламасының жүргізілуі туралы №1 Қосымша келісім.
6. Ынтымақтастық туралы келісімге 1 қосымша (Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті (Мәскеу, Ресей) және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан Республикасы) арасындағы бірлескен оқу жоспары).
7. Ынтымақтастық туралы келісімге 2 қосымша (Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті (Мәскеу, Ресей) және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан Республикасы) арасындағы магистрлік диссертацияларды бекіту және Мемлекеттік аттестациялық комиссияның жұмыс шарттары).
8. Мухатова О.Х. Зарождение делопроизводства в Казахстане// Делопроизводство. – 2016. -№2. – С.91-93.
9. Мухатова О.Х., Жакупова Г.Т. Современная историография казахстанской государственности// Российская государственность в конце XX-начале XXI века. Материалы научно-практической конференции с международным участием. Москва, 24 марта 2016г. – М: «Спутник», 2016. – С.225-230.

Мұхатова О.Х.

ТАРИХНАМАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДА БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ҰШТАСТЫРУ

Қазақстан тарихының тарихнамасы еліміздің тарихы бойынша объективті білім қалыптастыруға, отандық тарих ғылымын дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстан тарихнамасының ежелгі дәуір мен орта ғасырлардағы тарих жазу,

жаңа және қазіргі замандағы тарихты зерттеудің бағыттарын, жолдарын оқып-үйрететін кәсіптендіру пәні ретіндегі маңызы зор. Бәсекелестікке қабілетті кәсіби тарихшыларды даярлауда міндетті кәсіптендіру пәндерінің бірінен саналады. Пәнді оқып-үйренуде ең алдымен оның нысаны мен пәнін ажырата білу маңызды. Қазақстан тарихы тарихнамасының нысаны ол - Отан тарихының жекелеген дәуірлері мен кезеңдері, сатыларындағы тарихи оқиғалар мен үдерістерді зерттеуге арналған еңбектер, яғни тарихнамалық деректер. Ал Қазақстан тарихының тарихнамасының пәні болып тарихнамалық деректерді тарихнамалық тұрғыда зерттеу саналады.

Тарихнамалық деректер деп тарихнама пәні бойынша анықталатын және тарих ғылымындағы үрдістер туралы, оның жай-күйінен ақпарат беретін тарихи деректер аталады. Олар тарихнамалық заңдылықтардың пайда болуын және дамуын орнықтыру үшін тарихнамалық фактілермен қатар қолданылады. Мұндай пайымдау үшжақты ұғымға; тарихнама пәнінің түсінігіне, тарихнамалық фактінің сипатына, тарихнамалық деректі ұғындыруың қолданысына негізделеді. Тарихшының еңбектері ең басты тарихнамалық деректер болып табылады. Тарихнамалық деректерге монографиялар, ғылыми мақалалар, диссертациялар, мерзімді және мерзімді емес басылымдар, жарияланбаған мұрағат құжаттары мен материалдары, дәрістер курсының мәтіндері, жарияланбаған қолжазбалардың бастапқы нұсқалары, күнделіктер, заманхаттар, өмірбаяндар, сауалнамалар, хаттар, оқу бағдарламалары және тарихнама бойынша оқылған курстардың есебі жатқызылады.

Тарихнамалық деректерді қалыптастыру ұзақ уақыттарға созылған үдеріс болды. Адамзат жазуды пайдаланғанға дейінгі кезеңде тарихи білімнің кейбір белгілері ауыз әдебиеті үлгілерінде ұрпақтан ұрпаққа жеткен аңыз, әңгімелерде, шежірелерде сақталып келді. Онан кейін тарихи таным белгілері көне жазба ескерткіштерінде көрініс таба бастады. Адамзат өзінің өткеніне үлкен мән беріп, одан тағлым, сабақ алу мақсаттарында бастан кешірген оқиғалар мен түрлі жайттарды әр алуан жазу құралдарының беттеріне, ал қағаз пайда болғаннан кейін хатқа түсіруге мүдделі болған. Ал жазуы жүйелі түрде дамымаған халықтар тарихты ауызша айтуды қалыптастырды. Тарихи оқиғалар түрлі сипатта, мемлекеттердегі өзіндік саяси ұстанымдарға, белгілі бір көзқарастарға, идеологияларға байланысты баяндалып отырылды. Ежелгі дәуірде тарихи оқиғалар мен үдерістерді сипаттауда діннің рөлі айтарлықтай еді. Осыған орай көне замандардағы жазбаларда тарихи баяндар «құдайдың еркімен» жүрген құбылыстар ретінде жазылған. Бірте-бірте тарихты танудың анағұрлым жетілдірілген жолдары қалыптаса бастады. Арнайы тарихи еңбектер жазылып, оларда тарихи фактілер жалаң әрі хронологиялық тұрғыда баяндау дәстүрі кеңінен орын алды. Сонымен қатар қоғамның саяси және мәдени өмірі қамтылған анағұрлым жетілдірілген тарихи шығармалар дайындалды. Орта ғасырларда өз көздерімен көрген оқиғаларға негізделген еңбектер жазылды. Тарихи ой білімге ұласты, тарих бойынша іргелі зерттеулер дүниеге келді. Архив құжаттары сыни талдаулар мен сараптамалардан өткізіліп, түрлі тақырыптар бойынша жинақ түрінде көптеген том болып жарияланды. XX ғасырда тарихнамалық деректердің түрлері көбее түссе, XXI ғасырдың бас кезінде олардың маңызы айқындалды. Осылайша тарихнамалық дерек ұғымының ұғымның пайда болғандығына екі ғасырдан астам уақыт өтті. Алайда олар тұрасында арнайы зерттеулер жүргізіліп, тарихнамалық деректердің түрін түстеп, аттарын атап, жіктеп, түсініктеме берген еңбектер көптеп жазыла қоймады. Десек те, тарихнамалық деректерге қатысты кейбір ой - пікірлер М.В.Нечкинаның [1], И.Д.Ковальченконың [2], А.М.Сахаровтың [3], Л.Н.Пушкаревтің [4], Н.Н.Масловтың [5], С.О.Шмидтің [6], В.П.Наумовтың, М.С.Волиннің, В.В.Ивановтың, М.А.Варшавчиктің [7] еңбектерінен көрініс тапты. Бұл зерттеулерде тарихнамалық деректер ұғымы нақтыландырылды.

Тарихнамалық деректі пайдаланудың жолдары туралы мәселе өзекті болып саналады. Оның үстіне бұл мәселе ғылыми әдебиеттерден толық көрініс таппаған. «Тарихнамашы, - деп жазды А.И.Данилов: «тарих ғылымында пайда болған әрбір жаңа бағыт тек тарихи шынайылықты тың идеялық методологиялық принциптер негізінде қарастыруға ғана емес, сондай - ақ соны деректанулық тәсілдерді шығаруға, тарихи құжаттарды талдаудың тартымды әдістемесін қалыптастыруға жол ашатындығын түсінеді» [8]. Тарихнамалық дерекпен жұмыс істеу үдерісі тарих деректі ғылыми айналымға түсірудегі күрделі үрдіске сәйкес келеді. В.О.Ключевский «Комментарийлерінде» деректану бойынша дәрістер курсына: «...дерекке салынған тарихи материал бірден алынбайды, оны біртіндеп тауысу үшін деректі түсініп, керексізден керектіні бөліп шығару қажет. Бұл үшін оны алдын-ала сұрыптап, тазалап, зерттеп, оған мағлұмат беру керек» [9], - деп атап көрсеткен. Тарихнамалық дерекке қатысты түсіндіру жұмысының сатылары да осыған ұқсас келеді. Ол сатылар мыналардан тұрады: деректі іздеп табу және таңдап алған тақырыпқа, зерттеудің нақты міндеттеріне байланысты тарихнамалық деректің шынайылығын айқындау; деректерді талдау және сыни баға беру; барлық деректер кешеніне олардың арасында байланыс орнату мақсатында синтездік талдау жасау.

Бакалавриатта «Қазақстан тарихының тарихнамасы» және магистратурада «Тарихнаманың және деректанудың теориялық-методологиялық мәселелері» базалық, сонымен қатар «Тарихнамалық зерттеу үлгілері» элективті пәндері бойынша семинар сабақтарында, студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ), магистранттардың өзіндік жұмыстарында (МӨЖ) тарихнамалық деректермен жұмыс жасау қажеттілігі туындайды. Алайда тарихнамалық деректермен жұмыстың әдіс-тәсілдерін меңгермей оны жүргізу мүмкін еместігін оқу үдерісі көрсетіп келеді. Сондықтан да мұндай тапсырмаларды бермес бұрын оқытушының өзі және оны орындайтын білім алушы тарихнамалық деректермен жұмыстың әдістемесімен танысқаны жөн.

Тарихнамалық деректермен жұмыс оның ұғымын ашудан басталады. Тарихнамалық дерек деп тарихнама пәні бойынша анықталатын және тарих ғылымындағы үрдістер туралы, оның жай - күйінен ақпарат беретін тарихи

деректер саналады. Олар тарихнамалық заңдылықтардың пайда болуын және дамуын орнықтыру үшін тарихнамалық фактілермен қатар қолданылады. Мұндай пайымдау үш жақты ұғымға: тарихнама пәнінің түсінігіне, тарихнамалық фактінің сипатына, тарихнамалық деректі ұғындыруың қолданысына негізделеді [10]. Осындай біртұтас ауқымдағы тарихнамалық құбылыстар тарихнамалық деректердің мазмұнын ашуға септеседі. Осы орайда кез-келген пәнді оқып-үйренуде оның терминологиялық аппаратын меңгеруді білім алушының құзыреттіліктерінің бірі ретінде қойып, оған үнемі назар аударып отыру қажет. Жалпы тарихнама пәндері бойынша негізгі ұғымдар мен түсініктердің мәнін айқындап, мазмұнын ашу тарихнамалық зерттеулерді ғылым талаптарына сәйкес жүргізуге мүмкіндіктер тудырады. Ұғымдар мен түсініктер ашылмай қалатын болса, онда ол білім алушыларды да және зерттеушілерді қателіктерге ұрындырады.

Тарихнамалық деректермен жұмыс оны іздеп табу және таңдап алған тақырыпқа және оның мақсат-міндеттеріне сәйкес библиография құрастырумен жалғасады. Тарихнамалық деректі таңдап алу ғылымның өзіндік ерекшеліктері көрсеткендей, кездейсоқ жасалмайды. Ол білім кешенінің негізінде жүргізіледі. Бұл оңай ізденіс емес, үнемі және тұрақты түрде жүргізілетін жұмыс. Себебі тарихнамалық зерттеудің библиографиясы «кашық тұрады», яғни ол үнемі жаңа әдебиеттермен толықтырылып отырады [11]. Білім алушыны библиография құрастырудың тәсілдерімен таныстырып, өз бетімен ізденіс жүргізуге үйрету аса маңызды, өйткені қазіргі білім беру оқыту емес үйретуге негізделген. Тарихнамалық деректерді іздеп табуды кітапханалардың каталогтарынан бастаған абзал. Осы орайда білім алушы өзінің жадында каталогтардың түрлері туралы білімді қалыптастыруы тиіс. Каталогтармен немесе электронды каталогтармен, медиатекалармен дұрыс жұмыс жасай алу дағдысын қалыптастыру оқытушыға да, білім алушыға да тікелей байланысты. Көптеген деректер табылғаннан кейін тарихнамалық сұрыптаудың негізіне зерттелуге тиіс тақырып бойынша қажетті деректер кешені қалыптастырылады. Деректер кешенінің ішінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының ауқымындағы тарихи білімнің қалыптасуын зерттеуге мүмкіндік беретін деректер аса құнды болып саналады. Тарихнаманың әртүрлі даму кезеңдеріндегі тарихнамалық деректер өзіндік құндылықтарға ие.

Тарихнамалық деректермен жұмыс жасаудың үшінші сатысы - тарихнамалық деректің түрін анықтау дағдысын қалыптастыру. Білім алушының кез-келген тарихнамалық деректің түрін анықтап қана қоймай оның пайда болуы, жері, уақыты, авторы, қысқаша мазмұны туралы ой айта білу қабілеті болуы шарт. Бұны тарихнамалық шолу немесе сипаттама деп атайды. Оқытушы тарихнамалық шолу жасауды үнемі талап етіп отыруы қажет. Тәжірибе көрсеткендей, студенттер мен магистранттардың көпшілігі мұндай дағдыны қалыптастырмаған. Себебі оған мән бере бермейді, оның үстіне өздері оқыған ғылыми әдебиетті тек қажетті ақпарат көзі ретінде санайды. Ғылыми зерттеулер дайындауда одан барынша мәлімет алады, сілтеме жасайды. Одан арғысына назар аудара бермейді. Дегенмен де тек тарихнама пәндері арқылы ғана емес кез-келген курсты оқытуда білім алушының тарихнамалық деректерге жігіт мән беруін қадағалау қажет. Ол бір жағынан белгілі бір пән бойынша қажетті ғылыми әдебиеттер туралы білім қалыптастыруға септесе, екінші жағынан онымен жұмыс жасаудың әдістерін меңгеруге жол ашады. Онымен қатар тарихнамалық шолуды сәтті жасай алатын білім алушы тарихнамалық деректерді сыныптауды меңгереді.

Тарихнама ғылымында деректерді сыныптау мен жүйелеу мәселесі де өзекті болып табылады. Тарихнамалық деректерді дайындауда және оларды зерттеуде, пайдалануда жүйелеу елеулі рөл атқарады. Тарихнама ғылымының өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтарына байланысты деректердің түрлері басқаша болып келеді, осыған орай оларды әлеуметтік шығу тегіне, авторына, түрлеріне қарай сыныптауға болады. Осы тұрасында тарихнама ғылым саласында деректанулық тарихнама туралы мәселеле қозғалуы тиіс. Енді сол деректанулық тарихнаманың анықтамасын берейік. Деректанулық тарихнама – бір немесе бір топ деректермен жұмыс жасаған зерттеушілерді анықтау мақсатын қоятын деректанулық зерттеудің бөлігі және олардың қызметінің қысқаша сипаттамасы. Мәселен, зерттеушілердің деректі сипаттауы, назардан тыс қалдырғандары, жаңадан қосқандары, ғылымға қосқан үлестерінің өзектілігі, бір сөзбен айтқанда дерекпен жұмыс жасаған барлық зерттеушілердің мәнді сыны. Деректанулық тарихнаманың ерекшелігі сол, онда тарихнамалық деректер талданады, алайда олардың мерзімдік шегі тарихнамалық деректануға қарағанда анағұрлым кең болады [12]. Осы орайда айта кетерлік бір жайт, тарихнамалық пәндерді оқытуда оқытушы үнемі жаңа әдістермен қатар тың теорияларды, тұжырымдамаларды, бағыттарды оқып-үйреніп, білім алушыларды да соларды тиімді пайдалануға үйретіп отыруы қажет.

Жұмыстың төртінші сатысы тарихнамалық деректің мазмұнын түсіну және онда қарастырылған негізгі мәселелерді анықтау дағдысын қалыптастыруға бағытталады. Ғылыми зерттеудің мазмұнын анықтау мен түсіну оның қысқаша аннотациясын оқумен шектелмеуі тиіс. Білім алушы оның мазмұнымен толық танысуы қажет. Сонда ғана онымен жұмыстың келесі сатыларына көшу, ал ең бастысы тарихнамалық фактіні іздеп табу, түсіну, талдау жеңіл жүргізіледі.

Тарихнамалық деректің деректік базасын талдау онымен жұмыс жасауды анағұрлым жеңілдететін үдеріс болып саналады. Бәсекелестікке қабілетті тарихшы немесе архивист маман кез келген ғылыми зерттеудің деректік негіздерін анықтай алуы тиіс. Бұл бір жағынан өзінің диплом жұмысының немес магистерлік диссертациясының деректік базасын қалыптастыруға үйретсе, екінші жағынан тарихнамалық деректерге сыныптау жүргізуді меңгеруге жол ашады. Осы сатысы нәтижелі жүргізілсе, онда білім алушы зерттеудің деректік негіздерін анықтауды және ғылыми айналымға түсірілген деректердің кешенін талдауды меңгереді.

Тарихнамалық дерекпен жұмыс ары қарай зерттеудің нақты міндеттеріне байланысты тарихнамалық деректің шынайылығын айқындау машығын қалыптастыру арқылы жалғасады. Мұны шартты түрде жұмыстың алтыншы сатысы деп атауға болады. Бұл ретте білім алушының бойында деректерді талдау және сыни баға беру қабілетін қалыптастыру қажет. Оқытушы осы тұрасында өзінің дәрістерінде тарихнамалық деректі талдаудың және баға берудің өлшемдері туралы білім беруі қажет.

Тарихнама ғылымының методологиялық даму деңгейі деректерді талдаудың және баға берудің мынадай критерийлерін ұсынады: тарихнамалық дерек тақырыбының өзектілігі, деректік базасының молдығы, ғылыми ақпаратының шынайылығы және көлемі, тарихи тұжырымдамалардың тарихнамалық үдерістердегі орны, тарих ғылымы мен тарихнаманың алдында тұрған өзекті мәселелерді шешуге үлес қосуы [13]. Бұл критерийлер ғылым дамуындағы тарихнамалық деректердің атқаратын объективті рөлімен тығыз байланысты.

Семинар сабағында білім алушыларды тарихнамалық деректермен жұмыс жасай алу машығын қалыптастыруға баса назар аударған жөн, себебі СӨЖ-де немесе МӨЖ-де оны орындау қиынға соғады әрі қателіктерге жол беріледі. Білім алушыға тарихнамалық деректі таңдау құқығы беріледі. Дәрісте көрсетілген бағыттарға байланысты олар деректі талдауды үйде дайындап, сабақ үдерісінде өз тұжырымдарын баяндайды. Көпжылдық тәжірибе көрсеткендей, білім алушылар деректі талдау дағдысын бойларына сіңіре алмаған, өйткені жалпы талдау дегеннің өзін меңгермеген. Соның салдарынан талдауды және оны өз қағидалары бойынша жүргізуді көпшілігі меңгермеген күйде қалдыра береді.

Тарихнамалық дерекпен жұмыстың келесі жетінші сатысы - барлық деректер кешеніне олардың арасында байланыс орнату мақсатында синтездік талдау жасау [14] және сол арқылы белгілі бірнеше тарихнамалық деректермен бір уақытта жұмыс жасауға машыктану мәселесі туындайды. Тарихнаманың ерекшелігі зерттеуші бір ғана дерекпен жұмыс жасамайды, оған ең аз дегенде 5-6 дерекпен танысуға тура келеді. Сондықтан да әр түрлі кезеңдерде жарық көрген деректердің ортақ тұжырымдарын анықтаудың маңызы зор.

Деректі пайдалана білу және оның бойында сақталған тарихнамалық фактілерді ғылыми айналымға түсіре алу дағдысын қалыптастыру дерекпен жұмыс жасаудың сегізінші сатысы болып табылады. Тарихнамалық фактімен жұмыс жасау - өз алдына бөлек әрі күрделі мәселе. Дегенмен оны түсіну және зерттеу тақырыбына сәйкес пайдалана алу білім алушыға үнемі қажет, сондықтан да ол мұны дағдыға айналдыруы тиіс. Ол үшін деректің мазмұнын біліп қана қоймай, автордың түйіндеген тұжырымдарын көре алуы қажет. Сол тұжырымдарды өзге де тұжырымдармен салыстыра алу қабілеті де болғаны абзал. Бұл дерек авторының өзі қарастырған мәселе бойынша қол жеткізген жетістіктерін және назарынан тыс қалдырған тұстарын ашуға мүкіндік тудырады.

Тоғызыншы саты – тарихнамалық деректегі зерттелмеген мәселелерді анықтау және сол арқылы деректі терең әрі жан-жақты талдау дағдысына қол жеткізу. Ол үшін бір тарихнамалық деректі екіншісімен салыстыру қажет, сонымен қатар тарих ғылымында орын алған тұжырымдармен параллель қарастырса мәселенің зерттелмеген тұстары анықталады. Алайда бұл - бірден қалыптасатын дағды емес, ол үнемі тынбай еңбек етіп, тарихнамалық деректермен танысуды, олардағы тарихнамалық фактілерді анықтауды қажет ететін ұзақ әрі күрделі ізденіс.

Оныншы саты - тарихшының ғылым дамуына қосқан үлесіне баға беру. Бұл түйіткілді мәселе, сондықтан да кез келген тарихнамалық деректің ғылым дамуы үшін маңызын айқындау күрделі болып саналады. Дерек құндылығын анықтау мақсатында оның мазмұныны терең біліп қана қоймай, ондағы тұжырымдарды, олардың ғылым дамуындағы өзгеруі немесе сақталуы үдерісін, басқа зерттеушілердің тұжырымдарымен салыстырғанда ерекшелігін білу қажет. Бұл жұмыс үнемі тарихнамалық деректерді оқып-үйреніп, фактілерді талдауды жүргізіп отыруды талап етеді. Сонымен қатар білім алушы түрлі тарихнамалық деректердің, атап айтсақ, ғылыми зерттеудің немесе заманхаттың, мерзімді басылым материалының және т.с.с. құндылығын анықтау машығын қалыптастыруы тиіс. Егер мұндай құзыреттілікті қалыптастыратын болса, онда ол оқу үдерісінің жетістігі болып табылады.

Айтылғандарды кесте түрінде көрсететін болсақ, ол мына төмендегідей.

Кесте 1. Тарихнамалық деректермен жұмыс жасаудың сатылары және олардың сипаттамасы

Тарихнамалық деректермен жұмыс жасаудың сатылары және білім алушылардың құзыреттіліктері				
1-саты	2-саты	3-саты	4-саты	5-саты
Тарихнамалық дерек ұғымын ашу. Тарихнаманың теориялық негіздері туралы білім жинақтау.	Тарихнамалық деректерді іздеп табу және таңдап алған тақырыпқа және оның мақсат-міндет-теріне сәйкес библиография құрастыру. Каталогтармен немесе электронды каталогтармен, медиатекалармен дұрыс	Тарихнамалық дерекке сипаттама жасау. Тарихнамалық деректің түрін анықтау және кез келген тарихнамалық деректі анықтау	Тарихнамалық деректі оқып-үйрену. Тарихнамалық деректің мазмұнын түсіну және онда қарастырылған негізгі	Тарихнамалық деректің деректік базасын талдау. Зерттеудің деректік негіздерін анықтауды және ғылыми айналымға түсірілген деректердің

	жұмыс жасай алу дағдысын қалыптастыру	дағдысын қалыптастыру.	мәселелерді анықтау.	кешенін талдауды меңгеру
6-саты	7-саты	8-саты	9-саты	10-саты
Деректерді талдау және баға беру. Тарихнамалық деректің шынайылығын айқындау және сыни көзқарас қалыптастыру машығын қалыптастыру. Деректің ұтымды тұстары мен кемшіліктерін анықтай алу қабілетін қалыптастыру	Барлық деректер кешеніне олардың ара-сында байланыс орнату мақсатында синтездік талдау жасау. Тарихнамалық деректерді жүйе-елеу және әртүрлі кезеңдерде пайда болған деректерге тән ортақ белгілерді айқындау қабілетін ұштау	Деректі пайдалана білу. Оның бойында сақталған тарихнамалық фактілерді ғылыми айналымға түсіруе алу дағдысын қалыптастыру	Тарихнамалық деректегі зерттелмеген мәселелерді анықтау және сол арқылы деректі терең әрі жан-жақты талдау дағдысына қол жеткізу	Тарихшының ғылым дамуына қосқан үлесіне баға беру. Тарихнамалық деректің ғылым дамуы үшін маңызын айқындауға машықтану

Кестеден көрінетіндей, тарихнамалық дерекпен жұмыс жасаудың әдістері және соларға сәйкес қалыптастырылуға тиіс құзыреттіліктер де бірқатар. Әдістерді дәрістерде, семинар сабақтарында пайдаланып, құзыреттіліктерге тағы да семинар сабақтарында, СӨЖ-де, МӨЖ-де қол жеткізуге болады. Көпжылдық тәжірибе көрсеткендей, білім алушылар құзыреттіліктердің бәрін бірдей қалыптастыра алмайды. Оның өзіндік себептері бар, олар туралы жоғарыда айтылды. Тарихнамалық пәндерді оқыту нәтижесіндегі құзыреттіліктер мына төмендегі кесте арқылы ықшамдап көрсетілген.

Кесте 2. Білім алушылардың деректермен жұмыс жасаудың нәтижесінде қалыптастырған құзыреттіліктерінің қорытындылары

Құзыреттіліктерді қалыптастырудың нәтижелері									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
бар	бар	бар	бар	жартылай бар	жоқ	жартылай бар	жоқ	жоқ	жартылай бар

Осылайша тарихнамалық дерекпен жұмыс жасаудың әдістемесін қарастырдық. Заманауи білім беруде білім алушының өзбетінше іденістеріне, өзіндік көзқарасына, сыни ойлауына назар аударылып жатқан тұста бұл мәселенің маңызы арта түседі. Бұл бір жағынан білім сапасын көтеруге септігін тигізсе, екінші жағынан болашақ маманның кәсіби қызметін өзбетінше жүргізуге жол ашады, үшінші жағынан

Әдебиеттер тізімі:

1. Нечкина М.В. История истории (некоторые методологические вопросы истории исторической науки – М., 1965.
2. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. - 2-изд. Доп. - М: «Наука», 2003.
3. Сахаров А.М. Методология истории и историографии. – М.1981.
4. Пушкарёв Л.Н. Определение, оптимизация и использование историографических источников// Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. - Калинин 1980. – С.102-122.
5. Маслов Н.Н. Некоторые актуальные вопросы методологии историографии истории КПСС. - М., 1983.
6. Шмидт С.О. Вопросы источниковедения и краеведения. – М., 2000.
7. Варшавчик М. А. Об источниках изучения историографии истории КПСС// Вопросы истории КПСС.1973. №11. – С.112-120.
8. Данилов А.И. Материалистическое понимание истории и методологические искания некоторых историков // Методологические и историографические вопросы исторической науки. – С.47-67.
9. Ключевский В.О. Сочинения. Т.6. – М., 2010. - С. 473-483.
10. Мұхатова О. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы: «Ата мұра», 2008.
11. Зевелев А.И. Историографические исследования: методологические аспекты. - М: Высшая школа, 1987.
12. Источниковедение. Учебное пособие. Ответственный редактор М.Ф. Румянцева. – М., 2015.
13. Мұхатова О. Тарихнама ғылымы: теориялық-методологиялық негіздері және үлгілері. - Алматы: Қазақ университеті, 2009.

Проведение занятий на высоком уровне – главная задача современного педагога. В эпоху информационного общества обновление информации и знаний происходит от 1,5/3 до 5 лет. Поэтому педагог постоянно занимается повышением своего педагогического, методического, профессионального, кураторского мастерства.

Известно, что рефлексивная деятельность любого профессионала может повысить производительность профессиональной деятельности человека и коллектива на 10-15 % [1, с. 157]. Поэтому в акмеологии развитие рефлексивной компетентности специалиста рассматривается как мощный потенциал развития человеческих ресурсов. Таким образом, формирование рефлексивной компетентности необходимо как педагогу, совершенствующему свое мастерство, так и будущему специалисту любой профессии. Преподаватель в профессиональной деятельности, кроме актуализации развития рефлексии для повышения мастерства, должен уделять внимание рефлексивным заданиям для студентов, чтобы формировать у будущего специалиста рефлексивную компетенцию.

Рефлексия – это отражение, система информативных обратных связей, которая играет большую роль в развитии личности, ее деятельности, общении, взаимодействиях. Рефлексия содержится в профессиональной, социальной, личностной компетентности.

Рефлексивная компетентность – это профессиональное свойство личности, проявляющееся в эффективном осуществлении рефлексивных процессов, реализации рефлексивных способностей, что ускоряет процессы личностно-профессионального развития, повышает креативность деятельности (Деркач А., 2003) [1, с. 156].

Структура рефлексивной компетентности по Деркачу А. включает:

- знания о ролевых функциях и позициональной организации коллективного взаимодействия (кооперативный тип рефлексии);
- представления о внутреннем мире другого человека, психологических детерминантах его активности и отношений (коммуникативный тип рефлексии);
- представления о своих поступках и отношениях, образ собственного Я как индивидуальности (личностный тип рефлексии);
- знания об объектах и способах взаимодействия с ними (интеллектуальный тип рефлексии) [3].

По Н.М. Туктагуловой развитие рефлексивной культуры педагога возможно по возрастанию от «ретроспективной» к «ситуативной» и до высокого уровня «прогностической рефлексии» [2]. Такое развитие происходит при активном поиске и самоанализе в профессиональной деятельности.

Развитие рефлексивной культуры способствует развитию метакогнитивного мышления человека. Рефлексивная компетенция интегрирована в научно-исследовательскую и методологическую культуру педагога. Она связана с исследовательской, поисковой, творческой деятельностью, когнитивной компетентностью. Отметим, что для педагога-исследователя характерен высокий тип рефлексивной компетенции и культуры.

Современная педагогика – это педагогика XXI века – направлена на формирование умений учиться студентом, иными словами, на когнитивные навыки, навыки самообучения. Для этого необходима рефлексивная компетентность. Поэтому педагогами часто используются методы критического мышления – дневников, ботового журнала, рефлексивные приемы; техники коучинга – 10-балльные шкалы самооценки, открытые и сильные вопросы и др. Выполнение данных заданий также помогает личностно-смысловому и ценностному развитию человека, осознанию и осмыслению ценностей жизни и профессии, в том числе знания, а через это размышлениям, духовному становлению и росту студента.

Большое внимание формированию рефлексивной компетентности уделяют в Назарбаев Интеллектуальных школах (НИШ), где передают большое значение использованию рефлексивных методик как для работы со школьниками, так и анализу и улучшению своей методической работы учителем. В частности, в НИШ используются технологии Action research и Lesson study.

Например, тренер филиала Центра педагогического мастерства г. Усть-Каменогорск описала свою методику, в которой актуализировала 4 слоя рефлексии для развития рефлексивных умений и навыков учителей по Б.М. Островскому [3]. Первый рефлексивный слой включает три части: исследовательскую, критическую, нормативную части. Исследовательская часть – что я сделал? (результат), как я это сделал? (методы и технологии), зачем я это сделал? (ради чего). В критической части мы отвечаем на вопрос: то ли я сделал, что хотел и так ли сделал? Нормативная часть помогает заглянуть в будущее: как я буду делать это впредь в подобных случаях?

Второй рефлексивный слой состоит из размышлений и ответов на вопросы: как я провел рефлекссию? Произошла ли смена представления о сделанном? Почему? Произошла ли смена представления о способах и средствах деятельности? Почему? Произошла ли смена представления об основаниях деятельности? Ради чего я это сделал? Почему?

Третий рефлексивный слой направлен на оценку инструментария рефлексии: достаточно ли было рефлексивных средств привлечено для адекватной оценки? Если недостаточно, то в чем? Если достаточно, то почему я так считаю?

Четвертый рефлексивный слой направлен на анализ проведенной рефлексии, ее достаточности: как строились мои мыследействия по оценке достаточности рефлексивного метода и действий? Достаточны ли и адекватны ли способы и средства? Как я буду оценивать достаточность рефлексивных средств и действий? [3]

Данная методика может применяться педагогом для анализа применения новых методов и форм обучения, новых технологий на занятиях. Причем преподаватель может проводить два круга рефлексии. Первый в конце каждого занятия в виде шеринга (от англ. to share (делиться)) – делиться мнением, что студенты узнали нового, что было полезно, что будут использовать в практике и т.п. Так называемая обратная связь. Как преподаватели мы используем батарею рефлексивных бланков занятия, разработанную А.С. Тен (РИПКСО) [4]. Например, рефлексия-анкетирование через дескрипторы (положительные и отрицательные стороны, см.таблицу 1); анкетирование «Что знаем, что узнали, наш вклад, что было интересно, полезна ли была информация?»; «Я – Мы - Дело», «ПМИ - недостатки, достоинства, перспективы»; «Подбор стихотворения», «Древо знаний», «Пять пальцев (Каждый палец – это какая-то позиция, по которой необходимо высказать свое мнение)», «Закончи предложение...», «Синквейн» и другие.

Второй круг, когда преподаватель рефлексиирует проведенное занятие, анализирует проведенную лекцию/семинар, ее качество самостоятельно. Рекомендуем записывать в конце конспекта лекции сильные и слабые стороны проведенного занятия, что получилось, что не удалось, почему? Что нужно будет сделать в следующий раз для улучшения качества? Какие новые цели для совершенствования методического, лекционного/семинарского мастерства нужно поставить? Здесь можно использовать 4 рефлексивных слоя.

Следующий шаг рефлексии – это подведение итогов, оценка прочитанного курса студентами, а также самоанализ курса после оценки студентами. Для этого, мы используем анкетирование для студенто.

Отмечу, что для педагога важна внутренняя работа по совершенствованию методического качества занятий, разработанного курса, используемых методик обучения. Именно она ведет к духовному развитию, к формированию рефлексивной культуры студентов.

Таблица 1. Анкетирование

№	Дескрипторы	Положительные стороны	Отрицательные стороны
1	На занятиях мы работали	активно	пассивно
2	Что успели сделать на занятии?		
3	Чего достигли?		
4	Что осталось для нас нерешенным?		
5	Материал занятия нам был	1. понятен 2. полезен 3. интересен	1. не понятен 2. бесполезен 3. скучен
6	Как сможете применить полученные знания в профессиональной деятельности?		
7	Перечислите ключевые слова по темам занятий		

Список литературы:

1. Дергач А.А. Акмеология: учебник. – М., 2003.
2. Туктагулова М. К вопросу об изменении профессиональных установок учителя в постиндустриальной образовательной парадигме // Вектор науки ТГУ. – 2011. – №4(18). С.496-500.
3. Адильжанова Д.А. Влияние рефлексии на совершенствование педагогического мастерства // Педагогический диалог. – Астана, НИШ. - 2016. - №1(15). – С.43-47.
4. Тен А.С. Критическое мышление при работе с данными: презентация. – Алматы: РИПКСО, 2015.

Нармұратова М.К., Қашқынбаева З.Қ., Ерназарова Г.И.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТІЛМЕН СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ғылыми тілдің қалыптасуы Қазақстанда өткен ғасырдың 20-30 жылдарынан басталады. Оның көш басында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Т.Шонанов, Ә.Ермеков, Н.Төреқұлов, Қ.Жұбанов т.б. сынды тұлғалар тұрды. Атап айтсақ, М.Дулатовтың «Есеп құралы», М.Жұмабаевтың «Педагогикасы», Ж.Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі», «Психологиясы», Х.Досмұхамедовтың «Жануарлары», «Табиғаттануы», «Адамның тән тірлігі, Қ.Кемеңгеровтың «Оқу құралы», «Қазақша-орысша тілмашы», Ә.Ермековтың «Ұлы математика курсы» т.б. еңбектерін ғылыми стильдің қалыптасуының алғышарттары деп тануға болады. Қазақтың ірі тұлғаларының, мәдениет қайраткерлерінің ғылым тілін дамытудағы келелі мәселелерді көтеруі тегіннен тегін емес.

Ғылыми тілдің, төл терминдерінің ана тілімізде ғылымның барлық саласында жетілуі ғылыми тіл деңгейінің көтерілуіне ықпал ететін басты фактор болып саналады. Сондай-ақ, ғылыми тілдің ана тілімізде жетіліп отырған кезеңінде сөйлеуге және ғылым тілін меңгеруге нұқсан келтіріп жүрген жайларды анықтап, оның пайда болу себептерін айқындау маңызды мәселе болып отыр.

Бүгінде болашақ педагогтардың тұлға ретінде қалыптасуында оның дүниетанымдық көзқарасын, танымын, сезімін тоғыстыратын сөйлеу мәдениеті басты рөл атқарады. Сана мен сөйлеу өте тығыз байланысты болғандықтан, сөйлеу әрекетінде жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің деңгейі байқалады.

Ал ғылымдағы табиғат пен қоғам құбылыстарының заңдылықтарын, заттардың қасиетін ашатын, мәнін түсіндіретін ерекше белгілер жүйесі - ғылыми тілді меңгеру педагогтың ғылыми тілмен сөйлеу мәдениетінің деңгейін көрсетеді. Демек, теориялық танымдық іс-әрекет ғылыми тіл арқылы берілетін болғандықтан, білімді сапалы меңгеруге жол ашатын ғылыми тілді болашақ педагогтардың сөйлеу тілінде қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ғылыми тілді түсініп, ғылыми ойды қабылдауға сол тілге сәйкес ой-сана қажет. Сондықтан «ұлттық ғылым даму үшін ұлттық тілге сәйкес ұлттық ғылыми ой-сана қалыптастыру қажет» - дейді Ш. Біләлов. Ғылыми тіл – жалпы тілдегі өзгеріс, қозғалыстар, оның дамуының ұйытқысы, яғни тілдегі «тіршілік көзі» (Ш.Біләлов). Шындығында ғылыми тіл арқылы жалпы тіл қозғалысқа түседі, дамиды. Ғылыми тілді құрайтын атау сөз – терминдердің ұлт тіліне ену қызметі де осы жерден басталады.

Термин сөздерген ерекше мән беру болашақ педагогтардың ғылымға қызығушылығына, өзіндік ізденулері мен шығармашылық іс-әрекеттеріне әсер етеді және оның мазмұнын, көлемін, байланысын және басқа ұғымдармен қатынасын түсіну маңызды орын алады.

Новые подходы используются и при проведении семинарских занятий и самостоятельной работы обучающихся. В современных условиях творческая одаренность и самостоятельная нестандартная деятельность человека становится ключевым ресурсом функционирования и развития общества. Одной из задач университетского образования является подготовка специалистов, способных обеспечить прогрессивное развитие нашего общества. СРС, СРМ и СРД являются одной из основных форм обучения студентов, магистрантов и докторантов, которая реально оценивается, стимулирует процесс обучения и вносит существенный вклад в программу их подготовки. Важную роль играет методически правильная организация работы в аудитории и вне ее, правильное понимание необходимости самостоятельной работы. Если в бакалавриате преподавателю, главным образом, принадлежит активная созидательная позиция, а студент чаще всего ведомый, то в магистратуре и докторантуре в ходе выполнения заданий самостоятельной работы магистранты и докторанты должны учиться анализировать задания, учитывать условия, ставить задачи, решать возникающие проблемы, то есть самостоятельная работа превращается в творческий процесс, чему, в немалой степени, способствуют новые информационные технологии. Как показывает опыт, больший интерес для обучающегося представляет решение поставленных задач, когда используются современные пакеты или сам программирует решение той или иной задачи [3, с. 74].

Важную роль играют и сами задания, предлагаемые для выполнения в рамках самостоятельной работы и семинаров. Если студенты-бакалавры должны получить навыки решения макроэкономических задач и готовятся к сдаче экзамена, проводимого в форме тестирования в соответствии с ВОУД, то магистранты и докторанты, как обучающиеся по научно-педагогическому направлению, ориентированы на проведение научных исследований в течение всего срока обучения. Поэтому, представляется целесообразным, чтобы они знакомились со статьями в ведущих научных журналах, индексируемых в Web of Science; на протяжении всего семестра они делают презентации статей или их отдельных разделов, в которых отражаются ключевые положения статьи (раздела), указываются спорные моменты, акцентируется внимание на новизне подхода к исследованию, при необходимости составляется глоссарий. При этом статьи для презентации выбираются таким образом, чтобы показать, как было установлено то или иное теоретическое положение и какие эмпирические подтверждения этого положения уже существуют. Например, после объяснения различных подходов к оценке моделей экономического роста, обучающиеся повторяют по реальным статистическим данным эмпирическое исследование проведенное Robert M. Solow и опубликованное в журнале *European Economic Review* [4]. Такая практика формирует у них навыки исследовательской работы с применением современных теоретических концепций и применяется на протяжении всего семестра. Высокую оценку получают те работы, в которых ставятся проблемные вопросы, требующие дальнейшего решения в процессе моделирования. Статьи в ведущих реферируемых журналах, также должны составлять основу магистерской и докторской программ, поскольку отражают основные тренды развития современной науки и в большей степени, чем учебники направлены на формирование практических навыков современных экономических исследований.

При выполнении самостоятельных заданий студенты оценивают модели по большему массиву статистических данных, оформляют аналитический отчет и в рамках последнего задания оценивают одну из ранее исследованных моделей по статистическим данным Республики Казахстан, что способствует как более глубокому пониманию процесса макроэкономического моделирования, так и подробному изучению массива статистических данных, отражающих социально-экономическое развитие Республики Казахстан. Обучающиеся после изучения цикла дисциплин по макроэкономике, обладают высоким уровнем знаний и практических навыков к исследованиям и готовы к активной работе в реальном секторе экономики.

Список литературы:

1. Носков В.П. Эконометрика. Книга первая. – М.: Издательский дом “Дело”, 2011. – 672 с.
2. Берденникова Н.Г., Меденцев В.И., Панов Н.И. Организационное и методическое обучение учебного процесса в вузе. – СПб.: Д.А.Р.К., 2006. – 208 с.
3. Robert M. Solow. Technical Change and the Aggregate Production Function. // *The Review of Economics and Statistics*, Vol. 39, No. 3 (Aug., 1957), pp. 312-320 URL: <http://www.jstor.org/stable/1926047>

Рожков А.В.

ДИАПАЗОН ПРОФЕССИОНАЛИЗАЦИИ ВЫПУСКНИКА ДЛЯ СФЕРЫ КОММУНИКАЦИЙ

Сфера публичных коммуникаций расширяется и в мире, и в Казахстане, вовлекая в индустрию капиталы, человеческие ресурсы, предлагая рынку новые услуги. Только в течение 10 последних лет эволюционировали и трансформировались традиционные инструменты связей с общественностью, коммуникативные технологии охватывают новые направления [1]. В профессию связь с общественностью (PR) приходят оригинальные идеи, ставятся новые задачи, совершенствуется само профессиональное сообщество. Несмотря на очень короткий срок существования профессии связь с общественностью в Казахстане, она стала активным общественным институтом, увеличивается ее присутствие в вузах страны, обогащается научная база.

Переход образования Казахстана к Болонской модели меняет прежние классические подходы обучения на инновации. Изменения затрагивают не только высшую, но и среднюю школу, и рынок труда. Усиливается

реальный процесс их взаимодействия [2]. С каждым годом, следуя запросам работодателей, образовательные программы казахстанских вузов абсорбируют практический компонент в виде кейсов, проблемно-ориентированных заданий, деловых игр и пр. Выпускник вуза всегда интересен работодателю – он не имеет профессиональных стереотипов, мобилен, стремится к карьерному росту. Вместе с тем априори принято считать, что при приеме на работу вчерашнего бакалавра, компания вкладывает в него гораздо больше, чем он может отдавать ей на первоначальном этапе. Отчасти такое положение имеет под собой основание. Многие организации и фирмы предпочитают специалиста с определенным опытом. Но есть и такие структуры, которые подобный практический задел считают ненужным багажом. Поэтому выпускнику при поиске места трудовой самореализации приходится неоднократно трансформировать полученные в вузе знания и навыки. Работодателем, безусловно, признаются знания выпускника, ценится его специализация, а также гибкость в адаптации к конкретным условиям, карьерные задатки и желание самореализации. Поэтому важными направлениями, кроме традиционных требований к образовательным программам, в обучении специалиста по коммуникациям, в частности, PR, выступают:

- концепции профессии,
- четкие цели обучения,
- новейшие информационные ресурсы профессии,
- баланс потребностей личности, общества, профессионального сообщества на данном этапе и в ближайшей перспективе.

В настоящее время у специалистов, в зависимости от должности, от 40 до 90 процентов времени занимают коммуникации. Отсутствие четко организованного вертикального и горизонтального взаимодействия может привести к снижению результативности работы или даже в целом к ее дезорганизации. В течении прошлого и в новом году в Казахстане случились инциденты, например, связанные с земельной реформой. В них пришлось вмешаться Президенту Н.А. Назарбаеву, который признал, что страна не справилась с текущими информационными вызовами. Ситуация с введением временной регистрации также показала недостатки коммуникационного процесса с населением в целом. Поэтому специалисты по PR, занимающие разные должности – пресс-секретаря, имиджмейкера, спичрайтера, копирайтера, SMM-специалиста, event организатора и др., способны обеспечить все заинтересованные стороны нужной информацией, наладить постоянные контакты, подготовить повестку дискуссий, резюмировать и сформулировать различные точки зрения, выяснить реакции, помочь участникам обсуждения корректировать условия, препятствующие общению. Специалист по PR – профессиональный сотрудник (разного уровня), целенаправленно планирующий, разрабатывающий, внедряющий коммуникационные и информационные стратегии-действия, которые создают понимание и благоприятное мнение об организации, фирме, товаре, событии или персоне.

Получение высшего образования не предусматривает приобретение таких важных составляющих как автоматическая интеграция в коллективе, достижения в профессии, но оно является безусловно ключевым стартом для их получения. Основная доля успеха зависит от личности каждого. Но вместе с тем, в становлении такой личности должно помочь профессиональное сообщество. А для этого необходимо создать специальные инструменты. К ним можно отнести, в частности, профессиональный стандарт. С 2016 года, согласно Трудового кодекса, Национальная палата предпринимателей «Атамекен», совместно с отраслевыми объединениями работодателей и отраслевыми объединениями работников, на основе отраслевых рамок квалификаций, занимается разработкой профессиональных стандартов. Необходимость в их внедрении не вызывает сомнения. Работодателям нужны квалифицированные сотрудники, регулярно повышающие свою квалификацию, вузы должны четко знать, какие компетенции они должны давать обучаемым, чтобы выпускники были потом востребованы, сами специалисты также заинтересованы в актуальных навыках и уровне качественной профессиональной подготовки.

Профессиональный стандарт по специальности связь с общественностью был разработан и введен в 2015 году, до принятия новой нормы о разработке стандартов профессиональным сообществом. К сожалению, данный документ получился сырым и сразу же, после введения в действие, устаревшим. Его создатели предложили свою трактовку возможной профессиональной деятельности, ограничившись всего тремя профессиями: «менеджер по связям с общественностью», «начальник отдела по связям с общественностью» и «заместитель директора по связям с общественностью». Но такой подход никоим образом не отражает ни суть профессии, признанную в мире, ни ситуацию, сложившуюся в сфере связей с общественностью в Казахстане. О разработке и содержании данного стандарта не были поставлены в известность ни профессиональное сообщество (НАСО, PR-шны, пресс-клубы, агентства), ни образовательные учреждения (университеты, РУМС). Понятие «менеджер по связям с общественностью» не является в настоящее время корректным и сужает всю сферу деятельности до нескольких определенных функций. Предлагаемая в качестве руководящей профессия «заместитель директора по связям с общественностью» в Казахстане вообще на практике мало распространена.

В карточках вида трудовой деятельности произведена абсолютная подмена понятий, существующих уже более 100 лет в профессиональной деятельности по СО (PR). Фактически она сводится к одному направлению – медиарилейнз (сотрудничество со средствами массовой информации), да и в целом дублирует в определенной степени деятельность коллег-журналистов. Наименование трудовых функций носит описательный характер, без

опоры на качественное содержание. В таблице 1 представлена карточка из профессионального стандарта «Деятельность по связям с общественностью» [3].

Таблица 1. Вид трудовой деятельности (профессии) «Менеджер по связям с общественностью»

Шифр	Наименование трудовой функции (единицы профессионального стандарта)
Ф 1	Взаимодействие со средствами массовой информации и общественными структурами
Ф 2	Организация мероприятий и подготовка информационных материалов для средств массовой информации
Ф 3	Разработка планов работы, их финансового и организационного обеспечения

Примечание: Ф – функция

Считаем, что ее необходимо представить в другом виде, различные варианты обсуждались на встречах и конференциях на факультете журналистики в КазНУ им. аль-Фараби, и предлагаемый вариант – в таблице 2.

Таблица 2. Вид трудовой деятельности (профессии) «Специалист по связям с общественностью»

Шифр	Наименование трудовой функции (единицы профессионального стандарта)
Ф 1	Информирование общественности о деятельности компании, клиента или услуги
Ф 2	Организация PR-мероприятий и подготовка информационных и имиджевых материалов
Ф 3	Разработка и реализация PR-стратегий

Примечание: Ф – функция

К функциям специалиста по связям с общественностью (PR) относятся: информационное обеспечение внутренней и внешней политики компании, клиента или услуги; формирование общественного мнения внутри страны и за рубежом; установление плодотворных отношений между организацией и ее аудиториями; принятие решений в сфере коммуникативного пространства, коммуникационные операции в сфере информационного взаимодействия, управление восприятием; создание рекламных материалов и PR-текстов; участие в повышении конкурентоспособности предприятия и его товаров и услуг; гармонизация внутрикорпоративных отношений; интерпретация эффективных посланий целевым аудиториям; поиск и рациональное использование финансовых средств для проводимых акций. Поэтому необходима коррекция или создание новых карточек.

Для внутренней регуляции каждой профессиональной сферы предлагается создание системы сертификации профессиональным сообществом. Сообщество у нас есть, Национальная ассоциация по связям с общественностью (НАСО) действует активно и уже неоднократно поднимала вопрос о необходимости такой процедуры. Но, скорее всего, в связях с общественностью Казахстана, данный процесс будет запущен не в ближайшие годы. Важно в целом для всех профессиональных сообществ обеспечить четкость и прозрачность механизма сертификации специалиста. Пока такие правила действуют в системе здравоохранения. Внедрить их в систему PR на основе утвержденного Министромтруда и социальной защиты населения РК профстандарта профессии, значит, просто на корню загубить рациональную идею. По поводу сертификации хочется высказать несколько предложений.

Во-первых, она должна быть сугубо добровольной. Сертификат должен подтверждать именно единодушное признание качеств специалиста профессиональным сообществом. Он не может выступать атрибутом какого-то ограничителя, а там более – средством запрета на профессию. Трудовой потенциал, как считается, может базироваться на профессиональных, личностных, творческих характеристиках. В коммуникационной специальности очень важны личностные ориентиры, которые стоит также оценивать при сертификации.

Во-вторых, сертификат должен иметь определенный срок действия. По его прошествии претендент может снова пройти процедуру и получить новый сертификат. Никакие прежние заслуги не должны превращаться в «льготу» для автоматического получения документа, иначе он за короткое время потеряет свою ценность.

В-третьих, поскольку отрасль не крупномасштабная, скорее всего профессиональная сертификация будет платной. Но стоимость должна лишь возмещать реальные затраты по процедуре и не быть завышенной.

Кроме того, сертификация станет определенным показателем – каких выпускников ждут работодатели от вузов.

Например, Российская Ассоциация по связям с общественностью (РАСО) уже разработала и в течение двух лет обсуждает проект профессионального стандарта специальности. Ассоциация является инициатором и держателем профстандарта [4]. РАСО также создала и применяет четкий механизм сертификации специалистов. В ней досконально расписаны процедурные вопросы, чтобы не возникало сомнений по поводу необоснованных отказов. Если кто-то из членов на заседании Исполнительного комитета РАСО по процедуре сертификации проголосовал против, то собирается сертификационная комиссия, которая проводит дополнительные процедуры. Опыт российских коллег положительный и показательный.

В настоящее время имеются определенные достижения. Уже 15 лет проводится конкурс – Международная студенческая PR-конференция «Сиреневый PRорыв» для раскрытия творческого потенциала и поднятия

профессионального уровня PR-студенчества и продвижения в Казахстане профессии специалиста по связи с общественностью в целом, также теми, кто интересуется вопросами PR и применением PR в различных сферах деятельности [5]. Студенты КазНУ им. аль-Фараби ежегодно участвуют в ней и занимают призовые места, представляя интересные проекты.

Для PR-профессионалов с целью развития казахстанского PR-рынка, формирования культуры и традиций корпоративных и государственных взаимоотношений с обществом, обмена практическим опытом более пяти лет проводится конкурс «Ақ Мерген» [6]. Изначально в него заложены высокие критерии при отборе проектов, среди экспертов – представители не только известные представители отечественного профессионального сообщества, но и авторитетные специалисты из России и Европы. За короткий срок он приобрел непререкаемый авторитет.

Ежегодно на факультете журналистики проводятся как научные, так и практические конференции по проблемам развития связей с общественностью, совершенствованию образовательной программы, содержания учебных дисциплин. В них участвуют специалисты-практики, а также гости – ученые из России, Европы, Америки.

Все это зарождало последовательно в школьнике, абитуриенте, студенте, выпускника уважение и необходимость интеграции в профессиональное сообщество, знакомит с корпоративной культурой, расширяет профессиональные контакты.

Образовательные программы вузов даже при ежегодной коррекции не смогут отвечать потребностям одной конкретной организации, но эта проблема решается впоследствии повышением квалификации и корпоративным обучением. Вместе с тем студентам, при тесной работе с НАСО, возможно написание дипломной работы на базе той организации, куда впоследствии выпускник планирует идти работать. Также программа преддипломной практики позволяет отработать те профессиональные навыки, которые востребованы именно у конкретного работодателя. И срок этой практика – половина восьмого семестра, вполне достаточен для их трансформации закрепления.

Довольно часто, ведя речь о выпускниках или в целом о специалистах, используется термин «профессионализм». В научной литературе это понятие достаточно разработано и сочетает профессионально важные качества; профессиональные знания, умения и навыки; профессиональную мотивацию; профессиональную самооценку и уровень притязаний; способности к саморегуляции и стрессоустойчивость; особенности профессионального взаимодействия [7]. Думается, именно в данном направлении сейчас важно работать преподавателям в сотрудничестве с профессиональным сообществом. Диапазон профессионализма наших выпускников будет постоянно расширяться.

В западной системе очень сложно найти престижную работу и место, если не получаешь признание профессионального сообщества. Поэтому, например, в США более 500 вузов готовит специалистов коммуникационной сферы сообразно представлениям каждого вуза. И вопросы, связанные со значимостью вашего диплома, в Америке есть, но решаются они по пути наименьшего сопротивления. Здесь нет министерства образования, соответственно, нет и комиссии по признанию эквивалентности документов. Так что вопрос о признании диплома решается непосредственно с работодателем. А они, чаще всего, прислушиваются к мнению отраслевых ассоциаций. И при этом самый главный капитал таких ассоциаций – репутация, и поэтому никто не продает и не выдает незаслуженно сертификаты. На репутации все держится. И, что примечательно, очень многие такие важные бумаги не имеют печати – в профессиональных кругах достаточно должности, фамилия и росписи. Думаю, что нам тоже необходимо стремиться к таким простым и очень показательным критериям. И в Казахстане предстоит огромная работа по PR самой процедуры и сертификата, чтобы он не превращался в фантик, а реально работал.

Список литературы:

1. Чумиков А. Н., Бочаров М.П., Самойленко С.А. Реклама и связи с общественностью: профессиональные компетенции. - М., 2016. - 520 с.
2. Болонский процесс: практика внедрения в вузах Республики Казахстан. - Астана. – С. 47.
3. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300009152>
4. <http://www.raso.ru/profstandart.php>
5. <https://vk.com/prstudentconference>
6. <https://www.facebook.com/akmergen>
7. Деркач А.А. Акмеологические основы развития профессионала. - М., 2004. – С. 32.

Рысбаева Б.Б., Бейжанова А.Т., Турлыбекова Н.М.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ МЕН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жоғарғы оқу орындарында студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін әрдайым байыту, оқуға деген ынта-жігерін арттыру, қоғамдық өмірдегі барлық салалардағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш – жігерін, саналы әрекеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісіннің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді.

Республикадағы жоғары білімді қайта қалыптастыру көптеген шетел университеттерінде кең таралған оқытудың кредиттік жүйесін енгізу негізінде жүзеге асырылады. Бұл жүйенің негізі кредит түріндегі белгілі бір көлемдегі білімді студенттердің алуы және меңгеруі болып табылады. Әр оқу дисциплинасы өзінің еңбексыйымдылық индексын, яғни аудиториялық сабақтар уақытында және студенттердің өзіндік жұмысын меңгеру үшін бөлінетін белгіленген сағаттар санын иеленеді. Осылайша, оқытудың кредиттік жүйесі – өзіндік оқу деңгейін көтеруге және оқу процесін реттеу және кредит түріндегі білім көлемін есептеу шегінде білім траекториясының таңдамалылығы, жекелілігі негізінде білімді шығармашылық иеленуге бағытталған білім жүйесі. Сәйкесінше, республикадағы оқытудың кредиттік жүйесіне өтудің міндеттерінің бірі, студенттердің өзіндік жұмысын күшейту қажеттілігі болып табылады. Сондықтан оны жүргізу мен ұйымдастыру әдістемесі ерекше назар аударуды талап етеді.

Жалпы студенттердің өзіндік жұмыстарын екі үлкен формаға бөліп қарастыруға болады: бұл – студенттердің оқытушымен орындалатын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, бұл аудиториялық сабақ кезінде орындалатын студенттің өзіндік жұмысы және аудиториядан тыс орындалатын студенттің өзіндік жұмысы.

Студенттің оқытушымен орындалатын өзіндік жұмысы аралық бақылауды жүргізу кезінде лекция, семинар уақыттарында жүргізілуі керек (болашақта, батыс университеттеріндегі сияқты семинар болмауы мүмкін, ал сабақ кестесінде СОӨЖ жеке қарастырылатын болады). Ол оқытушының міндетті түрде және белсенді қатысуы арқылы жүргізілуі керек.

СОЖ жоспарлау және ұйымдастыру кезінде, ең алдымен, назарды үй тапсырмасына, яғни аудиториядан тыс орындалатын жұмысқа аудару қажет. Студент алдын ала болатын лекцияға кейбір тапсырмаларды үйде орындап келуі қажет. Мысалы, лекция тақырыбымен танысу немесе негізгі жерлерін конспект жасау, немесе глоссарий құру және т.б. Силлабуста студенттер лекцияда өздерін қалай ұстау керектігі және қалай дайындау керектігі толығымен келтірілуі керек. Ал лекцияның өзі мәселелі болып оқылуы керек. Назар ең қиын сұраққа немесе студентке түсініксіз сұраққа аударылуы керек [1]. Сондықтан лекция оқу белгіленген уақыттың жартысын алуы мүмкін, ал қалған бөлігі – СОӨЖ, меңгерілген материалды бекітуге арналады. Бұл әдіс тиімді болып табылады, яғни материалды меңгеру және есте сақтау білім пирамидасына сай келесідей құрылады:

Лекция	– 5 %
Оқулықтар	– 10 %
Аудио-, визуалды құралдар	– 20 %
Көрнекілік құралдар	– 30 %
Топтық талқылаулар	– 50 %
Тәжірибелік әдістер	– 70 %
Басқаларға үйреті	– 90 %

СОЖ семинар, тәжірибелік, лабораториялық сабақтарда немесе Office Hours сабақтарында жүргізілуі мүмкін. Ол студенттердің білімін бекітуге мақсатталуы керек. Негізінен (жалпы оқытудың кредиттік жүйесінде – міндетті) оқыту прогресінің мониторингін үнемі жүргізіп отыру қажет. Office Hours-қа студенттердің қатысуы міндетті емес. Оларға тек дарынды, қабілетті студенттердің қатыспауына болады. Бұл олар тапсырмалардан және аудиториялық сабақтардан босатылады дегенді білдірмейді. Керісінше, олар оқытушыдан қиын, күрделі немесе көлемді тапсырмалар алуы мүмкін және оларды, мысалы, кітапханада орындайды. Немесе оқыту сабақтарын жүргізу кезінде оқытушының ассистенті(көмекшісі) ретінде қатыса алады.

СОӨЖ жүргізудің басқа формасы материалды игеруде киналатын студенттерге оқытушының кеңес беруін қарастыруы мүмкін. Ол да білімді бекіту мақсатында қарастырылады. Осылайша, СОЖ ұйымдастыру өзекті маңызға ие екенін көреміз және бірегей мақсатты ережеге бағыну маңызды болып табылады. Яғни лекция оқылғанға дейін студенттер СОЖ түрінде үй жұмысын алады, лекциядан соң – білімді бекіту мақсатында оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмыс жасайды.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Олар педагогикалық әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелерін В.К.Буряк, Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, Р.Г. Лемберг, Р.М. Микельсон, И.И. Пидкасистый, Е.С.Саблик, М.Н. Скаткин еңбектерінде зерттелініп, оқу үрдісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыда қарастырғандар: А.Е.Абылқасымова, Н.А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Топоркова, М.Г.Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.Н. Низамов еңбектері арналған.

Өзіндік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады. И.Т.Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс біліктілік пен іскерлік жиынтығы. Г.Н.Кулагина өзіндік жұмысты студенттің іс-әрекет құралы белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсінеді. Г.Н.Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша айтады. Бұл жұмысты студент өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады [2].

СОӨЖ тапсырмалары әр түрлі болуы мүмкін: ауызша, реферат қорғау, тапсырмаларды орындау, есептерді шығару, ойындар өткізу, миссия, глоссарий жазу, тақырып бойынша шолу, мақсаттар терегін құру, ситуациялық тапсырмаларды шешу, жеке, топтық жобаларды жазу, қателерді табу және т.б. Осылайша СОӨЖ ұйымдастыруға пассивті емес, активті көзқараста болу қажет.

СООЖ жүргізу формасы және әдістемесі әрине интерактивті тәжірибелік әрекеттерге негізделуі тиіс, өйткені жоғарыда айтылғандай, бұл кезде материалдың меңгерілу және есте сақталу дәрежесі жоғары.

Ұсыныстар ретінде сабақ жүргізудің келесідей интерактивті әдістемесін жүргізуге болады: аквариум, вспышка, топтық мозайка, топтық ралли, екі шеңбер, «66» әдісі, нұсқаулық-тест, метаплан-карт көмегімен пікір сұрау, физкульт-пауза, желі, сабақтағы интервью, рөлдік ойындар, квартеттер, сэндвич, сабақты құрылымдау, құрылымды құрастыру техникасы, іскерлік ойындар, топтық турнир, презентация, футбол, брейн-ринг және басқалар [3].

Оған қоса, студенттердің белгілі дағдылары мен қабілеттерін дамытатын тапсырмалар, оқытудың формалары мен әдістемесін дұрыс анықтау маңызды. Мысалы, белгілі бір тақырыпты оқыту кезінде тапсырмаларды шешу немесе жаттығуды орындау материалды меңгеруді жеңілдетеді және теорияны тәжірибемен тығыз байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл оған қоса сабақта уақытты тиімді пайдалануға, студенттерді белсенді танымдық-ойлау процесіне тартуға, оларда зерттелетін мәселеге байланысты қызығушылық оятуға мүмкіндік береді. Кейс әдісі бойынша тапсырмаларды шешуде студенттер нақты жағдайды талдау мүмкіндігін иеленеді, ұсынылған жағдайдан шығу үшін мәселенің балама шешімін қабылдау бойынша белгілі тәжірибелік дағдылар қалыптастырады. Рөлдік ойындар студенттерге дұрыс шешім таңдау және сол жағдайдағы міне-құлқын қалыптастыру қабілеттерін дағдыландыруға мүмкіндік береді. Топтық жұмыста қабілеттерді дағдыландыру үшін «66» әдісі, метаплан-карт көмегімен пікір сұрау, сабақтағы интервью, іскерлік ойындар әдістерін қолдануға болады.

Семинар жұмысына студенттердің мүмкіндігінше көп санын тарту үшін аквариум, вспышка, ақыл-ой қызметін ынталандыру, қателерді анықтау, екі шеңбер, желі, топтық турнир сияқты әдістемелерді қолдануға болады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ең жақсы тиімділікті студенттер үйретуші ретінде қатыса алатын әдістемелер береді, өйткені сабақта топтық мозайка, топтық ралли сияқты жұмыс формаларын қолдану мақсатқа сай.

Жеке сабақ түрлері, яғни дәріс, семинар, Office Hourse, студенттердің аудиториядан тыс өзіндік жұмысы бойынша әр түрлі тапсырмалардың мақсатты бағытталуын анықтау қажет. Мысалы, оқытушы жағдайлық тапсырмаларды шешуді дәріс, семинар, Office Hourse, аралық бақылау және тағы басқаларда қолдануы мүмкін.

Егер оқытушы дәрісте теориялық ережелерді әр түрлі есептермен бекітсе, онда бұл қарастырылатын сұрақты тәжірибемен байланыстыруға, оны бекітуге, студенттер тарапынан қызығушылық оятуға, олардың назарын аударуға мүмкіндік береді. Семинар сабақтарында тапсырмалар мен жаттығуларды қолдану студенттердің білімін тексеруге, оларды жұмысқа белсенді тартуға және материалдың меңгерілуіне бақылау жүргізуге мүмкіндік береді. Үй тапсырмасына орындау үшін ұзақ уақытты қажет ететін, әр түрлі есептеулерді талап ететін тапсырмалар мен жаттығуларды қосуға болады. Тапсырмаларды шешу мен жаттығуларды орындауды аралық бақылауға да шығаруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2004.
2. Исмаилова Р.Б. Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері. // №5,6-2012, Б.36-37.
3. Абдукаримова У. Самостоятельная работа студентов. Алматы, 1999.

Рысқалиева Р.Г., Тугелбаева Л.М., Ашкеева Р.К.

ӨМІР ТІРШІЛІГІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МАМАНДАҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ «БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ» ПӘНІН ОҚИТУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Бүгінгі таңда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты мақсаттарының бірі әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену бағыттары адамзатты жоғары маңызды құндылық деп танып, қоғамның дамуының негізі болып табылатын жоғары оқу орындарының мамандарын кәсіби даярлау сапасын жақсартуды басты міндет деп есептейді.

Қандай мемлекетті алып қарасақ та, олардың алға басуы, дүние жүзілік нарықта алдыңғы қатардан табылуы, оның ұлттық білім аясының қалыптасуына, алға жылжуына, жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын тиімді пайдалану, шығармашылық оқыту түрлерін жан-жақты қолдануына байланысты.

Соңғы кездердегі жаңару дәуірінде химия пәнінен білім беруді дамыту мәселелері жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларын бір жүйеге келтіруді міндеттейді. Сол себепті оқу үрдістерінің мақсаты мен міндетін айқындау үшін студенттерге қажет оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу керек. Дұрыс құрастырылған оқу бағдарламалары, жоғары деңгейде ұйымдастырылған дәріс, зертханалық сабақтардың қызықты етіліп өткізілуі, студенттердің өздік жұмыстарын ұтымды ұйымдастыру, аралық бақылауды жүргізу – осының бәрі олардың білім сапасын арттыруға бағытталуы тиіс.

Оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру әр мамандықтың спецификасына, кредит санына, дәріс көлеміне, зертханалық сабақтар санына байланысты болмақ. Осы айтылғандардың барлығы арнайы жасалатын әртүрлі оқу бағдарламаларында көрініс табуы тиіс. Типтік оқу бағдарламалары мамандық бойынша білім алатын студенттер игеруі тиіс тақырыптар мен оқытылатын пәннің негізгі тарауларын қамти отырып құрастырылады.

Қазіргі кездегі жоғары оқу орындарында студенттердің сапалы білім алуына жоғары талап қойылады. Олар өздерінің іргелі білімдері мен кәсіби біліктерін байланыстыра отырып, өз міндеттерін шығармашылықпен шеше

білетін жаңа тұрғыдағы маман дайындау мәселесін студенттердің көмегінсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Сол себепті білім беру саласында студенттерді дайындау жағдайларын басқаша қарастырып, олардың меңгерген білімдерін, қазіргі заманғы аумалы-төкпелі заманда орынды пайдалана білуіне көмектесу қажет.

Мемлекетіміздің экономикалық, саяси, білім жағынан жан-жақты алға басуы білімді жастардың арқасында, олардың ой-өрісінің кеңдігінен, кез келген ақпаратты тез қабылдап, тез шешім қабылдай алатындығынан. Сондықтан да, қай салада болмасын болашақ мамандарды кәсіби даярлауда көрсетілген міндеттерді шешудің басты негізі ретінде студенттерді құзыреттілікке бағыттаудың бүгінгі таңдағы маңызы өте зор. Ол үшін білім аламын деп, талпынып келген жастарды біз оқытушылар, демеп, оларға қолдау көрсетіп, білімдерін толықтырып, мемлекетіміздің ірге тасын қалайтын білікті маман ретінде тәриелеп шығаруымыз керек.

Осы мақсатқа жету үшін мемлекеттік білім бағдарламасына сай 5B073100-«Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша білім алатын география факультетінің студенттеріне «Бейорганикалық химия» пәні міндетті пән ретінде енгізілген. Бейорганикалық химия пәнін мектеп қабырғасында оқығанымен сол алған білімдерін жоғарғы оқу орнында жетілдіре түсіп, оны өздерінің кәсіби мамандығымен ұштастыруға тырысады. Сондықтан да бұл пәнді оқытуда дәстүрлі тақырыптарды беріп қоймай біздер жаңарған оқу бағдарламалары бойынша факультет ерекшелігіне және мамандықтың спецификасына байланысты оқыту әдістерін өзгертуді жөн көрдік. Оқытудың әдістерін таңдау көптеген факторлармен білім берудің маңызды мақсаттарымен, оқу курсының ерекшеліктерімен, сабақтың мақсатымен, студенттердің мүмкіндігімен, қолда бар оқу құралдары және уақытпен, оқытушы қолданатын дидактикалық материалдардың ерекшеліктерімен анықталады. Оқыту үрдісінде ең алдымен оқыту әдістері маңызды болып саналады. Бейорганикалық химия пәні бойынша жүргізілетін дәрістер осы пән бойынша қарастырылатын тақырыптарды бір жүйеге келтіріп, сол мамандыққа қажетті жақтарын ғана студенттерге түсіндіруге негізделеді. Себебі, әр мамандықтың өздеріне тән міндетті түрде білуі қажет тақырыптары бар. Мысалы, химиялық-технологиялық мамандықтарға өндіріс үдерістерінің технологиялық сұлбасын түсіндірсек, химия зерттеуші мамандығында осы пәнді жүргізгенде негізгі химиялық реакциялар мен олардың жүру механизмдері қарастырылады. Сондықтан да, пәннің атауы бірдей болғанымен, оны әр мамандыққа жаңаша тұрғыдан, мамандықтың спецификасына сай түсіндіру қажет. Себебі бейорганикалық химия пәнін оқыған студенттер, осы алынған білім негізінде жарататылыстану заңдары мен түсініктерін әрі қарай басқа салада қолдануға кіріседі.

Бейорганикалық химия пәні бойынша жүргізілетін дәрістің түрлері, олардың атқаратын қызметі, әр тақырыптың мазмұны өзгермейді. Тек «Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша дәрісті ұйымдастырғанда, оларға қажетті тақырыптарды ғана берген дұрыс. Олар осы алған білімдерін кәсіби біліктіліктерін дамытуда қолдана алатындай жағдайда болуы тиіс. Әсіресе, бейорганикалық қышқылдар, негіздер, тұздар және олардың қасиеттері, химияның негізгі заңдылықтары, газ заңдары, кейбір химиялық қосылыстардың қасиеттерін, улы химиялық заттарды білу, олардың рұқсат етілген концентрацияларының шектерін саралай алу осы мамандық бойынша білім алатын студенттерге міндетті түрде қажет. Себебі бұл мамандықты бойынша білім алып шыққанда осындай мәселелерді шешу, химиялық қосылыстардың қасиеттері мен реакцияға түсу қабілеттерін түсіндіре білу маңызды.

Бейорганикалық химия пәнін оқыған география факультетінің студенттері, осы алынған білім негізінде жарататылыстану заңдары мен түсініктерін әрі қарай басқа салада қолдануға кіріседі. Біздің ұсынып отырған бейорганикалық химия пәні бойынша жүргізілетін сабақтар мамандық ерекшелігіне байланысты басқаша құрастырылуы қажет.

Оқу бағдарламасы бойынша осы пәннен оқытылатын бір тарауды, мысалы «Д.И.Менделеевтің периодтық заңы және атом құрылысы» тақырыбын алып қарастырсақ, онда ол былайша құрастырылған:

1. Д.И.Менделеевтің периодтық заңы.
2. Атом құрылысының күрделілігі
3. Атом құрылысының ядролық теориясы
4. Атом құрылысы туралы Н.Бор теориясы
5. Кванттық механика тұрғысынан атом құрылысы
6. Квант сандары және Паули принципі
7. Атомдардың электрондық құрылысы мен периодтық жүйе арасындағы байланыс.
8. Химиялық элементтер қасиеттерінің периодты түрде өзгеруі
9. Изотоптар және химиялық элемент
10. Атом ядролары мен ядролық реакциялар

Ал 5B073100-«Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша білім алатын студенттерге бұл тақырыптарды тереңдетіп оқытудың қажеті жоқ. Сондықтан да бағдарламаны жан-жақты талдай отырып, осы тарауға мынадай өзгертулер енгіздік және басқа тарауларды да қайта қарастырдық. Атап айтқанда,

1. Д.И.Менделеевтің периодтық заңы және периодтық жүйесі.
2. Атомдардың электрондық құрылымы
3. Квант сандары. Паули ұстанымы. Хунд ережесі. Клечковский ережелері.
4. Атомдардың электрондық құрылысы.

5. Иондану энергиясы, электрон тартқыштық, электртерістілік.

6. Атомдық және иондық радиустар.

Немесе «Химиялық байланыс» тақырыбын қарастырсақ, онда «Химия» мамандығы бойынша білім алатын студенттер бұл тақырыпты тереңдетіп оқиды. Химиялық байланыстың түзілуі, түрлері, олардың қасиеттері, оларды түсіндіретін теориялар, мысалы валенттік байланыс әдісі, молекулалық орбитальдар әдісі, кристалдық өріс теориясы тәрізді тереңдетілген оқу бағдарламасымен жүреді. Ол тақырыптар химиктер үшін әрине өте қажет, ал «Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығының студенттеріне тек химиялық байланыстың түзілуі және оны түсіндіретін бір теорияны берсе ғана жеткілікті.

Міне осылайша, бағдарламаға өзгерістер енгізу арқылы мамандықтың кәсіби бағытына сай ғана мәселелерді қарастырған жөн. Себебі таза химиялық білім алмайтын студенттерге негізгі тақырыптарды ғана түсіндіру керек.

Теориялық және практикалық мәселелерді қарастыруда студенттердің өзіндік іс-әрекеттеріне, алған білімдері мен дағдыларын қолдана алуларына көңіл бөлінеді. Әсіресе, дәрісті оқу кезінде оқытудың инновациялық технологиялары қолданылады.

Қазіргі кезде ақпараттық технологияның дамуына байланысты студенттер бұл мәселелерді электрондық оқулықтардан немесе әртүрлі ғаламтор желілерінен жақсылап түсініп алуларына зор мүмкіндіктер бар. Оқытушы тек тақырыптарды түсінікті болу үшін бір-бірімен байланыстыра отырып, оларға бағыт бағдар бергені жөн. Өзіміздің педагогикалық тәжірибемізден байқағанымыз, кез келген тақырыпты түсіндіргенде оларға міндетті түрде мысалдар көрсетіп, есептер шығару арқылы алған білімдерін пысықтаған жөн. Жай ғана дәріс оқып, түсіндіріп беру жеткіліксіз. Білімді жан-жақты бергенде ғана жақсы нәтижеге жететініміз сөзсіз.

Бейорганикалық химия пәні бойынша кейбір тәжірибелерді бейне фильмдер түрінде көрсетіп, студенттердің қызығушылығын арттыруға болады. Химиялық эксперимент студенттердің функционалдық сауаттылықтарын дамыту және қолданбалық сипаттағы жаңа білімді алуы үшін, танымдық есептерді шешуге, жоспарлау және жобалау дағдыларын меңгеруге, химияны оқуға деген қызушылықтарын арттыруға пайдаланылады.

Бейорганикалық химия пәнін оқытуда әртүрлі тәсілдер арқылы олардың пәнге деген қызығушылықтарын тудыру әр оқытушының іскерлігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты. Тіпті, студенттердің өзіндік жұмыстарын қызықты етіп өткізудің де әртүрлі жолдары бар. Біздер көбінесе, оларға дәстүрлі тақырыптарды береміз де, ізденімпаздыққа, тапқырлыққа, алғырлыққа баули алмаймыз. Студенттердің білімін шындай түсу мақсатында әртүрлі өндіріс орындары туралы, әсіресе Қазақстанның байлығы, оның жер бедерінде кездесетін химиялық элементтерінің географиясы, геологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған кен орындары, олардан өндірілетін өнімдерді зерттеулерді өзіндік жұмыс ретінде берсек, бір жағынан олардың білім аясы кеңейер еді, екінші жағынан Қазақстандағы өндіріс орындары мен одан өндірілетін өнімдерді біліп шығатын болады, туған елінің байлығын қорғау, қолда бар нәрсені үнемдеп қолдану тәрізді ой туындайды деп сенеміз.

Қорыта айтатын болсақ, жоғары оқу орнында, әсіресе химия және химиялық технология факультетінде оқыту технологиясының қандай түрін қалай қолданса да, олардың барлығы оқу материалдарын жүйелі пайдалануға негізделген.

Бейорганикалық химия пәнін әр мамандыққа сай оқытуды ұйымдастырудың осындай сатыларын жолға қою арқылы белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге болады. Оқыту үрдісінің тиімділігі артады, соған сәйкес студенттің ойлау қабілеті дамып, оқытудың сапасы жоғарылайды.

Егер болашақ маманның білікті де білімді маман болып қалыптасуын кәсіби білім беру жүйесінің аясында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни бір сөзбен айтқанда әр салада жұмыс жасауға білім алушының қаншалықты дайын екендігі туралы тұжырымдауға себеп бар. Қандай пәнді болмасын, студенттерге жете меңгерту сол пәннен сабақ беретін оқытушыға, оның түсіндіре білуіне, студент пен оқытушының қарым-қатынасына, тіпті киім киісіне, жүріс тұрысына да тікелей байланысты. Әр сабағымызды тартымды да, студенттерді қызықтыратындай етіп өткізуге тырысайық.

Сабденова Г.Е., Мухажанова Т.Н.

БОЛАШАҚ КІТАПХАНАШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ДУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ

Қазіргі таңда Қазақстанның түкпір-түкпірінде мәдениет үйлері секілді мәдени ошақтармен қатар кітапханалардың да ашылуы еңбек нарығында жоғары білікті мамандардың қажеттілігін арттырып келеді және де мамандардың бұл саладағы тапшылығы білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелермен астасып жатады. Көп жағдайда жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибенің жоқтығы байқалып қалады. Былайша айтқанда, университет қабырғасында білім алып жатқан студенттің теориялық білімі өндірістен алшақтап кетіп жатады. Ал мұны оңтайландыру үшін дуалды білім беру ісін дамыту қажеттілігі күн тәртібіне қойылып отыр.

Дуалды білім беру жүйесі өркениетті елдердің барлығында кездеседі. Мәселен, Германияда кәсіби білім алуға ұмтылатын жастардың жартысынан көбі оқу жүйесінің осы траекториясын таңдайды [1]. Бұл жүйенің теория мен практиканы ұштастыратындығын, алған білімнің нарықтық бәсекеде әлеуеті болатындығына сенімді жастардың мұны таңдауы кездейсоқтық емес. Олар диплом алғаннан кейін еңбек нарығынан өз орындарын табуға, оқу қабырғасында жүріп жұмысқа орналасуға ұмтылады [2]. Сондықтан да дуалды білім беру жүйесінің Қазақстанда енгізіле бастауы

тектен-тек емес. Дегенмен дуалды білім беру жүйесі көбінесе орта кәсіптік білім саласында жиі кездеседі. Оған себеп, бірінші кезекте оқу үдерісін осы жүйеге оңтайландырудың оңайлығы болып табылады. Мұнда бірнеше факторларды ескерген жөн. Мәселен, арнайы кәсіптік білім жүйесіндегі оқу жылдарының аздығы, оқу үдерісінің «өндіріспен» өзара келісім жасауына кедергілердің болмауы, оқу орнының «кәсіпкерлік бағытта» іс-шаралар жүргізуі, түлектердің өндірісте қалу мүмкіндігінің мол болуы, жұмысқа орналасу көкжиектерінің ашылуы, т.б.

Жалпы алғанда, дуалды білім беру жүйесі ұйымдастыру мен оқу үдерісіне енгізуде өзара байланысы бар үш маңызды нәрсені атап кеткеннің артықтығы бола қоймас. Олар: кәсіби бағдар беру, мамандық бойынша регламент жүйесі (нұсқаулық, басшылық) және тәлімгерлер институты. Кәсіби бағдар берудің барлық қызметінің тоқ етер түйіні екі тараптың, сайып келгенде тіпті бірнеше тараптардың (білім алушы, оқу орны, жұмыс беруші, мемлекет) мүдделерін тоғыстыруы керек. Әрбір тарап біліктіліктен пайда табады [3]. Бұл жерде білім алушы үшін өзін және отбасын қажетті қаражатпен қамтамасыз етсе, оқу орны бәсекеге қабілетті мекемеге айналады, ал жұмыс беруші сапалы қызметке пен қызметкерге ие болады, ал мемлекет үшін экономикалық өрлеу туындайды. Мемлекет өрлеген сайын, оның күш-қуаты мейлінше арта түседі, қоғамда тыныштық пен бейбітшілік орнайды. Міне, осындай жағдайларды ескере отырып Қазақстан үкіметі де дуалды білім беру жүйесін дамытуға ден қойып отыр. Бұл жөнінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жас Отан» 2-сезінде бастама көтерген болатын. Ол: «Германияға барып келгеннен кейін мен дуалды білім беру жүйесін енгізу туралы тапсырма бердім. Бүгін бұл жүйе әлемнің 60 елінде жұмыс істейді. Мен барлық қазақстандық компанияларды осымен айналысуға, ал Үкіметке мұны қадағалауға шақырамын» – деп айтты.

Әдетте, ҚР білім беру жүйесінде теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесіне мән беріліп, дуалды білім беру ісін күшейту үшін мол жұмыстар атқарылып жатыр және де көп жағдайда теориямен келген жас маманның практикалық тәжірибесін жетілдіру жұмыс берушіге күш болып түседі, яғни ол теория мен практика арасындағы алшақтықты күресіп, жас маманның білікті маманға айналуына мүдделі болады, сонымен қатар өз ісін білетін білікті мамандармен өндірісті қамтамасыз ету жетістікке қол жеткізудің кепілі болып табылады. Сондай-ақ жұмыс беруші оның білікті маманға айналуын ғана қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге оның үнемі жетіліп отыруына, қосыша оқу курстарына баруына, отандық және шетелдік тағылымдамалардан өтуіне, біліктілігін жетілдіріп отыратын курстардан білім алуына мүдделі [4]. Мұндай жағдай кітапхана ісінде де орын алып отыр. Кітапхана мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттердің жас мамандарға айналуына, оқу бітірушілердің жұмысқа орналасуына жоғары оқу орны да үнемі қызығушылық танытады. Олардың жұмысқа орналасуы, білікті мамандарды даярлау және де түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы жоғары оқу орнының алуан түрлі қоғамдық институттар рейтингісіндегі орнына әсерін тигізеді. Яғни, студенттің білікті маман болып шығуына университет те, жұмыс беруші де мүдделі екендігі анық.

Айта кету керек, мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындаудағы әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру мен дайындау, қайта даярлықтан өткізу мен біліктілікті артыру өткен ғасырдың 80-жылдарының соңынан бастап қолға алынып келеді. Сол кездері құрылған оқу-әдістемелік бірлестіктер (ОҚБ – УМО) алдында кадрларды дайындау мен қайта біліктілігін артыруда мынадай бағыттар қойылған болатын: білім беру ісін үнемі ауыл шаруашылық салаларының қажеттілігіне және де ғылым, техника мен мәдениет салаларының негізгі тенденцияларының дамуына сай жетілдіріп отыру; ғылыми ұйымдарды жетілдіру мен оқу-тәрбие үрдістерінде әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыра отырып білім берудегі алдыңғы әдістер мен технологияларды студенттердің белсенділігін арттыру үшін қолдану, олардың шығармашылық танымы мен дербестігін арттыру, оқу үрдісін интенсификациялау; білім беру, ғылым мен өндірістегі интеграцияны тереңдете түсу; оқу мен тәрбие жұмысындағы алдыңғы тәжірибені зертеу мен тарату, ғылыми-педагогикалық кадрлар мен мамандарды біліктілігін арттыру, оларды қайта даярлықтан өткізіп отыру, т.б.

Міне, осыдан-ақ қазіргі таңда біз дуалды білім беру ісі деп атап отырған жүйенің тарихи бастаулары осы кездері қалыптасқандығын байқауға болады. Мұндай оқу-әдістемелік бағытты кітапханашыларды даярлауда да қолданса артық етпестігі белгілі. Бұл үшін жүйелі жұмыстар атқарылуы тиіс.

Жалпы алғанда, біздің мемлекетімізде жоғары оқу орындарының саны 130 шақты, ал олардың 10 шақтысы ұлттық университеттер санатында. Бұл жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге мемлекет әр жыл сайын арнайы гранттар бөліп келеді. Мемлекет тарапынан кітапханашы мамандығын тандағандар үшін де гранттар бөлінеді. Дегенмен әр жыл сайын қолдарына диплом алған жастардың жұмысқа орналасу мәселесі алдымызды орай беретіні де ақиқат. Сондықтан да нарық талабына сай мамандардың оқу үдерісін ең бірінші кезекте жолға қойған дұрыс. Әуел баста-ақ оқу жоспарын құрған кезде өндірістік іс-тәжірибеге баса назар аударған жөн. Оқу жоспары, мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттары, элективті пәндер каталогы, оқу жұмыс жоспары, т.с.с. болашақ маманды қалыптастыруға ат салысатын құжаттаманың барлығы дуалды білім алуға лайықталып жасалуы керек. Сонда ғана бәсекеге қабілетті маман дайындап шығуға мол мүмкіндіктер кеңістігі ашылары анық.

Әрине, дуалды білім беру болсын, дәстүрлі білім жүйесі болсын оқу үдерісі барысында өндіріске барған студентке практика жетекшісі басшылық жасайтындығы белгілі. Дегенмен практика жетекшісімен бірге тәлімгердің міндетті түрде болуы және бекітілуі шарт деп есептейміз. Кітапхана ісінде тәлімгер кәсіби кітапханашылар есебінен жүргізілгендігі абзал. Кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар маман тәлімгер болғаны абзал. Кез келген маман, әсіресе жаңадан ғана жұмысқа орналасқан маманның тәлімгер болуға құқысы бар болғанымен, оның тәжірибесі аздық еткен жағдайда оны тәлімгер қылып бекітудің қажеттілігі жоқ, әрине. Дегенмен, өндіріс саласын, яғни біздің жағдайда кітапхана ісін

жетік меңгерген маманның тәлімгер болғанын қалар едік. Кітапханашы-тәлімгер институтын дамытуға мекеменің өзі де мүдделі болғаны абзал, өйткені болашақта кітапхана білікті мамандармен қамтамасыз етіледі. Қалыптасқан жағдай бойынша әдетте өндіріске жаңадан қабылданған практика өтуші бұйрық бойынша тәжірибелі шебер-тәлімгердің жанына бекітіледі.

Көптеген мекемелерде тәлімгерлік институты оқыту үрдісінің субъективті факторларының объективті факторлардан басымдылығымен ерекшеленеді. Негізінен алғанда, дуалды білім бермей тұрып, алдымен тәлімгерлік институтына біршама талаптар қою керек, оның ішінде кітапханашы-тәлімгерлер құрамын анықтап алу, кітапханашы-тәлімгерлерге қойылатын талаптарды айқындау, дуалды білім алушының дайындық деңгейін анықтау, оған қойылатын талаптар көлемін анықтап беру, т.б.

Дегенмен мұндай талаптар мен өлшемдер екі мекеме (жоғары оқу орны мен кітапхана) арасындағы келісім-шартта кеңінен әрі тиянақты қарастырылғаны жөн [5]. Кітапханашы-тәлімгер институты қызметін талдау өз кезегінде құқықтық, нормативтік-техникалық, әдіскерлік және әдістемелік, ғылыми-педагогикалық және ұйымдастыру жұмыстары бірінші кезекте келісім-шартта айқын көрініс тапқаны дұрыс деген ойдамыз.

Егер ең алдымен кітапханашы-тәлімгер мен студент өзара үйлесімділікте жұмыс жүргізсе, онда дуалды білім беру жүйесінің іске асырылары анық.

Айтса да бұл жерде ескерілетін бірер жайт бар. Соның бірі – білім алушыны дайындайтын екі тараптың (мысалы, университет пен кітапхана) қоғамдық орны. Өйткені ҚР аумағында кітапхананың бірнеше түрлері (ұлттық, облыстық, аудандық, т.б.) бар. Олардағы кітап қоры да әртүрлі. Сонымен қатар кітапхананың ұйымдастырушылық-құрылымы да әрқилы. Кітапханалар қоры мен көлемі аз болған жағдайда студенттің толыққанды дуалды білім алуына азды-кемді кедергілер орын алуы ықтималдығын туындатады.

Жоғары білім беру бағдарламасымен студенттердің танысу және өндірістік тәжірибеден өтуі көзделген. Танысу тәжірибесі құқықтану мамандығы бойынша оқып жатқан студент үшін прокуратура, ішкі істер органдарында, әділет органдарында, сотта, сондай-ақ, жергілікті атқарушы және өкілетті органдарда атаулы органдардың қызметін сырттай бақылап, танысуды көздесе, өндірістік тәжірибе мамандық бойынша теориялық материалды толығымен меңгерген жоғарғы курс студенттері үшін болашақ мамандығы бойынша жұмыс жасаудың әліппесі болып табылады.

Студенттердің өндірістік тәжірибесі жоғары білім беру барысындағы оқу процесінің маңызды нысандарының бірі. Өндірістік тәжірибеден өту барысында студент теория жүзінде алған білімін іс жүзіне іске асыра отырып, құқықтық қызметтің тәжірибесін қалыптастыра бастайды.

Жалпы, студенттің өндірістік тәжірибеден өтуінің негізгі мақсаты – дәріс тыңдау барысында алған және меңгерген теориялық материалдар мен басқа да ақпаратты бекітуді және өз бетінше жұмыс жасай білу тәжірибесін жинақтауды көздейді.

Оқу бағдарламасына сәйкес құқықтану мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттердің прокуратура және ішкі істер органдарында, сотта, әділет басқармаларында, жергілікті атқарушы және өкілетті органдарда өндірістік тәжірибеден өтуі көзделген. Өндірістік тәжірибені дәл осы органдарды өткізудің мәні атаулы органдар тарапынан атқарылатын қызмет түрлерінің сипатымен және дәрісханада алған теориялық білімін бекітіп, оларды тәжірибелік материалдармен толықтыру мүмкіндігімен түсіндіріледі.

Студенттің өндірістік тәжірибеден өтуі үшін тәжірибе бағдарламасын, студенттер жинаған тәжірибені тіркеу құжаттарын дайындап, студенттің өндірістік тәжірибе өтетін жерге жетуі үшін қажетті құжаттармен қамтамасыз етудің де маңызы зор.

Өндірістік тәжірибеден өтуге дайындық барысында студент тәжірибе жетекшісінің басшылығымен тәжірибе бағдарламасымен танысуға және арнайы кеңес алуға міндетті. Қажет болған жағдайда арнайы тәжірибелік әдебиеттермен және материалдармен танысқаны артық болмайды.

Өндірістік тәжірибе бағдарламасымен көзделген барлық тапсырмалар мен студенттің алдына қойылған міндеттер толығымен орындалуы керек. Атқарылған іс-шаралар мен орындалған тапсырмалар және олардың қысқаша сипаттамасы күнделікке жазылып, орындалған уақыты көрсетілуі тиіс.

Өндірістік тәжірибені прокуратура органдарында өтетін студент прокуратура органдарында іс жүргізуді ұйымдастыру ерекшеліктерін, прокурордың функционалдық міндеттерін, прокуратура органдарының жұмысының нысандары мен әдістерін меңгеруі керек. Сонымен қатар, студенттің прокурорлық қадағалау курсы бойынша алған теориялық білімін тәжірибеде іске асыру мүмкіндігі болады. Дәлірек айтар болсақ, прокурорлық қадағалау және ықпал етумен байланысты құжаттарды толтыру және рәсімдеу, сондай-ақ, атаулы құжаттарды рәсімдеуге негіз болатын мән-жайлармен тәжірибелік танысу жүзеге асырылады.

Прокурордың жетекшілігімен тәжірибеден өтіп жатқан студент прокурорлық қадағалауды іске асыру тәртібімен танысуы тиіс. Ол үшін студент анықтама және алдын ала тергеу органдарының іс-әрекетінің заңдылығын тексеруге қатысуы, куәлерден және айыпталушылардан жауап алу барысына қатысуға міндетті. Прокурор шығарған құжаттармен танысу, прокуратураға түскен істермен танысу, сондай-ақ, прокурорлық қадағалау құжаттарының жобасын дайындау да өндірістік тәжірибенің тиімділігін арттыра сөзсіз.

Сотта өндірістік тәжірибеден өту судьяның жанында, сот канцеляриясында және сот мәжілісі хатшысының жанында өтіп, бірнеше кезеңді қамтуы тиіс.

Судьяның жұмысымен танысу тәжірибесі аудандық соттың жұмысын ұйымдастыру тәртібімен, сот мәжілісінде істі қарау кестесімен танысудан басталады. Студент өндірістік тәжірибе барысында судьяның жұмысын жоспарлауды, судьяның өкілеттігін және оны қолдану тәртібін, сот шешімдерін дайындау және қабылдауды ұйымдастыруды, сот тәжірибесін зерттеу және талдау әдістерін меңгеруі керек.

Сот мәжілісінің хатшысында өндірістік тәжірибеден өтетін студент азаматтық және қылмыстық істер бойынша сот мәжілісінің хаттамасын толтырып, жүргізуді үйренуі, сонымен қатар, сот мәжілісінің хатшысына жүктелген басқа да міндеттерді орындауға машықтануы тиіс. Канцелярияда тәжірибеден өтетін студент жалпы іс жүргізу тәртібін, соның ішінде, азаматтарды қабылдауды, өтініш-шағымдарды қабылдау және есепке алуды ұйымдастырумен, қылмыстық және азаматтық істерді, әкімшілік материалдарды рәсімдеу, есепке алу және сақтау тәртібімен танысуға, сондай-ақ, бірқатар сот құжаттарын толтыруды үйренуі керек.

Ішкі істер органдарындағы өндірістік тәжірибе негізінен тергеу бөлімдерінде өткізіледі. Студент оқиға болған жерге шығады, қылмыстың іздерін анықтау, бекіту және алу мақсатында оқиға болған жерді қарауды жүзеге асырады, оқиға болған жерді қараудың хаттамасын толтырады, қылмыстық істі тергеудің және жекелеген тергеу амалдарын жүргізудің жоспарын жасайды. Сондай-ақ, студент куәден, жәбірленушіден, күдіктіден жауап алуға қатысуға міндетті. Тергеу бөлімінде тәжірибелік машықтану кезінде тергеу жабдырымен байланысты іс жүргізу құжаттарын, дәлірек айтар болсақ, хаттамаларды, қаулылар мен басқа да құжаттарды толтырып, рәсімдеуге аса көңіл аудару керек.

Ішкі істер органдарының тергеу бөлімінде тәжірибе өту барысында студент қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, криминалистика секілді пәндер бойынша алған теориялық білімін тереңдете отырып, тәжірибелік тұрғыда бекітіп, теориялық білімін тәжірибеде қолдануды үйренуі керек.

Әділет органдарында өндірістік тәжірибеден өту барысында студент азаматтарды қабылдау, өтініш-шағымдарды қабылдау, тіркеу тәртібімен, іс қағаздарын жүргізумен, құжаттар мен материалдарды есепке алу және сақтау тәртібімен танысуы керек. Тәжірибе барысында әділет органдарының іс жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарын және статистикалық есеп беру тәртібімен танысып, оларды меңгерудің де маңызы зор.

Әділет органдарының жұмысы барысында кездесетін және рәсімделетін құжаттардың мазмұнын, құрылымын білу, оларды толтыру жөнінде кәсіби кеңес беру болашақ заңгердің сауаттылығының және біліктілігінің белгісі.

Дегенмен, заң факультеті студенттерінің өндірістік тәжірибеден өтуі барысында студенттің теориялық білімін немесе кәсіби мүмкіндігін тексерудің мүмкіндігі іске асырылады ма? деген заңды сұрақ туындайды. Іс жүзінде, тәжірибеден өту үшін сотқа, прокуратураға немесе тергеу органдарына келген студент бар болғаны тергеушінің жанында еріп жүріп, көргенін немесе оқиға болған жерлерді көрумен шектеліп қалады. Студенттер көптеген жағдайда кабинеттерді тазалаумен, папкаларды ретке келтіру немесе сол папкалардың шаңын сүртумен тәжірибе уақытын өткізеді. Кейбір органдарда тіпті, студенттерге «құпия құжат» деген сылтаумен процессуалдық құжаттармен танысу мүмкіндігі де берілмейді. Тәжірибе жинақтаймын, процессуалдық құжаттармен танысып, хаттама толтырып, құжаттар рәсімдеуді үйренемін деп баратын студенттер мұндай тәжірибеден көңілі қалады.

Осындай жағдайда, студенттердің тәжірибеден өтуінің мән-жайлары мен тәртібін өзгерту қажеттігі туралы ой туындайды. Университетте заң факультетінің жанынан білікті және тәжірибелі мамандарды тарту арқылы студенттердің тәжірибеден өту орталығын немесе осы тектес басқа құрылымды құрған дұрыс секілді.

Атаулы құрылым бірінші кезекте, студенттерде процессуалдық құжаттарды толтыру, тиісінше шешімдерді рәсімдеу қабілетін қалыптастыруды, екіншіден, арнайы жабдықталған криминалистикалық кабинеттер мен арнайы полигондарда тергеу амалдарын жүргізуді, мысалы, оқиға болған жерді қарауды жүзеге асыру және тиісінше құжаттамаларды рәсімдеуді толықтай меңгеруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан білім қоғамы жолында. Қазақстан Президентінің Назарбаев Университеті студенттері алдында сөйлеген сөзі. 5 қыркүйек 2012 // www.akorda.kz/.
2. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2006., наурыз.
3. Қазақстан Республикасының «Білім беру» туралы заңы. 27 шілде, 2007.
4. Полот Е.С. Білім беру жүйесінде жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар: Оқу құралы. Алматы: Академия, 2000.
5. Жайтапова А.А., Садваксова З.М., Кабдолданова Б.А. Білім беруді басқарудағы сапа менеджменті: Оқу құралы. – Алматы, 2010.
6. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 30 қараша 2015 жыл // www.akorda.kz

Хасанаева Л.М., Уразбаева А.М.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ, ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІН ЖОО –ДА ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының идеологиялық бағыттағы алға қойған басты мақсаты - экономикасы дамыған, бәсекелестікке қабілетті, дамыған 30 елдің қатарынан көріну. «Мәңгілік ел» идеясы осы мақсатқа жеткізетін бастама. «Мәңгілік ел» дегеніміз – еліміздің шексіз өмір сүруі, үнемі дамып, жетіліп, өркендеуі. «Мәңгілік» сөзі философиялық категория ретінде абсолютті, шексіз деген мағынаны білдіреді. Сондықтан да, «Мәңгілік ел» сөзі ұдайы өзінің өмір сүруін жалғастырып отыратын елге қатысты айтылары анық.

ЖОО-да «Мәңгілік ел» тақырыбында қосымша таңдау пәндеріненгізуге болады. Курстың нәтижелері қоғамның тарихи- құқықтық санасы мен рухани мәдениетін, өркениетін көтеруге, халықтың отансүйгіштік қасиетін қалыптастыруға, халық билігі туралы мемлекеттік идеялар мазмұнын анықтауға, ұлттық идеяның шекарасын белгілеуге мәнді түрде ықпал етеді. Курстың нәтижелері тек тарих ғылымы үшін ғана пайдалы емес, ол қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың барлық жиынтығы үшін де маңызды болары анық.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясын тарихи және құқықтық қамтамасыз етілуін жетілдіру және дамуына қатысты мәселелерді мемлекеттік-құқықтық реттеуге қатысты алынған жаңа білімдер, жаңа ережелер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздігі мен егемендігін арықарай нығайту үшін, мемлекетті сақтап қалу үшін, заңды құрметтейтін азаматтарды қалыптастыру үшін аса маңызды болып табылады.

«Мәңгілік ел» идеясы біздің тамыры тереңде жатқан тарихымыздан бастау алады. Ол туралы белгілі түрколог ғалым, тарихшы Қаржаубай Сартқожаұлы: «Бұл, әрине, тектен-текке шыққан дүние емес. Кезінде Түрік жұртының данағөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк абыз негізін қалаған идея» дейді [1].

Бір кездерде билік құрған Көктүріктер империясы ту еткен, Тоныкөк негізін қалаған, Мәңгі ел құндылығы бүгінгі таңда Қазақстан мемлекетінің түп қазығы – ұлттық идеясына айналды. Ата-баба құндылығын ауызбен айту бір басқа да оған барынша адал, әрі шын жанашыр болып, оны қайраткерлікпен, тектілікпен іске асыру екінші мәселе. Сондықтан да ЖОО-да Отан тарихын оқыту мәселесінде төмендегідей мәселелер қамтылуы тиіс:

- «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының тарихи және құқықтық негізінің қамтамасыз етілуіне кешенді талдау жасау және оның жүзеге асырылуы үшін концептуалдық әдістемелік негіздемелер мен тәжірибелік нұсқаулықтар әзірлеу;
- «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын тарихи және құқықтық қамтамасыз етілуін теориялық бтұрғыдан ғылыми бағытта жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеу және талдау;
- «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының даму кезеңдерін анықтау;
- «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құқықтық негіздерін зерттеу;
- Қазақстандық қоғамдағы татулық, толеранттық және бітімгершілік сынды элементтердің теориялық және тәжірибелік негіздерін зерттеу;
- «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының тарихи және құқықтық бағытының ғылыми қамтамасыз етілуін жетілдіру және дамыту туралы ұсыныстар жасау;

ЖОО-да «Мәңгілік ел» идеясының тарихын элективті курс ретінде оқыту арқылы ғылыми нәтижелер алудың жалпы ғылыми әдістерін арнайы ғылыми танымдар ретінде диалектикалық, салыстырмалы талдау, функционалды жіктеулер негізінде түсіндіру қажет. Сонымен қатар дәріс барысында формальды-заңдылық, құрылымдық-жүйелік, нақты-тарихи, салыстырмалы-құқықтық, логикалық, социологиялық, статистикалық жіктеу, модельдеу сынды әртүрлі әдістерді де қолдану қажет.

Аталған мақсатқа «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының тарихи ғана емес, сонымен бірге құқықтық бағытының қамтамасыз етілуінің концептуалдық мәселелерін теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеу арқылы жетуге болады. Соның ішінде, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының туындаған мерзімін, алғышарттарын анықтауға баса назар

аударылады және осы жұмыстарды жолға қою үшін білім беру мекемелерінде түрлі ғылыми теориялық және практикалық зерттеулер жүргізуге бакалавр студенттер мен магистранттарды белсенді қатыстыру қажет.

Елбасы өзінің халыққа Жолдауында қоғамдағы кең тарап, ел көкейінде жүрген өзекті тақырыптардың бірі – «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сұраққа толыққанды жауап берді. «Біз үшін болашағымызға бағдар беретін, ұлтты ұйыстыратын ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы» - деп атап өтті [2] Яғни, бұл жай ғана идея емес, еліміздің рухын көтеретін, армандарды ақиқатқа айналдыратын тірек. «Мәңгілік Ел» – ұлттарды біріктіруші идеология және Қазақстанда тұратын барлық этностарды біріктіретін идея. Елімізде тұратын түрлі ұлт өкілдері де осы идеяны қолдап отыр. Жердің иесі де киесі де қазақ. Біздің ұлтымыз - қазақ ұлты. Билік те, барлық мемлекеттік және қоғамдық институттар да осы ұғымдарға қызмет етуі тиіс. Жолдауда Ұлт көшбасшысы «Мәңгілік ел» болудың жеті басымдығын атап көрсетті. Бұл жасампаз тұғырнама біздің ортақ тағдырмен ұйысқан шаңырақтың ұлттық идеясы аясында ел болашағының іргетасы мен барша қазақстандықтарды біріктіретін басты құндылық екендігі ақиқатқа айналған шындық. Демек, Ұлттық идея ұлы мақсаттарға жетелейтіні анық.

Елбасының «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Президенттің жалпыұлттық идеясы - болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды.

Мәңгілік ел дегеніміз – Қазақ Елі. Мұның басқа ұғымы жоқ. Сондықтан бірінші кезекте өзін қазақпын деп сезінетін қандастарымыздың барлығы осы жолда бей-жай қалмай, бейқам болмай, елдік пен мемлекеттілікті нығайтатын шараларға білек сыбана кірісуі қажет. Бұл – ата-бабамыздың салт-дәстүріне, тіліне, мәдениеті мен әдебиетіне барынша адал болу ғана емес, соның бәрін сақтауға, күшейтуге, нығайтуға ұмтылу.

Ұлттық тәуелсіздік үшін біздің ата-бабаларымыз да талай тар жол, тайғақ кешуден өткен болатын. Кешегі алаш қайраткерлері де ел тәуелсіздігі үшін өз бастарын бәйгеге тігіп, қайсарлықпен күресті. Ел Тәуелсіздігінің қадірі мен қасиетін қазіргі кезде терең сезінетініміз даусыз.

«Мәңгілік ел» ұғымының философиялық, саяси түп-негіздері сонау сақ, ғұн, түркілерден бастау алған.

«Мәңгілік Ел» идеясының тарихи маңызын төмендегі факторлар анықтайды:

1. «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлде қайда қиын» - деп атап көрсетті өз жолдауында Елбасы. Оны ұстап тұру, мәңгілік Ел ретінде қалыптастыру үшін елдің бірлігі мен ынтымақтастығы қажет, мәңгілік елдің маңызы да сонда, осы бірлік пен ынтымақтастықты сақтап, одан әрі нығайта алуында.

2. Қазақстан Республикасының «Мәңгілік Ел» идеясы қазақстандықтардың алдына жаңа мақсат-міндеттер қойып отыр. Осы мақсат-міндеттерді орындай отырып, еліміз одан әрі дами түседі.

3. Мәңгілік Елдің маңызды бөлігі –XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі болған білім беру болып отыр. Рухани, мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен күнге айқындалып келеді. Әрбір елдің өркендеуі, тұғырының берік болуы да білімге келіп тіреледі. М.Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, «Халықпен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» болмақ.

Ал, енді «Мәңгілік Ел» идеясының құқықтық негіздеріне тоқталар болсақ:

1. Мәңгілік Елдің ең басты құндылығы халық (азаматтар) деп көрсетілсе, еліміздің де Ата заңында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық делінген.

2. Қазақ тілі – «Мәңгілік Елдің» ортақ тілі, еліміздің Конституциясында да Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп көрсетіледі.

3. Мәңгілік Елдің маңызы ретінде білім саласы екенін атап өткеніміздей, Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабында білім саласы жайындағы мәселе қамтылған. Ол бойынша азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі, орта білім міндетті. Сонымен бірге, республика азаматының мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға да құқығы бар.

4. Қалай дегенде де елдің елдігін, ұлттың ұлттығын танытатын басты белгі-өзінің төл мәдениеті делінсе «Мәңгілік Елде», ал ата заңымыздың 37-бабында «Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті» екендігі бас айтылған.

5. Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ретінде қалыптастыру үшін, елдің бірлігі мен ынтымақтастығы қажет, мәңгілік елдің маңызы сонда, осы бірлік пен ынтымақтастықты сақтап, одан әрі нығайта түсу, бұл ұғым Қазақстан Республикасының ата заңының 1-бабында көрініс тапқан: «Республиканың түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық ».

6. XXI – ғасыр ешбір ел, оның ішінде біздің еліміз үшін де даму жолында жеңіл саяхат болмасы баршаға мәлім. Ел дамуының негізгі өзегі – экономикалық даму деңгейі бола бермек. Елбасымыздың алдағы қойып отырған ауқымды міндеті мен ұзақ мерзімді мақсаты экономикасы дамыған елдердің қатарынан көрініп, халқының өмір сүру сапасын барынша жоғары көтеру болып табылады деп «Мәңгілік Ел» идеологиясында да, Ата заңымыздың 1-бабының 2-тармақшасында да: Бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму жағдайлары қарастырылған.

Жалпы ЖОО-да «Мәңгілік ел» идеясының мәні мен түп-төркінін оқыту мемлекеттің, қоғамның, ұжым мен жеке тұлғаның арақатынасын анықтайтын бағыттарды айқындауға, ішкі мәнін түсінуге көмектесері анық. Ол қоғамдық

дамудың объективтік және субъективтік факторларын, себепті байланыстар мен ынтымақтастықты, олардың институционализациясы мен арақатынасын ескеруге түрткі болады. Таңдау бойынша оқытылатын осы бағыттағы курс барысында келесідей жеке-ғылыми әдістер қолданылуы керек: құрылымдық-жүйелік талдау, нақты-тарихи, салыстырмалы-құқықтық, логикалық, социологиялық, статистикалық әдістер, талдау және жіктеу, модельдеу, т.с.с.

Курсты оқыту нәтижесінде тарих және құқық теориясына жаңа «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы түсінігін енгізу және оның мәнін қалыптастыру көзделетін болады;

- «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының тарихи және құқықтық камтамасыз етілуін реттейтін конституциялық-құқықтық заңнаманы жетілдіру қажеттілігіне мемлекеттік билік органдарының назарын аударту қажет болады;

- Курсты оқыту барысында қоғамның назары халықтық толеранттылықты, ынтымақтастықты, келісімді жетілдіру саласын реформалау маңыздылығына бұрылуы мүмкін. Аталмыш салаға қатысты зерттеу нәтижелері мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

- Элективті курсты игеру барысында ғылыми нәтижелер қазақстандық мемлекеттің зайырлылық сипатын жетілдіруге байланысты мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік басқару органдарының құқық шығармашылық және құқық қолданушылық қызметтерінде қолданылуы мүмкін.

Қазақстандық қоғамды әлеуметтік-экономикалық модернизациялау тұрғысында осы саладағы заңдарды және бірқатар нормативтік актілерді жетілдіруге, мемлекеттік органдардың қызметін одан ары дамытуға ұсыныстар әзірлеу қажет.

ЖОО оқытылатын элективті курстан алынған нәтижелер Қазақстанның тарих ғылымы мен тарихи-құқықтық тәжірибесі үшін аса маңызды болып табылады. Тарихи динамикаға қарайтын болсақ, ЖОО-да оқытылатын курстың мәні мен мазмұны тікелей қазақстандық жастарға ғылыми бағыттағы бағдар ретінде ғана емес өмірлік ұстаным ретінде де бағыт-бағдар беруі тиіс.

Бүгінгі таңда мемлекет құрлысына аса қажет жер, мемлекеттік тіл, ұлттық мемлекеттік идеология, ұлттық діл (менталитет), ұлттық сананың қалыптасуы, ұлттық демократия секілді өзекті мәселелерді шешуде өткен ғасырдағы қазақ мемлекеттігінің дербестігі үшін күрескен қазақ зиялыларының еңбектері мен көзқарастарында да «Мәңгілік ел» идеясы басты бағыт бағдарлар қатарында болды. Қазақстан Республикасы мемлекетінің құрлысы мен болашағына жол ашуда Алаш қайраткерлерінің еңбектері басшылыққа алынса дегендей ойға жетелейді. Себебі, мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтуда ұлттық саяси элита өкілдері демократиялық, өркениетті идеологиялық әдіс – тәсілдер арқылы тәуелсіз мемлекетті жаңғырту жолында әрекет еткені анық. Отандық тарихтың әлемдік тарихқа мақтанып көрсететін тұсы да осы мәселе.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Сартқожаұлы // Мәдени мұра, 2014, № 6 (57). 27-33 б.
2. Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Алматы ақшамы. – 2014. – 17 қаңтар
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жылы қабылданған. 21 мамыр 2007 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен. – Алматы, 2008.

Шанбаева Ұ., Тойғанбекова М.Ш.

КӘСІБИ ОҚЫТУ МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛАУДАҒЫ БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Қоғамның экономикалық дамуындағы жоғары деңгейге шығуға талпынысы қоғамдық өндірісті ұйымдастыруға, нарықтық экономика жағдайындағы техникалық-технологиялық әрекеттерге байланысты жаңа талаптарды белгілейді. Республиканың ғылыми-техникалық әлеуетінің дамуы материалдық өндірісті түбегейлі өзгеруімен, оларға кәсіби құзырлығымен байланысты біліктілігі жоғары мамандарды даярлаумен, ғылым мен техниканың дамуымен, технология мен өндірісті басқарумен тығыз байланысты.

Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтары түлектерінің даярлық деңгейі жалпы білім беретін мектептердің, гимназиялардың, лицейлердің және кәсіби мектептер мен колледждердің оқушыларының дайындығын да анықтайды.

Жалпы және кәсіби білім беру мектептерінің негізгі міндетінің бірі – оқушының қабілеті мен бейімділігіне қарай, білім беру мекемесінің дәстүрі мен деңгейіне сәйкес экономиканың қандайда бір саласына белсенді еңбек етуге дайындау.

Пәнаралық байланыс проблемасын бірқатар ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған. Атап айтқанда, Бейсенбаев А.А., Бельский Г.И., Зверев М.Л., Куагин П.Г. және т.б. Яғни, зерттеушілердің пәнаралық байланыстың мәніне көзқарастары да әр қилы екендігін аңғардық. Пәнаралық байланыстың мән-мағынасын білімнің мазмұнына ғана емес, ол оқыту үрдісінің барлық құрамды бөліктеріне қатысты деген оймен толықтырады. Пәнаралық байланысты дидактикалық қағида деп қараудың қажеттілігі жоқ деп пайымдайды, себебі оның педагогикалық мақсатындағы оқытудың жүйелілік қағидасынан туындайды, білімнің тұтастай жүйесінің негізгі бөліктерінің, атап айтқанда табиғат, қоғам және адам туралы нақтылы айқын түсініктердің өзара байланысын білдіреді.

Кәсіби оқыту педагогы технологиялық білім және іскерліктермен қатар экономика мен кәсіпкерлік саласында білімі болу керек. Бұл жерде технологиялық және экономикалық дайындық өзара тығыз байланысты және осы байланыстардың бір-біріне әсері көп екенін естен шығармау керек.

Технологиялық бағытты арттыру барысында кең кәсіби профильдің керектігіне және қазіргі заманғы өндіріс саласындағы жұмыскердің жоғары технологиялық мәдениетіне ерекше жоғары технологиялық мәдениетіне ерекше көңіл бөлінеді. Ол еңбек заңдылығының өзгеруі негізінде және болашақ жұмыскерді кәсібиге дейін дайындайтын мұғалімнің білімін кеңейтуді талап етеді.

Сонымен қатар оқыту уақытының көбі экономикалық дайындауға ауысқан болғандықтан студенттерді технология мен техникалық пәндерді оқытуға кететін технологиялық дайындау деңгейінің төмендеу тенденциясы байқалады. Оқу жұмыс жоспарын құру кезінде осы мәселені ескеріліп технологиялық және экономикалық құрамдардың кәсіби шешімін табу керек.

Бұл жерде кәсіби оқыту педагогын қалыптастыру үшін технологиялық және экономикалық дайындық беру жеткіліксіз екенін ескерген жөн. Технологиялық білімді неғұрлым толық тиімді түрде жеткізу үшін оған терең психологиялық-педагогикалық және әдістемелік дайындық керек. Бұл жерде әдістемелік цикл пәнін жақсы меңгеру үшін технологиялық пәндерді білу қажет. Пәнді білмей сабақ беру әдістемесін игеру, оның ішінде сапалы білім беруге қол жеткізу мүмкін емес.

Сараптаудың толықтығы мен оның нәтижелерінің жеткіліктігі үшін пәнаралық байланыстың тиімділігін бағалау арқылы анықтау қажет. Бұл жерде тиімділік ретінде бастапқы түсініледі. Ол үшін қабылданған жіктемені қолдану, ең қарапайымын алу керек. 1. Түсіну- оқушы оқып жатқан пәндер мен құбылыстар туралы пәндердің кейбір түрлерін олардың айырықша белгілері бойынша жалпылай алатын деңгейдегі түсінік алуы (ойша бөліп алу). 2. Білім –пәннің , құбылыстың, үрдіс пен оның заңдылығының және өзара байланыстың негізін түсіну. 3. Іскерлік – білімді практикалық міндеттерді шешу үшін қолдана алу.

Пәнде бір-бірінің жағдайына өзара әсер ететін болса, пәнаралық байланыстар бір жақты (бір бағытта) немесе екі жақты болады. Қосалқы пәннің негізгі пәнге әсерін көрсететін байланыстар, яғни қосалқы пәндер арқылы қол жеткізілген білімді қалай қолдану керектігін көрсететін байланыстар негізгі пәнді оқу барысындағы тура байланыстар , қосалқы пәндерді оқу барысында нәнен алынған белгілі бір білімдер кері байланыс болып табылады. Осы байланыстарды есепке ала отырып оқыту үрдісін ұйымдастыру студенттердің технологиялық даярлығын жетілдірудің тиімді жолдарының бірі.

Пәнаралық байланыс зерттеу тәсілдерінің ортақтығы жөнінен де айқындалуы мүмкін. Іс жүзінде оқытушыға пәнаралық уақыттық байланыстардың үш түрімен жұмыс істеуіне тура келеді: болып өткен, ілеспелі, (қатарлас), және перспективалық.

Ілеспелі пәнаралық байланыстар дегеніміз – бірнеше пәндер бойынша бірқатар сұрақтар мен түсініктерді бір уақытта оқытуды көздейтін байланыс.

Перспективалық пәнаралық байланыстар дегеніміз – белгілі бір пәннен материалды өту, басқа пәндер бойынша оның қолданылуының алдын алу үшін пайдаланылады.

Пәнаралық байланыстардың бір пайдалы жағы – ол бүкіл оқыту ісін, яғни бір оқу орнының барлық жұмысын бір жолға салуға, барлық оқытушыларға бірыңғай талаптар қоюға және әр түрлі пәндерді ортақ мүддені шешуге жұмылдырады. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың жолдары мынадай.

- Әрбір жеке пәнді оқытқанда басқа пәндерді оқыту ісіне өз ықпалын тигізетіндей болуын көздеу;
- Әр түрлі пәндерді оқып-үйренуде өтілетін материалдарды уақыт жағынан үйлестіріп отыру;
- Оқушылардың ғылыми теориялар мен заңдылықтарды игеруін, олардың жинақтылығымен, шеберліктерімен, дағдыларымен сабақтастыра қалыптастыру,
- Жалпы теориялық, білім алуы және практикалық шеберліктер мен дағдыларды бірыңғай әдіспен жүзеге асыру;
- Оқушыларға(білім алу икемділік пен дағдыларды қалыптастыру барысында) бірдей талап қою;
- Оқушылардың бір пәнді оқып-үйрену барысында екінші бір пәннен білім алуға, икемі мен дағдыларын кеңінен пайдалана білуге әдеттендіру;
- Әр түрлі пәндердің зерттеу әдістерінің ортақтығын, ерекшелігін көрсете білу;
- Пән сабақтарында оқытылатын құбылыстардың ортақ байланысын ашып, дұрыс диалектикалық дүние танымын қалыптастыру.

Ғалымдардың пікірінен әрбір баланың қызығуының дамуы және қалыптасу мүмкіндігі шектелмегендігін, бірақ әлеуметтік ортаның оқыту мен тәрбиелеудің мүмкіндіктеріне негізделгендігін, оқытуда қызығудың болуы қажеттілігін, оның әсерін, қарым-қатынасын, өзара әрекетін жеке тұлғалық қызметімен байланыстыру қажеттігін түсінеміз. Бұл тұжырым баланың қызығушылығының қалыптасуы автономиялық емес, ішкі заңдар арқылы жүзеге асады, ол қажеттіліктермен тығыз байланысты деген қорытынды жасауға болады.

Тіл үйрету жұмысы – өте күрделі процесс. Сондықтан тіл үйрену барысында қолданылатын аталған инновациялық технологиялардың барлығы бір-біріне байланысты. Бірінсіз бірін жүзеге асыру мүмкін емес. Дидактиканың заңдылығына сәйкес инновациялық технологиялардың тиімді әдістерін пайдалануда берілетін тапсырмалар мен жаттығулар жеңілден ауырға қарай, сатылап жүргізілуі қажет. Студенттер қазақ тілі сабағында

тек тіл мүйреніп ұана қоймайды, олардың ссабақ үдерісінде қазақша ойлау дағдылары қалыптасып, өмірге өзіндік көзөарасы айкындалып, ұғым-түсінігі кеңейеді. Сондықтан да оқытушы әр студенттің қабілетін, қазақ тіліне деген көзқарасын білуі қажет. Өйткені тіл үйрену барысында әрбір студенттің жеке қабілеті еске алынады, жан дүниесі ескеріледі. Кәсіби тіл үйрету барысында әрбір студенттің жеке қабілеті еске алынады, жан дүниесі ескеріледі. Кәсіби қазақ тілі сабағында студенттер болашақ мамандығы бойынша ғылым негіздерімен танысып, білімді игеруде түрліше оқу әрекеттерін орындай отырып, өзінің шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Ойлау қабілетіне тәрбиелеу студентті жан-жақты дамытумен тығыз ұштасып жатады. Бұл оның білу құмарлығы, көзқарасы мен сенімін тәрбиелеумен қоса жүргізілуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Самарин Ю.А. Очерки психологии ума. Особенности умственной деятельности школьников. – М: АПН РСФСР, 1962.
2. Бейсенбаев А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Оқу құралы. – Алматы. Республикалық баспа кабинеті, 1995. – 117 б.
3. Беленский Г.И. Интеграция // Литература в школе. – 1998. -№8. –С. 86-90.
4. Зверев И.Д. Максимова В.Н. Межпредметные связи в современной школе. – М. 1981.

Шеденова Н.У.

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ СТАНОВЛЕНИЕ СПЕЦИАЛИСТА ПО СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЕ В РАМКАХ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Социальная работа – это деятельность, осуществляемая в сфере «социального», т.е. взаимодействия людей друг с другом и с социальным окружением. Социальные работники вовлечены в нее через вмешательство в социальные проблемы, с которыми сталкиваются индивиды, социальные группы и сообщества, и их деятельность направлена на помощь людям для восстановления контроля над своими жизненными ситуациями. Работа данных специалистов охватывает, по сути, любой аспект человеческой жизни – от рождения до смерти. Поэтому развитие специальности «Социальная работа» и профессиональная подготовка социальных работников является важной задачей образования, направленной на развитие государственной системы социальной защиты и социального обеспечения, расширения некоммерческих и коммерческих форм социальной поддержки уязвимых и нуждающихся в помощи индивидов и групп.

Самой главной задачей социальных работников выступает создание и поддержание социального обслуживания своих клиентов – населения. При этом во многих случаях им приходится организовывать свою работу в условиях ограниченных ресурсов для решения выявленных социальных проблем, сталкиваться с этическими проблемами, делать выбор, каким нуждающимся группам и индивидам в первую очередь оказать социальную поддержку. Социальная работа, как профессиональная деятельность, подразумевает систематические действия по улучшению благосостояния и функционирования населения. Она организуется в рамках институций, специально созданных для этого, и предполагает оплачиваемую деятельность в государственных, добровольческих и коммерческих организациях. Профессионализация социальной работы, которая широко началась в мире в XX веке и в Казахстане с середины 1990-х годов, предполагает организацию профессионального образования и развития научной базы этой деятельности, обеспечение профессионального контроля над формами помощи людям и работой специалистов.

Под профессиональной деятельностью понимают социально одобренное проявление целенаправленной активности человека путем выполнения им определенных внутренних (умственных) или внешних (предметных) действий и операций, направленных на создание какого-либо материального или духовного явления, называемое продуктом деятельности; при этом выполнение данной деятельности требует от человека определенной предварительной подготовки (профессионализма) и осуществляется в рамках профессионального опыта [1]. Исходя из этого, социальная работа как профессиональная деятельность представляет собой социально значимую деятельность, выполнение которой требует специальных знаний умений и навыков, а также профессионального обусловленных качеств личности, необходимых для осуществления следующих видов экономической деятельности: 1) государственное управление социальными программами; 2) деятельность в области обязательного социального обеспечения; 3) предоставление социальных услуг.

Процессы профессиональной подготовки и профессионального становления социального работника все чаще обсуждаются в научной литературе, рассматриваются с позиции теорий социальной работы, социологии, психологии труда, акмеологии, педагогики, валеологии и других, поскольку социальная работа является «пересечением» различных социальных дисциплин, направленных на изучение социальных проблем и поиск технологий их решения в конкретных обществах. Целью социальной работы как деятельности является достижение благополучия индивида и общества, гуманизация взаимоотношений индивида и общества, сопряжение их интересов, создание условий для их всестороннего развития.

Как отмечает Зеер Э.Ф., «профессиональное становление – это большая часть онтогенеза человека, которая охватывает период с начала формирования профессиональных намерений до завершения профессиональной жизни. В этом гетерохронном процессе можно выделить стадии оптации, профессионального образования и подготовки, профадаптации, профессионализма и мастерства» [1, с.9].

Под профессией понимается «деятельность, посредством которой данное лицо участвует в жизни общества и которое служит ему главным источником материальных средств к существованию», «исторически возникшие формы трудовой деятельности», для выполнения которых человек должен обладать определенными знаниями и навыками, иметь специальные особенности и развитые профессиональные качества» [2, с.95]. Специальность представляет собой более узкое понятие, чем профессия, последняя объединяет родственные специальности. Под специальностью понимается деятельность, направленная на достижение общих результатов специфическими средствами. Это «комплекс приобретенных путем профессионального образования и в процессе работы специальных знаний, умений и навыков, необходимых для выполнения определенного вида деятельности в рамках той или иной профессии» [2, с.95].

Социальная работа как отдельная специальность по-прежнему является новой в нашей стране, до сих пор функции социального работника в системе социального обеспечения и социальной защиты зачастую выполняют люди, не прошедшие профессиональную подготовку, незнакомые с современными подходами данной деятельности, успешно применяемыми в ведущих странах мира. Она остается малооплачиваемой, рутинной, низкоквалифицированной, низкостатусной деятельностью, несмотря на высокую потребность в ней. К сожалению, выпускники специальности «Социальная работа» в Казахстане остаются не востребованными в силу низких темпов создания достойных и квалифицированных рабочих мест, несмотря на высокую потребность в них государства и социального заказа на образовательные гранты по данной специальности. Также кафедры сталкиваются с проблемой подготовки студентов к практической социальной работе из-за пока еще недостаточной связи с государственными и некоммерческими структурами, оказывающими социальные услуги. Последние не готовы брать на себя организацию совместных с вузами, реально функционирующих программ по практической подготовке студентов к специализированным видам деятельности в области разных социальных технологий помощи населению. Вместе с тем, на вузах, создающих и реализующих образовательные программы подготовки социальных работников на трех уровнях: бакалавриат – магистратура – докторантура, лежит важная задача поменять отношение общества к социальному работнику, способствовать профессиональному становлению и всесторонней реализации подготавливаемых ими специалистов.

Рассмотрим основные характеристики профессии социального работника, которые следует учитывать при организации профессионального образования в вузе, способствующего гармоничному профессиональному становлению специалиста по социальной работе. Среди них выделяют технологические, экономические, педагогические, медицинские и психологические характеристики [2, с.95-97], в той или иной форме они отражаются в профессиональных компетенциях образовательных программ.

К технологическим характеристикам относят цели и задачи, предмет труда и используемые средства, а также условия труда. Целью деятельности социального работника является достижение максимально возможного благополучия клиента как путем предоставления различных видов помощи, так и путем создания условий для активизации жизненных сил человека, чтобы он смог самостоятельно решать свои проблемы. Социальная работа является многоплановой и трудоемкой деятельностью, предполагает выполнение умственных, физических и социальных трудовых операций, требует повышенной моральной ответственности, владение многообразием навыков – организации, координации, обеспечения, физической и психологической поддержки, правовой и административной помощи, коррекции. Социальный работник в ходе профессиональной подготовки в вузе приобретает знания, умения, навыки для осуществления четырех основных видов деятельности: социально-технологической, организационно-управленческой, исследовательской, социально-проектной.

Экономические характеристики социальной работы связаны с ее представленностью не только в системе социальной защиты населения, образования и здравоохранения, но и в других отраслях, поскольку возрастает потребность социальной работы как эффективной технологии работы с населением в разных сферах жизни. Рост нуждающихся в социальной помощи и поддержке обусловлен политическими, демографическими, социальными, экологическими и другими факторами. Однако, как отмечалось выше, есть существенные проблемы с обеспечением должных условий труда (зарботной платы, содержанием труда и т.д.) и финансированием данной экономической деятельности. Вместе с тем, отметим, что в последние годы в образовательных учреждениях (школах) и медицинских учреждениях создаются рабочие места для социальных работников. Это важный шаг в укреплении профессионального становления социальных работников.

Педагогические характеристики профессии определяют, какие требования предъявляет профессия к содержанию и уровню образования специалиста, какие заведения осуществляют подготовку по данной профессии, какие компетенции необходимы для успешной профессионализации работников. Специалистов по социальной работе в мире готовят в системе среднего профессионального и высшего образования, в Казахстане на данный момент только в университетах с целью обеспечения высококвалифицированных кадров. Основными профессиональными компетенциями специалистов по социальной работе признаются [2, с.96-97]:

- когнитивная – это умение систематически пополнять свои знания путем самообразования, анализировать ситуации социального взаимодействия, формулировать социально-психологические задачи и определять способы их оптимального решения;

- ценностно-мотивационная – это компетенция в сфере мировоззрения, связанная с ценностными представлениями о роли профессии, важности результатов деятельности, профессиональной направленности, ориентированной на человека как на высшую ценность;

- социально-психологическая – это умение устанавливать целесообразные отношения, быстро принимать решение и находить оптимальные средства воздействия, умение эффективно взаимодействовать с другим человеком и позитивно общаться с ним, рефлексивные умения;

- деятельностная – это умение выбирать наиболее рациональные формы социальной работы с разными категориями клиентов, умение прогнозировать конечный результат своей деятельности, умение организовать ситуации социального взаимодействия.

Выделение этих компетенций обусловлено гуманистическим характером данной профессии, уязвимыми социальными группами как уникальными объектами деятельности, ее многофункциональностью и высокой социальной ответственностью.

Медицинские характеристики профессии определяют, какой уровень здоровья требуется для специалистов данной работы, какие неблагоприятные условия деятельности присущи данной профессии. Для социальной работы нет жестких медицинских ограничений, вместе с тем к неблагоприятным факторам относят высокий риск эмоционального выгорания и профессиональных деформаций. Особая специфика работы позволяет причислить социального работника к категории «профессий высшего типа» (по «критерию трудности и вредности» А.С. Шафрановой), ввиду необходимости постоянной рефлексии содержания и результата своей деятельности [3, с.12]. Профессия «социальный работник» сопряжена со специфическим риском, потому что в своей деятельности специалист имеет дело с неблагополучными, переживающими стресс, страдающими людьми, за здоровье и жизнь которых он берет на себя моральную ответственность.

Труд социальных работников относится к числу сложных и ответственных видов деятельности человека. Он характеризуется значительной интеллектуальной нагрузкой, требует большого объема оперативной и долговременной памяти, наличия определенного уровня здоровья, содержит элементы творчества и тесно связан с ответственностью. Выраженность этих качеств обеспечивает высокую профессиональную эффективность труда, но в то же время сопряжена с определенным психологическим и физиологическим напряжением всех процессов жизнедеятельности организма самих специалистов социальной работы. Как отмечает исследователь Бессонова Л.А., основными проявлениями профессиональной деформации личности социального работника являются, прежде всего, доминантность по отношению к клиентам, ригидность по отношению к деятельности, профессиональный консерватизм и ролевой экспансионизм [3, с.13].

Психологические характеристики профессии учитывают требования, предъявляемые профессией к психологическим особенностям личности специалиста. Эффективность социальной работы во многом определяется такими профессионально важными качествами как: нравственное сознание, терпение, коммуникабельность, доброжелательность, порядочность, бескорыстность, честность, развитое чувство интуиции, наблюдательность и трудолюбие, высокое чувство ответственности, эмоционально-волевая устойчивость. Развитие данных качеств опирается на духовные ценности, которые разделяют социальные работники в силу специфики своей предметной деятельности.

Ценности, на которых строится социальная работа, можно сгруппировать следующим образом [4, с.18]:

- индивидуализация – фокус на уникальности каждой индивидуальной ситуации;
- целенаправленное выражение чувств – использование эмоций для стимулирования поведенческих изменений;
- контролируемое эмоциональное включение – сохранение профессиональной дистанции в отношении с пользователями услуг;
- принятие – оценивание человека на основе его прав;
- безоценочное суждение – воздержание от передачи своих оценок на других как людей (вместе с тем осуждая неприемлемое поведение);
- самостоятельность – способствование самостоятельности пользователей услуг и их способности принимать решения о своей жизни;
- доверие – неразглашение информации, получаемой в ходе профессионального взаимодействия.

Профессиональное становление личности длится всю жизнь, начинаясь с выбора профессии и заканчивая прекращением профессиональной деятельности. Это многоплановый, длительный, подвижный и противоречивый процесс, в котором выделяется ряд последовательно сменяющихся этапов, каждый из которых вносит свой вклад и может стать поворотным. К ним относятся стадии оптации, профессиональной подготовки, профессиональной адаптации, первичной и вторичной профессионализации и профессионального мастерства [1, с.10]. Эта деятельность прогрессивного развития личности под влиянием социальных воздействий, профессиональной деятельности и собственной активности, направленной на самосовершенствование и самоосуществление.

Через профессию осуществляется личное самоопределение, когда человек сознательно принимает социальные роли, включая профессиональные, находит и развивает свое «Я», утверждает свой образ среди окружающих его людей. Профессиональное самоопределение предполагает самостоятельное и осознанное согласование профессионально-психологических возможностей человека с содержанием и требованиями профессионального

труда, а также нахождение смысла выполняемой деятельности в конкретной социально-экономической ситуации. В ходе него социальный работник принимает выработанные в обществе критерии профессионализма.

Профессиональное образование определяется как процесс и результат профессионального становления и развития личности человека. Под ним подразумевается система педагогических воздействий на личность со стороны общества, которая направлена на формирование необходимых для данной профессии компетенций, качеств личности. Профессиональное образование содействует профессионализации человека: развитию его компетенции, профессионально важных качеств и психофизиологических свойств индивида. В ходе профессионального обучения индивид проходит следующие этапы: адаптации, интенсификации и идентификации [2, с.103].

Подготовка социальных работников осуществляется на основе компетентного подхода. Основной целью вуза при подготовке будущего специалиста по социальной работе выступает подготовка профессионала, способного успешно работать в сфере социальной работы с различными группами населения, ответственного, с активной гражданской позицией, толерантного, готового к продолжению профессионального образования и совершенствованию социально-профессиональной деятельности на основе овладения общекультурными и профессиональными компетенциями. Обучение в вузе должно подготовить молодого специалиста, не имеющего опыт работы, к успешной профессиональной адаптации к деятельности в социальных службах и других организациях, связанных с социальной деятельностью. Это предполагает приспособление сформированных в ходе обучения профессиональных компетенций к требованиям рабочего места, освоение профессиональных функций и обязанностей, требуемых навыков и умений, выработка стиля профессиональной деятельности. Залогом успешной профессиональной адаптации является соответствие реальной компетенции, сформированной в ходе профессионального обучения, требуемой компетенции согласно специфики практической социальной работы, осуществляемой в социальных службах. Успешная адаптация делает работу привлекательной, повышает шанс на более высокую оплату труда и профессиональный рост, создает предпосылки для самоактуализации специалиста.

Эффективность профессионального образования определяется успешным профессиональным становлением специалиста социальной работы. Построение современных образовательных программ, в свою очередь, определяется новыми вызовами, стоящими перед обществом и государством, профессиональной деятельностью и ее откликом на конкретные социально-экономические ситуации и изменения. Социальная работа – это профессия со множеством ответственностей и требующая высокой профессиональной идентичности, которая развивается под влиянием различных социальных контекстов, в том числе связанных с интернационализацией социальных проблем и развитием глобальной экономики, ростом взаимосвязи национальной социальной политики с международными организациями и продвигаемыми ими более высокими стандартами социальной политики и социальной работы. Это ставит новые задачи перед образовательными программами разного уровня по специальности «Социальная работа» по обеспечению условий профессионального становления социального работника.

Список литературы:

